

*Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі  
М.Әшәмісов атындағы Батыс Қазақстан университеті  
Министерство Науки и высшего образования Республики Казахстан  
Западно-Казахстанский университет им. М.Әшәмісова*



## **«ТӘУЕЛСІЗДІК ТАҒЫЛЫМЫ: КЕЛЕШЕК КӨКЖИЕГІ»**

атты республикалық ғылыми – тәжірибелік  
конференция жинағы

10 желтоқсан 2023 жыл

Сборник республиканской  
научно – практической конференции  
**«УРОКИ НЕЗАВИСИМОСТИ:  
ГОРИЗОНТЫ БУДУЩЕГО»**

10 декабря 2023 год

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі  
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті  
Министерство Науки и высшего образования Республики Казахстан  
Западно-Казахстанский университет им. М.Утемисова

**«ТӘУЕЛСІЗДІК ТАҒЫЛЫМЫ: КЕЛЕШЕК КӨКЖИЕГІ»**  
атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағы

10 желтоқсан 2023 жыл

Сборник республиканской научно-практической конференции  
**«УРОКИ НЕЗАВИСИМОСТИ: ГОРИЗОНТЫ БУДУЩЕГО»**

10 декабря 2023 год

**Орал-Уральск**

УДК 323/324(574)

ББК 66.3 (5Қаз)

T29

**Жалпы редакциясы/Общая редакция:**

**Сергалиев Н.Х.**, биология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің ректоры

**Редакциялық алқа / Редакционная коллегия:**

**Ахмеденов Қ.М.** – биология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, М.Өтемісов атындағы БҚУ ҒЖ және ХБ жөніндегі проректоры

**Нестеренко Г.И.** – экономика ғылымдарының кандидаты, доцент, Тарих, экономика және құқық факультетінің деканы

**Байбулсинова А.С.** – тарих ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы тарихы кафедрасы меңгерушісі

**Ихсанова А.Б.** – тарих магистрі, Қазақстан Республикасы тарихы кафедрасының оқытушысы

**Тәуелсіздік тағылымы: келешек көкжиегі/Уроки независимости: горизонты будущего:** Респ. ғыл.-прак. конф. мақ. жин. / Сб. ст. респ. науч.-прак. конф. – Орал: М.Өтемісов атындағы БҚУ РБО, 2024. – 152 б.

**ISBN 978-601-266-652-6**

Жинаққа «Тәуелсіздік, тағылымы: келешек көкжиегі» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары енгізілген. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне орай, тарих ғылымның өзекті мәселелерін зерттеуге бағытталған тарихшы ғалымдар мен жас ізденушілердің, магистранттар мен студенттердің ғылыми-танымдық мақалалары енгізілген.

В сборник вошли материалы республиканской научно-практической конференции «Независимость Казахстана: уроки, достижения и горизонты будущего». В сборник включены научно-познавательные статьи ученых-историков и молодых соискателей, магистрантов и студентов, направленные на изучение актуальных проблем исторической науки.

## ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ

УДК 94 (574)

### БӨКЕЙ ОРДАСЫНДА ҚЫЗМЕТ ЕТКЕН АХУН ЖАБИР ХАМАДОВ

*Сабыргалиева Н.Б.* – М.Өтемісов атындағы БҚУ,  
PhD doctor, аға оқытушы, Орал, Қазақстан

*Нызметжанов Б.Т.* – М.Өтемісов атындағы БҚУ,  
«Тарих» БББ 2-курс магистранты

Исламның таралу дәрежесі бойынша Бөкей ордасы XIX ғасырдың бірінші жартысында Қазақстанның өзге аудандары арасында көзге түсті. Ішкі Ордадағы мұсылмандық дін жүйесі Бөкей ханның бастауымен қалыптаса бастады. Бөкей хандығының бірінші ахуны болған Жабир Хамадұлын Ордаға шақырып, қазақ арасындағы дін қызметіне араластырған да Бөкей хан Нұралыханұлы болды. Ал Жәңгір ханның билігі кезінде Ішкі Ордада ислам діні күшейе бастайды.

Жәңгір ханның билігіне дейін Ордада небәрі 15 молда болған. Олардың көпшілігінің діни танымы шектеулі, кей жағдайда дүмше молда да болып келген. Көңілі толмаған хан татардан оқыған-тоқығаны мол, мұсылмандық қағидаларын ғылыми уағыздай алатын бірнеше молда алдырып отырды. Ең білімдісін ахун етіп тағайындаған [1, 14 б.].

Исламның енуі Жәңгір ханның (1823-1845ж.) кезінен бастап күшейді. Қазақтың атақты ағартушы-ханы Жәңгір хан Орынбор мүфтиінің қызы Фатима ханымға үйленгені белгілі. Жалпы Қазақстан мен Еділ-Орал мұсылмандары бір рухани кеңістікке бірігуіне хан әулеті мен Ресей мүфтийінің арасындағы некелік одақ та әдеуір әсер еткен сияқты. Жәңгір хан исламның көмегіне жүгініп, өз билігін нығайтуға тырысты.

Жәңгір хан өзі билік құрған жылдары Еуразияны мекендейтін түрлі ұлттардың, оның ішінде ең алдымен Еділ мен Жайық өзендерінің салаларын жағалай қоныстанған қазақ, қалмақ, татар, башқұрт, ноғай секілді туысқан халықтардың рухани-мәдени тұрғыдан жақынырақ араласуы үшін біраз тер төкті. Еуропа елдерінің озық өнерімен, Ресей жеріндегі ғылыми және мәдени жаңалықтарымен танысу, дамыған елдердің зиялы адамдарымен араласып, сол елдердің оқу-білімін үйрену, өнер мен мәдениет жетістіктерін Орда қазақтарына насихаттау – Жәңгір ханның басты мұраты болды.

Жәңгір хан Орданы басқаруда ислам-діни шариғатын ұмытпады. Хан ордасында жергілікті халықтың сауаттануы мен мектеп ісінің өркендеуіне және халық арасында діни мәселелерді шешумен айналысқан бірнеше имам, молдалар болған. Бөкейліктегі мұсылман халқының діни парыздарын дұрыс өтеуі, ерлі-зайыптылардың некеге тұруы, балаға ат қою, өлік жөнелту және мұрагерлік, сүндетке отырғызу, әменгерлік, зекет пен пітір, отбасылық дау-жанжал мен талақ, қайта ерге шығу немесе үйлену мәселелерін исламның сүнни бағыты бойынша әділетті және ережеге сәйкес шешімді міндеттерін арнайы бұйрықпен тағайындалған ғұлама ахундар мен білімді молдаларға жүктеді [2].

Жәңгір ханның бас қазысы және Орда мешітінің алғашқы имамдарының бірі ахун Жабир Хамадовтың орны ерекше. Жабир Хамадов 11 маусымда 1790 жылы Спасс уезінің Жаңа чалны ауылында дүниеге келген қазандық татар [3].

Ахун – мүфтиден кейінгі атақ. Мүфтидің шариғат бойынша айтқан шешімі ахунның келісімінсіз жүзеге асырылмаған [4, 148 б.].

Ал қазақ қоғамында қазы – мұсылмандық сот міндетін атқарушы, төреші. Қазыны шариғаттық құқық негізінде азаматтық және қылмыстық істерді қарау үшін мұсылман елдерінің жоғарғы үкіметі тағайындаған. Мұндай атаққа ие болғандар

шариғат заңдылығының сақталуын, әдет-ғұрыптың дәйекті орындалуын бақылауға, ал қажетті жағдайда тиісті шара қолдануға құқылы болды.

1828 жылы 17 қаңтарда №77 қатынас қағазында хан Жәңгір Орынбор әскери губернаторына қазы Жабир Хамадовты Ордадағы мешіттің имамы және ахуны дәрежесін беру жөнінде өтініш жолдайды. Осы жылдың 28 мамырында Орынбор шекара комиссиясы жолдаған жауап хатта қазы атағының бұрын берілгенін, ахун дәрежесін беруге рұқсат болмағаны туралы жауап қайтарылған. 1824 жылғы берілген жарлық бойынша бекітілген қазы атағымен атала беретінін айтылған. Демек Жабир Хамадов 1824 жылы қазы атағын иеленген [5, 164 б.].

Жәңгір хан 1840 жылдың 9 қазандағы ұсынысында Ішкі Орда рубасылары мен старшындарды марапаттауға 17 адамнан тұратын тізімге Жабир Хамадовты да қосқан. Жабир ахунның Ордадағы атқарған қызметі туралы былай деген: «Ордада дін өкілі ретінде 25 жылдың үстінде қызмет етеді. 1824 жылдан қазы. Үлгілі өмір сүру қағидасын ұстанады. Ағартушы Жабир қазының қазақ халқының басшылыққа және орыс үкіметіне бағыну ісі мен берілгендігіне сіңірген еңбегі зор». Хан Жәңгір өз тарапынан қазыны алтын ленталы Андреев медалына және тархан атағын беруге ұсынған [6, 9 б.].

Жәңгірдің Жабир ахунға қатысты талабы орындалған. Өйткені Орынбор Діни Мәжілісі ахундардың жоғары мәртебесін ескере отырып, ахундарға үкімет тарапынан ынталандыру тағайындаған. Орынбор Діни Мәжілісі өз қызметінде 10 жыл бойы шағымдарсыз жұмыс істеген ахундарға кеудеге тағылған Анна таспасына күміс немесе алтын медаль, 15 жыл - жеке тархандық, 25 жыл - мұрагерлік тархандық, сондай-ақ жеке әртүрлі мемлекеттік марапаттар тағайындаған [7, 59 б.].

Жоғарыдағы келтірген деректерді Хан қорымындағы ахун Жабирдің табылған құлпытасы растайды. Зерттеу барысында 2016 жылы құмға көмілген құлпытастарды қазып шығарған кезде, биіктігі 128 см., ені 37 см., қыры 21см. болатын сұр түсті құлпытас табылды. Құлпытастың алдыңғы бетіне: «Барлық адам өлімнің дәмін татады (куллу нафс зайқат әлмаут) Ішкі ордалық қазақ халқының ханы Жиһангир Бөкей хан ұлы хұзырында Ахун әл-қазии хажы әл-харамаин тархан Жабир Хамад ұлы рахматлы Бөкей хан (1)811-інші жылда имам болып, 1826 жыл ахун болып, 29 ахундық дәурен сүріп, фаниден бақиға көшті 93 жасында 1875-інші жылда 16 саратанда бұл тасты жаздырып қойды ыхласына Қазан саудагері Нәсиболла Нығметолла ұлы, - артқы бетіне: Әр адамдар өтінеміз кім жолықсаң қабіріме қыл дұғалар шат етіп, мен фақырдың рухына, - деп жазылған [8, 67 б.].



1-сурет. Хан қорымындағы ахун Жабирдің құлпытасы

1845 жылы хан Жәңгір дүниеден өтті. Хандық биліктің күйі қашып, Бөкей хандығында Уақытша Кеңес құрылып, оның билігін Бөкейдің тағы бір ұлы Әділ сұлтан

қолға алды. Бұл кездері ханның жұбайы Фатима ханым (ахун Мұхамеджан Хұсайыновтың қызы) аурулы болып, өзі бақилық болған соң, жас балаларға бас-көз болуды бауыры Әміржан мен сұлтан Әділге қалдыратынын өсиетімен жазбаша қағазға түсіртіп, тархан Жабир Хамадов Фатима ханымның өсиетіне куәлік етіп, қол қойған. Жабир өсиетке өзінің мөрін басса, ал ноғай руының үйсін бөлімінен тағайындалған молдасы Айтуған Мустафанов болса, бармағының таңбасын басқан [9, 5-п.].

Жабир Хамадовтың мұрағатта сақталған 1840 жылы 3 маусымда толтырған тіркеу куәлігіне назар аударсақ оның сол кезде 50 жаста екені анықталды. 1824 жылдан бастап Ішкі Ордада қазы және 1826 жылдан ахун діни қызметін атқарған. Ордада жасаған еңбегіне қарай марапатталып отырған. 1815 жылы 10 мамырда Бөкей ханнан және 1821 жылы 1 қазанда Орданы басқарушы Шығай Сұлтаннан үздік қызметі үшін мақтау қағаздарын алған. Ахун Жабир парсы, араб, татар тілдерінде жазып, оқи алатын сауатты болған. Ол хан және хан, сұлтандардың балаларына тілдерді оқытып, Орданың рухани тәрбиешісі болып келген. Тіркеу куәлігінде Ахунның 37 жастағы әйелі Мируфа, ұлы Ғабдісаттар 5 жаста, қыздары Бибиғайша 11 жаста және 3 жаста Гүлжамал мен 1 жастағы Нұржамал деп жазылған. Соттылығы немесе басқа да әкімшілік жазалары жоқ. Жалпы мінезі керемет және үлгілі, марапатқа лайықты мінез-құлық деп көрсетілген [10, 144-п.].

Бөкей ордасында метрике кітаптарын толтырып отыру біркелкі жүйелі жүргізілген. Мұрағатта сақталған 1871 жылғы метрике кітабында Бөкей ордасының 7 бөлімі бойынша жазылған. Жабир Хамадов метрике кітабын өзі мекен ететін Қалмақ бөлімі бойынша толтырып, «Хан ордасында Ішкі ордалық жұрт қазысы куалер (кавалер) тархан Жабир Хамад ұғлы» - деп мөр соққан екен [11].

Ахун Жабир мұсылмандардың бес парызы қажылықты орындап, Меккеде болған. Жабир Хамадов 1874 жылдың 2 желтоқсанында №5155 генерал-адъютант Крыжановский Уақытша кеңес төрағасына жазған қатынас хатында Жабир Хамадовқа (құжатта Забир Хамматов) әйелімен бірге Меккеге қажылыққа баруына Ішкі Істер Министрлігінен қарсылық болмағанын, соған орай төлқұжат берілетіндігін жеткізген [8, 68 б.]. Ахунның отбасы туралы тоқталатын болсақ Ғабдолсаттар Жабилов 1852 жылы Орынбор Діни Мәжілісінен сынақтан өтіп, имам-хатиб ресми діни атағын алған. Содан кейін хан Ставкасындағы мешіттің ахун көмекшісі болып тағайындалған. Ғабдолсаттар Жабиловқа 1859 жылы 9 желтоқсанда №1437 бұйрығымен Орынбор және Самар генерал-губернаторлығынан генерал майор Данзастың рұқсатымен Уақытша Кеңес арқылы куәлік берілген.

Қажылыққа баруға рұқсат алған Ғабдусаттар 1860 жылы Меккеге барған. Ғабдолсаттар екі рет Меккеге қажыға барған. Оған Орынбор облысының мемлекеттік мұрағатында сақталған құжат дәлел бола алады. 1864 жылы 1 шілдеде №4210 Ішкі Қазақ ордасын Басқару туралы Уақытша Кеңестің жазған мәлімдемесі сақталған. Онда ахун Жабир Хамадовтың ұлы Ғабдолсаттардың қажылыққа баруға тілек өтініші туралы баяндалған. Бұл мәлімдемеде ахунның ұлы Ғабдусаттар Жабилов пен оның әйелі Гүлжамал Хажымусинаның 1 жылға қажылыққа бару үшін куәлік беруді талап етуі мәлімделеді. Ғабдолсаттар Жабилов өз өтінішінде Меккеге бару жеке арманы екенін, оны көптен барғысы келіп бірақ оның түсіндіруі бойынша жалғыз бара алмайтындығы айтылған. Ішкі Қазақ ордасын Басқару туралы Уақытша Кеңес ахунның баласы Ғабдолсаттар туралы қажылыққа жіберуге еш кедергі жоқтығын мінездемеде жазған. Онда молда Ғабдолсаттардың өз қаражатына әйелімен бірге қажылыққа баруға мүмкіндігі мен балаларының жоқтығы және әкесі Жабирдың ұлы болмаса да ахунның өз отбасын қамтамасыз етуде алатын жалақысы қиындық туғызбайды делінген. Жазбахатта Ғабдолсаттар мен әйелінің мінез-құлқы мен түр түсі сипатталған. Ғабдусаттар 31 жаста болса ал 25 жастағы әйелі Астрахань көпесінің қызы екен [8, 69 б.].

Риза Фахреддиннің «Асар» кітабында: «Ғабдусаттар ауруы ұзаққа созылып 1909 жылы қараша айында қайтыс болды. Артынан қалған ұрпақтары жоқ, Медине

жерленген. 1833 жылы Бөкей Ордасында дүниеге келіп, 1859 жылы Ресейден көшіп келді. Қалған өмірінің соңғы 40 жылдарын Мединеде өткізді. Қазан қаласында медреседе Мұхаммедкарим хазреттен білім алған. Ресейде ауқатты байлардан ақша жинап, Мединеде «Қазан медресесі» деген атаумен медресе салдырды»-деп атап көрсеткен және оны Уфадан көргендігін, білімді, сабырлы әрі әділ адам екендігін баяндайды. Демек, Ғабдусаттар екінші рет қажылыққа кеткеннен оралмаған. Олай дейтін себебіміз, одан кейінгі жылдардағы құжаттарда есімі кездеспеді.



2-сурет. Хан қорымындағы Жабир ахунның қызы Бибиғайшаның құлпытасы

Құлпытаста: «Бұл қабір Ғұмар Абулфара ұлының әйелі есімі Бибиғайша адал қазы Жабир тархан қызы рухына Алланың нұры жиырма жеті жасында 1856-ншы руми жылы фаниге көшті» – деп, одан әрі өмірден еш қызық көре алмай жастай өтті деген мағыналы жолдар жазылған. Жоғарыдағы құжат пен құлпытастағы жазулар сәйкес келіп тұр.

Орынбор облысының мемлекеттік мұрағатынан табылған деректерде ахун 1875 жылы 16 маусымда 93 жасында қайтыс болған [8, 69 б.].

Бөкей Ордасындағы және қазақ қоғамындағы өмір сүрген молда-имамдар өз ішіндегі руаралық мәселелерді реттеуге, қазақ пен орыс тұрғындары арасындағы шиеленісті мәселелерді шешуде оларды реттеуде дәнекер болды. Сондай ақ халықты діни сауаттылыққа насихаттап, қазақ шәкірттерін рухани-тәрбиелеуде ерекше орын алды. Дінбасылардың ел арасындағы жасаған еңбектерін бағалаған қазақ ақсүйектері әкімшілікке аталған молдаларға атақ пен шен, бағалы сыйлықтар беру жөнінде өтініштер түсіріп отырды. Осы ретте Ішкі Ордада өмір сүріп, ислам дінінің енуіне ықпал жасаған, адал қызметімен мақтауға ие болған ахун, тархан Жабир Хамадовтың есімі ерекше орын алады. Жабир Хамадовтың ел ішіндегі тыныштық пен сабырлылықты сақтауға, қазақ руларына патша өкіметінің заңдары мен ережелерін түсіндіру арқылы халықты рухани тәрбиелеуде орны ерекше болып табылады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1.Құттымұратұлы Қ. Жұбан молда. Алматы: «Арыс» баспасы, 2018. – 152б.
- 2.Боранғалиұлы Т. Жәңгір хан. Алматы: «Абзал-ай» баспасы, 2014.
- 3.Ризаэддин Фахреддин «Асар» 3-4-том, Қазан, «Рухият» баспасы, 2009ж. 648б.
- 4.Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010. – 592б.
- 5.Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты (бұдан кейін ҚР

ОММ), Қ-78.,Т-1., Іс-20., 164п.

6.ҚР ОММ. Қ-4.,Т-1., Іс-2126., 9п.

7.Оренбургское магометанское духовное собрание и духовное развитие татарского народа в последней четверти XVIII – начале XX вв.: Материалы одноименного научного семинара, посвященного 220-летию учреждения религиозного управления мусульман внутренней России и Сибири (Казань, 18 декабря 2009 г.). – Казань: Институт истории им. Ш.Марджани АН РТ, 2011. – 212 с.

8.Sabyrgaliyeva N.B., Myrzagaliyeva G. S İki Hana Hizmet Eden Ahun – Cabir Hamadov.- Türk Yurdu қаңтар, №389 (1), 2020 ж. 65-69 бб.

9.ҚР ОММ. Қ-4., Т-1., Іс-5437., 5п.

10.ҚР ОММ. Қ- 78., Т-4., Іс-178. 144 п.

11.Башкортстан Республикасының Ұлттық мемлекеттік мұрағаты. (Бұдан әрі БРҰММ) БРҰММ. Қ-И-295., Т-9., Іс-30.

УДК 796.817

## **АЗАТТЫҚ КҮРЕС САРДАРЫ, БАТЫР ИСАТАЙ ТАЙМАНҰЛЫ**

*Бердіғожин Л.Б.* – Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті профессоры, тарих ғылымдарының докторы  
Атырау, Қазақстан

Өткен ұрпақтардың жалпы ұлттық биік мұраттар жолында жүріп өткен жолын,осы жолда жиған мол тәжірибесін,жеткен жетістіктері мен жіберіп алған қателіктерін ой таразысынан өткізу – отандық тарих ғылымының негізгі міндеттерінің бірі.Өмір сұранысына сай,жоғарғы ғылыми теориялық және методологиялық тұрғыдан жазылған тарихи зерттеу жұмыстарының қоғамның тарихи санасы мен тағылымының қалыптасуына,мемлекеттік идеологияға ықпалы зор болмақ.

Қазақстан тұрғындарында тарихи сананы қалыптастырудың мемлекеттік концепциясында бұл мәселе кезек күттірмес маңызды мәселе ретінде қойылды.“Отан тарихының тағылымдары және Қазақстан қоғамының қайта жаңғыруы” атты ғылыми сессияда да: “Үшінші мыңжылдыққа аяқ басарда бізге өткен-кеткенімізді қайтадан сараптамаға жағдай жоқ.Өйткені, тарихи жадымызды қалпына келтіріп, тағдырымызды қайта таразылау тәуелсіздігіміздің де мән-мағынасын ұғындыра түседі” делінген .

Отан тарихында еш уақытта өзектілігін жоймайтын тақырыптардың бірі – ұлт-азаттық және әлеуметтік теңдік үшін қозғалыстар тарихы.1836-1838 жылдары болып өткен Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған көтеріліс ұлт тағдырына тікелей қатысы бар осы екі бірдей, яғни ұлт-азаттық және әлеуметтік теңдік тоғыстырған қозғалыс болды. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Махамбет Өтемісұлының туғанына 200 жыл толуына арналған мерекелі жиында:

“Қазақ халқының өзінің жер бетінен жоғалып кетпей, іргелі ел ретінде сақталып қалғаны оның еркіндік сүйгіш ерік жігерінің, асқақ рухының арқасы.Осы жолда арғы-бергі замандарда орын алған бас көтерулердің,қозғалыс,көтерілістердің арқасы.Елі мен жері үшін жанын пида еткен боздақтардың арқасы.Исатай мен Махамбет басқарған халық қозғалысы солардың бірі емес, бірегейі” деген болатын .19- ғасырда қазақ жері арқылы Орта Азияға қарай ентелей жылжыған Ресей отаршыл әкімшілігін қалтыратып әуре-сарсаңға түсірген,бүкіл қазақ бас иіп мойындап,соңына ерген Исатай Тайманұлы кім еді деген сұрақ 1836-1838 жылдардағы халық-азаттық қозғалыс тарихына қалам тартқан зерттеушілерден дұрыс,әділ бағасын ала-алмай келе жатқан тарихи-



философиялық мәселе. Себебі, 1917-жылғы қазан төңкерісіне дейін де, одан кейінгі кеңестік кезең кезінде де бұл сұрақ тек бір жақты таптық идеологияның үстемдігі тұрғысынан қаралып келді. Тәуелсіздікпен бірге енген қоғамдағы өзгерістер төл тарихымызды жаңаша жазуға мүмкіндік беріп отыр. Шындығында Исатай Тайманұлы кім еді? Ешбір ханға да, батырға да ермеген халықтың Исатайға еруінің мәні неде, талай билер мен шешендер, ақсақалды қариялар мен жауға шапқан батырлардың бітістіре алмаған ру аралық жанжалға Исатай қалайша төрелік айтып, тоқтау салды, өз елінен жеріп Хиуа ханын паналаған Қайыпқали сұлтан мен Науша батырды қасына тартуда Исатай қандай амал қолданды деген сұрақтарға жауап беру отандық тарих мамандарының міндеті. Исатай 1791 жылы қазіргі Атырау облысы Қызылқоға ауданы жеріндегі Тайсойған құмында Тайман жалы деген жерде дүниеге келген. Ата-бабаларының шежіресіне салып және зерттеушілер мен ақын-жыраулар шығармаларына сүйеніп Исатайдың өз жұртын сараласақ былай болып шығады. Кіші жүздің байұлы бірлестігіне кіретін беріш руының жайық бөлімінен. Жайықтан-Наурыз, Бақалай. Наурыздан-Тілеуке. Тілеукеден-Ағатай, Шағатай, Есіркеп. Ағатайдан-Айболат, Қауат, Жәнібек, Боқай, Атабай. Боқайдан-Бегәлі. Бегәліден-Тайман, Тоғай, Жабал. Тайманнан-Исатай. Исатайдың өз жұртын саралағанда бүкіл беріш руына ұран болған Ағатай есімі белгілі. Сонда, Исатай батырдың бесінші атасы Ағатай тарихта қалай қалды деген сұрақ туады. Әр ұрпаққа орта есеппен 30-35 жаста деп есептегенде Ағатай 17-ғасырда өмір сүрген болып шығады. Мұрат Мөңкеұлының .,-

Ағатай арғы біздің ұранымыз, - деп жырлағандағы бүкіл беріш руы ардақ тұтып, батырлық, ақындық, шешендік қадір – қасиеті арқасында ұранға айналған Ағатай батыр туралы ақындар жырға қосса, халық өз арасында аңыз-әнгіме таратқан. Оларда Ағатай батырдың беріш руы ұранына айналу оқиғасы былайша баяндалады.

Қазақ пен қалмақтың жаугершілік заманында қалмақтың Ахай атты ханы бейбіт ауылдарға шабуыл жасап көп шығынға ұшыратады. Қазақ ауылдары ес жиып Ұлы жүзден Шилібай батыр, Орта жүзден Науша батыр, Кіші жүзден Есет батырлардың жасақтары бірігіп қалмақтарға шабуылдағанмен Ахай ханның қамалын ала алмайды. Ұрыс саябырсып, қазақ қосындарының жауынгерлік рухы түскен мезгілде жалғыз атты жауынгер “Алшындап” ұрандатып жауға тап береді. Оған ілескен қазақ жасақтары қалмақтарды талқандап, көп олжа түсіреді. Жаугершілік заманның заңы бойынша бұйырған олжадан үлес алудың орнына, жауға жалғыз шапқан Ағатай батыр, ел ағалары батырлар мен билерден өз ұрпағына есімін ұран етіп белгілеуді қалап алады. Міне, сол уақыттан бастап, Ағатай есімі бүкіл атырапқа жайылған беріш руының қасиетті ұранына айналады. Мұрат Мөңкеұлы ысық руының ақыны Жылқышымен айтысқанда, Ағатайдың ерлігін жырға қосады.

Ағатай өзінің Боқай деген баласына көршілес түркімен елінен қыз айттырып, құда түседі. Боқай қайын жұртына барып, қалыңдық ойнап жүргенде, түрікмендерге шабуылдаған қызылбастармен / парсылар / шайқаста қаза табады. Қалыңдық жүкті болып ұл бала табады. Ағатай немересіне Бегәлі деп ат қойып, өзі тәрбиелейді. Бұл жерде түйіндейтініміз, 1836-1838 жылдардағы қозғалыс кезінде Исатай Маңғыстау адайларымен түрікмендері бітістіріп жер дауын шешуінде қазақ халқының қалыптасқан қыз алып, қыз беріскен көрші елмен құдалығына сенгендігін айтсақ қателеспейміз. Ығылман Шөрековтің “Исатай – Махамбет” дастанында түрікменмен байланыс толық жырланған.

Исатай ауылының Бөкей ордасының территориясына қоныс аударуы 1808 жылдар шамасында, ал Исатай ел басқару ісіне араласуында немере ағасы Жабал Бегалыұлының орны ерекше.

Ата-бабаларымыз ұрпақтары дүниеге келгенде әрдайым жақсы жақтарын теліп отыратын, сәбидің өн бойындағы мінез-құлықтарының басым көпшілігі дарыған деп пайымдайтын туған анадан таралатын нағашы жұрт Исатай өмірінде қандай дәрежеде орын алған. Исатайдың анасы Нағибала Байұлының Есентемір руының қызы.

1830-40 жылдары Исатайдың нағашылары Тайсойғанды мекендеген. Кейін, 1837-жылы желтоқсанда Исатай шағын қолымен Жайықты жарып Кіші жүзге өткен жолында көтерілісшілерге көп көмек берген. Исатай тобында болған Есентемір руы батырлары Мыңбай, Ұлтарак, Байпақ, Шеңгелді туралы:

Есентемір – Көктаубай

Сұлтанкелді, ер Мыңбай.

Ұлтарак, Байпақ, Шеңгелді – ай,

Жау көрмесе сағынды – ай, - деп жырланған .

Ер жігіттің азаматтық болмысын үш жұртына қарап анықтайды десек, Исатайдың қайын жұртын саралауда зерттеушілер алдында күрделі міндеттер тұр. Ол Исатайдың тарихта белгілі екі әйелінен: Мылқым мен Несібелінің руларын анықтауда аңыз әңгімелерден шындық фактіні ажыратып алу. Исатай батыр Мылқым, Несібелі атты екі әйелінен алты ұл, бір қыз сүйген. Исатайдың бірінші әйелі Мылқым ысық руының қызы. Халық қозғалысындағы Қалдыбай, Иманбай, Ысмайыл, Қабыланбай, Қали, Жапалақтардың туған ағайыны. Жақия, Ақай, Оспан, Досмағамбеттің шешелері Мылқым 1837 жылы 15 қарашада Тастөбе шайқасында оққа ұшқан .

Ал батырдың екінші әйелі Несібелі өмірі де, кезінде өз халқымыз тарихында болмағандай орыс желтоқсаншыларының (декабристерінің) әйелдерінің өмірлеріне қызығып, көтермелеп айтқандай дәрежеден артық болмаса, бір кем емес өнегелі де талас-тартысты жолдармен иірленген. Көтерілістің өнбойында өмірлік серігіне адал болып, барынша көмектесіп қақаған қыста көтерілісшілермен бірге жайықтан кіші жүзге өту кезінде қуғыншы әскер қолына түскен Несібелінің қай рудың перзенті екенін анықтауда да зерттеушілер көзқарасы, қарапайым халық сөздеріне ғана негізделгенін айтпаса болмайды. Исатай батыр өмірі туралы деректемелік зерттеудің авторы, жазушы Әнес Сараев, Несібелінің руы жайық беріш деп топшылап, оған дәлел ретінде Несібелінің туғандарының Исатай ауылымен бірге көшіп-қонып жүргенін алға тартады . Бұл пікірді мұрағат деректері де жоққа шығармайды .

Оны біз қазақ қоғамында бір ру, бір бөлімнің ұл-қыздарының өз ара некесіне жеті атаға дейін тыйым салынғанын, сонда Несібелі жайық беріш болғанымен жеті атадан кейінгі тараулардан қосылуы мүмкіндігін және халқымыз арасында сақталған «әдемі, ақылды, көркіне ісі сай қыздарын» ауылдан ұзатпау, яғни “жақсыны жатқа жібермеу” принципі арқылы деп дәлелдей аламыз. Көтеріліс күндері жаугершілік замандардағыдай күй кешіп, ауыртпалық арқаласа да сұлу келбетін сақтап өзіне сұқтанған хан-сұлтандар тобына иіліп те қарамаған Несібелі анамыздың, жастай қосылған қосағы Исатай батырдың кескін-келбеті қандай болды деген заңды сұрақ туады?. Тарихтағы Исатай батырдың бет-бейнесін ең алғаш сомдаған, жауынгер серігі Махамбет, өзінің “Тарланым” атты өлеңінде бейнеледі .

Кермиығым, кербезім

Керіскідей шандозым

Құландай ащы дауыстым

Құлжадай айбар мүйіздім

Қырмызыдай ажарлым

Хиуадай базарлым

Теңіздей терең ақылдым

Төбіренбес ауыр мінездім

Исатай бейнесі туралы Шернияз ақын толғаулары да Махамбет жырларымен пара-пар.

- Сағынам, ауызға алсам Исатайды!

Ер тумас ел жағынан ондай жайлы.

Қарадан халқы сүйіп “ханым” деген,

Жігіт екен төрт тұрманы түгел сайлы.

Кешегі Исатайдың арқасында,

Ие едім ен дәулетке басы байлы.  
Исатай ділмәр еді топтан озған,  
Нар еді Байтерекке басын созған.  
Ер тумас ел бағына Исатайдай,

Мінезі толқушы еді толған айдай,— деп өлең шумақтарымен Исатайға халық қамқоры деп баға береді .

Исатай Тайманұлының бет–бейнесін жырмен сомдауда,өзіне дейінгі ақын-жыраулар шығармаларын шебер пайдаланған Ығылман Шөреков толғауына тең келетін шығарма жоқ.

Ту сыртынан қараса,  
Тұтас екен денесі.  
Тоты құстай тұрпаты,  
Табылмаған кесімі.  
Ат үстіне мінгенде,  
Аруағы көтеріп,  
Көптен озған төбесі.  
Орта бойлы ер екен,  
Жауырыны жазық,мойны ұзын,  
Оқ тартқанда қолы ұзын.  
Сәукеле сатқан,үлкен көз,  
Жазық маңдай,кең бетті,  
Қырмызы қызыл келбеті.  
Ой менен ақыл,білікті,  
Сыпайлық,көркемдік,  
Салмақпен сабыр,құлықты  
Бір денеге сыйғызып,  
Жаратқан алла бөлмепті .

Ағайын-туыстары, нағашы, қайын-жұрттары жағынан да әсем көмкерілген бет-бейнесі жағынан да, старшындық-әкімдік лауазымы жағынан да,ауқатты тұрмыс-тіршілігі жағынан да өз заманының алды болған Исатай неліктен көтеріліске шықты?. Бұған жауапты,бір бақташыны өлтірді,мал тонады деген себептен басқаны айтпайтын орыс деректерінен гөрі тағы да батырдың серігі Махамбет пен басқа да өз заманының ақын-жыраулары шығармаларынан іздейміз.Қазақ ауылдарының қонысының тарылуы,жайылым жерлерінің азаюы,орыс отаршыл әкімшілігі саясатын мүлтіксіз орындаған хан -сұлтандардың,жайық казак-орыс әскерінің өктемдігі,озбырлығы халық бұқарасының жаппай наразылығын туғызды.Халық осындай жағдайда тығырықтан шығатын жол іздеді.Әділдікті жақтап,халық мұңын өз мұңындай түсініп,ел басқаратын,дұрыс жол сілтейтін басшылық керек болды.Сырым, Қаратай, Қайыпқали сияқты қозғалыстар кезінде ақ пен қараны айырып,уақыт талабына жетік болып алған халық, ру басшылары, старшындар басқан қадамы дұрыс, өздеріне жағатын көсемді таңдады. Олардың таңдауы Исатай батырға түсті.Исатайдың көпті ерткен,алдына қойған мақсаты Махамбет шығармаларында айқын баяндалған.Махамбеттің “Баймағамбет сұлтанға айтқаны” атты өлең жырында бұған дейін айтылмаған тек Исатайға ғана тән ойлар түйіні,көтерілістің бағдарламасы іспетті.

Исатайдың бітім–болмысы, күрескерлік бейнесі Ығылман Шөрековтің“Исатай-Махамбет” жырында өз орнын тапқан.

Исатай батырдың күрескерлік,көсемдік, би-шешендік,батырлық болмысын ақын-жыраулар толғауларымен бейнелей,сомдай отырып Қазан төңкерісіне дейінгі зерттеуші Никита Савичевтің мына бір жолдарын да қалыс қалдыра алмадық.

“Ол не бір қиын азап шегіп жүрсе де,аса пысық тапқыр болатын.Тағдыр оны күйрете алмады,өйткені қайғы-қасіреттің батыры ретінде өз тағдырын Исатайдың өзі жасады”. Исатай туралы мұрағат деректерін, ақын-жыраулар шығармаларын, орыс және

кеңестік, қазақстандық зерттеушілер еңбектерін саралай, салыстыра отырып ойымызды былайша түйіндедік. Исатай Тайманұлы өзінің болмысымен, шешендік әділ би өнерімен, батырлығымен, қиыннан жол табатын тапқырлығымен, ақ адал, ақ жарқын көңілімен халқы таныған, тарихта аты мәңгіге қалатын көтеріліс басшысы, халқымыздың азаттық жаршысындай болған батыр ұлы. Исатайдың батырлығы бұрынғы замандардағыдай жекпе-жекте емес, өз заманының озық әскери құралдарымен жасақтанған орыс жазалаушы әскеріне қарсы шығуында, әскери өнерді, қол басқару өнерін терең білгендегі, жауға шапқанда қолдың алдында болып, кейін шегінгенде жолдастарын қорғалап қолдың артынан жүруінен көрінеді. Исатайдың осы қасиеттерін қарсыласы полковник Геке де тандана мойындап, Исатайды шын соғыста емес, байқаусызда, кездейсоқ жеңдік деп бағалаған. Исатай әділ би, сөзге шешен, турашыл адам. Бұл қасиеті Исатайдың Жәңгір ханмен оның әкімдеріне орыс саясатын қолдап, халыққа озбырлық жасаған әрекеттерін беттеріне басуында, адай мен әлім рулары арасындағы жер таласын бітістіруінде, қазақ пен түрікмен арасындағы кикілжіңді шешуінде көрінеді. Исатайдың ел тұтастығын ойлаған істері, оның бай мен жарлыны, румен руды, жүзбен жүзді бөлмеу идеясында жатыр. Бұл бағытта Исатай қазақ хандарының ел басқару істерін, қазақ қоғамының рулық генеологиясын жете айырып, білуі өте маңызды. Бір мысал, қазақтар Кіші жүзде әлімұлы руларын аға ру ретінде қадір тұтқан. Мұны хандарда сақтап, орынды пайдаланған. Ру арасында тепе-теңдікті, бірлікті сақтау, әлімұлы арқылы бүкіл арқа, маңғыстау, сыр бойларына ықпал еткен. Әлім руы Исатайға ақыр аяғына дейін сеніп, көтеріліс кезінде бірге болған. Исатайдың халық азаттығын, ел тәуелсіздігін ойлауы оның болмысының айнасы деп бағалауға тұрады. Зерттеушілердің бізге дейін Исатай батыр Жәңгір хан ордасын қалың қолмен қоршап, ханды өлтірмеуі, оның басты кемшілігі деп бағалауы Исатай өмірін дұрыс зерделегенде ғана ол ойлардың мүлде қате екенін түсінгендейміз.

Исатай барлық қиындықтардың “қаралы заманның” басты кінәлілері орыс отаршылдары деп бағалаған. Сол үшін күрескен асыл ер. Азаттық үшін күресте, мақсатына жету үшін бірінші өзіне Жәңгір ханды түсіністікке шақырды, кейін бұл жоспары болмағасын жайықтан өтіп, бүкіл қазаққа жар салды. Ол тәуелсіздік үшін елден безген Қайыпқали мен қазақ ауылдарын талай қан-қақсатып тонаған Хиуа ханымен де одақ құруға тырысты. Мүмкін, ерте қаза болмағанда Кенесары Қасымұлымен де қосылуы мүмкін еді. Азаттық жолында өз жанұясында, өз өмірінде жау оғына тосқауыл қойды. Өзі бастаған күреске ол сенді. Артныда қалған ұрпақтары қасиетті істі жалғастырады деп ойлады. Исатайдың арманы бір ғасырдан аса халқымыздың ардақты ұл-қыздарының алға қойған мақсатына ұласты. Тәуелсіздік туы қазақ даласында ауыртпалықты болса да 1990 жылдары желбіреді. Біздің тәуелсіздігіміз – қазақ халқының талай ғасырларға созылған ұлт-азаттық күресінің заңды жалғасы. Тәуелсіздікке жеткізген жол даңғыл болған жоқ, ол ұлы белестерден, қиын-қыстау асулардан тұрды.

Халқымыздың ғасырлар бойғы тәуелсіздік үшін күресі, күні бүгіндері өз мақсатына жетіп Қазақстан егеменді ел ретінде дүниежүзілік өркениетке жол бұрды. Тәуелсіздік жолындағы азаттық күрестердің бірегейі, сөз жоқ 1836-1838 жылдардағы Исатай–Махамбет көтерілісі.

Халықтың арманын арқалаған қос бабамыздың есімдері әрқашан қастерленіп, төл тарихымыздан мәңгіге орын алуы тиіс.

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖАСТАР САЯСАТЫ

*Дүзбасова А.Ж.* – тарих магистрі, №2 Мәртөк мектеп-гимназиясының тарих пәні мұғалімі, Ақтөбе, Қазақстан

Жастар – мемлекеттік құрылымдағы ең үлкен әлеуметтік топ. Басқаша айтқанда, болашақ демографиялық дивиденд. Бүгінгі жастардың басым бөлігі – тәуелсіз елде дүниеге келгендер. Әдетте, әлеуметтанушылар оларды Y, Z ұрпағы деп те қарастырады. Соңғы Z ұрпақ (1996-2012 жылдар аралығы) саяси және экономикалық тұрақтылық жылдарында дүниеге келгендіктен қоғамдық, саяси, әлеуметтік, медиалық және ақпараттық шынайылыққа әлеуметтенген. Сәйкесінше, бұл олардың құндылықтарына да әсер етеді. Жалпы, жастар мәселесінің бүгінгі таңдағы өзектілігі – осы бағыттағы мемлекет саясатының маңыздылығын, бағдарын айқындап отыр.

Бүгінгі қоғамның негізгі тірегі – жастар. Ертеңіне көп үміт артылған жас буынның жағдайы да мемлекет қолдауынан еш тыс қалған емес.

Тәуелсіздік жылдары ішінде Қазақстан «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» үш заң қабылдады. «Қазақстан 2020: болашаққа жол» мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасы, отыздан астам нормативтік құқықтық актілер, ондаған мемлекеттік бағдарламалар мен жол карталары жүзеге асты.

Қазақстанда жастарды қолдаудың 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспары қабылданған болатын.. Ол заң жастарды қолдау мен жастар саясатын орталық және аймақтық деңгейде жүргізу бойынша 9 бағыттан тұрады.

Мемлекеттік жастар саясатының негізгі бағыттары:

- 1) қолжетімді және сапалы білім беруді қамтамасыз ету, ғылыми-техникалық әлеуетті дамыту;
- 2) денсаулықты сақтау және нығайту, саламатты өмір салтын қалыптастыру;
- 3) жұмысқа орналасу мен жұмыспен қамту үшін жағдайлар жасау;
- 4) жастар арасында кәсіпкерлік қызметті дамыту үшін жағдайлар жасау;
- 5) жас отбасылар үшін қолжетімді тұрғын үй жүйесін дамыту;
- 6) құқықтық мәдениет деңгейін арттыру, сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілікке тәрбиелеу;
- 7) экологиялық мәдениетті қалыптастыру;
- 8) дарынды жастарды дамытуға жәрдемдесу;
- 9) мәдени бос уақыт пен демалыс үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

Енді бағыттардың іс жүзіндегі жұмыстарына келсек: Мысалы: елімізде Жұмыссыз жастарды жұмыспен қамтамасыз ету мақсатында «Жастар тәжірибесі» бағдарламасы іске қосылған.

«Жастар тәжірибесі» бағдарламасы аясында жарты жыл тәжірибеден өтіп, мамандық бойынша біліктілікті арттырып, қалаған жұмысқа орналасуға мүмкіндік бар. Жобаның мақсаты – маман жоғары оқу орнында білім алған соң үш жыл ішінде өзінің кәсібі бойынша жұмысқа орналастыру. Түлектерді жұмысқа бейімдеу мақсатында ұйымдастырылатын бағдарламаға техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары оқу орындарын аяқтаған түлектер қатысады.

Бүгінде еліміздегі жастар қауымының үлесі 3,7 миллионнан 6 миллионға көбейді. Демек мемлекеттік бағдарламалардың игілігін көретіндер саны да артты. Қоғамның көкейкесті мәселесіне айналған жастардың жұмыссыздығы осы заң аясында жүйеленіп келеді. Жоғарыда атап өткендей, «Жастар практикасы», «Дипломмен – ауылға!», «Серпін», «Жастар – ел тірегі», «Жасыл ел» сынды мемлекеттік бағдарламаға қазір 35 жасқа дейінгі азаматтар да қатысып жүр.

Тағы бір үлкен қолдау-Елбасы тағайындаған «Болашақ» халықаралық стипендиясының арқасында 15 мыңнан астам жас қазақстандық әлемнің үздік оқу орындарында білім алуға мүмкіндік алды.

Жыл сайын 1992 жылдан бастап жас таланттарды қолдау үшін «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығы беріледі.

2019 жылды Жастар жылы деп жариялау жастар саясаты саласындағы маңызды оқиға болды, ол жастар саласын бұрын соңды болмаған қолдау жылы болды. Жұмысқа орналастыру, тұрғын үй жағдайларын жақсарту, кәсіпкерлікке оқыту, ғылымға және бизнес-бастамаларға гранттар - бұл жас қазақстандықтарға мемлекет тарапынан көмек көрсетілген бағыттардың толық емес тізбесі ғана.

Жалпы, тәуелсіз Қазақстанның жастар саясаты қарқынды және жемісті жұмыс жасауда. Өз басымды айтар болсам, еліміздің жастарға арналған бағдарламаларының игілігін көрген жастар қатарындамын. Ол мемлекеттік грант, атаулы шәкіртақылар, қазір міне ұстаздық қызметімде де «дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша үйлі болып отырмыз. Елде 14 пен 35 жас арасында кез келген жас азаматтар түрлі қолдау алуына мүмкіндігі орасан. Ендігі мақсат, ел игілігін пайдалана отыра, елдің болашағын қалыптастыруға шама-шарқымызша үлес қосу болып табылады.

Сөз соңында, қазақстандықтардың жаңа ұрпағы, Тәуелсіздік ұрпақтары экономикалық қуатты, бейбітшіл және әлеуметтік мемлекет құру бағытын жалғастыратынына сенімім мол екенін айтқым келеді.

УДК 355.34

## СОҒЫС ТҰТҚЫНДАРЫ – СОҒЫС ҚҰРБАНДАРЫ

*Батырханов А.Қ.* – М. Мәметова атындағы  
мемориалдық мұражай меңгерушісі, өлкетанушы  
Орал, Қазақстан

Ұлы Отан соғысы деген атпен тарихта мәңгілік қалған сұрапыл жылдары туған елін неміс-фашист басқыншыларынан қорғау жолында түрлі жағдайларда жау қолына тұтқынға түсіп, қилы тағдырды бастарынан кешіп, қыршын кеткендер қанша ма? Ұлы Отан соғысының Жеңіспен аяқталғанына 78 жыл өтті. Сол сұрапыл соғыста хабар-ошарсыз кеткен аталары, бауырлары, әкелері жөнінде мәлімет іздеп жүргендер әлі күнге арамызда бар. Себебі олар аталары немесе әкелері туралы қандай да болмасын мәлімет білгілері келеді.

Ұлы Отан соғысына Қазақ еліде зор үлес қосты. Соғыстағы адам шығыны туралы бұрын ашық жарияланған жоқ. Ол КСРО-ның соғыстағы адам шығынын жасыру саясаты еді. Қазір егеменді ел болып, жариялық заманында Ресей Федерациясының Қорғаныс министрлігінің Орталық архивінде көп жылдар бойы құпия болып келген архив құжаттарымен жұмыстануға мүмкіндік туды.

Ресей Федерациясы Қорғаныс министрінің 2007 жылғы 8 мамырдағы № 181 «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі Қызыл Армия мен Әскери-теңіз күштерінің мұрағаттық құжаттарын құпиясыздандыру туралы» бұйрығына сәйкес құпиядан шығарылды (өзгертулермен). 2009 жылғы 30 мамырда)

РФ Қорғаныс министрлігінің Орталық архивінің «Память народа» және «Обд-мемориал» сайттары арқылы соғыстан оралмағандар туралы мәлімет іздеу жұмысымен айналысып жүріп, соғыс жылдары жау қолына тұтқынға түскен 2059 батысқазақстандық туралы құжатпен жұмыстандым. Тұтқынға түскендерден 1051 адам тұтқында қайтыс болған, 264 адамның кейінгі тағдыры белгісіз болса, 744 жерлесіміз тұтқыннан босаған. Сол бір зұлаMAT соғыс жылдары жау қолына тұтқынға түскен

Қызыл Армия жауынгерлері мен сардарларына фашист жендеттері жеке картотекалар ашып, онда олардың аты-жөндерін, туған жылдарын, діні мен ұлтын, әскери шенін, соңғы қызмет орындарын, азаматтық мамандықтарын, бойларының ұзындықтары мен басбармақ таңбаларын, 3x4 көлемінде суреттерін жапсырып, аналарының қыз күніндегі тегін, тұтқынға түскен кездегі жағдайын (жаралы немесе сау), ерекше белгілерін, мекенжайлары мен туыстарын жазған. Архив құжаттарын парақтай жүріп, біраз мәліметке қанықтық.

Мен БҚО ІІБ архивінде 1939-1945 жылдары Фин және Ұлы Отан соғысында жау қолында тұтқын болғандар мен тұтқыннан босатылып кейін 1946-1952 жылдары сотталғандардың құжаттарымен жұмыстандым. Аталмыш архивтен БҚО бойынша 2922 соғыс тұтқыны туралы мәлімет анықталды. БҚО ІІБ архивінде әскери тұтқындардың трофейлік карточкалары, персональді карточкалары, тұтқыннан босатылып келген соң істі болып сотталғандардың 581 ісі сақталған. Бір істе бірнеше адамның істері тіркелген. Құжаттардың сақталуы жақсы. Алайда кейбір құжаттардағы жазуларды оқу қиындау. Істерде соғыс жылдары түсірілген суреттері мен Түркістан легионына қызмет ету үшін медкомиссиядан өткенде рентгенге түсірілген пленкалары, жеке құжаттары (қызыл әскер кітапшалары, суреттері) сақталған.

Олар 1941-1952 жылдары РСФСР Қылмыстық кодексінің 19-136 -1, 58-1 «б», 58-4, 58-8, 58-9, 58-10, 58-11, 58-14, 193-7 «г», 193-17 «а» баптарымен облыстық соттың, Оңтүстік-Орал әскери округінің әскери трибунал және соғыс жылдары әскери құрамалардың әскери трибунал үкімдерімен 5, 7, 8, 10, 15, 25 жылға сотталғандар және Ұлы Отан соғысында 1942 жылғы 28 шілдедегі Кеңес Одағының Халық қорғаныс комиссарының № 227 бұйрығын (Не шагу назад!) орындамағандары үшін ату жазасына кесілгендер.

Жалпы Ұлы Отан соғысы жылдарындағы әскери тұтқындар туралы көп айтуға болады. Ресейлік зерттеушілер соғыс жылдары Қызыл Армия тарапынан 5 млн. 270 мың сардар мен жауынгер жау қолына тұтқынға түскен деп жазады. Ұлы Отан соғысы жылдары неміс-фашист басқыншыларына тұтқынға түскен Қызыл Армияның 78 генералы тағы бар. Мәселен, тұтқынға кім қалай түсті? Ал тұтқынға әр адам әр түрлі жағдайда түсті. Біреулер ауыр жараланып түсті. Біреулер қолында не қаруы, не оғы жоқ болып түсті. Ал енді басқалары сау бола тұра, қолында қару мен оқтары бола тұра екі қолын көтеріп өздігінен берілді. Тұтқындарға арналған жеке картоткаларындағы жазуларға назар аударсақ, онда тұтқынға түсті, тұтқынға берілді, жауға қызмет етті деген сияқты жазуларды оқимыз. Тұтқынға түскен кездегі жауынгердің денсаулығы туралы да мәліметтер жазылған. Бір соғыс тұтқынының жазбасынан оқығаным бар. Ол қызмет еткен атқыштар батальонының жеке құрамына алдыңғы шепте қару беріледі деп оларды қарусыз жолдаған. Содан ентелеп алға шабуылдап келе жатырған әрі басынан бақайшағына дейін мұздай қаруланған дұшпанның негізгі күшіне Қызыл Армияның бір батальоны қарусыз қоршауға түскен. Осы сәтте батальон командирі кім қалай болса, солай құтылсын деген. Ол жазу бар құжатта. Бір батальонда бес рота болады десек, бір ротада төрт взвод, бір взводта 30 адам болады. Қалғанын есептей беріңіз. Шамамен айтар болсақ 600-дей адам. 600 адам. 600 тағдыр. Олардың әскери соғыс тұтқындарының лагерьлеріндегі ауыр тағдырлары туралы аштық пен суық, ауыр жұмыстар тағы басқалары бар. Алайда олар тұтқыннан босатылған соң Кеңес түрмелерінде жазаларын өтеді. Бәріне төзді. Бәріне шыдады. Бұдан кейін соғыс жылдары тұтқынға түскеннің бәрін бірдей сатқын деп айта алмаймыз. Бәріне уақыт төреші. Біздің мақсатымыз сол соғыста ауыр жараланып, ес-түссіз жағдайда жау қолына тұтқынға түскен қилы тағдыр иелеріне араша түсу. Олардың көрген қорлығы мен азабын кейінгілер көрмесін деген ой.

Мысалға алар болсақ, соғыс тұтқындарының лазаретіндегі дәрігерлер толтырған құжаттарды парақтап қарағанымда көп жағдайда жауынгерлер тұтқынға ауыр жараланып түскен. Кезекші дәрігер толтырған актілердегі жазуларда ауыр жараланып,

ес-түссіз жағдайда әкелінді. Өзі-өзіне келмей қайтыс болды. Өзімен бірге ешқандай құжат болмағандықтан аты-жөнін анықтау мүмкін болмады делінген. Соғыста хабарсыз кеткендер көп. Міне солардың басым көпшілігі соғыста тұтқынға түсіп, жарақаттан ес жимай қайтыс болғандар болар деп ойлаймын.

Ұлы Отан соғысы жылдары түрлі жағдайларда жау қолына тұтқынға түсіп, соғыс тұтқындарына арналған неміс-фашист лагерьлеріндегі лазарет пен госпитальдерде науқастан қайтыс болған Қызыл Армия әскери тұтқындарының РФ ҚМО архивінде сақталған құжаттарынан көп нәрсе байқауға болады. Лазарет пен госпитальдерде қайтыс болған тұтқындарға кезекші дәрігерлер акт толтырып, госпиталь бастығына ұсынған. Сол актілердегі жазулар төмендегіше өрбиді. Концлагерьлерде әскери тұтқындар дененің жалпы шаршауы, өкпе ауруы, оқ жарақаты, сүзек, қан аурулары, жүрек талмасы (от паралича сердца), жүрек қызметінің төмендеуі, асқазан ауруы, іш ауру, үсік шалу, бүйректің қабынуы, әскери соғыс тұтқындарының лагерьлерінде метан газынан улану, госпитальде метан газынан улану, аппендицит, алиментарлы дистрофия (алиментарная дистрофия), ісінумен бірге арықтау (истощение с отеками), азық-түліктің төмендау процесі (прогресс упадок питания), заражение крови, энтероколит, пневмония, анемия, дистрофия, гемоколит сынды аурулардан қайтыс болған. Отравлен в душегубке газом метан в лагере военнопленных, отравлен газом метан в госпитале.

Соғыста жау қолына тұтқынға түсіп, кейін тұтқыннан босатылған соң 6 жерлесім шетелдерде тұрақтап қалған. Олар Қадыр Сариев, Жангожин Исака (Италия), Орал Халық (Түркия. Бұл кісінің ұрпақтары туыстарын Орал өңірінен іздестіруде), Қарыс Қанатбаев, Маулекеш Қайболдин (Германия), Даулеткерей Тағыберли (Давлет Тагиберлин) АҚШ.

Қарыс Қанатбай... 1911 жылы Қазақстанның қазіргі Батыс Қазақстан облысында туған. 1936 жылы Свердловск қаласындағы тау-кен институтын бітірген, соғысқа дейін Қазан қаласында инженер, кейінірек басшылық қызметтер атқарған. Дүниежүзілік Екінші соғысына офицер шенінде қатысып, 1941 жылы тұтқынға түсіп, түрмеден Мұстафа Шоқайдың көмегімен босап шығады. 1950 жылдарының басында «Түркелі-Түркістан Ұлт-Азаттық Комитетін құрып оған жетекшілік еткен, сондай-ақ «Азаттық Радиосының құрылуына да бұрындық болған тұлға. Дәулет Керей Тағыберлі. Азаттық радиосы Түркістан редакциясында қызмет еткен және қазақ бөлімін басқарған қазақ зиялысы... Франция жерінде партизан отряды құрамында соғысқан оңтүстікқазақстандық Ахмет Бектаев «Франция аспаны астында» атты кітабында шетел қарсыласу қозғалысы құрамында соғысқан 300 қазақтан соғыс аяқталған соң туған еліне тек қана 78 қазақтың оралғанын жазған. Қалған 222 қазақ азаматы Франция елінде қалған. Олар Отанға оралсақ, қызыл террор құрбаны боламыз деп ойлады. Шетелдерде қалуды ойлаған соғыс тұтқындары кеңестік саясаттың қызыл террорынан қорыққандықтан елге оралмады. Соғыс тұтқындары солақай саясаттың құрбаны болды. 1945 жылы сәуір айында Кеңес әскери соғыс тұтқындарын босатқан Америка әскерінің офицерлері тұтқындарды жеке-жеке қабылдап, олардың Америка елінде қалуларына жағдай туғызатындықтарына кепілдік берген. Американдықтар Кеңес Одағына оралсаңыздар сіздерді атып, асып, сотайды деп те айтқан. Бұл мәліметтер соғыс тұтқындарының естеліктерінде жазылған. 1945 жылы сәуірде американдықтар неміс-фашист әскери соғыс тұтқындарының лагерьінен босатқан бір жерлесіміз елге келген соң американдықтардың әскери техникаларының жаңа екенін және соғыс тұтқындарына жақсы қарап, жақсы тамақ бергендерін мақтап айтқаны үшін 25 жылға сотталып кетте барған.

Соғыста тұтқында болып, тұтқыннан қашып шығып, шетел қарсыласу қозғалыстарына және Украин мен Белорус партизан отрядтары құрамаларында неміс-фашист басқыншыларына қарсы соғысқа қатысқан батысқазақстандықтар. Барлығы: 33 адам. Олар Утегенов Абдулла (Бельгия), Айкулов Амит, Бегалиев Минеш, Досмуханов



Вайзола, шыңғырлаулық Мукушев Мухамбетхали (Албания), Алпысбаев Жәрдем, Есмахов Тулеш, Каратауов Нурмаш, Кужаев Хафиз, Ошимов Аруман, Сариев Сундет, Хабибуллин Батыргали, (Италия).

Амангалиев Зұлқаш (Зинулла), Бисенғалиев Утеули, Даулетов Қаражұман (Қаражумин Даулет), Джуманиязов Кадем, Едресов Бакытжан, Жаксылыков Борис, Ильясов Нигмет, Имашев Садык, Қашықов Жумағали (Катчиков Жумагазы), Молдағалиев Абу, Утешов Наби, Тюмебаев Алмағамбет (Франция), Нуржанов Уали, (Черногория), Ахтанов Сайжан Джубанышевич, (Украин), Базарбаев Исағалий, (Белорус), Каренов Сыртай, Хангереев Кашыман, Сидоғали Хамзин, Бисембаев Тулеген, Райсов Бейсен (Югославия), Габдуллин Нугман (Словения). Барлығы: 33 адам.

Соғыс жылдары Түркістан легионында және Ост мусулман СС дивизия құрамында қызмет еткен батысқазақстандықтар бар. Олар елге оралған соң РСФСР ҚК 58-1 «б» бабымен 15-25 жылға сотталған. РФ ҚМО архиві арқылы Түркістан легионында қызмет еткен батысқазақстандықтар Акваев Давлет, Казиев Сергей, Катачулев Тулеш, Куанищев Сапар, Муханов Габдугали, Мухамбетхалидов Сапар Савишевич, Нуртаев Аубакер, Нуртасин Максим, Тимерғалиев Айтқали, Шенкеев Есентай Шенкеевич, Шурин Кубайдулла Габбасович. т.б барлығы 195 адам. Бір айта кетерлігі жоғарыда шталаг 333 лагерінде тұтқында болған өзбек, қазақ, қырғыз, тәжік т.б ұлт өкілдері Түркістан легионына қызмет ету үшін арнайы медициналық тексерістен өтіп, соғыс жағдайында әскери қызметке жарамды деп танылған. Сонымен қатар Түркістан легионында қызмет еткен тұтқындардың жеке картотекаларында легионер деп тайға таңба басқандай жазылған.

Соғыста тұтқынға түскен Қызыл Армия құрамын басқыншылар Проскуров қаласындағы әскери соғыс тұтқындар лагерінде соғыс тұтқындарын христиан және мұсылмандар деп әуелі діни сеніміне қарай бөлген. Менің ұққаным солай. Себебі орыс, украин, белорус сияқты ұлттарды бөлек лагерьге жолдаса, қазақ, өзбек, қырғыз, тәжік, түркімен ұлттарын бөлек лагерьге жинап, олардың өздерін «А», «Б» және «С» топтарына бөлген. «А» мен «Б» топтарына жас әрі дене бітімі мығым, дендері сау, саптық қызметке жарамдыларын іріктеп, «А» мен «Б» тобындағыларды арнайы медициналық тексеруден өткізіп, Түркістан легионына қызмет ету үшін қабылдаған. Соғыс тұтқындарының картотекаларында Түркістан легионына қызмет ету үшін медициналық тексерістен өткені және соғыс жағдайында әскери қызметке жарамдылығы жазылып, мөр мен дәрігердің қолы қойылған. «С» тобына егде жастағылар мен саптық қызметке жарамсыздарын алған. «С» тобындағыларды неміс-фашист әскерлерінің бөлімдеріне қызмет көрсету мақсатында жұмсаған. Яғни, ат айдаушы, арбамен қару-жарак, азық-түлік тасу дегендей жұмыстарға тартқан. Тағы бір айта кетерлігі диверсиялық-барлау «Алаш» отряды. Бұл топқа Әлихан Ағаев (Иранов) әскери тұтқындар лагерьлерін өзі аралап жүріп, ең төзімді әрі мықты, денсаулығы жақсы деген қазақ жігіттерін таңдап алған. Ол өзінің күнделігінде нақты жазған. Оның тобындағы қазақ жігіттері барлау мектебінде 6-7 ай оқып, дайындалған. Барлау мектебінде оларды саптық дайындық, қару-жаракты пайдалану, топографиялық картамен жұмыс істеу, рацияны меңгеру, жарылғыш заттармен жұмыстану, ұшақтан парашютпен секіру т.б үйреткен. Бір қызығы «Алаш» отрядының тобындағыларға сабақ қазақ тілінде жүргізілген. Ресми деректерге жүгінсек «Алаш» отрядында 70-84 адам болған. Екі адам екі түрлі дерек келтіреді. Олар Италияның Толмино (құжатта солай) қаласында жаттыққан. Сол кездегі есеппен «Алаш» отрядының құрамындағылар айлық еңбекақыларына 125 лир Италия ақшасын алған. Ал Түркістан легионында қызмет еткендер айлық жалақыларына 16-22 марк неміс ақшасын алған.

«Түркістан легионы», «Түркістан комитеті» және «Алаш» отрядында қызмет еткендерге мезгілі келгенде баға берілер. Шындығын айтсақ оларды ақтаушылар мен даттаушылар бары өтірік емес.

Сол уақытта коммунистік партия мен Мемлекеттік Қауіпсіздік комитетінің сүзгісінен ақталмаған соғыс тұтқындарының мерейтойлық марапат тізіміне қалай еніп кеткендерін өзімде білмеймін. Бұл арада аудандар мен ауылдарда тұрған бұрынғы соғыс тұтқындары ауылдық кеңес төрағаларының жалпылама тізімімен марапатқа іліккен болар деп ойлаймын. Өткенге ешкім түсінік бере алмас. Сол өткен тарих болып қалады-ау... Отты жылдар ойранында майданның алдыңғы шебінде жаумен жанын жалау етіп, арын алау етіп хас батырларша шайқасқан майдангерлердің соғыс тұтқындарына деген көзқарастары туралы көзкөргендердің әңгімелерінен талай естідім. Бір соғыс тұтқыны жылда 9 мамыр күні ауылдың қойын бағып далада жүретін болған. Ол күні барлық майдангерлер мерекелік салтанатты шараға қатысып жатырған. Әрине ауыр соққы. Сол соғыс тұтқыны ақталмаған күйі 2007 жылы қараша айында туған ауылында өмірден өтті. Соғыстан кейінгі жылдары тұтқында болғандар елге оралған кезде оларға жерлестері өзгеше қараған ғой. Сол себепті де кейбір соғыс тұтқындары көзтүрткі болудан құтылу үшін жылы орындарын суытып, амалдың жоқтығынан көршілес Ресей елінің Саратов, Ростов, Волгоград облыстарына қоныс аударған.

Ишанғалиев Қасымның картотекасындағы жазуды РФ Саратов қаласындағы «Новое слово» аударма орталығынан қаржы төлеп, аудартып алдым. Ишанғалиев Қасымнан сұрақ-жауап алған әскери тұтқындар лагеріндегі офицер: «Үш жасыңа дейін кімнің тәрбиесінде болдың, ата-анаңның ба, әлде өзге тәрбиеде ме? Үш жасыңа дейін анаңның сүтін емдің бе, әлде сиыр немесе ешкінің сүтін іштің бе?» деп сұраған екен. Бұл жерде дұшпан қазақ халқының дәстүрінен білгісі келегн-ау деген ой тудай. Бұл жерде қисын қандай екенін білмедім Егер анасына жақын болса ол бала өз еліне жау болмайды, егер жаттың тәрбиесін көрсе отанын сатып кете алады деп ойлаған ба?-деген сіздің тұжырымыңызбен де келісуге болады. Сонымен қатар неміс-фашист басқыншылары тұтқынға түскен қазақтарға мал бақтырған. Мысалы, жәнібектік соғыс тұтқыны төрт жыл тұтқында өзінің қалай аман жүргенін сауған сиырдың сүтін ішетін едік. Соның көп көмегі болды деген. Оларды күнде лагерьден қарулы күзетпен неміс помещнигінің сиырларын саудыруға алып барып жүрген. Сиырдың бір емшегіндегі сүтті шелекке тартсақ, екінші емшегіндегі сүтті ішіп үлгіертін едік депті. Тағы бір мысал келтіре кетейін қазақ тұтқын арбадан нан ұрлап ұсталып қалған. Сол үшін оны штабқа алып келіп, арқасынан 25 рет дүре соғуға бұйрық берген. Алайда офицер оған сенің арқаңнан 25 рет дүре соқсақ өліп қаласың. Барактағы тұтқындар күдіктенбеу үшін 3 рет дүре соғайық. Бірақ тұтқындар арасындағы әңгімелерді бізге жеткізіп тұрасың. Лагерьдегі соғыс тұтқындары арасында коммунисттер, комсомолдар, комиссарлар бар ма? Сосын олар лагерьден қашуға жоспар құрып жүр ме? Осыларды бізге ертерек ескертіп тұрасың деген.

Тұтқынға түсіп, кейін босатылған батысқазақстандықтардың арасында ВКП (б), БЛКЖО (ВЛКСМ) мүшелері, танк бригадасының командирі, атқыштар полкының командирі, рота, взвод командирі, саяси жетекші болғандары бар. Бұл нені білдіреді Кеңес дәуірінде бізді оқытқан тарихқа жаңаша қарау қажет дегенді білдіреді. Шыны керек ол кезде соғыста тұтқынға түскен офицерлер, саяси жетекшілер мен коммунистерді бірден ату жазасына кесті деп оқып едік.

Сонымен қоса соғыс жылдары жау қолында тұтқында жүріп, үйлеріне хат жолдағандар болған. Алайда олардың тұтқыннан үйлеріне жазған хаттары РФ ҚМО архивінде сақтаулы. Аталмыш архивте 627 хат сақтаулы. 1946 жылы 5 қыркүйекте КСРО атқарушы комитеті Қызыл жарты ай және Қызыл Крест қоғамдық одағынан № 528/с шығыс хаты Қызыл Армияның шығындарды есепке алу басқармасының бастығы, генерал-майор Шавельскийге жолданған. Лагерьлерден жазылған хат жолданған мекенжайына жетпеген. Жау қолына тұтқынға түскендердің бәрін бірдей сатқын санап, оларға өзгеше қараған НКВД қызметкерлері бұл хаттарды сүзгіден өткізбеген болар деген ойдамын.

Албания, Белгия, Варшава, Германия (Ленсдорф қаласы), Греция, Италия (Торанто), Латвия, Норвегия, Словения, Хорватия, Финляндия (Паркино), Франция (Шербург, Сандло), Югославия, Англия (Брестоль, Глосно, Кардиф, Ливерпуль, Партсмут), Каунас, Львов, Ноенберг, Перара, Оржица, Сильзия, Смоленск, Шаулен, Сталино, Макеевка, Запорожье, Смелая, Умань, Крушино, Сайпинбург порты және Египет пен Бендер-шах қалалары аталады әскери тұтқындардың картотекаларын қарағанымда. Яғни олар осы аталған қалаларда тұтқында болған және тұтқыннан босатылған кезде осы аталған қалалар арқылы елге оралған. Біздің облыстан 8 қазақ Африкада тұтқында болған.

Соғыс тұтқындарының ұрпақтарының біразымен бетпе-бет кездесіп, сөйлестім. Өкінішке қарай, кейбіреулері мүлдем сөйлескілері келмейді. Олар : «Қайтесіз өткенді қозғап»-, деп қарсылық білдіреді. Оларды да түсінуге болады. Менің байқағаным соғыс тұтқындарының ұрпақтарында әлі қорқыныш бар. Неге? Тәуелсіз елміз. Кімнен қорқамыз? Түсінбеймін. Алайда соғыс тұтқындарына деген көзқарас түрлі-түрлі. Оларды даттайтындар да жақтайтындар да бар.

# ОТАН ТАРИХЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ИСТОРИИ

УДК 792(574.1)

## ҚАЗАҚСТАНДА ТЕАТРЛАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

*Сдықов М.Н.* - т.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі,  
Орал, Қазақстан

*Калиева А.* – М.Өтемісов атындағы БҚУ,  
«Тарих» БББ 1-курс магистранты, Орал, Қазақстан

«Әдебиет пен өнер ұлы болмаған жерде ұлт та ұлы болмайды»

*Ғабит Мүсірепов*

Театр өнері – өнер туындыларының ішіндегі ең сымбатты өнер болып саналады. Театр бұл ұжымдық өнер, әр елдің театрында сол елдің тарихының бір бөлшегі бейнеленеді. Театрдың тарихи жағынан қалыптасып, дамып, өсіп-өркендеу жолы әрбір ұлттың, әр халықтың өмір-тұрымысымен, олардың жалпы тарихымен тікелей байланысты дамиды деуге толық негіз бар.

«Ел ішінде өнер бар, өнерді тапқан шебер бар» – деген сөз қалған дана халқымыздан. Сондай сан алуан өнердің ішінде театр өнері, театр мәдениетінің орны бір бөлек. Қазақ театр өнерінің өзіндік сипаты халқымыздың ежелден келе жатқан тұрмыс-салты мен әдет-ғұрпына негізделген, оның ішінде үйлену салты мен нәрестенің дүниеге келу шілдеhana тойынан басқа да салт-дәстүрлермен байланысты өтетін ойын-сауықтың толып жатқан түрлері, ақындар айтысы, шешендік өнері мен Алдар Көсе сияқты қазақ қуларының өнері театрдың алғашқы көріністері, театр өнерінің алғашқы бастамасы деуге болады.

Қазақ тарихында театр өнерінің қалыптасу тарихы ХІХ ғасырдың екінші жартысында Оралда 1859 жылы, Орынборда 1869жылы, Омбыда 1875 жылы орыс театрларының құрылуымен басталады, ал 1890 жылы Семей қаласында «Музыкалық драма өнерді сүюшілер қоғамы» құрылды [1,157 б.].

ХІХ ғасырда құрылған театрлардың Орал қаласындағы орыс театрының тарихына тоқталатын болсақ, театр 1859 жылы Оралдың казак әскерінің наказной атаманы Аркадий Дмитриевич Столыпиннің бастамасымен құрылған. 1859 жылдың күзінде театрдың ашылуына сол уақыттың жетекші драматургтерінің бірі А.Н.Островскийдің «Кедейлік кемістік емес» спектаклі қойылады. Театр труппасының құрамына көрші Орынбор мен Саратов қалаларынан кәсіпқой әртістер шақырылады. Осы кезден бастап Оралда «Орал драма театры» жұмыс істей бастады. 1919жылы ғимарат өрт салдарынан жанып кетеді де, спектакльдер Александр Невский шіркеуінде қойылады. Ұлы Отан соғысы жылдарында театр ғимаратында эвакуацияланған театр тураппалары – Беларусь драма театры мен Карелло-фин оперетта театры жұмыс жасайды. Шығармашылық қызметінің алғашқы қадамынан-ақ театр қала тұрғындарының сүйіспеншілігіне бөленеді. Театр сахнасында қойылған пьесалар бұлжымас табыспен лық толы залдарда өтті. Театр өнерін түсінетін халықтың көп болуы осы өлкеде мәдениет пен білімнің жақсы дамығанын көрсетеді [1,160-161 бб.].

Қазақ сахна өнерінің пайда болуына тікелей себеп болған тағы бір жағдай 1905 жылғы төңкерістен кейін Қазақстанға жер аударылып келген орыстың прогресшіл-демократ оқығандарының келуімен байланысты болды. Олар қазақ жеріндегі оқу орындарында сабақ беріп, әр түрлі мекемелерде қызмет істейді. Қазақ жастарының оқуына, ұлт мәдениеті жөнінде алғашқы қадам жасауына да көмегі тиді деуге болады.

Осы уақыттарда Қазақстанда жылжымалы татар труппаларының гастрольдері басталған. Олар Қызылжар, Семей, Орал қалаларында ұзағырақ аялдап жаңа қойылымдар дайындайды. Бұл жағдай өнерге ұмтылған қазақ жастарына ұлттық сахна өнерін құруға мүмкіндік берді. Сахнаға қоятын пьесалар болмағандықтан, олар алғашқы қадамдарын қазақтың әдет-ғұрыптарын, ұлттық ойындарын сахналаудан бастайды [2, 366 б.].

1905 – 1907 жылдары Қызылжар, Орал, Орынбор, Семей қалаларында осындай татарлардың саяхатшы тураппалары өнер көрсете бастайды. Соның ішінде қаламызда қалыптасқан алғашқы өнер қойылымдарына тоқтаталатын болсам, Орал қаласының «татар слабодасы» деп аталатын аумағында «Қазан» қонақ үйінің акт залында апта сайын студенттік кештер өтетін. 1906 жылы жүйелі қолға алынған мұндай сауық кештері туралы хабарландыру «Фикер», «Уральский дневник» сияқты газеттерде тұрақты жарияланып тұрған, бір қызығы «Фикер» журналы мен «Әл-ғасыр-әл жадит» журналы Оралда шыққанымен бұл театр туралы ақпарат күллі Ресей мұсылмандарына, соның ішінде қазақтар арасында театр туралы ақпарат кең тараған. Осы театр қойылымдарына татар халқының беделді жастары Камил Тухфатуллин, әйгілі ақын Ғабдолла Тоқайлармен бірге, сол кезде Оралда білім алып жүрген Есенғали Қасаболатов, Ғұбайдолла Бердиевтер де жүрген. Бұл қазақ-татар жастарының тұңғыш ресми ұйымдастырған мәдени шаралары болатын.

1908 жылы 12 қаңтарда Орал қаласында Ғалиасқар Камалдың «Бақытсыз бозбала» қойылымын көрермен ерекше қошеметпен қарсы алған «Сайяр» труппасы да ұзақ гастрольге шығып, Қырым мен Кавказды, Ішкі Ресейді, тұтас Түркістанды шарлайды [3].

М.Әуезов Семейде оқыған кезінде сондағы барлық ойын-сауықтар мен түрлі театр кештерін көзімен көріп, кейін соларды ұйымдастырушылардың біріне айналды.

1919 жылы Ақмола қаласында Халық үйі жанынан қала жастарының тұрақты драмалық көркем үйірмесі ұйымдастырылды. Оның сахнасына К.Кемеңгеровтың «Бостандық жемісі», «Алтын сақина», «Ескі оқу» атты пьесалар мен Асаубаевтың «Бейнетті шал» пьесалары қойылды.

Қазақ жерінде алғаш кәсіпқой қазақ театрын құру мәселесі 1925 жылы Орынборда өткен I Жалпықазақ съезінде көтерілген. Осы жылдың сәуір айында Қазақстан Кеңестерінің V съезінде Қазақстанда тұңғыш кәсіпқой театр ашу туралы шешім шыққан болатын. М.Әуезов атындағы қазақ театрдың шымылдығы ресми түрде 1926 жылы 13 қаңтарында Қызылорда қаласында Қ.Кемеңгеровтың «Алтын сақина» қойылымымен ашылды. Жалпы театрдың алғаш ашылған күніне қатысты түрлі пікірлер бар олар 10,13, 31 қаңтар күндері құрылған деген әр түрлі даталар аталады. Алаш мұрасын зерттеп жүрген белгілі ғалым Дихан Қамзабекұлы «Мемлекет театрының туған күні» атты еңбегінде «Еңбекші қазақ» газетінің қаңтар айындағы санында «Гинуардың 13-і күні кешкі сағат 6-да Мемлекеттік ұлт театрының ашылу мерекесі болады. Театр әртістері Қ.Кемеңгерұлының «Алтын сақинасын» ойнайды» – деп мәлімет келтірілген. Театрды ұйымдастырған Смағұл Садуақасов, ал директоры Дінше Әділұлы болған. Кейін алғашқы қойылым авторы Қ.Кемеңгеров те, Дінше Әділұлы да саяси қуғын-сүргінге ұшыраған [4].

Жұмат Шанин атындағы облыстық драма театры ең байырғы театрлардың бірі, ол 1934 жылы құрылған. Алғашқы ұжымның қатарында Р.Байкенов, Т.Мадихожаев, Т.Батырғалиева, Г.Шериязданова, Ф.Даукенова, А.Жасеновтар бастаған 25-ке тарта адам болды. Театр ашылғаннан кейін екі жылдай көркем өнерпаздық деңгейде жұмыс істеді. Сол жылдары қазақстандық өнерді Ленинград қанатының астына алып жатырған кез еді. 1936 жылы бірнеше қазақстандық жастар Ленинградқа оқуға кетті. Оларға В.Меркурьев, И.Мейерхольд, В.Серебряков сияқты өнер тарландары сабақ берді. 1938 жылы 22 жас маманның келуімен театр жаңа сапалы негізде жұмыс істей бастады. Театр әртүрлі халықаралық, республикалық театр фестивальдеріне қатысып, жүлделі орындарға ие болды.

Жамбыл облыстық қазақ драма театры қазақстандағы ең алғашқы театрлардың бірі болды. 1936 жылы көркем үйірменің негізінде ол аудандық театр болып құрылып, сол жылдың 16 наурызында театрдың бірінші директоры Қ.Қырқымбаев қойған Б.Майлиннің «Келін мен ене» және «Келіншек» комедияларымен театрдың тұсауы кесілді. Ол кезде театрдың құрамы 9 адамнан тұратын олар: Шәріпбай Сақиев, Сати Үмбетбаев, Сатылған Атамқұлов, Омархан Тұрықұлов, Тұраш Әбуов, Рәміш Әбдірахманов, Тәжімет Әлмұхамедов, Молдаш Сақиев, Жомарт Абызбаев. 1936 жылдан бастап сахнаға әр түрлі жанрдағы 400-ден астам спектакльдер құрылды.

Қазақ жерінде құрылған алғашқы орыс драма театрларының бірі – Оңтүстік Қазақстан облыстық орыс драма театры 1929 жылы 1 қарашада Шымкент қаласында құрылған. Театрдың алғашқы бас режиссері және көркемдік жетекшісі болып М.В.Раздолин тағайындалған, ал ұйымдастыру жұмыстары В.Б.Сибирирге жүктелген.

1944 жылдың 8 мамырында «Облыстық орыс драма театрын құру жайында» қаулы қабылданды. Театр труппасы бөлініп, іс жүзінде дара қазақ театры құрылды. Бірақ ресми түрде театр 1967 жылы 15 қарашада Шымкент басқармасы бұйрығымен рәсімделді. Қазақ және орыс театрының директоры Берещук, ал көркемдік жетекшісі Насонов болды.

1949 жылы театр Орал қаласына көшіп, кейін музыкалық комедия театры ретінде Шымкентке қайта оралды. Осылайша 1958 жылы театр қайта құрылды [5, 7 б.].

Кеңес үкіметі жылдары қазақ жерінде бой көтерген театрлар тек орыс және қазақ театрлары болған жоқ. Олардың ішінде халық шығармашылығы жанынан ұйымдастырылған болса, енді бірі кәсіби театр негізінде ірігесін қалап жатты. Солардың бірі Құдыс Қожамияров атындағы ұйғыр музыкалық комедия театры еді. Бұл театр әлемдегі жалғыз кәсіби комадиялық жанрда құрылған алғашқы театры ұйғыр театры болып саналады. Театрдың тарихы 1934 жылдан бастау алады. Сол жылдары театр Алматы қаласында ұйымдастырылып, сол жылдың 24 қыркүйегінде Д.Асимов А.Садыровтың «Анархан» атты музыкалық драмасымен сахна шымылдығын ашып берді. Ең алғаш Ұйғыр облыстық музыкалық драма театры аталған бұл өнер ордасы 1941-1961 жылдары аралығында Алматы облысы, Шелек қаласына ауысып, 1961 жылы Алматы қаласына оралады. 1964 жылы республикалық ұйғыр музыкалық драма театрына айналды да, араға үш жыл салып, ұйғыр музыкалық комедия театры деген жаңа атқа көшті. Театр шығармашылығы Қазақстанның музыкалық өнерінің ажырамас бөлігіне айналған профессор, КСРО-ның халық әртісі, сазгер Қ.Қожамьяровтың есімі 2005 жылы ғана берілді. Ұйғыр театрының 1997 жылы Каирдағы «Египет» тәжірбиелік қойылымдар халықаралық фестиваліне қатысуы театр шегарасының кеңейгенін, оның халықаралық аренаға шығуының жарқын көрінісі болып отыр [1, 166 б.].

Елімізде корей халқының зор ықыласына бөленіп отырған театрлардың бірі корей музыкалық комедия театры болып отыр. Бұл театрдың тарихы бай деуге болады. Бастапқыда 1932 жылы Владивостокта құрылған Қиыр Шығыс аймақтық корей театры болды. Сол жылдары Кореяны империялық Жапония басып алды және оның аумағында корейлердің ұлттық мәдениеттерінің көріністеріне тыйым салды. Сондықтан біздің еліміздегі корей театры Корей жерінен тыс жерде жұмыс жасайтын жалғыз мемлекеттік театр ғана емес, әлемдегі ең алғашқы мемлекеттік кәсіби ұлттық корей театры болып саналады. 1937 жылы корейлердің Қазақстан мен Орта Азияға қоныс аударуына байланысты, театр құрамы екіге бөлінді. Оның бір бөлігі Қызылорда қаласында ашылса, екіншісі Ташкентте қайта құрылды. Ұлы Отан соғысы жылдарында театр Қызылордадан Үштөбеге көшті, 1959 жылы Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің Қаулысымен театр қайтадан Қызылордаға көшірілді [1, 161 б.].

Соғыстан кейінгі жылдары театрдың тарихында жаңа кезең басталды деуге болады. 1955 жылы ҚазақКСР халық әртісі А.Токпанов Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясы жанынан театр факультетін ашады. 1977 жылы оның негізінде Алматы көркем театр институты құрылады. Театр факультетінің бірінші

ұйымдастырушылары мен педагогтары бірінші ректор Г.Жанысбаева бастаған Р.Қаныбаева, Г.Рутковская, Т.Наурызбаева М.Омарбаева тағы басқа көптеген актерлар болды. 1989 жылы институтқа Қазақстанның бірінші ағартушы Халық комиссары Темірбек Жүргеновтың есімі берілді. Бұл институтты бітірген түлектер қазақ театр өнеріне өлшеусіз үлес қосты.

Тәуелсіздік жылдары елімізде көптеген театрлар ашылса, соның сегізіне жаңа ғимарат салынған екен. Қазақ театр өнерін дамыту, дәстүрлі негізде дарында артистер мен режиссерлерді анықтау және ынталандыру мақсатында 1992 жылдан бастап жыл сайын Қазақстан драма театрларының республикалық фестивалі өткізіліп тұрады. Одан басқа театр өнеріндегі сабақтастықты жандандыруға жол ашатын екі жылда бер рет ұйымдастырылатын халықаралық фестивальдер бар. Бұл еліміздің театр өнерін өркендетуге бағытталған шаралар болып табылады [2, 289 б.].

Тәуелсіздік жылдарында ашылған театрларға тоқталатын болсам Астана қаласында Қ.Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік қазақ музыкалық драма театры 1991 жылдың 15 қарашасында ашылған. Осы күні Ғ.Мүсіреповтың «Ақан сері – Ақтоқты» трагедиясы бойынша спектакль көрсетілді. Алғашқы тарихи қойылымның режиссері театрдың негізін қалаушы дарынды режиссер Жақып Омарұлы болды. 1996 жылы театр ұжымы Түркітілдес мемлекеттер арасында өткен Халықаралық «Туғанлық» театр фестивалінің лауреаты атанып, өзінің алғашқы жүлдесін алды [1, 62-63 бб.].

«Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры 2013 жылдың ҚР тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен ашылды. Бұл театр ең үлкен өнер шаңырағы. Еуразиялық кеңістіктегі соңғы бірнеше он жылдықта салынған ең ауқымды бірден-бір классикалық театр. Бұл әлемде техникалық жағынан ең жетілдірілген театрлардың бірі [1, 46 б.].

Батыс Қазақстан облыстық қазақ драма театры 1993 жылдың 16 желтоқсанында өз қойылымын М.Әуезовтың «Қарагөз» трагедиясынан бастады. Театрдың репертуарлық негізін Арқалықтан келген алғашқы қойылымдардың авторы, режиссер Жамбылбек Есенбеков пен Елекен Жылқышинов қалады. Алғашқы директор әрі әртіс Амантай Сұлтанғалиев пен Қазақстанның Халық әртісі Гүлнар Жақыпова Атыраудан шықырылды. Жаңа театрға Жезқазғаннан келген Щепкин атындағы Одақ кезіндегі ең беделді театр училищесінің түлектері Қайыпберген мен Шахарбану Есенқұловтар да зор ықыласпен үлес қосты. Театр 2002 жылы 11 қыркүйекте жаңа ғимаратқа көшіріліп, М.Әуезовтың «Қарагөз» трагедиясымен қойылымын бастаған еді. 2017 жылы 24 ақпанда Батыс Қазақстан Облыстық мәслихаттың шешімімен театрға КСРО және Қазақстан Халық әртісі, КСРО мемлекеттік сыйлығының лауреаты Хадиша Бөкееваның есімі берілді.

Қазіргі таңда театр Халықаралық фестивальдерге қатысып өзінің шығармашылық жағынан үнемі жетілдіру үстінде. 2005 жылы Каир қаласында өткен VI Халықаралық театрлар фестивалінде Иран – Ғайыптың «Қорқыт» қойылымымен қатысып, қазылар алқасы мен көрермендердің жоғарғы бағасын алды. Қырғызстанның астанасы Бішкек қаласында өткен халықаралық театр фестиваліне У.Шекспирдің «Ромео және Джульетта» қойылымымен қатысып көрермендердің және қазылар алқасының жоғары бағасын алды. Сонымен қатар Қырғызстанның Ош қаласында өткен VII халықаралық «ART ORDO-2019» театр фестивалінде Ш.Айтматовтың «Арманым-Әселім» спектаклімен қатысып, спектакль режиссеріне «Алтын Жетіген» мүсіншесі берілді, «Үздік әйел образы» Н.Шадыеваға берілсе, TURKSOY халықаралық мәдениет орталығының арнайы жүлдесімен, Ош шаһары мәрінің алғыс хатымен марапатталды. Бұл театрдың шығармашылық жұмысының зор жетістігі [5, 7 б.].

Театр көрермен үшін үлкен мектеп. Театрдың дамуы оған қаумалаған көрерменнің болуы халықтың рухани дамығанын көрсетеді. Театр – өмір айнасы көрермен театрдан зор рухани азық алады, өмірде көңіл аударылмайтын дүниелерге үңіледі, театр қойылымдарында тарих іздері бар, сондықтан театр өнерін бағалау әр адамның парызы деп білемін.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Титенов В. Қазақстан театрлары. – Алматы: Тау Қайнар, 2015. – 256 б.
2. Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. Толықтырылған 2-ші басылымы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2010. – 580 бет + 32 бет түрлі түсті суретті жапсырма.
3. Құттымұратұлы Қ. Текедегі тұңғыш қойылым // Егемен Қазақстан – Орал, 2018. 19 наурыз.
4. Қаратов М. Тазарғың келсе театрға бар // Abai.kz, 2023. 6 желтоқсан.
5. Нықмұқанова А., Төлеушов Қ.. Батыс Қазақстан облыстық драма театры. – Орал: Полиграфсервис, 2013. – 292 б.

УДК 94(574)

## 1941 ЖЫЛЫ ОРАЛ ОБЛЫСЫНДА ҚҰРЫЛҒАН АНТИКЕҢЕСТІК «ҚАЗАҚ ХАЛҚЫН ҚОРҒАУШЫЛАР ОДАҒЫ» ҰЙЫМЫ

*Боранбаева Б.С.* – т.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Орал, Қазақстан  
*Жайлан Г.* - М.Өтемісов атындағы БҚУ, «Тарих» БББ 1-курс магистранты, Орал, Қазақстан

Қазақ халқының азаттық жолындағы күрес тарихы небір жан тебіренерлік тағдырға толы. Соның ішінде ХХ ғасырдың басында қаулап өсіп, қараңғы қазақ көгіне күн болуға ұмтылған Алаш арыстарының өмір жолы бүгінгі таңда қауымға танымал. Кеңес үкіметінің қанды қылышы турап түскен қазақ зиялыларының есімі КСРО-ның тұяқ серпер «қайта құру» жылдарында жаппай ақалып, газет беттеріне жариялана бастады.

1943 жылы Орал қаласындағы НКВД түрмесінде он тоғыз жасында құрбан болған Ғұбайдолла Әнесов – мемлекеттік деңгейде әлі толық тарихи бағасын алып үлгермеген жас боздақ. Қазақ тарихына есімін алтын әріптермен қашаған Қазақстан Республикасының Халық қаһарманы Қ.Рысқұлбековпен тағдырлас Ғ.Әнесов тұлғасы соңғы жылдары жұртшылықтың назарын өзіне аудара бастады. Әзірше көңілге медеу болары жалындаған жас жетекші Ғ.Әнесов негізін қалаған «Қазақ халқын қорғаушылар одағы» туралы қысқаша мәліметтің ҚР Білім және ғылым министрлігі бекіткен мектеп оқулығына енуі [1, 64-65 бб.].

1941 жылы Ұлы Отан соғысы қарсаңында Батыс Қазақстан облысында орын алған бұл оқиғаны республика жұртшылығы әлі толық біле бермейді. Орал облысы Жалпақтал ауылында «Қазақ халқын қорғаушылар одағы» деген атпен құрылған антикеңестік жасырын ұйым жеті ай өмір сүрген. Ұйымға 17 мен 23 жас арасындағы атап айтқанда: 1. Ғұбайдолла (Ғұбаш) Әнесов, 2. Сейітқали Бажекенов, 3. Сатқали Молдағалиев, 4. Ғұмар Тұрымов, 5. Сайдолла Шорабаев, 6. Мұхамбетжан Нұралин, 7. Иғали Мұхамбетқалиев, 8. Мәззап Әлиев, 9. Мәннап Ахметов, 10. Қамал Мақұлбаев, 11. Сүндетқали Қаражанов, 12. Өтеген Аманов, 13. Қайырғали Сапаралин, 14. Иманғали Насыров кірді. Оның 6-ы Орал педагогикалық институтының студенті болды. Ұйым мүшелерінің барлығы кейін ұсталып, сотталды. Ұйымның 17 жасар басшысы Ғұбайдолла Әнесов 1943 жылы 19 жасында Орал қаласындағы НКВД түрмесінде атылған. Өкінішке орай, олардың есімі бүгінгі күні күллі қазаққа таныс емес, тіпті ұйым басшысы Ғұбайдолла Әнесовтің өмірі мен қызметі тарихи тұрғыдан жеткілікті зерттелмеген. Егер уақыт тұрғысынан таразыласақ, тәуелсіздікке дейін бұл жастардың есімдерін олардың туған жері Жалпақтал ауылы тұрғандары да біле бермеген.



Міне, Қазақстан тәуелсіздігінің арқасында ғана, бұл антикеңестік ұйым туралы зерттеу еңбектері мен ұйым мүшелерінің естеліктері жариялана бастады. Мәселен, 1992 жылы «Жас қазақ» газетінің 28 мамырдағы санында тілші Ғалым Жайлыбаевтың аталған ұйымның белсенді мүшелерінің бірі С.Бажекеновпен арадағы сұхбаты жарық көрді [2]. 1995 жылы белгілі журналист Аманкелді Шахин «Орал өңірі» газетінің үш санында «Жалпақталдағы жасырын жастар ұйымы сталиндік репрессияға ұшырап еді» деген көлемді мақаласын жариялады. Мақала жарық көргеннен кейін, автор А.Шахинмен осы ұйымның мүшесі өмір бойы саяси қуғын көрген, ел тәуелсіздігі арқасында ғана ақталып, Өскемен қаласында тұрып жатқан Сейітқали Бажекенов хабарласып, басынан өткізген қасіретін айтып береді. Мұнан кейін А.Шахин «Сол бір сүргін» [3] атты деректі-публицистикалық еңбегін жариялайды. Тарихшы ғалым Ж.Жақсығалиевтың ғылыми мақаласында А.Шахиннің жоғарыда айтылған еңбектеріне жоғары баға береді [4].

Дегенмен, көрсетілген еңбектерде «Қазақ халқын қорғаушылар одағы» ұйымының қызметін тұтастай қарастыруды және ұйым жетекшісі Ғ.Әнесовтің саяси қызметін жан-жақты саралауды мақсат етпейді. Сондықтан біздің ғылыми зерттеу жұмысымыз осы айтылған жетіспеушіліктердің орнын толтыруға талаптанған алғашқы дербес зерттеу болып табылады. Аталған зерттеуде назардан тыс қалған көптеген жаңа архив деректері бірінші рет ғылыми айналысқа қосылған.

Біз пайдаланған деректер қатарына ҰҚК Батыс Қазақстан облыстық басқармасының архив қорлары, мұрағаттағы Ғ.Әнесовтің өзі жазған «Қарап жатпа» поэмасы және оның туған інісі Нығметолла Көшековтың «Ерте тұтанып, тез сөндің бауырым!» атты сонымен бірге ұйымның тірі қалған мүшелерінің жазған естеліктері [5]. Ұйым мүшесі Сейітқали Бажекеновтің 1997 жылы «Орал өңірі» газетінде жариялаған «Қыршыннан қиылған боздақ еді» атты Ғұбайдолла Әнесов туралы мақаласында: «Сен атылатын болдың» деп үкім жариялағанда орнынан тік тұрып: «Жасасын қазақ халқы! Қазақ елінің бостандық алатынына кәміл сенемін!», – деп айқайлап, «Әділетті үкім емес, мен аштық жариялаймын», – деп жатыр Әнесов, – деген тергеушілердің айтқан сөзін өз құлағыммен естідім» [6], – деп жазды.

Ізденіс жұмысында Қазақ елінің тәуелсіздігі үшін 19 жасында құрбан болған Ғ.Әнесовтың саяси-қоғамдық көзқарасының қалыптасуына әсер еткен факторларды анықтадық. 1936 жылы Фурманов (қазіргі Жалпақтал) поселкесінде Әнесов Ғұбайдолланың отбасымен бірге сол кездегі Фурманов аудандық атқару комитетінің іс жүргізушісі болған 25 жастағы Сатымов деген туысқаны тұрған. Сол кезде 14 жасар жасөспірім Ғұбайдолланың саяси көзқарасының жетілуіне осы азаматтың әсері болғандығын айыпталушы Әнесовтің жауаптау хаттамаларынан анық аңғаруға болады [7, 185 б.].

Алайда Сатымов құрт ауруына шалдығып, сол 1936 жылы дүниеден өткен. Ауруы әбден асқынып, бақилық өмірге аттанар алдында, ол Ғұбайдолланы өзіне шақырып алып, саналы ғұмырын қазақ халқын орыстың бұғауынан босату жолына арнағанын айтады. Мектеп оқушысы – Ғұбашты кеңестік билікке қарсы ұйымдасқан күреске шығып, Қазақстанды КСРО-дан бөлуге әрекет жасау керектігін өсиет еткен. Сатымовтың бұл өсиетін жаттап өскен зерек бала ержете келе, айтылған әңгіменің саяси астарын жете түсіне бастайды. Бұл жерде азамат Сатымов сол жылдардағы кеңес үкіметіне қарсы бір ұйымның мүшесі болды ма? деген де ой келеді. Бірақ архив құжаттарымен толық танысқан біздер Сатымов туралы басқа ешқанадай мәлімет таба алмадық.

Сондай-ақ, деректерге сүйене отырып, қазақ жастарының саяси өсіп жетілуіне Орал педагогикалық институтында құрылған «Сұрпақбайлар» атты ұйым да ықпалын тигізген деген тұжырым жасаймыз. Оған дәлел, 1940 жылы жазда Ғұбайдолла Әнесов Орал педагогикалық институтының физика-математика, ал оның кластас достары

Насыров Иманғали мен Бажекенов Сейтқали тарих факультетіне қабылданады. Сондай-ақ Ғұбайдолланың ауылдасы Мақұлбаев Қамал да Оралдың гидротехникумына оқуға түседі.

Алайда көп ұзамай үкіметтің ақылы оқуды енгізген жарлығына сәйкес Насыров пен Бажекенов 1940 жылы 6 қазанда үйлеріне қайтатын болып, Ғ.Әнесов пен Қ.Мақұлбаев оларды вокзалдан ауылға шығарып салған. Жолдастарының көзқарасын мақұлдаған Қамал антикеңестік жұмысқа өзінің де белсенді атсалысатынын білдірген. Бірақ ол да сол жылы қарашада гидротехникумдағы оқуын тастап, ауылға кетіп кетіп қалған. Желтоқсан айында Насыров пен Бажекенов Оралдағы Әнесовке хат жазып Кеңес үкіметіне қарсы жұмыстарын одан әрі жүргізе беретіндігін айтқан. Студент Ғұбайдолла жаңа пікірлестер тауып, жұмысын одан әрі жалғастыра береді. 1941 жылы сәуірде тарих факультетіндегі тарих пәнінің үздігі Шорабаев Сайдолламен жақын танысады. Архив деректерінде Ғ.Әнесовтің өз серіктерін саяси ұйымға қалай біріктіргені жөнінде көптеген мәліметтер бар [9, 7-п.]. Ұйым мүшелерінің тергеу кезінде қайтарған жауаптары ұқсас. Сондықтан бірқатарын ғана дәйек ретінде келтірдік. Мәселен, антикеңестік ұйымға өзін Ғұбайдолланың қалай тартқаны жөнінде С.Шорабаев: «1940-1941 жж. мен Орал пединститутында оқып жүргенде, көктемде Әнесов Ғұбашпен жақынырақ таныстым. Менімен достық қарым-қатынаста бола жүріп, оңаша қалғанда Әнесов өзінің антикеңестік көзқарастарын байқатып жүрді. Әнесов маған жақсы дос ретінде сенетінін айтты. Мен өз тарапымнан маған сенуіне болатынын, оның ашқан құпиясын ешкімге айтпайтынымды айттым. Менің осы сөздерімнен кейін Әнесов колхоз қазақтарының ауыр жұмысын айтып қынжылды. Мысал ретінде Фурманов (қазір Жалпақтал – Ж.Г.) ауылы адамдарының өмірін сипаттап берді. Осыған орай Әнесов мұндай жағдайдан шығу жолдарын қарастыруымыз қажет, қазақтың тұрмыс жағдайын жақсартуымыз керек деп алдымызға мәселе қойды» [7, 187-188 бб.]. Ал Ғ.Әнесовтің тергеушілерге берген жауабында : «Шорабаевтың мінезін зерттегеннен кейін «марксизм-ленинизм» пәні бойынша сынаққа дайындалып жүріп, егер ол менімен келіспесе де, мені ешкімнің қолына тапсырмайтынына, менің айтқанымды басқа кісіге айтпайтынына сеніп, тәуекелге бел буып, өзімнің ұлтшыл көзқарасымды ашық айтуға ұйғардым [9, 9-п.], – дейді. Ұйым мүшесі Сатқали Молдағалиевтің де жауаптау хаттамаларынан осыған ұқсас үзінділер оқимыз: «1941 жылдың тамызында не қыркүйегінде Фурманов поселкесінде Орал қаласынан менің танысым Әнесов Ғұбаш келді. Қазан айларында Әнесов менімен кездесетін болды. Әңгіме кезінде антикеңестік көзқарастарын білдіріп, мені антикеңестік бағыттарға бұрғысы келді. Маған айтатыны, қазақтардың тұрмысы нашар, көбі жұмыссыз, салықтарды көп төлейді, тіпті үйлері жоқ, жер үйлерде тышқандар сияқты өмір сүреді. КСРО Конституциясында барлық адамдардың құқықтары тең, іс жүзінде көп адамдардың құқықтары сақталмайды, соның ішінде - қазақтардың. Маған әсер ету үшін Әнесов: «Үкімет ешқандай кінәсі жоқ сенің атаңды – Молдағалиді қамауға алып, соттап жіберді. Мына үкіметтен не жақсылық көріп жатырсың, жұмысың жоқ, тұрмысың нашар». Ғұбайдолла Әнесовтің әсерлі әңгімелері менің кеңес үкіметіне деген көзқарасымды өзгертті» [10] – деген. Насыров Иманғали да ұйымға қалай кіргені жайлы: «Мен Ғұбашпен 1938 жылдың қазанында Фурманов орта мектебінде оқып жүріп таныстым. Ол сонда 8 сыныпта оқитын. Алғашында біздің таныстығымыз жиі-жиі кездесуден басталды. Екеуміз сабаққа бірге дайындалдық, киноларға, көріністерге бірге бардық. Бірте-бірте жақсы дос болып кеттік. Уақытын дәл білмеймін. Әнесов кездесулерімізде Қазақстанға қатысты партия мен кеңес үкіметі саясатына наразылығын жиі білдіретін болды. Есімде, 1940 жылы қаңтар айының аяғында екеуара әңгімеде Кеңес үкіметі кезінде қазақ халқының жағдайы тым ауыр, адам төзгісіз қалыпта, тіпті өмір сүруге, қаражат табу қиын екенін дәлелдеуге тырысты. Тіпті патша заманында да дәл бұлай болмағанын айта келе, қазақ халқының мәдениеті мен тілі бұрмаланып жатыр, қазақтар ең соңғы, ең төмен ұлт болып саналады, яғни олар адамға

саналмайды дегенді айтты. Дәлел ретінде басқарушы және жауапкершілігі жоғары орында тек қана орыстар отырғанын, ал қазақтар қара жұмыс істеп жүргенін мысал қылды. Осыдан кейін Әнесов: қазақ халқы бізге сенеді, бізді зиялылар деп есептейді, сондықтан болашақта біз қазақ халқының мүддесін қорғауымыз керек, ал ол үшін ұйым құрып, КСРО-дан Қазақстанды бөліп алу бағытында ұйымдасқан түрде күрес жүргізіп, дербес қазақ мемлекетін құру қажет» [7, 188-189 бб.], – деп өзінің ұйым жетекшісімен қарым-қатынасының қалай басталғанын еске түсірген.

Ғ.Әнесовтің 1941 жылы 31 желтоқсандағы жауабында ұйымның жоғарыда аталғандардан басқа мүшелерін де: Мұхамбетқалиев Иғали, Ахметов Мәннап, Қаражанов Сүндетқали, Аманов Өтеген, Сапаралин Қайырғалиды көрсеткен.

Архив деректерінде айыпталушылардың бәрі бірауыздан «Қазақ халқын құтқару одағы» ұйымының ұйымдастырушысы Ғ.Әнесов деп көрсеткен.

Енді құпия ұйымының талқандалуы және ұйым мүшелерінің кейінгі тағдыры туралы айтсақ, жоғарыда айтылғандай, өзіне жақтастарды көбейткен Ғ.Әнесов алда тұрған міндеттерді шешу жолында нақты іс-әрекетке кірісе бастады. Контрреволюциялық ұйымға қатысушылардың жасырын жиындарын өткізу күн тәртібіне қойылды. 1942 жылы 5 маусымда НКВД адамдарының «ҚХҚО» контрреволюциялық ұлтшыл ұйымының отырысы қашан болды? – деген сұрағына Ғ. Әнесов: «1941 жылдың қыркүйегінің алғашқы күндерінде аудандық емханада болды», – деп жауап берген. Бұл мерзімді С.Бажекенов те өз сөзімен бекіткен. Бұл құпия жиналысқа Ғ.Әнесов, С.Бажекенов, Ғ.Тұрымов, М.Әлиев, И.Мұхамбетқалиев қатысқан. Бөлмедегі терезелерді әртүрлі киімдермен қымтағаннан кейін, жиналысты С.Бажекенов ашып, сөзді Әнесовке берген. Жиналыста қарулы көтерілісті қалай ұйымдастыру жайы сөз болған. Ұйым мүшелері, Ахметов Мәннап пен Сапаралин Қайырғали және т.б әскерге аттанатын күні, шақыру қағазына ие болған 150-дей жігітті қарулы көтеріліске жұмылдыру жоспарларын талқылаған [3, 32 б.]. Әскери комиссариаттың соғысқа шақырылғандарды Александров Гай станциясына дейін шығарып салатындығын білген олар, жалпы жағдайды талдай келе соғысқа шақырылғандарды аудан орталығын басып алуға пайдаланбақшы болады. Жиынға қатысушы ұйым мүшелері әскерге аттанғандарды «Красный Партизан» кеңшары тұсында салт атпен қуып жетіп, жоспарларын қарулы жолмен жүзеге асырмақшы болып келіседі. Бір сағаттай уақытқа созылған жиналыста осындай мәселелер жоспарланды. Алайда әскерге аттанушылардың күнін өзгергендіктен, көтеріліс жасау мәселесі аяқсыз қалған.

Архив деректеріне сүйенсек, ұйым 1941 жылғы қыркүйек айының соңына таман Орал облысы, Фурманов (қазір Жалпақтал – Ж.Г.) поселкесінде құрылған. Ұйымға «Қазақ халқын қорғаушылар одағы» атауы да осы кезде берілген. Ғұбаш Әнесовтің айтқанына жүгінсек, «одақты» негіздеу үшін ұйымға қатысатындардың жалпы жиналысын өткізбей С.Молдағалиев екеуі ақылдасып оған «Қазақ халқын қорғаушылар одағы» деген ат беруді ұйғарған. Бұл шешімді олар С.Бажекеновке, Ғ.Тұрымовқа, М.Әлиевке айтқан, бұлар екеуін толық қолдаған [7, 190 б.]. «ҚХҚО» ұйымының контрреволюциялық жұмысын жандандыруға серпін берген мәселе мынандай еді. 1941 жылғы қыркүйек айының екінші жартысында Ғұбаш ұйым мүшелері Молдағалиевке, Бажекеновке және Тұрымовқа қазақ халқына үндеу жасайтын контрреволюциялық үнпарақ жасап шығарудың қажеттілігін айтады. Ортақ пікірге келген олар үнпарақты жазып, оны ауыл сыртындағы иесіз жерүйде талқылайды. Оған Молдағалиев, Бекежанов, Әлиев қатысқан. Біраз күнге созылған үнпарақ жобасын талқылау оны дарялауға ұласады. Тергеу кезінде Ғ.Әнесов үнпарақ мазмұнының есінде қалғанын айтып берген [10, 28-п.].

Ұйымның екінші жиналысы 1941 жылғы қараша айында Молдағалиев Сатқалидың сарайында болған. Бұл жиналысқа Әнесов, Бажекенов, Молдағалиев, Құлбасов және Әлиев қатысқан. Ғұбаш Оралдан келген Құлбасовқа Бажекеновты, Молдағалиевті және Әлиевті таныстырып, ұйым мүшелерінің рухын көтеру үшін

Құлбасовты жақсы қызметкер ретінде мақтаған. Сол күнгі жиналыста тәртіп, мүшелік билеттерді басу, ұйымның мүшелік жарнасы және Молдағалиевті казначей етіп сайлау мәселелері қаралды. Бір сағатқа созылған жиналыста аталған шаралар жүзеге асып, әуелі Әнесов, сосын басқалары сөз сөйлеген.

1941 жылы ұйым мүшелері Қазақстан үкіметінің басшыларына антикеңестік мазмұнда хат жазу туралы бір шешімге келеді. Осыдан кейін хатты көбейту үшін аппарат мәселесі ойластырыла бастайды. Алғашында кейбір ұйым мүшелерінің (С.Бажекенов, М.Әлиев) қызмет бабын пайдалану арқылы құжатты басу мүмкіндігі қарастырылады. Алайда бұл ойларының жүзеге аспайтынына көздері жеткеннен кейін олар жасырын баспахана туралы: «Біздің антикеңестік ұйымның заңсыз баспаханасы бар. Ол баспаханалық шрифтілер мен кішкене бояудан тұрды. Қазіргі уақытта (1941 жылы 18 желтоқсан) баспахана Әнесовтің сарайындағы тезек жәшіктің ішінде жасырулы тұр. Бір кездері баспахана қазақ зиратында сақталды. Кейін зираттан менің үйіме әкелінді. Соңынан Әнесовтің сарайына көшірілді» делінген.

Жасырын баспаханада «ҚХҚО» ұйымының мүшелік билеттері де басылып шыққан. Мүшелік билеттің мәтінін Әнесов пен Құлбасов құрастырған. Шрифтілерді Әнесов пен Молдағалиев терген. С.Молдағалиев «60 билетті басып шығару үшін қағаз дайындалды. Бірақ бұл жоспарымыз жүзеге аспады, себебі 13 билет бүлініп қалды. Бар болғаны 10 билетті басып шығардық», - десе, Әнесов: «Билеттің бірінші бетін тергенде билеттің ұзын-ырғасы 100 данадай болды. Бірақ ішкі бетін басқан кезде оның бірнеше данасы бүлініп қалды. 20 билеттен 11- і шамаға келерліктей болып шығып, мен оларды толтырып ұйым мүшелеріне таратып бердім. Билеттерді басуға Молдағалиев пен менен басқа ешкім қатысқан жоқ», – дейді. Баспаханаға қажетті жабдықтарды, мәселен, керосинді (бояулар мен шрифтілердің кірін жуу үшін) Тұрымов пен Бажекенов беріп отырса, баспахана бояуларын Әлиев аудандық баспаханадан алып отырған [11]. Алғашқы үнпарақты теру аяқталғаннан кейін Әнесов партия мен Кеңес үкіметінің жекелеген басшыларына хат жазу жолдарын ойлай бастайды. Бұл жөнінде әуелі Молдағалиевпен, сосын Бажекенов және Тұрымовтармен ақылдасады. Шамамен 1941 жылдың 9-10 қарашасында Молдағалиев Сатқали екеуі Ғұбаштың үйінде хат жазуға кіріседі. Үш хат жазылады. Біріншісі – КСРО Жоғары Кеңесі Президиумының төрағасына. Екінші хат – КСРО Халық комиссарлары Кеңесінің төрағасына. Үшінші хат – Қазақ КСР Жоғары Кеңесі Президиумының төрағасының атына жазылады. Алғашқы екі хатты Молдағалиев жазса, соңғы хатты Әнесов қазақ тілінде жазған. Хаттың жазылған дұрыс уақыты 9-10 қараша болса да, олар саяси жағынан тиімді болады деген есеппен 7 қараша, яғни Қазан төңкерісінің 24 жылдығы күні жазылды деп белгілеп, Қазақстанды бөлу жөніндегі талаптарын осы күнге тұстас келтіргісі келген. Бұл хаттар оларды көп ұзамай тұтқындауға себепші болатынын сол сәтте жалпақталдық жастар білмеген еді. Аталған хаттың ғылыми құндылығын жоғары бағалап, сол күйінде оқырманға ұсынуды жөн көрдік. Бұл хат қазіргі таңда Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің Батыс Қазақстан облыстық басқармасының мұрағатында сақталуы. Хаттың мәтіні: КСР Одағы Жоғары Кеңесі Төралқасының төрағасы М.И.Калинин жолдасқа қазақ халқының достық сәлем.

Біз «Қазақ халқын қорғаушылар одағы» ұйымының мүшелері қазақ халқының атынан осы хатты жолдай отырып, мынадай талап-тілектерімізді білдіреміз. Қазақ халқы КСРО Конституциясына сәйкесті дербес қазақ мемлекеті болып бөлінгісі келеді.

Оның себебі, орыстану саясатына байланысты қазақ тілі, қазақ халқының мәдениеті мен халықтың құқығы аяққа басылды. Қазақтар қазір құл сияқты тұрып жатыр. Күні-түні жұмыс жасайды. Өнімді аз алады. Оны да мемлекетке береді. Киінуге түк қалмайды.

Қазақ халқының орыстардан бөлінуін сұраймыз. Егер бұл талаптарымыз орындалмаса, халық отанның дербестігін амалсыздан қолына мылтық алып қорғауға

шығады. Жауапты осы жылдың 1 желтоқсаны күні «Правда» газеті мен радиодан күтеміз. ГАКСИМ 7/11-41 жыл.

«ГАКСИМ» деген қол Ғұбаш Әнесұлы Көшеков, Сатқали Иманғалиұлы Молдағалиев деген ұғымдары беретін еді. Қалған екі хатта олар есімдерін әдейі түсініксіз етіп жазған [12, 150 б.].

Қазақстанның КСРО-дан бейбіт жолмен бөлінуі туралы сөз болуы мүмкін еместігін жақсы білсе де, хаттарды тиісті мекен-жайға салып жіберген. Бұл жердегі олардың ұстанған мақсаты – қазақ халқын қарулы көтеріліске шақыруға себеп тауып, әуелі Қазақстанды бейбіт жолмен бөлінуін қалағандықтарын, сол үшін хат жазғандықтарын, бірақ Кеңес үкіметі ешқандай жауап бермегендіктен, қарулы күрес әдісіне баруға әрекет жасағанын тергеушілерге айтып берген. С.Молдағалиевтің айтуынша, Әнесов екеуі Сталин, Калинин, Қазақбаевтың аттарына хат жазуды басқа ұйым мүшелерімен ақылдаспастан, өзара шешкен. Оған дәлел С.Молдағалиевтің тергеудегі жауабында мынадай үзінділер бар: «Сол хаттарды жібергеннен кейін ғана мен бұл туралы Бажекенов пен Тұрымовқа айттым. Тұрымов бұлай істемеу керектігін айтты, себебі хатпен бұларды ұстап алу қиын емес». Шынында да Тұрымовтың айтқаны келді, осы хаттан кейін оларды тіміскілеу басталды [10, 4-п].

«ҚХҚО» өз жұмыстарын нығайта беру үшін ұйым мүшелерін жеке аудандарға бөлу жұмыстарын жүргізді. Әнесов Фурманов ауданына, Бажекенов Жәнібек ауданына, Құлбасов Жымпиты, Нұралин Жаңақала ауданына баруға тиіс болды. Казталова ауданына бару Мақұлбаев Қамалға жүктелді. Адамдарды аудандарға бөлу шамамен 1941 жылғы қараша айының соңына таман жүргізілген. Мақсаты 1942 жылы сәуірдің бірінші жұлдызына таман Батыс Қазақстан обылысының бірқатар аудандарында әскери көтеріліс ұйымдастыру. Осыған қажетті Батыс Қазақстан обылысының жағрафиялық картасын Әбілхайыров Байтұрған есімді азаматтан алған. Барлық аудандарда көтерілісті бір мезгілде бастау үшін шартты түрде хабар беруге келіскен. Мысалы Ғ.Әнесов көтерілісті 1942 жылы 5 сәуірде бастайтын болса, «Менің үйлену тойым 1942 жылы 5 сәуірде болады» деген жедел хат жолдайтын болған. Ғ.Әнесов Фурманов, Жәнібек және Жымпиты аудандарында көтерілісті бір мезгілде бастауға тырысқан. Көтеріліс уақытын 1-сәуір деп белгіледі. Жердің беті өте лайсаң кезі болғандықтан, машинамен қозғалушыларға қиын, керісінше өздері салт атты әскерді пайдаланғысы келген. Ұйымды қаржыландырудың төте жолы ретінде банкіні тонау да ойластырылған.

Бірақ боздақтар әзірлеген барлық жоспар сәтсіз аяқталды. Олар сол сәтте әлемдегі ең алып держава саналатын КСРО империясы құрамынан дәл осындай қимылдармен бөлініп шығу еш мүмкін емес екеніне көз жеткізе алған жоқ. Бұл кезде өлкенің ұлан-байтақ даласы Кеңес өкіметінің толық өктемдігінде еді.

НКВД желтоқсан айында ұйым мүшелерінің бәрін тұтқындады. Ұйым мүшелерінің ішінен ең біріншісі С.Молдағалиев тұтқынға алынады. Ұйымның іс-әрекеттерін жасырын аңдыған НКВД облыстық әскери комиссариатпен келісіп, жалпақталдық жастарды соғысқа алуға әдейі асықпайды. Әбден іздерін аңдып, қолға түсіреді. Сөйтіп, 1941 жылдың 21 желтоқсанында ұстап алып кетеді. Олардың арасында Құлбасов деген жалған атпен жүрген НКВД-ның өз адамы болған. Батыр аңғал, албырт келеді демей ме, Оралда таныс болған Құлбасовқа Ғұбайдолла сеніп қалған. Біз ҰҚК облыстық басқармасының мұрағат қорларынан жансыз Ғабиден Құлбасов туралы жаңа деректер таптық. Ұйым мүшелерінің мәлімдеуінше ол білімі төмен, тәртібі нашар студент болған.

Ғ.Әнесовпен оның серіктестері тергеп-тексерулер кезінде өздерінің жасырын ұйымға қатысты істерін ашық айтудан тайсалмаған. Мұны мұрағат құжаттары да растайды [13, 5-п]. Алайда балғын, боздақтар әзірлеген барлық жоспар сәтсіз аяқталды.

Ғ.Әнесов КСРО НКВД-сы жанындағы айрықша кеңестік шешімі бойынша ату жазасына кесілді.

Зерттеу барысында тақырыпты толыққанды ашу үшін архив деркестерін пайдаландық. РСФСР қылмыстық кодексінің тиісті баптары бойынша ұйым мүшелері С.Бажекенов, С.Молдағалиев, Ғ.Тұрымовтар он жылға, С.Шорабаев, М.Нұрәлин, И.Мұхамбетқалиев сегіз жылға, қалғандары бес жылға бас бостандықтарынан айырылды. Қ.Сапаралин 1942 жылдың 7 желтоқсанында НКВД қызметкерлерінің соққысынан қаза тауып, ісі тоқтатылды. Соған қарамастан оны да бес жылға соттап жіберген [14, 51 б.]. Бұл азаматтардың кейбіреулері айдауда жүріп қаза тапты. Олар Сібірде Карлаг пен Колымада азап шекті. Жазаларын өтегеннен кейін де ұйым мүшелерін қайтадан Қиыр Шығысқа жер аударып жіберді. Кеңес үкіметі оларды ғұмыр бойы саяси тұтқында ұстады. Еліміз егемендік алғаннан кейін ғана саяси әрекеттері үшін жазаланған 14 боздақтың азаматтық құқығы қалпына келтірілді. Қазақстан Республикасының бас прокуратурасы 1993 жылдың 26 ақпанында аталған қылмыстық іс бойынша арнайы қорытынды жасады. Бұл шешім бойынша «Қазақ халқын қорғаушылар одағының» барлық мүшелері толық ақталды.

Қорыта айтқанда, Қазақстан тәуелсіздігі тарихымызды қайта таразылауға мүмкіндік берді. Кеңестік идеология тұсында тар шеңберде қарастырылып келген тарихи оқиғаларды, жаңаша ой тұрғысынан пайымдауға мүмкіндік алдық. Коммунистік идеологияға қазақ елінің өткен ғасыр бастауындағы зиялы ұрпағы да әрқилы қарады. Қазақ даласындағы кеңестік коммунистік құрылысқа ұлттық басты оппозиция «Алаш» қозғалысы болғаны белгілі. Бірақ алаш идеясы кеңес заманында большевизм өктемдігімен жазаланып, күшпен тұншықтырылды. Бұл бағытты ұстанған көшбасшылар мен ұлт зиялылары саяси қуғын-сүргінге ұшырады.

«Қазақ халқын қорғаушылар одағы» ұйымының қызметі халқымыздың ұлт-азаттық қозғалысының заңды жалғасы. Отызыншы жылдардың бас кезіндегі Голощекиннің «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» саясаты жалмаған ашаршылықты, 1937-1938 жылдары ұлт зиялыларына қырғидай шүйілген сүргінді көзімен көріп, қазақтың елдігіне төнген қатерді еріксіз сезінген саналы жастар ұлт-азаттық күресін қайта жаңғыртты. Күрессіз бостандық болмайтынын ұқты.

Сөз соңында, «Ер өледі, ел қалады. Есімі ел жүрегінде сақталған ер ғана бақытты» деп батыр бабамыз Б.Момышқлы айтқандай, қазақ елінің азаттығы жолында құрбан болған ұлы тұлғаларды ұлықтау бүгінгі ұрпақтың перзенттік парызы екенін ескерту.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тұрлығұл Т., Жолдасбаев С., Қожакеева Л. Қазақстан тарихы. 11 сынып. Алматы, 2007.
2. Жайлыбаев Ғ. Замананың тап болдым бұрқағына // Жас қазақ.- Алматы, 1992 . 28 мамыр.
3. Шахин А. Сол бір сүргін. – Орал: Дастан, 2002.
4. Жақсығалиев Ж. Ұлт ұландарының ұмытылмас ұлағаты // Орал өңірі. – Орал, 2002. 20 шілде.
5. Көшекөв Н. Ерте тұтанып, тез сөндің бауырым! // Орал өңірі. – Орал. – 1993.
6. Бажекенов С. Қыршыннан қиылған боздақ еді // Орал өңірі. – Орал өңірі. – Орал, 1997. 2 қыркүйек.
7. Батыс Қазақстан облысы тарихы. Мектеп оқушыларына арналған оқу құралы/ Рысбеков Т.З., Бірімжанов Б.Қ., Құрманалин С.Б., Жақсығалиев Ж.Ж. Рысбекова С.Т. – Орал, 2015.
8. БҚОММ (Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік архиві) 3546- қор, тізбе -1, 3789 - іс.
9. БҚОММ 3546-қор, 2-тізбе, 3789 - іс.
10. БҚОММ 3546-қор, 2-тізбе, 16279 - іс.

11. Шахин А. Жалпақталдағы жасырын жастар ұйымы сталиндік репрессияға ұшырап еді // Орал өңірі. 1995, 5, 7, 9 желтоқсан.
12. Шахин А. Оралда тәуелсіздік үшін күресіп еді // Орал өңірі. 1996, 14 желтоқсан.
13. БҚОММ 3546-қор, тізбе -2, 2226- іс.
14. Шахин А., «Қорғаймын!» деп қазақты... – Орал: Полиграфсервис, 2017. – 248 б.

ӨОЖ 908

## **XIX ҒАСЫРДА ОРАЛ ҚАЛАСЫНДА ОРЫН АЛҒАН ӨРТ ОҚИҒАЛАРЫ**

*Боранбаева Б.С.* – т.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Орал, Қазақстан  
*Сағынова Ә.М.* – М.Өтемісов атындағы БҚУ, «Тарих» БББ 2-курс магистранты, Орал, Қазақстан

Өрт – апаттардың ішіндегі ең қауіптісі болып табылады. Тілсіз жауды болжап білу мүмкін емес және орны орасан зор шығын алып келеді. Орал қаласының тарихында ХҮІІІ-ХІХ ғасыр аралығында бірнеше ірі өрт оқиғаларының болғаны тарихта белгілі. Қала тарихына көз жүгіртсек, бізге жеткен деректер арқылы 1722, 1751, 1807, 1821, 1843 және 1879 жылдары ірі өрт оқиғаларының болғандығын байқаймыз. Орын алған өрт оқиғалары И.И.Железновтың «Уральцы» [1], А.Л.Гуляевтың «Отрывки из прошлого Уральского войска» [2] атты еңбектерінде анық көрсетілген. Қала құрылысының қалыптасуына осы өрт оқиғаларының себеп болғандығы анық, өйткені өрттен зардапқа ұшыраған қала құрылысын кері қалпына келтіру ұзақ уақыт пен қаражатты талап еткен. Өрт оқиғаларының орын алуының бір себебі, ХІХ ғасырда Орал қаласының құрылысы негізінен ағаштан салынып, тастан салынған ғимараттар санының аз болуы болса, енді бір себебі көшелердің тар әрі үйлердің бір-біріне жақын орналасуы еді. Мысалы, Орал облысы губернаторының 1890 жылғы есебінің қосымшасында Орал қаласында тастан салынған – 984, ағаштан салынған – 3000, басқа да материалдардан салынған – 486 ғимарат болғандығы көрсетіледі [3]. Көбіне өрт ұшқыны тұрғын үйлер мен құрылысжайларда орналасқан пештерден тұтанатын болған. Пайда болған өрт ұшқыны лезде қатарлас орналасқан ғимараттарға тарап кететін.

Дегенмен қалада өртке қарсы қызмет көрсететін орындар пайда бола бастайды. 1737 жылдан бастап өртке қарсы арнайы патрульдер құрылады. Бұл қызметті алдымен әскерилер, кейін қалалық полиция жанынан құрылған арнайы түнгі қарауыл атқарған. Брандмейстер басшылық еткен бұл арнайы жасаққа арнайы тәжірибеден өткен адамдарды іріктеп алатын болған. Брандмейстер – өрт сөндіруші қызметі тек 1804 жылдан бастап ресми тіркеле бастаған, оған дейін тек әскери міндеткерлік болып есептелетін.

Уақыт өте келе қалада арнайы өрт сөндіру бекеті қалыптастады. Оған дәлел ескі қаланың орталығында орналасқан ХІХ ғасырды бой көтерген Батыс Қазақстан облысының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізімінде №94 болып тіркелген, «Михаилов» өрт сөндіру бөлімшесі, қазіргі № 5 өрт сөндіру бөлімі [4]. «Михаилов» өрт сөндіру бөлімшесі 1865 жылы қаланың бас көшесі - Үлкен Михаилов көшесіне жақын маңнан бой көтереді, атауының шығуы да осы көше атауына байланысты. Жаңа нысанда өрпен күреске қарсы барлық қызмет түрлері болған. Ғимараттың ең маңызды бөлігі – өртті бақылауға арналған арнайы мұнарасы болды. Мұнараға күндіз-түні арнайы күзет қойылып, түтін немесе өрт қаупі туындағанда дер кезінде хабар беруге мүмкіндік болған [5, 107 б.].

1807 жылы 11 шілдеде болған өртте қала түгелдей дерлік өртеніп кеткен. Қалада орналасқан 2 шіркеу, қалалық полиция мекемесі, шарап қоймасы, азық-түлік дүкені, 2120 үй өртке оранып 8 адам зардап шегеді. Өрттен тек 1464 үй мен Михайль-Архангель шіркеуі ғана аман қалады. Өрттен кейін қала құрылысы кері қалпына келтіріліп, бұрынғы тар көшелердің орнына ендігі уақытта кең әрі ұзын көшелер бой көтере бастайды. 7 жыл өткеннен кейін, қала бұрынғы кейпіне қайта оралады [6, 66 б.].

1814 жылдың маусымында әскери басқарма князь Волконскийге жолдаған өтінішінде, Орынбордан губерниялық архитектор Дельмединоны Орал қаласына жаңадан бой көтеруі қажет болған Александр-Невский шіркеуінің құрылысын жоспарлау үшін шақыртады [6, 68 б.]. Микело Дельмедино 1821-1831 жылдары Орал казак әскерінде әскери сәулетші қызметін атқарған. Орал қаласының орталығында орналасқан Атамандар үйі, Мизиндер үйі сияқты теңдессіз сәулет ғимараттарының авторы және Михайль-Архангель шіркеуінің өртенген бір бөлігінің құрылысына қалпына келтіруге де ат салысқан.

Атамандар үйі 1823 жылы ампири стилінде бой көтерген, екі қабатты, тастан салынған құрылыс. Сәулетші М.Дельмедино атаман Д.М.Бородинге арнап салған бұл үйде XIX ғасырда көптеген атақты тұлғалар тоқтаған. Солардың бірі А.С.Пушкин 1833 жылы өзінің Орал қаласына сапары кезінде осы үйге тоқтап, 1773-1775 жылдары болған Е.Пугачев бастаған шаруалар көтеріліс жөнінде мәлімет жинайды. Нәтижесінде «Истории Пугачева» және «Капитанская дочка» шығармаларын жарыққа шығарады. Сонымен қатар әр жылдары В.А.Жуковский, В.И.Даль, Л.Н.Толстойдың болғандығын еске салатын ескерткіш тақталар ғимаратқа ілінген [7, 27 б.].

Сәулетшінің қолтаңбасы қалған тағы бір ғимарат – Мизиндер үйі. Дельмедино бұл үйді атаман Бородиннің үйімен қатар бір мезгілде бастайды. Бұл Оралда танымал Мизиндер әулетінің тапсырысымен дайындалған құрылыс болатын. Әлі күнге дейін сақталып келе жатқан бұл үйді «Бағаналы үй» деп те атайды.

1821 жылы 21 шілдеде Орал қаласында 4-ші үлкен өрт тұтанады. Қолайсыз ауа-райынан кейін, түскі уақыт шамасында қаланың Курени деп аталатын аймағындағы татар слабодалары өртке орана бастағанын білдіріп, шіркеу қоңырауы соғылады. Оңтүстіктен соққан жел өрт ұшқынын бір үйден екінші үйге тарата жөнеледі. Өрт Шаған өзені аумағынан бастап Крестовоздвижен көшесіне дейінгі аумақты түгел қамтиды. Осы өрт кезінде Қазан және Петропавл шіркеулері, тастан салынған мешіт, 109 тастан және 1269 ағаштан салынған жеке үйлер, тастан салынған 2 әскери үй, ағаштан салынған училище үйі, 2 шарап қоймасы жалынға оранады. Бұл өрт зардабынан тұрғын үйлерге - 2.479.341 рубль, қоғамдық ғимараттарға – 102.000 рубль, татар мешітіне – 11.292 рубль, уездік басқарма мен 2 жеке ғимаратқа – 45.611 рубль, өзге тараптарға – 84.112 рубль шығын келген. Жалпы шығын мөлшері – 2.723.356 рубльді құраған. Өрттің себебі қалаға өзге қаладан келген бұзақылардың қасақана өрт қоюынан болуы мүмкін деп болжанған. 8 шілдеден басталған өрт 21 шілдеге дейін ұласып, соңында қалаға орны толмас шығын алып келеді [6, 70 б.].

1843 жылы 27 тамызда Орал қаласында «Федулев» деп аталатын тағы бір үлкен өрт орын алады. Шамамен күндізгі 10 сағат шамасында қаланың 2-ші бөлігіндегі казак Иван Шапошниковтың үйінен басталған өрт ұшқыны үй айналасындағы ғимараттар мен көршілес Федор мен Пимен Федулевтердің үйіне ұласады. Өрт аумағы 137 ағаштан және 26 тастан салынған үйді, 23 құрылысты қамтиды. Михайль-Архангель шіркеуі бұл жолы да өрттен аман қалады [6, 91 б.].

1879 жылы 30 сәуірде Орал қаласының аспанын тағы да қара түнек басады. Шаған өзені маңынан басталған өрт қалада лезде таралады. Өрт ұшқыны бір үйден екінші үйге тез ауысып, өртті ауыздықтауға кедергі келтіреді. Крестовая көшесі бойы түгелдей дерлік өртеніп кетеді. Үйлердің қоймалары, жертөлелері өртке төтеп бере алмайды. Өрт ұшқыны Шаған өзені аймағына барып тоқтайды. 815 үй, 170 дүңгіршек, өрт сөндіру ғимараты, полиция және қару-жарақ ұстаханасы зардапқа ұшырайды.



Шығын мөлшері – 1,5 миллион рубльді құраған.

Алғашқы өрттің орны суымай жатып, 4 мамырда ауа-райының қолайсыздығынан тағы да өрт апаты пайда болады. Ең шеткі көшеден басталған өрт бұрынғы қалалық орға дейін, яғни көпес Фирс Макаровтың үйіне дейінгі аумаққа созылады. Қайта-қайта орын алған өрттен шошынған қала халқы үйлерін тастап, Шаған өзенінен Хан тоғайына дейінгі аумаққа қоныстанады. Орал қаласы аз уақыттың ішінде қираған ғимараттар мен өртенген тас қамалдар тізбегіне айналады. Бұл жолғы өрт кезінде 1 өрт сөндіру бекеті мен уездік қазынашылық ғимараты өртеніп кетеді. Өрттің жалпы аумағы – 350 үйді қамтыған.

Дегенмен, мұнымен өрт оқиғалары аяқталмайды. 9 мамыр күні күндізгі сағат 10 шамасында көпес Расохиннің үйінің ауласынан басталған өрт ауа-райының қолайсыз әсерінен қаланың солтүстік-батыс бөлігіне тарап, тұрғындар арасында дүрбелең туғызады. Бұл орын алған соңғы ауқымды өрт оқиғасы болды. 3 өрт оқиғасының жалпы шығыны – 2.059.783 рубльді құраған [6, 113 б.].

Сонымен қатар әр жылдары да үлкенді-кішілі өрт оқиғаларының орын алғандығын байқауға болады. Бұл жөнінде 1867 жылдан 1918 жылға дейін апта сайын жарыққа шығып тұрған «Уральские войсковые ведомости» мерзімді басылымынан біле аламыз. Аталған басылымның әр санында «Орал облысындағы оқиғалар» айдарында апта ішінде облыс төңірегінде болған өрт оқиғалары жөнінде баяндалып отырған. Мысалы 1894 жылы 25 желтоқсанда жарық көрген №50 санында: «2 декабря, в г.Уральск, в доме казака Акакия Чистоблинникова, от небрежной топки железной печи, загорелась на потолке переводина, но огонь был прекращен прибывшею пожарною командою. Убытка, по показанию хозяина, причинено на 250 р.», - деп, болған оқиға баяндалады [8, 6 б.]. Бұл оқиғадан өрт сөндіру қызметінің дер кезінде тілсіз апатты ауыздықтап үлгергендігін көре аламыз.

Қорыта айтар болсақ, Орал қаласының қарыштап дамып, бүгінгі келбетінің қалыптасу жолында орын алған әр оқиғаның қаламыз үшін маңызды орын алды деп айта аламын.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Железнов И.И., Уральцы. – С-Петербург, 1910. 1-3 т.
2. Гуляев А.Л., Отрывки из прошлого Уральского войска. – Уральск, Типография М.А.Жаворонковой, 1895. – 149 с.
3. Обзор уральской области за 1890 год. (Приложение ко Всеподданнейшему отчету). – Уральск, Войсковая Типография, 1891 г. – 51 с.
- 4.«Батыс Қазақстан облысының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін бекіту туралы» №301 Қаулы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 22 желтоқсанда № 6567 болып тіркелді.
5. Гурьева Г.Г., Летит столетье над Уралом... – Уральск, 2015. – 325 с.
6. Карпов А.Б., Памятник казачьей старины. Краткие очерки из истории Уралскаго войска. – Уральск, 1909. – 144 с.
7. Батыс Қазақстан облысының тарихи-мәдени және табиғат мұралары ескерткіштері. – 14 томды ғылыми басылым. Т XIV. I-кітап. Тарихи-мәдени мұралар ескерткіштері. – Орал. 2010 ж. – 448 б.
8. Происшествия в Уральской области// Уральские войсковые ведомости. 1894 г. 25 декабря, №50.

## КЕҢЕСТІК КЕЗЕҢДЕГІ ОРАЛ ҚАЛАСЫНЫҢ ВИЗУАЛДЫ КЕҢІСТІГІН ӨЗГЕРТУДІҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ

*Нурғалиева А.М.* – т.ғ.д., доцент, Орал, Қазақстан  
*Еркинғалиева А.А.* - М.Өтемісов атындағы БҚУ,  
«Тарих» БББ 1-курс магистранты, Орал, Қазақстан

Бұл мақалада қаланың әлеуметтік-мәдени кеңістік тұжырымдамасына сүйене отырып, сондай-ақ физикалық сипаттамалары мен символдық коннотацияларына тоқталады. Белгілі бір жолмен құрылған қала кеңістігінің құрылымы әр түрлі саяси реформалардың әлеуетін пайдалана отырып және үстем тап өкілдерінің «есте сақтау, қорғау» шаралары аясында өзгереді [1, 3 б.].

Р.Айерман айтуынша, кез – келген шағын қалаға тән ерекше қасиет – тарихы тереңде жататындықтан бастаймыз. Қалалар тарихтың өзіндік аккумуляторы болып табылады. Тарихи стандарттар бойынша жақында салынған қалаларда да стильдің өзгеруімен, жаңа типтегі үйлердің дамуына көшуімен, көшелер мен алаңдардың масштабының өзгеруімен, қоғамның идеологиялық көзқарастарын көрсететін жаңа мемориалдық орындармен ерекшеленетін ескерткіштерден тарих беттерін ажыратуға болады [2, 10 б.].

Орал - Батыс Қазақстан облысының әкімшілік орталығы. Оның орталық ауданында қаланың тарихи орталығы орналасқан. Қала тарихы дамуына байланысты негізгі бес кезеңге бөлінеді: 1-ші – 1850 жылға дейін; 2-ші – 1900 жылға дейін; 3-ші – 1917 жылға дейін; 4-ші – 1960 жылға дейін; 5-ші - 1980 жылға дейін [3, 20 б.]. Және оларға алтыншы кезеңді қосуға да болады – 1991 жылдан қазіргі уақытқа дейін. Алғашқы үш кезең империялық кезеңге, төртінші және бесінші кезең Кеңес дәуіріне, ал алтыншы кезең Егемен Қазақстан кезеңіне жатады.

XX ғасырдың 20-30 жылдары жұмысшылардың мәдени деңгейінің көтерілуін қамтамасыз етуге, еңбек өнімділігін арттыруға бағытталды. Қала құрылысы империялық көзқарастан түбегейлі жаңа көзқарас қалыптаса бастады. 1918 жылы 19 ақпанда Кеңес үкіметінің «жерді әлеуметтендіру туралы» жарлығы [4, 45 б.] қала құрылысының әлеуметтік негіздерінің өзгеруі, 20 тамыздағы «қалалардағы жылжымайтын мүлікке жеке меншік құқығын жою туралы» жарлығы жаңа архитектуралық-жоспарлау идеяларын жүзеге асырудың алғышарттарын жасады [5, 11 б.].

Мәдени революция күшті идеологиялық насихатты ұсынды. Кеңес өкіметі өзінің идеологиялық мәдениетін құра отырып, сәулет ескерткіштерін аяусыз жойды. Мешіттер мен шіркеулер жабылып, жойылды. Оның айқын дәлелі Петропавл соборы құлатылды, кезінде онда Устьян Пугачев пен Устинья Кузнецова үйленген еді. Александр Невский соборы басшыларынан айырылып жабылды, кейіннен оған 1929 жылы облыстық театр көшірілді. Никольская шіркеуі спорт зал ретінде берілді [6, 26 б.].

1891 жылы Орал казак әскерінің 300 жылдық мерейтойына орай, тақ мұрагері Николайдың Оралға келуіне байланысты "Мавр стилінде Триумфальды Арка» немесе «Салтанат қақпасы» тұрғызылған болатын, 1927 жылы бұзылды. Жергілікті халық оны «Қызыл қақпа» деп атаған [7, 26 б.].

Түркістан алаңы Лениннің есімімен өзгертіліп, кейіннен сол есімді алып жүретін субұрқақ бар алаң салынды. 1927 жылы 7 қарашада Қазақстанда әлемдік пролетариат басшысына арналған алғашқы ескерткіш ашылды, онда Ленин бүкіл әлемде өз идеяларын дәлелдегендей жер шарында тұрды. Бұл ескерткіш алаңда 60-шы жылдардың соңына дейін тұрды, содан кейін бұл жерде жаңа, үлкен ескерткіш орнатылды [8, 45 б.]. Ескерткіштің авторлары: мүсінші О. М. Манизер және сәулетші И. Е. Рожин. Қазіргі кезде кеңестік кезеңнен қалған барлық ескерткіштер сақталған С.

М. Киров саябағында тұр.

Кеңестік кезеңде қалада Сталиннің ескерткіші, азаматтық соғысқа қатысушылардың, Чапаев пен Фурманов бюсттері және қалалық саябақта Киров бюсті орнатылды. Қазіргі уақытта олардың барлығы саябақтың аллеясында орналасқан. Тек Сталин ескерткіші жеке тұлғаға табынушылықпен күрес кезінде бұзылып, басқа жерде қойылған.

1958 жылы пединститутқа қарсы тұста 1919 жылы Орал қорғанысы кезінде Новенькое ауылының маңында шайқаста қаза тапқан жас қызыл әскерші Миша Гавриловқа ескерткіш қойылған еді. Ескерткіш сол кездегі пионер балалардың металл сынықтарын, макулатураны, сүт пен жұмыртқаны жинап тапсырған ақшаларына орнатылды [9, 51 б.].

Ұлы Отан соғысына қатысушыларға да арналған ескерткіштертер орнатыған болатын, атап айтқанда, 1943 жылы қаза тапқан жерлесіміз, пулеметші Мәншүк Мәметова ескерткіші пайда болды. Жеңістің 40 жылдығына орай 1985 жылы Жайық жағасында «Мәңгілік алау мен Стелла» облыс бойынша Кеңес Одағының Батырларының портреттері және барлық қайтыс болған батырлардың тізімі бар рельефті мемориал тұрғызылды. Кейінірек оларға Ауғанстанда қайтыс болған батырлардың тізімі қосылды.

Республиканың өзге қалаларымен салыстыра қарағанда Оралдың тағы бір басты ерекшелігі – XVIII және XIX ғасырлардағы сәулет ескерткіштерінің молынан сақталып қалуында. Бұл тарихи ғимараттар жергілікті атқару органдарының қамқорлығына алынып, күрделі жөндеулер мен күтім жасалып тұруында.

Орал қаласы туралы әңгіме қозғаған кезде оның көне де бай тарихы жөнінде айтпай кету еш мүмкін емес. Дәл осы мәселеге қатысты бұған дейін әр түрлі түсініспеушіліктер мен келіспеушіліктер болып келгені де шындық. Оның туып қалатынын ежелден қоян-қолтық, аралас-құралас болып келген тұрғындардың кінәсінен емес, кеңестік тарих ғылымның ежелгі тарихты бұрмалап көрсетуінде.

Жаңадан салынған ғимараттардан жоспарлау және көркемдік бейне қалыптасқан сәулет ортасына сай етіп енгізуге деген ұмтылыс байқалмайды. Бұл жағдай осы кезге дейінгі ғимараттарды қоршаған тарихи дамумен жиі диссонанс тудырды. Ежелгі және қайта өрлеу дәуірінің жоғары үлгілеріне жүгіну адамзат тарихындағы "ең озық" әлеуметтік жүйені құру үшін сәулет өнеріндегі ең жақсы әлемдік жетістіктерді пайдалану ретінде түсіндірілді. Осы кезеңнің жекелеген объектілері, мысалы, педагогикалық институт ғимараты, "Орал" қонақ үйі көлемі мен архитектуралық-пластикалық шешімі бойынша қала құрылысы доминанттары болып табылады, олардың құрылысы өз уақытында қалыптасқан тарихи жоспарлау құрылымын бұзуға алып келді.

Оралдағы кеңестік сәулет өнерінің алғашқы маңызды сәулет және қала құрылысының эксперименті 1937-1939 жылдары сәулетші Рогальскийдің басшылығымен Мәскеу дизайнерлерінің жобасы бойынша салынған педагогикалық институт кешені болды. XVIII ғасырдан бастап 1937 жылға дейін ғимараттың орнында алаңдар мен бір бөлігінде жеке қоғамдық ғимараттар орналасты. Олар Столыпин бульвары, XVIII ғасырдағы Казан шіркеуі. Бұл шіркеу бұзылып, кірпішінің бір бөлігі бас ғимараттың бірінші қабатының құрылысына кетті. Оқу орнының бас корпусының монументалды ғимараты Оралдағы "Сталиндік империяның" ең үлкен ескерткіші және Оралдағы ең үлкен және әдемі ғимарат болды [10, 48 б.].

Сәулетші Р.Вафеевтің айтуы бойынша, п-тәрізді бас ғимараттың монументы қатаң симметриялы орталық кіреберісі Виченца қаласында әйгілі итальяндық Ренессанс сәулетшісі Андреа Палладио салған палаццо дель Капитаниодан стилистикалық түрде көшірілген түрі салтанатты безендірілген. «Палладиялық формада жасалған, - деп жазады ол, - институттың негізгі корпусын безендіргенін көріп, тіптен жобаға өзгерістер енгізбепті де. Жаңа кешенді салу кезінде Ренессанс сәулетінің маңызды қала құрылысы

принциптері - ансамбльге деген ұмтылыс және тарихи контекст сезімі еленбеді. Егер институт қалашығы Оралдың жағасында немесе қала маңындағы бос жерлерде, жаңадан құрылған саябақтар мен бульварлардың сақинасында салынған болса, онда ол Оралдың маңызды архитектуралық ансамблі болар еді. Бірақ ауқымды жоба сөзбе-сөз қаланың аз қабатты, нәзік тарихи орталығына қысылып, оның бір бөлігін біржола жойып жіберді. Жаратылыс бір уақытта вандализммен бірге жүрді» [1, 20 б.].

1940 жылы Александр Невский соборы өртеніп, 1899 жылы ұлы ақынның туғанына 100 жыл толуына орай оралдықтар қоғамдық қаражатқа салған бұрынғы Пушкин халық үйінің орнына А. Н. Островский атындағы Орал облыстық драма театрының жаңа ғимараты тұрғызылды. Жеделдету және үнемдеу мақсатында Халық Үйінің конструкциялары жаңа құрылыста қолданылды. Жаңа ғимарат Қазақ жобалық бюросы филиалының жобасы бойынша құрылды. Бұл Қызыл Армия көшесіне қарайтын негізгі қасбетте әдемі ақ бағаналары мен сылақ астаналары бар ашық сары құрылым болды.

Қазір бұл Оралдағы қызықты тарихи ескерткіштердің бірі. Ұлы Отан соғысы кезінде театрда КСРО аумағынан эвакуацияланған ұжымдардың топтары – Беларусь драма театры және Карело-фин опера театры жұмыс істеді [11, 6 б.].

1950 жылдардың аяғында қалалық кеңес ғимараты салынды. Оның қатаң және жеңілдетілген формалары неоклассицизмнен функционализмге көшті. Берілген арнайы тапсырыспен негізде безендірілген қойылған талаптары: айқын симметрия, пилястрлы ритмде, жеңіл бірақ өте танымал классикалық карниз түрінде жасалуы. Сталиндік неоклассицизмнен модернизмге дейінгі бұл өтпелі стиль бейресми түрде "нақталыған", яғни жеңілдетілген классицизм деп аталды. Қалалық кеңес ғимараты қаланың басты алаңының құрылысын қалыптастыруды аяқтады.

XX ғасырдың 60-жылдарында КСРО тарихында, соның ішінде Қазақстан сәулет ескерткіштері үшін күрделі өтпелі кезең басталды. КСРО-дағы ғимараттар мен құрылыстарды жобалау мен салуда кеңестік монументалды классицизм ("Сталиндік империя") дәуірін бір уақытта аяқтаған КОКП ОК мен КСРО Министрлер Кеңесінің 1955 жылғы 4 қарашадағы № 1871 «Жобалау мен Құрылыстағы артықшылықтарды жою туралы» әйгілі қаулысы шықты [12, 67 б.]. Бұл архитектуралық стиль функционалды типтік архитектурамен алмастырылды, ол белгілі бір өзгерістермен Кеңес мемлекетінің өмір сүруінің соңына дейін созылды [13, 43 б.]. Жаңа мәдени, әлеуметтік, этикалық құндылықтарға қайта бағдарлау басталып, жаппай типтік құрылыс кезеңіне жалғасты.

Орал қаласының архитектуралық-көркемдік құрылымының тарихында бұл бесінші кезең болды. Бесінші кезеңдегі ғимараттар мен құрылыстар (1960-1980 жж.) қолданыстағы құрылыстың шамамен 20% құрайды. Құрылыста қазіргі заманғы құрылыс әдістері мен құрылыс материалдарының кең ауқымы (силикат кірпіш, панельдік және ірі панельді бұйымдар, металл конструкциялар, монолит және т.б.) қолданылды, бұл белгілі бір дәрежеде масштабта да, архитектуралық-пластикалық шешімде де қоршаған құрылыспен байланысты емес әртүрлі сипаттағы объектілердің пайда болуына әсер етті. Жаңа даму тарихи орталыққа әсер етпестен вокзалдан басталды. Алғашқы үлкен панельді бес қабатты ғимараттар 1964-65 жылдары Мира көшесінде салынған (қазір ол. М. Мәметова) даңғылдан Фурманов (Құрманғазы) көшесіне қарай [14, 11 б.].

70-80 жылдары үлкейтілген типтік құрылыс кварталдарының кешенді құрылысы жүргізілді және 4-5 қабатты тұрғын үйлерден тұратын шағын аудан үлгісіндегі тұрғын үй құрылысы қалыптасты. Үш ірі мәдениет үйі аяқталды: оларға зауыт. К. Е. Ворошилова 800 орындық, Теміржолшылар МҮ және Ремзавод МҮ, әрқайсысы 600 орындық.

1983 жылы Орал басшылығы жаңа вокзал салу және вокзал маңындағы алаңды қайта құру туралы шешім қабылдады. Вокзалға қарама-қарсы атқа мінген Василий Иванович Чапаевқа жаңа монументалды ескерткіш пайда болды.

Осылайша, кеңестік кезеңде Оралдың көрнекі кеңістігін өзгерту барысында революцияға дейінгі қаланың архитектуралық-жоспарлау құрылымында белгілі бір өзгеоістер болғанын көрсетеді. Олар ғибадат ғимараттарын бұзу, бұрынғы

ағандарының құрылысы; қатардағы құрылыс пен жаңа ауқымды кешендер арасындағы қатынастардың өзгеруі. Бірақ сонымен бірге «ескі» қаланың жоспарлау құрылымы негізінен сақталды. Тарихи орталықты өзгертпестен қаланы қайта құруды жоспарлаған және Біз үшін керемет ескі ғимараттарды сақтаған, сондықтан біздің қаланы безендіретін және оған ерекше көрініс беретін сол кездегі сәулетшілерге құрмет көрсету керек. Бүгінгі еуразиялық қала – интеграциялық үрдістерді дамыту орталығына айналып келе жатқаны да ақиқат. Өткен жылғы қазанда мұнда көршілес Ресей қалалары – Самара, Саратов, Орынбор, Волгоград және Қазақстанның батыс өңірлеріндегі Орал, Атырау, Ақтау қалалары мэрлері бас қосып экономика мен бизнесті және мәдениет пен өнерді өзара ынтымақтастық шеңберінде дамыту жөніндегі хаттамаға қол қойды. Әрі бұл бағытта шекаралас қалалар арасындағы біріккен кәсіпорындар қызметін кеңейту туралы байламдар бекітілді.

Көршілермен байланысты ұтымды жолға қойған Орал жоғарыда айтып өткеніміздей, тәуелсіздік талаптарының да сапалық биігінен шыға білген өршіл еуразиялық қала. Оның болашағы бұдан да жарқын болатынына да батыс-қазақстандықтардың сенімі берік.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Вафеев Р. Уральский неоклассицизм: от ампира «сталинского» до «назарбаевского» / <https://vlast.kz/gorod/34759-uralskij-neoklassicism-ot-ampira-stalinskogo-do-nazarbaevskogo.html>

2. Гигаури Д. И. Символическая политика в социокультурном пространстве города (на примере г. Санкт-Петербурга) // Теория и практика общественного развития. 2015. № 16. С. 136-139.

3. Гурьева Г. Уральск в XX веке. В годы советской власти / <https://proza.ru/2018/08/03/413> Дата посещения: 19.12.2023.

4. Гурьева Г. Уральск в XX веке. От целины до перестройки <https://proza.ru/2018/08/18/350> Дата посещения: 19.12.2023.

5. Eyerman, R. The Past in the Present: Culture and the Transmission of Memory // Acta Sociologica- . 2004. - № 47(2). P. 159-169.

6. Камалова Г.М., Тустикбай Б. Комплексный анализ исторической застройки центра города Уральска // Наука и образование сегодня. – 2020. – № 3 (50). – С.103-108

7. «О социализации земли». 19 февраля 1918 г. / Декреты Советской власти. Т.1.М., 1957.

8. «Об отмене права частной собственности на недвижимости в городах» // СУ РСФСР. 1918. № 62. Ст.674.

9. Олик Дж. Фигурации памяти: процессо-реляционная методология, иллюстрируемая на примере Германии // Социологическое обозрение. Т. 11. № 1. 2012. С. 40-72.

10. Опять взяли за Мишу // Надежда. Уральск. 03.06.2015

11. Постановление ЦК КПСС и СМ СССР от 4 ноября 1955 г. / <https://web.archive.org/web/20140716132943/http://sovarch.ru/postanovlenie55/> Дата посещения: 19.12.2023.

12. Проект зоны охраны ансамбля застройки проспекта им. Ленина. Проектно-конструкторский институт по консервации и реставрации памятников культуры «Казпроектреставрация». Алматы, 1987.

13. Уральский областной театр драмы имени А. Н. Островского считается старейшим в Казахстане и имеет 160-летнюю историю / <https://ru.sputniknews.kz/theaters/20190318/9591510/teatr-uralsk.htm> Дата обращения: 22.07.2020

14. Хмельницкий Д. С. Предисловие // Архитектура Сталина: Психология и стиль / Редактор: Е.П. Крюкова. М.: Прогресс-Традиция, 2007. 376 с.

## ОРАЛ ӨҒІРІНДЕГІ ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

*Боранбаева Б.С.* – т.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Орал, Қазақстан  
*Еркінұлы Ш.* – М.Өтемісов атындағы БҚУ, «Тарих» БББ 2-курс магистранты, Орал, Қазақстан

Қазақстанның қазіргі заман тарихындағы тәуелсіз алғашқы қазақ мемлекетінің Алаш Ордаға қызығушылықтары еш төмендеген емес. Бұл кездейсоқ емес. Бір жағынан – күрделі ХХ ғасырдың романтикалық және игі кезеңдері болып табылатын отандық тарихтың маңызды тұстарына шынайы көзқарас болса, ал екінші жағынан – Алаш пен қазақ саяси қайраткерлерінің тарихы жалған және жартылай шындығы шымылдықпен терең жамылғаны соншалық, бұл мәселе үнемі қоғамның назарын аударуда [1, 3 б.].

Аталған кезеңдегі басты мәселелердің бірі – қазақ баспасөзінің қоғамдық-саяси қызметі. Қазақ мерзімді баспасөзінің қалыптасуы ХХ ғасырдың басындағы жалпы азаттық қозғалыспен тығыз байланысты. Негізінен, 1905-1907 жылдардағы революцияның нәтижесінде көптеген аймақтарда демократиялық ойдың өрбуі баспасөз басылымдарының көптеп ашылуы мен таратылуы арқылы көрініс тапты. Дәл осы кезеңде қазақ халқы жаңа тарихи кезеңдерге аяқ басты. Алғашқы қазақ кітаптары, ұлттық баспасөз құралдары жаңа мектептер, оқу орындары ашылып, ұлттық қозғалыс қалыптасты.

Соның ішінде, қазақ баспасөз тарихының бастауы ХІХ ғасырдың екінші жартысында Ташкентте шыққан «Түркістан уалаяты» газеті (1870-1882) мен Омбыдан шығып тұрған «Дала уалаяты» газетінен (1888-1902) бастау алады. Бұл екі газет те патша үкіметінің жергілікті басқару органдары арқылы шығып тұрған басылым еді. Сондықтан да мұнда көбінесе үкімет қаулылары жергілікті ұлт тілдеріне аударылып жарияланып тұрды. Газеттің кей сандарында өлке тарихына қатысты құнды жазбалар да кездеседі.

1905 жылы бірінші орыс төңкерісінен соң, баспасөз еркіндігін пайдаланған қазақтар 1907 жылы Троицкі қаласында Хайым Шомылов Сасновский, Жетбісбай Андреев, Ешмұхамед Имамбаев басшылығымен «Қазақ газеті» атты газет шығып, бірнеше саны басылған соң тоқтайды. 1907 жылы наурызда Петербург қаласында Ғабдрашид Ибраһимов пен Дума депутаты Шәймерден Қосшығұлов жетекшілігімен «Серке» атты 15 күнде бір шығатын жаңа газет басылады. Бірнеше саны шыққан соң «Серке» газеті һәм онымен қанаттас татардың «Улфат» газеті де цензурамен жабылып, таратылған сандары полиция тарапынан тәркіленеді. Тек, 1911 жылы шыққан қазақтың тұңғыш журналы «Айқап» және Ордада шыққан «Қазақстан» газетінің ғұмыры ұзақтау болды [2, 16].

«Халықтың қай дәреже алға кеткендігі халық арасында таралған газет, журнал һәм кітаптарынан білінеді» – деп, «Айқап» журналының (1911-1915) тұңғыш санында журналды шығарушы Мұхаметжан Сералин айтқандай немесе, «Әуелі, газета – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газета сондай керек!» – деп, «Қазақ» газетінің (1913-1918) алғашқы санында Ахмет Байтұрсынұлының жазғандай, ұлтты ағарту, ұлтты ұйыстыру бағытындағы өздерінің тарихи міндеттерін адал атқарды [2, 26].

Дүниежүзілік соғыс большевиктердің онсыз да қиын жағдайдағы жұмысын ауырлатты. Әскери-полициялық режим, қатал жазалаулар бұқаралық үгітті және партия ұйымдарының өзара байланысын едәуір қиындатты. Осындай жағдайларда баспасөздің ролі анағұрлым арта түсті. Тағы бір ескеретін жайт, соғыс басталысымен бүкіл ресми – патшалық және либерал - буржуазиялық баспасөз меньшевиктер мен эсерлердің, сол

сияқты буржуазиялық ұлтшылдардың, соның ішінде қазақ ұлтшылдарының басылымдары үстем таптар жағына шығып, шовинизм мен жалған патриотизмді дәріптеді. Мұны елдегі большевиктік және демократиялық жария баспасөздің бәрін дерлік жойып жіберіп, патша өкіметі сақтап қалған «Қазақ» газетінің позициясынан айқын көруге болады. Қазақстанның, Орта Азияның, Сибирь мен Астрахань губернияларының бұратана халықтарын армия, тыл жұмыстарына шақыру туралы 1916 жылы 25 июнде патша үкіметі Указ жариялады. Бұл Указ 1916 жылғы ұлт – азаттық көтерілісті империалистік соғысты азамат соғысына айналдыру, патша өкіметін құлату жолындағы жалпы халықтық күреске айналдыру үшін қолдан келгеннің бәрін істеді. Ал қазақ буржуазияшыл ұлтшылдарының газеті өзін ұлтын сатқан орган ретінде көрсетті. 1916 жылғы 8 июльдегі бас мақаласында ол халықты патшаның Указын орындауға, патша алдында құрдай жорғалап, қазақтарды дереу шақыру пунктеріне келуге үндеді [3, 54 б.].

Орасан зор қиыншылықтарға қарамастан, Қазақстан большевиктері соғыстың империалистік сипатын әшкерелеу үшін, соғыс, бітім және революция мәселелері жөнінде В.И. Ленин жасап берген тактиканы насихаттау үшін барлық құралды, әсіресе баспасөзді пайдаланды. Қазақстан большевиктері жергілікті фактілерге негізделген революциялық әдебиет шығару қамына кірісті. Орынбор губерниясындағы Троицк партия ұйымы жасырын баспаханада орыс және қазақ тілінде листовка шығарды. Мысалы, соның бірі «Орыс жұмысшыларының қазақ кедейлеріне хаты» аталған. Онда түсінікті түрде соғыстың сипаты және онан қалай шығудың жолдары туралы большевиктердің көзқарасы білдіріледі. «Біз, орыс жұмысшылары, соғысқа қарсымыз, - деп жазылған хатта, - сіздер де соғысқа қарсы болыңыздар, патша үкіметіне ешқандай көмек көрсетпеңіздер»-деп жазды..

Соғыс, бітім және революция жөніндегі лениндік нұсқаулар қазақ еңбекшілеріне осылайша жетіп, оларды патша өкіметіне қарсы батыл аттанысқа шығуға рухтандырды [3, 67 б.]

Қазақ жастары арасында кең тараған «Садақ» атты қолжазба журналды (1915-1918) Уфа қаласындағы «Ғалия медресесінде» оқып жүрген қазақ жастары шығарып тұрған. Оны ұйымдастырушы Бейімбет Майлин және Жиенғали Тілепбергенов болды. Журнал мақсаты – оқуға келген қазақ жастарына жол – жоба көрсетіп, қалам ұстауды, сөз жазуды үйрету, өткендегі өмірдің жақсылық жағын өнеге етіп, жаманшылығынан бездіру. Онда Абайдың «Желсіз түнде жарық ай», «Білімдіден шыққан сөз» деген махаббат, тәлім – тәрбие жөніндегі және «Әкесінің баласы, адамның дұшпаны, адамның баласы – бауырың» деген сияқты жастарға арналған бірнеше нақыл сөздер басылған.

«Садақта» новелла сияқты қысқа әңгімелер, көлемді повестер, очерктер, сын мақалалар, қазақтың ауыз әдебиетінің нұсқалалары жарияланды. Жалпы алғанда журналдың бағыты мәдени-ағартушылық сипатта болды. Омбыда оқитын қазақ жастары 1913 жылдың күзінде «Бірлік» атты жасырын ұйым құрған болатын. Бұл ұйымға алғашқы кезде Шаймерден Әлжанов, Нығмет Нұрмақов, Сәкен Сейфуллин белсене қатысып, басшылық етті. «Біздің программамыз және көздеген мақсатымыз, - деп жазды Сәкен «Бірлік» ұйымы туралы, - қазақ арасында мәдени – ағарту жұмысын жүргізіп, қазақ әдебиеті арқылы патша үкіметінің қысымшылығына қарсы идея тарату еді [4, 4 б.].

**Қазақ жастары арасында кең тараған басылымдардың бірі - «Ұран» газеті (1917-1918).** Қазақстанның батысында, яғни, Ордада шығып тұрған басылым «Ұран» газеті үлкен қолдауға ие болды. Алғашқы саны 1917 жылы 28 шілдеде жарық көрген. Шығарушы: Ғабдулғазиз Мұсағалиев, бастырушы: мұсылман бюросы болды. Жалпы 40 жуық саны шығып барып тоқтады. 1918 жылы 28 шілдеде №38 саны шыққаны белгілі. 1918 жылы 17 қарашада «Ұранның» орнына «Хабар-Известия» деген большевиктердің

екітілді газеті шыға бастайды. Газеттің кей сандары жинақталып, жеке кітап болып басылды.

Ресей және Қазақстан аумағында Азамат соғысы (1918-1920) аяқталып бүкіл елде болшевиктер билікті қолға алған соң, жер-жерде баспалар ретке келіп, ұлттық басылымдар қайта шыға бастады. Шығарушылар бұрынғы Алашорданың белді мүшелері болғандықтан, көпшілік газет-журналдардың идеялық бағыты ұлттық сипаттан ажырамады. Олардың қатарында Петропавлдан «Бостандық туы» (Мағжан Жұмабайұлы, Жанұзақ Жәнібекұлы), Семейден «Қазақ тілі» (Жүсіпбек Аймауытұлы, Мәннән Тұрғанбай), Қостанайдан «Ауыл» (Мұхаметжан Сералин), Ташкенттен «Ақжол» (Сұлтанбек Қожанұлы) газеттерін атауға болады. Көп ұзамай бұл басылымдар үкімет тарапынан шектеуге ұшырап жабылады немесе атауы өзгертіліп, шығарушылар ауысады [5, 38 б.].

Солардың ішінде Қазақстанның батысында кеңінен танымал болған «Дұрыстық жолы» газетінің жөні бөлек. «Дұрыстық жолы» газетінің ерекшелігі – қылышынан қан тамып тұрған Кеңес дәуірінің өзінде таза қазақ тілінде шыққандықтан, ел арасынан тез тараған баспасөздің бірі. Газетті құрастырушылар сол замандағы бүтін елге танымал саяси және қоғам қайраткерлері, ағартушылар – Ғұмар Қараш, Ғабдулғазиз Мұсағалиев, Мұстафа Көкебаев, Халел Есенбаев, Тәммимдар Сафиев сияқты зор тұлғалар болатын. Аталған қайраткерлер бұған дейінде Орал мен Ордада жарық көрген «Қазақстан» газетін шығаруға қатысқан тәжірибелі мамандар еді. Олардың ішінде «Қазақстан» газеті 1911-1913 жылдары тарихта алғашқы төл басылым ретінде кеңінен танымал болса, онымен қатар жарық көрген «Ұшқын» газеті (қазіргі «Егемен Қазақстан» газеті) үлкен саяси науқан алып кетпесе де, ел арасында өте беделгі, сұранысқа ие басылымға айналып үлгерді. Оның редакторы қызметін алаш қайраткері Халел Есенбаев атқарған болатын.

Бұл осы басылымдардың бір-бірімен тығыз байланысты екендігін, қазақ халқының көзін ашу үшін газет шығару секілді жаңа іс бастап, тыңнан түрен салған Шәңгерей Бөкеев, Бақытжан Қаратаев, Ғұмар Қараш, Елеусін Бұйрин, Ғабдолғазиз Мұсағалиев сынды ұлт зиялыларының бастамасы баянды болғандығын тағы бір дәлелдейді [6, 5 б.].

«Дұрыстық жолын» 1919 жылы 20 ақпаннан 10 шілдеге дейін Ұлттар істері халық комиссариатының қазақ бөлімінің Бөкей бөлімшесі Орда қаласында шығарып тұрған. Айына екі рет шығып, барлығы 11 нөмірі жарық көрген. Газеттің тек Батыс Қазақстанда ғана емес, Жетісу және Семей облыстарында да жаздырып алушылары болған. Шығарушысы - «Жазушылар құрамасы» делінген редакциялық алқа.

Газеттің бағыты, алдына қойған мақсаты 1919 жылы 20 ақпанда шыққан бірінші нөмірінде басылған «Баспасөз» деген бас мақаладан айқын көрінеді. Бас мақала алдымен баспасөздің маңызына тоқталады: «Баспасөз халықты белгілі бір саяси бағытқа салып, ғылым-білімге шақырады, әдеби тілдің дамуына себеп болады, халықтың тұрмысы мен шаруасының жақсаруына көмектеседі» делінген.

Сөйтіп, бұл басылым қазақ ішінде өнер-білімнің таралуына көмектесіп, шаруашылықтың өркендеуі жөнінде кеңес беріп отырды. Сол кездегі Азамат соғысынан да ел-жұртты хабардар етті.

Бөкей облысы 1919 жылдың орта шеніне дейін тікелей РСФСР-ға қарап келді, ал сол жылы шілдеде қазақ елдерін басқаратын Кирревком құрылғаннан кейін Қазақстанның құрамына Бөкей губерниясы болып енді. Осыған байланысты «Дұрыстық жолы» 1919 жылы 10 шілдеде өзінің он бірінші нөмірінен кейін шығуын тоқтатты. Бұдан кейін оның орнына «Қызыл дала» газеті біраз уақыт шығып тұрды [7].

Осы уақытқа дейін Ордада шығарылған газеттің тарихы туралы кейбір әдебиеттерде аталғанымен бұл арнайы ғылыми зерттелмеген тақырып болып отыр. Сондықтан аталған газеттің шығу тарихы мен газетті құрастырушы қайраткерлер, журналисттер туралы зерттеудің маңызы зор деп ойлаймыз.



### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Алаштан тәуелсіздікке және Қазақстанның ұлттық бірігуіне» атты халықаралық ғылыми конференцияның мақалалар жинағы. – Орал, 2017. -376 б.
2. Абай Мырзағали. Қазақ баспасөзінің тарихы: бүгінгі мен ертеңі // <https://abai.kz/post/159401>
3. Бекхожин Х Қазақ баспасөзінің тарихының очеркі / Х.Бекхожин. – Алматы: Ғылым, 1981. – 191бет
4. Әбілқасымов Б. Алғашқы қазақ газеттерінің тілі / Б.Әбілқасымов. – Алматы: Мектеп, 1971. – 241 б.
5. Кенжебаев Б. Қазақ баспасөзінің тарихынан. / Б.Кенжебаев. – Алматы: Мектеп, 1950. – 205бет.
6. «Дұрыстық жолы» газеті. 1919 ж. (ғылыми-танымдық жинақ. Ж.Сафуллиннің редакторлығымен. – Орал, 2016. -298 б.
7. Уалиахмет Г. Дұрыстық жолы дұрысталатын сияқты// [https://vk.com/wall-57439013\\_1991](https://vk.com/wall-57439013_1991)

ӨОЖ 355.1(574)

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІНІҢ ҚҰРЫЛУ ТАРИХЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ

*Айбекова Г.Ю.* – тарих магистрі,  
М.Өтемісов атындағы БҚУ оқытушысы

Егемендігін дәріштеп, тәуелсіздігін ту еткен әр мемлекеттің өз қарулы күштері болады. Бұл ең алдымен, сол тәуелсіздікті, ел аумағының тұтастығын сақтау үшін аса қажет құрылым. 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін жариялаған соң бұл мәселенің маңыздылығы одан әрі арта түсті.

«Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігі мен территориялық тұтастығын қорғау мақсатында өзінің Қарулы Күштерін құру хақылы» деп айқындаған Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі туралы Конституциялық Заң егемен Қазақстан үшін бұл міндетті шешудегі ең алғашқы қадам болып табылады [ 1, 7 б.].

Осы мақсатта 1991 жылы 25 қазанда Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығы бойынша, Қазақ КСР Мемлекеттік қорғаныс комитеті құрылды, кейіннен республиканың қорғаныс мәселелерін толық түрде өз бетімен дербес шешуге өтуіне байланысты, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі болып өзгертілді. Тәуелсіз республиканың заңдық құқықтарының негіздеріне және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер арасындағы қол жеткен келісімдерге байланысты, 1992 жылы 7 мамырда Президенттің Жарлығы шықты, бұл Жарлық бойынша, Қазақстан аумағында орналасқан Қарулы Күштер өздерінің мүліктерімен қоса республиканың қарауына өтті. Жоғарғы Бас Қолбасшы ретінде Қарулы Күштерді басқаруды Президент өзіне алды, ал тікелей басқаратын Қорғаныс министрі болды. Қазақстанның тұңғыш Қорғаныс министрі болып Кеңес Одағының батыры, кейінірек «Халық қаһарманы» атанған генерал-полковник С.Қ. Нұрмағамбетов тағайындалды.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құру барысында ел басшылығы Кеңестік Қарулы Күштердің құрылу және даму қағидалары мен негіздеріне сүйенді. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрып жатқан бөлімдері мен бөлімшелері КСРО Қарулы Күштерінен мұраға қалған ескі құрылымға ие болды. Қазақстан Қарулы Күштерінің құрамына, негізінен, 40 - жалпы әскерлік армияның әскерлері кірді. 1991 жылы 7 маусымда 40 - жалпы әскерлік армия қайта

құрылып, Қазақстан жеріндегі қарулы күштерге енді. 40 - армиядан басқа ВВС (әскери әуе күші), ПВО (әуе қорғаныс күштері) әскерлері және оларды қамтамасыз ететін бөлімдер мен құрамалар енді [ 2, 298 б.].

ҚР Қарулы Күштерінің басты мақсаты – елдің егемендігін, аумағының тұтастығын, экономикасын, мемлекеттік институттары мен азаматтарын соғыс қатерінен қорғау, жаугершілік немесе әскери қақтығыстар туғызудың алдын алу, Қазақстанның орнықты дамуы үшін қолайлы жағдай туғызу. Республика Қарулы Күштеріне бейбіт кезеңде мынандай негізгі міндеттерді орындау жүктелген: әскери күшті, жауынгерлік даярлықты қамтамасыз етіп, басқару органдары мен әскерлерді ел ішіндегі қақтығыстарды, Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасында немесе аумағының шегінде туған кез-келген заңсыз қарулы күш көрсетуді тұмшалап, тойтара алатын деңгейде ұстау; әуе кеңістігін күзету, сондай-ақ, мемлекеттік шекараның жедел стратегиялық тұрғыда маңызды өңірлерін жабу; маңызды әскери нысандарды күзету; елдің кез-келген ауданында жағдайды тұрақтандыру жөніндегі батыл іс-қимылға әзір болу; халықаралық міндеттемелерге сәйкес бітімгершілік және өзге де операцияларға қатысу. Бұл міндеттерді орындауды Қарулы Күштер Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарымен өзара тығыз іс-қимылда жүзеге асырады. Бұл ретте ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің шекара қызметіне құрлықта, теңізде, көлдерде және өзге де су айдындарында мемлекеттік шекараны күзету мен қорғау, сондай-ақ, лаңкестікке (террорға), қару мен есірткі саудасына қарсы күреске қатысу жүктеледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 23 қарашадағы 1579 қаулысына сәйкес елімізде Оңтүстік, Батыс, Шығыс, Орталық әскери округтері құрылған. Оңтүстік әскери округінің қорғайтын жер аумағына: Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстары кіреді. Округтің орталық штабы Тараз қаласында. Шығыс әскери округі қорғайтын жер аумағына: Шығыс Қазақстан, Павлодар облыстары кіреді. Округтің орталық штабы Семей қаласында. Батыс әскери округінің қорғайтын аумағына: Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Маңғыстау облыстары кіреді. Округтің орталық штабы Ақтөбе қаласында. Қазақстанның қалған облыстары Орталық әскери округіне қарайды. Орталық штаб – Қарағанды қаласында.

Осы кезең ішінде мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз етудің нормативтік- құқықтық негізі қаланды.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 66-бабында Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының, оның қорғаныс қабілетінің, қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің негізгі бағыттарын әзірлейді және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастырады делінген, ал 36-бапта (1-пункт) Қарулы Күштердің қағидалы міндеттерін анықтайды. «Қазақстан Республикасын қорғау – оның әрбір азаматының қасиетті борышы және парызы» деп көрсетілген.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 20-бабында (3-пункт) Қарулы Күштердің мақсатын көрсете келе, Республиканың Конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылдықты, сондай-ақ қатігездік пен зорлық – зомбылыққа бас ұруды насихаттауға немесе үгіттеуге жол берілмейді деп айтылған.

Қоғамның қорғалуының тағы бір кепілі Конституцияның 23-бабы (2-пункт) болып табылады, онда арнайы түрде әскери қызметшілер, ұлттық қауіпсіздік органдарының, құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен судьялар партияларда, кәсіптік одақтарда болуға, қандай да бір саяси партияны қолдап сөйлеуге тиіс еместігі айтылған. Осыдан барып қарулы күштер, ішкі әскерлер, республикалық гвардия және арнайы қызмет тарапынан мемлекеттік билікке қарсы бағытталған саяси әрекеттер Конституциялық емес деп бағаланды [3]. Ел ішінде армия қоғамдық патриотизм мен бірлікті қолдаудың бастауы ретінде маңызды рөл атқаруы тиіс.

Әскери саясаттың негізгі мазмұны, бастапқы кезеңдегі әскери құрылыстың бағыттары 1993 жылы қабылданған Әскери доктринада айқындалды.

Басқа да заңнамалық және нормативтік – құқықтық актілермен қатар аталған құжат егемен мемлекеттің қаз тұрып, қалыптасу кезеңінде әскери қауіпсіздікті қамтамасыз етуде, әскери құрылыста оң рөл атқарды. Республика Қарулы Күштерінің қорғаныс доктринасы мен тұжырымдамасының жалпы және ең басты белгісі Қазақстанның өзінің мүмкіндігінен шығады және де айналадағы әлемнің шындығына байланысты, оларға қажеттілігіне қарай, түзетулер енгізіледі.

Қазақстанның нормативтік-құқықтық актілерін қабылдай отырып, Тұңғыш Президент пен Үкімет Қазақстан армиясын реформалауда өзара байланысты басымдықтар кешенін жасады. Бұлар тиімді басқару жүйесінің құрылуы, әскери құрылымының өзгеруі, әскери кадрларды дайындау, әскерді қаруландыру, европалық қауымдастықтардың әскерлерімен ынтымақтастық, әскери қызметтің беделін өсіру, сондай-ақ әскери ұжымдардағы ұлтаралық қарым-қатынас мәселелерін шешу болып табылады.

Қарулы Күштерді құрумен қатар мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін саяси-дипломатиялық сипаттағы шаралар да жүзеге асырылды.

Елдің басшылығы өз күш-жігерін шекараның периметрі бойынша қауіпсіздік белдеуін құруға, ұжымдық қауіпсіздіктің аймақтық жүйесін құруға, ядролық қауіп-қатерді азайтуға жұмылдырды.

Қазақстан КСРО-дан мұраға болып қалған әлемдегі төртінші ядролық арсеналға деген құқығынан өз еркімен бас тартып, Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылды. Осы кезеңде Президент бастамасымен республика басшылығы басқа да ерекше, бірақ уақыт талабына сай шешімдер қабылдауға тиіс болды.

Аймақта ұжымдық қауіпсіздік жүйесін құру жөніндегі жұмыстардың аясында Қазақстан ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартына қосылды.

Бірақ, өмірдің бір орында тұрмайтыны белгілі. 2001 жылғы 11 қыркүйекте Америка Құрама Штаттарында болған қайғылы оқиғалардан кейін жалғасқан антитеррорлық акциялардан соң әлемдегі және Қазақстанның айналасындағы ахуал түбегейлі өзгерді. Еліміздегі жағдайды тұрақсыздандыратын және ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіретін жаңа факторлар пайда болды.

Аймақтағы белгілі бір дәрежедегі шиеленісуді алдын ала болжаған ел басшылығы армияны жетілдіру жөніндегі уақыт талабына сәйкес шараларды қабылдады.

Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясы өз күшіне енді. Қазақстан Республикасының 2006-2010 жылдарға арналған Ұлттық қауіпсіздік стратегиясы бекітілді. Бұл құжатты бұдан әрі дамыту мақсатында 2007 жылғы 21 наурыздағы Н.Н.Назарбаевтың Жарлығымен Қазақстан Республикасының тарихында үшінші Әскери доктрина қабылданды [47, 8 б.] ҚР Қарулы Күштерінің әскери доктринасы орташа мерзімді кезеңге есептеліп жасалған қорғаныстық сипатқа ие. Ол әлемдегі және аймақтағы әскери - саяси жағдайды кешенді бақылауға, мемлекеттің экономикалық болмысы мен материалдық қорының мүмкіндіктеріне сүйенеді. Доктрина Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігі стратегиясының негізгі ережелерін нақтылайды және шабуыл жасаған жағдайда елдің қорғанысын ұйымдастыруға, ұжымдық әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі одақтас мемлекеттермен бірлескен күш-жігерді үйлестіруге бағытталған.

Ал 2011 жылы 11 қазанда Н.Ә. Назарбаевтың Жарлығымен ҚР төртінші Әскери доктринасы бекітілді.

Жаңа доктринаға «Әскери қауіпсіздік саласындағы ағымдағы жаңдайды талдау» тарауы қосылған. Онда әскери қауіпсіздік саласындағы еліміздің әскери мекемесі қызметінің қорытындылары, Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери

құрылымдарды дамыту үрдісі және нәтижелері баяндалған. «Әскери қауіпсіздікті қамтамасыз етудің әскери-саяси негізі» тарауында халықаралық ынтымақтастық және бітімгерлік мәселелері қамтылған. Доктрина ережелерінде әлемдегі және аймақтағы заманауи әскери - саяси ахуал ескеріліп, әскерлердің қауіп-қатерлерге қарсы тұрарлық бағытын барынша дамыту айқындалған. Доктринада қол жеткізген жетістіктер негізіндегі мемлекеттің қорғаныс қабілеті мен әскерлердің жауынгерлік әзірлігін арттыруды, Қазақстан әскерінің құрылымын жетілдіруді, оларды қару-жарақ пен әскери техниканың заманауи үлгілерімен қамтамасыз етуді, ақпараттық қарсы тұру жүйесін құруды, идеологиялық жұмысты жандандыруды және қорғаныс өнеркәсібі базасын дамытуды одан әрі нығайтуға барынша мән берілген.

Елбасының жаңа «Қазақстан-2050» стратегиясында еліміздің ұлттық қорғаныс моделін жасай отырып, түрлі елдермен ықпалдасуы, әскери қабілеттілікті және әскери доктринаны нығайтуы, қорғаныс мазмұнындағы түрлі механизмдерге қатысуы тиістігі нақты көрсетілген.

Қарулы Күштерді құрудың бастапқы кезеңіндегі өзекті проблемалардың бірі ұлттық кадрлардың жетіспеушілігі болды. 1992 жылы Қазақстанда жалғыз әскери оқу орны – Алматы жоғары әскери командалық училищесі ғана болды. Сол себепті отандық әскери білім және ұлттық кадрлар даярлау жүйесін қайта құру міндеті тұрды.

Бүгінгі таңда бұл міндет табысты жүзеге асырылды деп айтуға болады. Қазір елімізде отандық білім беру жүйесі толық қалыптасты. Ұлттық қорғаныс университеті, Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институты, ҚР Қорғаныс министрлігінің Шет тілдері институты, әскери бірнеше оқу орындары (Құрлықтағы әскерлердің институты, Әуе қорғанысы күштерінің институты және Әскери - теңіз институты) жемісті жұмыс істеп келеді.

Бұдан басқа, кәсіпқой сержанттар даярлайтын Ш.Уәлиханов атындағы Кадет корпусы біздің мақтанышымыз болып табылады. Ұлттық университеттегі білім беру сапасын арттыру мақсатында Ресейден 5 әскери ғылымдардың докторы шақырылды.

Ынтымақтастың қол жеткен деңгейінің негізінде әскери қызметшілер жақын және алыс шетелдердің жоғарғы әскери оқу орындарында білім алуда. «XXI ғасыр офицері» тұжырымдамасының негізінде «Штаб офицерлерін даярлау бағдарламасы» әзірленді [5, 5 б.] Басты мақсат әлемдік стандарттарға сай, білімді, шет ел тілдерін еркін меңгерген, әскери және техникалық даярлықтың шеберлері болып табылатын мамандар даярлау, яғни нағыз әскери элитаны қалыптастыру еді.

Жалпы алғанда, біз әскери құрылыс тәжірибесінің болмауына, өтпелі кезеңнің объективті қиындықтарына қарамастан қысқа мерзім ішінде егемен мемлекеттің маңызды нышандарының бірі – төл Қарулы Күштерімізді құра алдық.

Елдегі әлеуметтік - экономикалық жағдайдың жалпы тұрақтану және өсу нәтижелерін ескере отырып, таяу он жылдық ішіндегі қазақстандық армияның бет-бейнесі туралы нық сеніммен сөз қозғауға болады. Бұл ұрысқа қабілетті, қазіргі заманғы техникамен және қару - жарақпен жарақталған, қуаты мен ұтқырлығы жоғары, ел қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді шеше алатын жоғары технологиялы, кәсіби Қарулы Күштер болады.

Еліміздің Қарулы Күштері – тәуелсіздіктің бел баласы. Оның қандай реформаларды бастан кешкені, жаңа тұрғыда қалай қалыптасып, дамып келе жатқандығы бәрімізге жақсы мәлім. Бүгінгі армия – жаудың бетін қайтарар күш қана емес, ол елдің абыройы, рухани байрағы. Сондықтан да әскери ахуал тұтастай ұлттың алдында тұрған өзекті мәселе болып қала бермек.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. О государственной независимости Республики Казахстан. Конституционный Закон Республики Казахстан от 16 декабря 1991 года. // Новые законы Республики Казахстан. – Алматы: Адилет, 1992. Т.1. – 7 бет.

2. Қ.Аманжолов, А.Тасболатов. Қазақстанның әскери тарихы – Алматы: Білім. 1999. 298-бет.

3. Конституция (Основной закон) Республики Казахстан // Казахстанская правда. 1995. 7 сентября.

4. Н.Әбдіров. «Мемлекеттің әскери қауіпсіздігі: уақыт талабы және жауапкершілік» // «Алғашқы әскери дайындық. Начальная военная подготовка». 2006. № 5.8-бет.

5. М.Алтынбаев «Қарулы Күштер және ел қауіпсіздігі» // «Алғашқы әскери дайындық. Начальная военная подготовка». 2006. № 1. 5-бет.

УДК 94 «17-18»

## РЕЛИГИОЗНЫЕ ПРЕДСТАВЛЕНИЯ КАЗАХОВ В XVIII -XIX ВЕКАХ И СРАВНЕНИЕ ИХ С СОВРЕМЕННОСТЬЮ

*Ихсанова А.Б.* – магистр истории,  
преподаватель ЗКУ им. М.Утемисова

*Кенесов А.А.* – студент 2 курса ОП «История»  
ЗКУ им. М.Утемисова, Уральск, Казахстан

*Журавлёв С.М.* – студент 2 курса ОП «История»  
ЗКУ им. М.Утемисова, Уральск, Казахстан

Настоящая статья посвящена освещению истоков современной проблемы религиозной безграмотности и тенденции увеличения различных деструктивных религиозных течений.

Религия важный социальный институт и историческое явление, она была и всегда остается ведущей в формировании мировоззрения и образа жизни отдельного человека. На протяжении всего своего существования религия играла важную роль во взаимоотношении как отдельных людей, так и определенных групп людей, религия влияла и влияет на мышление, образ жизни и на другие аспекты человеческого бытия.

К примеру, ислам, как и все остальные монотеистические религии проповедуют ненасилие, мир и веру в Бога как смысл своего существования. Если говорить об образе жизни ислам, предписывает определенные нормы и правила поведения (не убей, не укради, соблюдай посты), согласно своим утвержденным законам.

История религиозных представлений казахского народа, была освещена в экспедиционных материалах этнографов, исследователей данной проблемы, таких этнографов как Левшин [1], Фальк [2], Георги [3], современных исследователей, как доктора исторических наук А.М. Нургалиева [4], доктора исторических наук А.С. Тасмагамбетова [5].

Ислам начал проникать в ходе завоевательных походов арабов на территорию Средней Азии и Казахстана в VIII-IX веках, деятельности миссионеров и торговых путей, таких как Шелковый путь, а также политические амбиции различных правителей, к примеру Сатук-Богра, хан Караханидов лично принял ислам, с целью привлечь на свою сторону державу Саманидов, для укрепления своего влияния в регионе. Стоит отметить тот факт, что проникновение ислама не было стремительным, а скорее носило последовательный характер.

Один из самых важных периодов развития ислама на территории Казахстана, напрямую связан присоединением Казахстана в состав Российской империи. Данный период является крайне противоречивым для ислама. Противоречивость заключалась в отношении императоров и политической ситуации внутри страны, отношение правителей колебалось от положительного к отрицательному и наоборот. Период

правления императрицы Елизаветы Петровны, который являлся собой периодом присоединения Казахского ханства к Российской империи, государственная политика в отношении ислама была в основном неблагоприятной. Тасмагамбетов А.С. в труде «История конфессии Казахстана в конце XVIII – начале XX вв.»: «В первой половине XVIII века законодательство по отношению к мусульманству было направлено на его ограничение. Содержание этого законодательства свидетельствует о том, что строительство новых мечетей было затруднено, всячески поощрялись переход мусульман в православие...» [5, с. 7].

Однако, в период «просвещенного правления», то есть во время правления Екатерины II и Александра I политика в отношении ислама заметно потеплела. «Высочайшей» грамотой Екатерины II от 25 февраля 1782 года «в изъявлении монаршей милости к киргиз-кайсацкому народу» было поручено на удобных местах, близ казахских аулов, строить мечети, в 1797 г. в Санкт-Петербурге была открыта Азиатская типография для печатания мусульманских книг и одна из самых любопытных послаблений является, поощрение посещения мусульманских святынь, человек имел право обратиться в областное управление для получения «охранительных или заграничных билетов», благодаря которым осуществлялось паломничество в Мекку. Такая толерантная отношение к исламу было связано с ненасильственной политикой присоединения казахского народа в российское гражданское общество.

В сравнении с таким терпимым и человеколюбивым правлением Екатерины II и Александра I, в правление Николая I вновь имело место ограничение ислама и его серьезный контроль царскими органами. Это было связано в первую очередь с подавлением восстания декабристов в 1825 году и усиление реакционно-монархических сил, которые могли подорвать бывший в то время политический строй. А.М. Нургалиева в подтверждение наших слов в своем труде «Очерки по истории ислама в Казахстане» сообщает: «Император Николай I в вопросах осуществления религиозной и национальной политики более полагался на методы полицейских учреждений. Правительство широко использовало негласный полицейский надзор и оперативно разыскные методы в целях осуществления контроля за мусульманами и сторонниками других конфессии» [4, с. 47]. Эти методы заключались в цензуре любых заграничных мусульманских изданий и контроле за мусульманами.

Как мы уже говорили выше такая противоречивая политика в отношении ислама и мусульман пагубно сказалась на их развитии. Нельзя отрицать факт того, что послабления в сторону ислама были и они были достаточно широкими до того времени пока они были нужны той определенной политике, а если рассмотреть целую картину мы можем заметить притеснение и ограничение ислама царскими властями. Такое отношение к мусульманству сформировало некую неопределенность и отстраненность от традиционных устоев ислама у казахов-мусульман.

Как пишет Левшин в своем труде «Описание орд и степей казахов»: «Какой вы веры?», - спросил я однажды двух киргиз-казаков. «Не знаем» - отвечали они. В подтверждение своих слов Левшин приводит такие наблюдения: «постов и омовение киргиз-казаки не соблюдают, пять раз в день не молятся, а некоторые и вовсе никаких обрядов религии не исполняют» [1, с. 40]. Это в свою очередь сподвигло родоначальников и старшин нанимать себе секретарей и толкователей Корана, выписанных из Хивы, Бухары и Туркестана.

Как мы можем видеть данная религиозная проблема возникла не на пустом месте, и до сих пор находит свое отражение в современности. Как мы в повседневной жизни наблюдать многие мусульмане до сих пор не имеют четкой картины своей религии, вот эта самая утрата традиционных устоев достаточно сильно повлияла на нынешних мусульман, как мы можем заметить современные мусульмане Казахстана не обладают четкой религиозной грамотностью, на это также кроме утраты самих устоев в

наше время влияют социальные сети, телевидение и всемирная паутина в целом. Та ограниченность людей, которые могли читать и толковать Коран в будущем выльется в проблему увеличения количества деструктивных течений ислама, которые умышленно противоречат традиционным канонам ислама и носят дестабилизирующий характер.

### Список использованной литературы:

1. Левшин А.И. «Описание орд и степей казахов» – 2 издание. Астана, 2007 г.
2. Библиотека казахской этнографии «Российские академические экспедиции XVIII века об этнографии казахов». Астана, 2007 г.
3. Ибрагимов Ш.М. «Очерки быта казахов». Астана, 2007 г.
4. Нурғалиева А.М. «Очерки по истории ислама в Казахстане». Алматы, 2005 г.
5. Тасмағамбетов А.С. «История конфессии Казахстана в конце XVIII-начале XX вв.». Уральск, 2010 г.

ӘОЖ 94(47)+94(53)(047.2)+94(560)

## ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ ҚАЗЫ ЖӘНЕ ҚАЗЫЛЫҚ ПРОЦЕСІ

*Аманжолова Ж.* - М.Өтемісов атындағы БҚУ,  
«Тарих» БББ 2-курс магистранты, Орал,  
Қазақстан

Қажылық - мұсылманның орындауы міндетті бес парызының бірі. Қазақ даласынан сонау қасиетті Мекке қаласына қажылық ету қаншалықты қиын болса да, қазақтар шамасы келгенінше мұсылмандық парызын өтеп отырды. Бұған дәлел ретінде Меккеде салынған тәкиелер, қажылардың естелік жазбалары негізінде жазылған Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «қазақ шежіресі» еңбегіне, архив деректеріне, XX ғасырда қажылық мәселесін көтерген қазақ газетіндегі басылымдарға сүйене аламыз.

Орталық Азияда XIX ғ. соңы мен XX ғ. басында қажылық қозғалыс қайта өркендей бастады. Қажылықтың жандануын деректерде Ресей империясындағы саяси тұрақтылықпен және байланыстың жақсаруымен сабақтастырады. Бұрын қажылыққа бару 2 жылдан 4 жылға дейін созылса, ал кеме және теміржол қатынасы іске қосылғаннан кейін 4-6 ай шамасында барып келуге мүмкіндік туған. Меккеге зиярат етушілер санының өсуі Ресей империясының саясатына қайшы болды. Сондықтан қажылыққа барушылардың тізімін жинақтау мақсатында зияратшыларды арнайы рұқсат қағаздары арқылы шығарып отырды. Төлқұжатта зиярат етушінің жасы, бойы, бет-әлпеті суреттелді. Меккеге қанша уақытқа қай жол арқылы баратындығы анық көрсетілді. Қажылыққа рұқсат қағаз бәріне бірдей берілмеді, төмендегі шартқа сәйкес болуы талап етілді. Шариғат бойынша қажылыққа кәмелет жасына толған, есі дұрыс, еркін (күл емес) адам бара алады. Қажыда жол жүру ережесі, жол жүруге қаражаты және қажылық сапар талаптарын орындау үшін физикалық сау болуы қажет болды. Қажылыққа барған жағдай да отбасында және тұрмысында ақшалай қиындықтар туатын болса, кедейлерге бару міндеттелмеді [1]. Осылайша, қажылыққа бару белгілі шартпен жүзеге асып отырды. Ресей империясы тарапынан арнайы заңнамалармен іске асып, төлқұжат алу арқылы рұқсат берілген.

Қажылыққа бару арнайы тексерістен өтіп, төлқұжат алуды қажет етті. Шетелдік төлқұжат алу үшін өтініш беруші өзінің болыстық үкіметінің метрикалық сертификатын губерниялық кеңсеге тапсырып, тиісті өтініш жазды. Бұл өтініш мәтінінде сапардың мақсаты ретінде қажылықты көрсетсе, онда Ресейдің кеме қатынасы жолымен жүруге мәжбүр болды, яғни тура Жиддаға жіберілді. Сондықтан Ыстамбұлды көргісі келген

қажылар өтінішінде емделу немесе оқу үшін шетелге бару мақсатын көрсетіп, содан кейін бағыт пен тасымалдаушыны өз бетінше таңдай алды. Қажетті құжаттарды рәсімдеу 18 рубльді құрады [2].

Мұсылмандар үшін ең құрметті бес парызының бірі – Мекке мен Мединаға дәстүрлі қажылық. Алайда, XX ғ. басында барлық мұсылмандар үшін рәсімді орындау өте қиын болды. Ресми түрде қажылыққа тыйым салынды, бірақ оған заңсыз барғандар, ең алдымен, ұзақ қашықтыққа саяхаттау қиындығына, сондай-ақ көптеген эпидемиялар мен жұқпалы аурулардың салдарынан қажылардың көп өліміне байланысты, әртүрлі мәселелердің үлкен кешеніне тап болды. Жұқпалы аурулардың, әсіресе тырысқақ пен обаның Ресей империясына ену қаупі үлкен алаңдаушылық туғызды. Осы себептен жаппай қажылыққа барушыларға байланысты ақпарат жинауға ден қойылды. Тиісті мәліметтерді жинау 1880 жылдардан бастап ашылған жаңа консулдық өкілдіктерге тапсырылды. Қажыдан алынған мәліметтерді жинақтаудың негізгі орталықтары Бағдат, Жидда, Кербала, Мешхед, Ыстамбұл және Бомбей болды. Бұл қалалардағы консулдық мекемелер ресейлік қажылардың ағынын бақылап, оларға қызмет көрсетіп, қажылардың қозғалысы туралы Сыртқы істер министрлігіне хабарлап отырды [3]. Ресей империясының қолында қажылық процесті жан-жақты бақылау мүмкіндігі болды. Жинақталған ақпаратты сараптай отыра, жаңа заңнамалар мен өзгерістер әкелді.

Қажылықты ұйымдастыру өткізу саласындағы елеулі өзгерістер XX ғ. басында болды. Бұған дәлел ретінде архив қорларында сақталған рапорт, анықтама, өтініш, телеграмма, билет, қаулы және т.б. әртүрлі есептерді мысалға келтіруге болады. Соның бірі, рұқсатсыз зиярат ету үшін жаппай Меккеге ағылған мұсылмандар легін тоқтатып және індеттің алдын алу шараларын ұйымдастырғандығы жөнінде қаулы кездеседі. Қаулы да: «ІІМ жанындағы медицина бөлімі. 1900 жыл 31 желтоқсан Жоғарғы комиссияның оба ауруын алдын алу және оған қарсы күрес шаралары туралы №2414 қаулысына сәйкес, 1901 жылы Мекке мен Мединаға мұсылмандардың қажылық сапарына рұқсат етіледі деп танылды, келесі негіздер бойынша:

«1. Геджасқа қажылыққа бару үшін төлқұжаттарды рәсімдеу кезінде төлқұжат алушы, Қара теңіз порттарының бірі Геджасқа теңіз арқылы өтеді және өз еліне Одесса мен Батум арқылы оралады деп жазылуы керек.

2. Осы порттардың карантиндік үй-жайларында қайтып келетін қажыларға арналған кемелерге белгіленген нормаларға қарамастан, мынадай шаралар қолданылады: олар моншада немесе душта жуынады, киімдері мен іш киімдері дезинфекцияланады.

3. Қажылыққа барушылардың төлқұжаттарында жүргізілген тазарту туралы белгі қойылады. Зиярат етушінің санитарлық шаралардан өткендігін дәлелдейтін белгінің болмауы, қажетті сақтық шараларын қабылдаумен қатар, кінәліге осы «Жиын. жаза, ақша туралы әлем. Судьялар» негізінде 29 бап бойынша жаза тағайындауға әкеп соғады» [4]. Қаулы арқылы індеттің алдын алу мақсатында бірқатар сақтық шаралары қолға алынғандығы байқалады. Оған қоса, бұл өзгерістер қажылық процесті бақылауда, басқаруда патшалық үшін оңтайлы шешім еді.

Жоғарыда берілген қаулымен қатар, 1901 ж. 23 қарашада Омбы қ. №5529 Анықтаманы деректік негіз ретінде қарастыруға болады. Анықтамада:

«1. ІІМ жеделхаттарына сәйкес, Үндістандағы обаға байланысты 1897 ж. басында Дала мұсылмандарына Мекке және Мединеге қажылыққа баруға тыйым салынды.

2. Осы 1901 ж. басында ІІМ 1900 жылғы 31 желтоқсандағы №241 циркуляр түсті. Мұсылмандардың қажылыққа баруына тыйым салынуы бірнеше жыл қатарынан созылып, олар үшін ұят болды. Осы себепті қажылыққа жасырын баруын ескере отырып, Мекке мен Мединеге қажылыққа рұқсат беруі туралы.

Сондықтан төлқұжаттарды қайта рәсімдеуге, Геджасқа кетуге тек осыны ескере отырып рұқсат беріледі. Санитарлық ережелерді қамтамасыз ету талап етіледі» [5].

Жоғарыда мәлімделген ІІМ бұйрығында қажылыққа толық тыйым салуды талап ететін шешімдердің күшін жойды. Қажылықтың мұсылмандар үшін «діни парыз» ретіндегі



маңыздылығын түсініп, сондай-ақ шекарадан заңсыз өтіп, қажылыққа барғандардың ауру-сырқауға ұшырауына әкелген жаппай жасырын қажылық екені де себеп болды. Сондықтан 1901 жылы ПМ жоғарыда аталған себептерге байланысты төлқұжат беруді жалғастырып, қажылық парызын өтеуге рұқсат беру туралы шешім қабылдады.

XIX ғ. басында Ресей империясындағы мұсылмандар жалпы халықтың 20-25 млн. құрағандығы жөнінде ресми емес мәліметтер кездеседі. Ал, 1897 жылы жүргізілген ресми санақ материалы империя құрамындағы мұсылмандарды 13,9 млн. деп көрсетеді. Мұсылмандардың басым көпшілігі, 90%-дан астамын Еділ-Жайық, Кавказ, Орталық Азия және Қырым мен Сібірде тұратын түркі халықтары құрады [6].

Батыс Қазақстан облысы бойынша қажылық процесін зерттеу барысында Бөкей Ордасынан аттанған қажылар және оларға Ішкі Орда қазынасынан аударылған қаражаттар жөнінде мәліметтер кездеседі. Жалпы, Бөкей ордасынан 1862-1897 жылдар аралығында 500 жуық мұсылман қажылыққа аттанғандығы жөнінде «Қазақстандағы ислам діні: қажылық (XIX-XX ғ. басы)» деп аталатын материалдар жинағында келтіріледі. Жинақта аталмыш жылдар ішінде қажылыққа барушылар саны жылдық көрсеткіштер бойынша құбылмалы, дегенмен қажылықтың қазақтар арасында орныға бастаған көруге болады. (1862 - 8, 1863 - 11, 1864 - 6, 1874 - 5, 1875 - 3, 1879 - 12, 1880 - 23, 1881 - 17, 1882 - 2, 1883 - 17, 1884 - 12, 1885 - 76, 1886 - 22, 1887 -23, 1888 - 25, 1889 - 17, 1890 - 11) [7].

ҚР Орталық мемлекеттік архивінің 78-қорында 3 беттен тұратын бірнеше шетелдік төлқұжат сақталған. Бұл төлқұжат арқылы Молдамұрат Бақтыбаев, Тұқабай Қуанышев, Аман Бекенов, Д.Усербаев, Есіркеп Танасовтың қажылыққа аттанғандығы жөнінде мәлімет ала аламыз [8].

1885 жылдың 22 маусымында Астрахан губернаторынан №2327 билеті Айымбет Кирилмамбетовке берілген. Билетте 6 ай мерзімді шетелдік төлқұжат. 6 ай ішінде Одесса қ. арқылы Мекке және Мединеге қажылыққа баратындығы және шетелден оралуын қамтамасыз ету үшін Ішкі орда қазынасынан 10 рубль аударылғандығы айтылған [9]. Қажылыққа барушыларға аударылған қаражат кері қайтарылмаған.

Архив деректерінде 1885 жылдың 15 мамырында өткен Ішкі Ордасын басқару жөніндегі уақытша кеңес құжаты кездеседі. Уақытша кеңесте Талов және Қамысты-Самар бөлімшелерінің меңгерушісі есеп береді: «Қазақтардың жұмыстан уақытша босатылуы туралы жеті үкім. Талов бөлімшесінен Бегімбет Тілесов, Жұмағали Бейсеуов, Түктібай Түгелов, Табылды Оспанов, Тұқабай Қуанышев, Молдағали Илешов және Қамысты-Самара бөлімшесінен Аман Бекеновті 6 ай мерзімде, әртүрлі жерлерге шетелдік еңбек демалысына ұсынамын. Сонымен қатар, өз тарапынан шетелге шығуына еш кедергі жоқтығын және олардың әрқайсысынан мөрсіз қағаз үшін 1 рубль 20 тиыннан жиналғанын хабарлаймын. Барлығы 8 рубль 40 тиын. Шетелден елге қайтарда олардың әрқайысына қаржылай қиындықтарға тап болмасы үшін 10 рубльден берілді. Ішкі Орда қазынасынан алынған және жіберілген қаржы туралы түбіртек уақытша кеңеске ұсынылады. Жоғарыда аталғандар ішінен Молдағали Елешов 4 айлық еңбек демалысын пайдаланғысы келеді» [10]. Бұл құжат арқылы қазақтардың шетелге шығуына кеңесте үкім шығарылып, кейін шетелдік төлқұжат келісілген мерзім бойынша ғана берілгендігін байқаймыз.

Қазақтар арасында қажылыққа барушылар тарапына наразылықтар туындаған. ҚР Орталық мемлекеттік архивінен Дала генерал губернаторлығына түсірген шағымдары жөнінде рапорт табылды. Оның себебі ретінде қажылыққа бару үшін жиын ұйымдастырылып, туыстарынан ақша жиналғандығы, олардың көпшілігін кедейлер құрағандығын көрсетеді: «Қазіргі уақытта қажылыққа баратын қазақтар аз емес. Шариғат бойынша қажылық тек қарт адамдарға арналған және жол қаражатын, онымен байланысты шығындарды көтере алатын жағдайда ғана баруы тиіс. Оған қоса, отбасын қажылық сапардан оралмаған жағдайда қажеттіліктерімен толық қамтамасыз ете алуы керек.

Қазіргі уақытта қажылықтың мақсаты жанды құтқару және алдамшы шариғат, өйткені қажылыққа кетер алдында ауыл тұрғындарымен жиын жасалады. Оған үй

иесінің бір қатар туыстары, тіпті бүкіл ру қатысады. Бұндай жиындарда халық арасында беделі бар адамдар бас қосып, ал төлеушілер ең кедей бөлігі болып табылады» [11]. Бұл мәліметтер ХІХғ.-ХХғ. басында қажылыққа барушылар тарапына түскен шағым, бірқатар заңсыздықтардың орын алғандығын айғақтайды. Сол кезеңде қажылықты бірі қасиетті парызы ретінде орындаса, ал енді бірі «қажы» деген атаққа қызыққандығы да өтірік емес. Оған қоса қаражатының жетпегеніне қарамастан, туыс пен көрші көлемнен жиып баруы сол кезеңде қазақтар арасында қажылардың ықпалды болғандығын көрсетеді.

Егер қазақ қажылығының тарихына көз жүгіртер болсақ, қажылық қозғалысы туралы нақты деректер ХІХ ғ. аяғы – ХХ ғ. басында, яғни қажылық Ресей билігі тарапынан қадағалау және бақылау нысанына айналған тұста кездеседі. Қажылық қозғалыс туралы жазбаша деректердің аздығы қазақ даласындағы қажылықтың тарихын, әлеуметтік және идеологиялық функцияларын анықтау мен зерделеуде бірегей қиындықтар туғызып отыр. Батыс Қазақстан облысындағы қажылық қозғалысты және қажыларды зерттеу үлкен рухани азық болмақ, сонымен қатар өлке тарихын толықтыруда маңызы өте зор.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Хабибуллин З.Р., Хадж мусульманских народов России: история и современность: хрестоматия [текст] / автор-составитель З.Р. Хабибуллина. – Уфа: Изд-во БГПУ, 2018. – 17 с.

2. Шафиков И. Ф., Путь в Мекку: Будни Российских паломников (конец ХІХ – начало ХХ века) / Ученые записки Казанского университета. Том 156, кн. 3. Гуманитарные науки. - 2014 С. 103-109.

3. Нуриманов И.А., Становление паломнических маршрутов мусульман Российской империи в Аравию во второй половине ХІХ-ХХв. / Вестн. Моск. Ун-та. Сер.13. Востоковедение. - 2019. - №2. С. 74-89.

4. ҚР ОМА. 64-қ., 1-т., 2205-іс, 1-п

5. ҚР ОМА. 64-қ., 1-т., 2205-іс, 3-4-п

6. Смағұлова С.О., Қазақ газетіндегі қажылық мәселесі / Отан тарихы. – 2015. – № 3. – 110-118-бб.

7. Мұхтарова Г.Р., Қазақстандағы ислам діні: қажылық (ХІХ-ХХ ғ. басы). Материалдар жинағы. Құраст. және жоба жетекшісі Г.Р. Мұхтарова (Абдраимова). – Алматы: Баспалар үйі, 2009. – 12 б.

8. ҚР ОМА. 78-қ., 2-т., 5070-іс, 41-п

9. ҚР ОМА. 78-қ., 2-т., 5070-іс.

10. ҚР ОМА. 78-қ., 2-т., 5070-іс, 39-п

11. ҚР ОМА. 64-қ., 1-т., 2205-іс.

ӘОЖ 37.01 (574.1)

### **ОРАЛ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ МАМАН ДАЙЫНДАУ ТАРИХЫ (№ 11 МЕКТЕП МЫСАЛЫНДА)**

*Буранбаева С.Е.* - М.Өтемісов атындағы БҚУ,  
«Тарих» БББ 1-курс магистранты, Орал, Қазақстан

Жас ұрпақты білім нәрімен сусындатып, оларды ұлтымыздың тәлім-тәрбиесімен алға ұмытылдырған мектептер қатарында Орал қаласындағы тұңғыш қазақ тіліндегі

№11 дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттың алар орны ерекше. Мектептің негізі қоғам мен мемлекет қайраткері Сәкен Сейфуллиннің қамқорлығымен қаланды.

Сәкен Сейфуллин 1922 жылы 6-13 қарашада өткен советтердің III съезінде 28 жасында Халық Комиссарлар кеңесінің төрағалығына сайланды. Ол сонымен қатар «Еңбекшіл қазақ» (кейінгі «Социалды Қазақстан», бүгінгі «Егемен Қазақстан») газеті мен «Қызыл Қазақстан» (кейінгі «Ауыл коммунисті», «Қазақстан коммунисті» (бүгінгі «Ақиқат»)) журналының жауапты редакторы міндетін қоса атқарды [1, 114 б.].

1923 жылдың күзінде Қазақстанның түкпір-түкпірінде жергілікті кеңестерге сайлау жүргізіле бастады. Осыған орай редактор қызметін қоса атқарып жүрген С. Сейфуллин «Еңбекші қазақ» газетінде «Қазақстанда совет сайлау мезгілі таянды», «Совет сайлауларында сақ болу керек», «Биылғы совет сайлаулары» деген мақалалар жазып, осы науқанға байланысты Орал губерниясында өткізілетін сайлауға тексеру комиссиясының төрағасы болады [2, 15-16 бб.].

С.Сейфуллин Халық Комиссарлар кеңесінің төрағасы болып тұрған кезде 1923 жылы 14 қазанда Орал қаласына іссапармен келген. Ол туралы белгілі сәкентанушы Тұрсынбек Кәкішев өз кітабында: «Совнарком председателінің Оралға келуін асыға күткендер көп екен. Жаңалықтың жаршысы – журналистер алдымен жетіп, Сәкеннен интервью алып кетті». 1923 жылы 16 октябрьде «Қызыл ту» мен «Красный Урал» газеттерінде «Қазақ халқының өркендеуі туралы С. Сейфуллиннің ойы» деп Сәкеннің қолы қойылған пікірді жариялайды. Пікірде: «Артта қалған еңбекші қазақ халқы қазір бостандықтың игілігін толық пайдалану үшін, адамзаттың жалпы бақытты өміріне бастайтын орыс пролетариаты және еңбекшілер шаруасымен терезесі тең болуы үшін еңбекші қазақ халқына таяу арада орыс еңбекшілерінің мәдени дәрежесіне көтерілуі керек. Ал бұл үшін көшпенділікті тастап отырықшылану, мал мен жер шаруашылығын өркендету, ағарту ісі мен кооперацияны жандандыру керек» деп ашық жазады [3, 260 б.].

С.Сейфуллиннің 1921-1925 жылдар аралығында жазған «Әр қазақтың жадында оқу болсын», «Барлық күш оқуға», «Оқушы жастарға үлгі» т.б. мақалаларының өзі автордың ойын айтпай-ақ аңғартып тұр. 1923 жылы 17 желтоқсанда жазған «Орал губерниясы» деген оқшаушасында: «Школдарын, оқу үйлерін араладым. Жалғыз кеңес, әм партия школасы жақсы, өзгелері нашар... Қазақтан оқушылар аз. Бұрын тіпті қазақ балалары жоқ болады екен. Биыл ғана аз-аздап қазақтан алыпты. Онда жалпы саясаттың бағытымен әм Орынбордың көрсетуімен алған болса керек. 2-ші басқыш школа дегендерінде бір де қазақ жоқ. Білмеймін, бұрын мұнда оқу ретінде Орал губерниясы, Орал қаласы не істегендерін. Бұрын 4-5-ақ қазақ балалары оқиды екен!», - деген ойын айтады

Орал қаласындағы жағдаймен танысқан соң С. Сейфуллиннің ұсынысымен Орал қаласында 1924 жылы алғашқы қазақ балаларына арналған мектеп ашылады. Қазіргі кезеңде осы мектеп С.Сейфуллин атындағы №11 дарынды балаларға арналған мектеп-интернаты болып қызмет жасап келеді. Осы мектепті ашу арқылы С.Сейфуллин өзінің 1922 жылғы «...Қазаққа оқу бұрын бір мәртебе болса, енді мың мәртебе керек болды. Қазақ алдындағы болашағын ойлау керек» деген ойын іс жүзіне асыра бастады [4, 8 б.].

Мектеп Гурьев, Илецк, Калмыково, Жымпиты және тағы басқа уездердің балаларымен толықтырылған. Соған қоса №1 балалар үйінен 40 бала, қазақ қыздар коммунасынан 16 қыз бала әкелінген. Мектепке сол кезде Некрасов пен Почталина көшесі бұрышынан қызыл тастан салынған үй берілген. Жатақханасы қазіргі М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті маңында болған.

Алғашқы мектеп директоры болып Муньянов Хұсни тағайындалған. Ол Орынбор мұғалімдер гимназиясын бітірген, Атырау облысында туған.

1924-1925 оқу жылының аяғында 162 оқушы болған. Оның 119- ы ер балалар, 43-і қыз балалар. 5 класс болып ашылған. I группада – 40 оқушы, II группада – 34 оқушы, III группада – 38 оқушы, IV группада – 35 оқушы, V группада – 15 оқушы оқыған. Ал мұғалімдер саны 8 адам болған. Олар: Қаратаев Ғали (Б. Қаратаевтың інісі),

Камалов Сүйіндік, Баймұхамедов Абдрахман, Барлов Лев Михайлович, Шагиев Исмензен, Бурабаев Дүйсенғали, Қазиев Хайджан, Кондрахин Александр [5, 8-9 бб.]

Батыс Қазақстан облысының мемлекеттік мұрағатында «Қызыл Ту» газетінің (1925 жылы 16 сәуір) №26 санында тұңғыш рет Оралда 7 жылдық мектеп-интернат ашылғаны және жергілікті бюджеттен 13500 сом бөлінгені туралы мақала жазылған. Ол мектептің ашылу мақсаты:

- 1) қазақ балаларын өз ана тілінде оқытуды жақсарту;
- 2) шалғай аудандарда тұратын еңбекшілердің балалары интернатта жатып, білім алуына мүмкіндік жасау;
- 3) оқу-тәрбие процесін кеңейту үшін материалдық-техникалық базасын жасау деп көрсетіледі [4, 10 б.].

1925-1927 жылдары аралығында мектеп кітапханасы жабдықталған. Мектеп оқушыларының өзіндік киім үлгісі болған: тік жағалы көк сатиннен тіккен бешпет-шалбар, көкшіл түсті сукнодан тігіліп, кеуде тұсына астар салып жылытылған шинель киген, басқа да жеңіл киімдермен, тамақпен қамтамасыз етіп отырған.

1925-1930 жылдарғы мектеп түлектерінің жетістіктері:

Иманғазиев Кенжес – ҚазКСР Ғылым Академиясының академигі, ауылшаруашылық ғылымдарының докторы, корреспондент мүшесі.

Жанғалиев Айман – ҚазКСР Ғылым Академиясының академигі, ауылшаруашылық ғылымдарының докторы, корреспондент мүшесі.

Байғалиев Рахим – Қазақстан Компартиясының хатшысы, техника ғылымының кандидаты.

Мұханбетжанов Хамза – педагогика ғылымдарының докторы, Қазақ мемлекеттік физкультура институтының ректоры.

Исканов Фаиз – медицина ғылымдарының кандидаты, Украина ССР.

Исаев Ислямғали – әскери инженер, техника ғылымдарының кандидаты.

Ахатов Бахым – инженер-энергетик, техника ғылымының кандидаты.

Тулбаев Таңат – финансист, экономика ғылымдарының кандидаты, ҚазССР финанс министрлігі.

Жамангарин К – инженер, ҚазКСР советтік халықшаруашылығы министрлігі.

Мусин Шәкір - ауылшаруашылық ғылымдарының кандидаты, Алматы ауылшаруашылық институты.

Күсенов К - ауылшаруашылық ғылымдарының кандидаты, ҚазКСР жол құрылысының бастығы.

Қаржауов Шоқан – ҚазКСР Ғылым академиясының аспирантурасын бітірген, Батыс Қазақстан облыстық Атқару Комитетінің Мәдениет және ағарту тобының меңгерушісі.

Габидуллин Ғабдолла - ауылшаруашылық ғылымдарының кандидаты, Семей ауылшаруашылық институтының кафедра меңгерушісі.

Дияров Құрман - ауылшаруашылық ғылымдарының кандидаты, ҚазКСР ауылшаруашылық министрлігі.

1933-1934 оқу жылында №11 мектептің (бұрынғы №4) алғашқы қарлығаштары 7-класс бітіріп, өмірге жолдама алған. Олар не бәрі он шақты оқушы: Қазмағамбетов Ғұсман, Байқошқаров Ғайса, Шақаев Халел, Ахметов Қуаныш, Бисенов Махмұт, Дінікешов Қайыр, Айтқұлов Дүйсен, Қажығалиев Құбаш, Қосмағамбетова Күлән, Сарин Жақсығали, Қуатов Қанат болатын.

1934-1935 оқу жылдарында мектепте 760 бала оқыған, оның 399-ы I-IV кластар, ал 361-і V-VIII кластарда оқыған. Мұғалімдер саны 18-ге жеткен. Олар: Б.Мұхитова, Ұзақбаев, Батина, Әлсейітов, тағы басқалар.

1924-1925 оқу жылынан бастап 1936 оқу жылына дейінгі кезең - Қазақстандағы үш орта мектептің бірі болып, қалыптасу дәрежесіне жеткен кезең. Ол туралы 1937

жылы мектептің алғашқы он жылдық түлектерінің бірі Сәлім Темірғазиев өзінің «Өмір жолы» (Орал: «Дастан» баспасы, 2006) өмірбаяндық қолжазбасында:

«Менің 5 жыл ғұмырым осы мектепте өтті. Букин Браш, Қазиев Шернияздан, Әбілов Ғазез, Өребаев Б., Асанов Ғ., Айтбаев Ж., Бейбітов, Ізкулов Ықсан т.б. оқытушы-ұстаздардан дәріс алып, 1936-37 оқу жылында Орал қаласындағы №4 қазақ орта мектебінің 10 – класын аяқтадым. Сол кезде ағарту жолында көп жылдары еңбектері сіңірген есептен сабақ берген Букин Ы., қазақ тілі мен әдебиеттен Әбілов Ғ. Кейін «халық жауы» деп ұсталып, атылып кеткен. Мектепті жеті оқушы: Тажмұқанов Мырзақмет, Темірғазиев Сәлім, Шайкиев Әди, Нұрпейсов Жұбандық, Демжанов Мағиын, Тұрмұқамбетов Нұрпейс, Шотпанов Танабай (қазіргі №11 үлгілі қазақ орта мектебінің С.Сейфуллин атындағы) 10-класын, Орал облысы бойынша, алғашқы түлегі болып бітірдік. Мектеп директоры С. Ақмұрзин. Дәріс берген ұстаздар И.Левшин, А. Низамиддинов, Қаратаевтар (әкелі-балалы), Асан Тайманов, Қадыров, Жумин Ықсан т.б. Қандай ма адам болмасын болашақ өмірдің өзіне деген жақсы жақтарын қалайды. Соған қол жеткізіп, соның беделін, жақсылық рақатын көруді армандайды. Біздердің де жастай армандағанымыз ұстаз болу еді. Сол бойынша, тобымызды тоздырмай, 7 түлек Орал педагогикалық институтына түстік. Бұл 37-38 оқу жылы болатын. Институт ректоры (ол уақытта директор) Иван Куприянович Лукьянц. Профессор А.Бойко, Пиманов, В.Васильев, Темірбеков Н., Темірбекова Н., Лапотухина Н. т.б. көптеген ұстаздардың лецияларын тыңдап, болашақтың шындықта, тура жолында болдық. Кешегі ауыртпалық жылдарда жетеуіміз де майданда болып, жетеуіміз де елге оралдық. Тыныштық қоғамда өзінің ұстаздығын жалғастырғандарымыз: Ә.Шайхиев, М.Демжанов, Ж.Нұрпейсов, Т.Шотпанов. Менің қазіргі ойым-өмірден өткен ұстаздарым мен бірге өскен, оқыған әріптестерімнің аттары қағаз бетіне жазылып, тарихта қалса екен деп аты-жөндерін толық жазып отырмын», - деп өткенді сағына еске алады [6, 20 б.].

Талапты да талантты оқушыларымен мектеп даңқы жылдан-жылға арта түскен. Осы жылдары оқыған оқушылар «Қазақстанның 15 жылдығы» значогімен марапатталу құрметіне де ие болған.

II дүниежүзілік соғыс жүріп жатқан кезеңде соғыс талабына сай мектеп 1943-1945 жылдары аралығында госпиталь қызметін атқарған. Содан 1945 жылы Орал қалалық кеңестінің (№150, 10.04.45) шешімімен қайта қазақ орта мектебі болып саналып, госпиталь қызметінен босатылған. Осы мақсатта №11 ФЗО-ны – мемлекеттік өзен-жүзу мекемесінің орнын №11 қазақ орта мектебіне берген. Осы кезден бастап №4 емес, №11 мектеп болып атала бастаған.

Кейінгі жылдары да мектеп талай өзгеріске ұшырап отырған. 1948 жылы ер балалар және қыз балалар пансионаты болып екіге бөлінген. Ал 1964 жылы 22 мамырда мектепке С.Сейфуллин есімі берілсе, 1991 жылы мектеп мектеп-интернат лицейі атанды.

1999 жылы 8 желтоқсанда мектеп Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық қазақ мектеп-интернат кешені мәртебесін алса, 2007 жылы 28 қыркүйекте Дарынды балаларға арналған мамандандырылған облыстық №11 С.Сейфуллин атындағы қазақ мектеп-интернат кешені атанады.

2020 жылы 27 шілдеде мектеп атауы Дарынды балаларға арналған №11 С.Сейфуллин атындағы облыстық мамандандырылған мектеп-интернаты болып өзгерді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Нурғали Р. Алашординцы. – Алматы: «Алаш» баспасы, 2004. - 280 б.

2. Аллаберген Қ. Тарих тудырған тұлғалар. XX ғасырдағы қазақ ақын, жазушылары мен публицистерінің рухани мұралары. 2-кітап. - Павлодар: «Кереку» баспа орталығы, 2009. - 194 б.

3. Кәкішев Т. Сәкен Сейфуллин. «Өнегелі өмір» топтамасы. - Алматы: «Жалын» баспасы, 1976. - 314 б

4. БҚО Мемлекеттік Архиві, 12-қ., т., (22-тізім) 519-іс

5. Сапаров Е.Қ. Сәкен мектебі. - Орал: «Шұғыла» баспасы, 2007. - 280 б.

6. Темірғазиев С. Өмір жолы. - Орал: «Дастан» баспасы, 2006.

УДК – 94 (574.1) «19»

МРНТИ – 03.20.00

## **ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ОФИЦИАЛЬНЫХ СЛУЖИТЕЛЕЙ МУСУЛЬМАНСКОЙ РЕЛИГИИ И НЕЗАРЕГИСТРИРОВАННЫХ БЕЗМЕЧЕТНЫХ МУЛЛ В 1980-Е ГГ. В ЗАПАДНОМ КАЗАХСТАНЕ**

*Жумагазиев А.М.* – ЗКУ им. М.Утемисова,  
магистрант 2 курса ОП «История»,  
Уральск, Казахстан

### *Введение*

Цель настоящего исследования – рассмотреть деятельность официальных служителей мусульманской религии и незарегистрированных безмечетных мулл в 1980-е гг. в Западном Казахстане. Изучение деятельности официальных служителей мусульманской религии и незарегистрированных безмечетных мулл в 1980-е годы в Западном Казахстане помогает пролить свет на историю ислама в стране, в частности на роль неофициальных религиозных лидеров и их взаимодействие с официальными властями. Также исследование данной темы позволяет проанализировать, как религиозные свободы и права соблюдались в СССР, и как это влияло на деятельность мусульманских объединений. На ряду с этим, изучение деятельности мусульманских служителей и мулл помогает оценить степень влияния ислама на общественную жизнь Казахстана в тот период.

### *Материалы и методы исследования*

Материалом для исследований выбраны сведения из государственного архива Российской Федерации, Центрального государственного архива Республики Казахстан, государственного архива Западно-Казахстанской области. В рамках данной статьи были применены следующие методы: анализ и синтез теоретической литературы, а также обобщение полученных данных. Целью работы является рассмотрение деятельности официальных служителей мусульманской религии и незарегистрированных безмечетных мулл в 1980-е гг. в Западном Казахстане.

### *Предварительные результаты исследования*

Найденные в рамках исследовательской работы архивные документы показывают, что советские органы власти проводили политику полного контроля религиозной жизни граждан. В поле зрения уполномоченных Совета по делам религий при Совете Министров СССР были все зарегистрированные, а в случае выявления и незарегистрированные религиозные объединения, а также отдельные граждане, чья религиозная активность становилась предметом интереса общественных, партийных и государственных организаций.

В 1980-е гг. в трех западных областях Казахской ССР действовали четыре зарегистрированных религиозных объединений мусульман. Две мечети официально вели

свою деятельность в Актюбинской области в городах; Актобе и Шалкар [1, с. 32]. В Уральской и Гурьевской областях местные объединения мусульман имели в пользовании по одному культовому зданию [2, с. 7], [3, с. 5]. В Мангышлакской области не было ни одного официально действующего объединения мусульман, также, как и не имелось в области ни одной мечети [4, с. 78].

Отчеты уполномоченных Совета по делам религий 1980-х гг. свидетельствуют, что собрания в мечетях в основном посещали люди пожилого возраста. Отмечалась убыль численности прихожан. Так, в 1980 г. в день празднования «Ураза – байрам» Актюбинскую мечеть посетило – 213 человек, 183 из них – люди старше 60 лет. В следующем 1981 г. Актюбинскую мечеть в день «Ураза – байрам» посетило – 195 человек, 169 из них – люди пенсионного возраста. Не лучшее положение в плане посещаемости дела обстояли и у Шалкарской мечети. На «Ураза – байрам» в 1980 г. посетило – 67 человек, 52 из которых составили люди пожилого возраста. А в следующем 1981 г. на праздничное собрание пришло – 45 человек, из которых 35 были верующие старше 60 лет [1, с. 32], [5, с. 59].

В аналогичном отрезке времени, уполномоченный по делам религий – К.Шынбаев в своем отчете от 13 августа 1981 г. «Об итогах мусульманского поста «Ураза» и прохождении «Ураза – байрама» в Гурьевской области Казахской ССР» отметил резкое снижение числа посетителей праздничных собраний мечети г. Гурьева (Атырау). По его свидетельству, в 1970-х число посетителей праздничного намаза достигало от 350 до 500 верующих [3, с. 2]. В 1980 г. составило – 297 человек, а в 1981 г. число посетителей праздничного намаза сократилось до 192 прихожан [там же, с. 10].

Показатели посещаемости Уральской мечети можно назвать – образцом стабильности, однако и здесь заметно старение прихожан. В день «Ураза – байрам» в 1980 г. посетило собрание – 305 человек, 253 из которых были люди старше 60 лет [2, с. 5-7]. А в 1981 г. – 315 человек, из которых 280 были пожилые люди [6, с. 23].

На понижение шли не только показатели посещения верующими религиозных собраний, но и доходы некоторых официально действующих мечетей. Если в предыдущие 1978 – 1979 гг. сумма пожертвований в день «Ураза – байрам» Актюбинское религиозное объединение мусульман собирало не менее 7 тысяч рублей, то в 1980 г. в кассу мечети поступило всего лишь – 4 043 рубля [1, с. 32].

Схожая, но не критичная картина в плане поступления пожертвований наблюдалась и на ст. Шалкар и в г. Уральске. В день «Ураза – байрам» 1980 г. в кассу Уральской мечети поступило пожертвований на сумму – 2,4 тысячи рублей, на 100 рублей меньше предыдущего 1979 г [2, с. 7].

В Шалкарской мечети в 1978 г. сумма пожертвований составило – 6 227 рублей, в 1979 г. – 6 140 рублей, а в 1980 г. в кассу религиозного объединения поступило – 6 102 рубля [1, с. 32].

В Гурьевской мечети (г. Атырау) наблюдалась иная картина. При видимом резком снижении посещений верующими религиозных собраний зарегистрированного объединения мусульман, показатели доходов с пожертвований не опускались, а шли в рост. Так, в 1979 г. в кассу мечети в день «Ураза – байрам» поступило – 2 271 рубль, а в следующем 1980 г. сумма пожертвований составило – 2 530 рублей [3, с. 5].

На фоне угасания активности зарегистрированных религиозных объединений повсеместно транслировалась пропаганда атеизма, проводились беседы со духовенством с целью профилактики нарушений законодательства о религиозных культурах СССР. Широко применялась практика проведения атеистических собраний в предприятиях и учреждениях перед религиозными праздниками, напоминая, что по уставу КПСС, каждый член коммунистической партии был обязан бороться с религией. Параллельно с этим, в уполномоченные органы поступали сведения о деятельности незарегистрированных служителей мусульманской религии, в официальной переписке Совета по делам религий упоминаемые как «безмечетные», «бродячие» либо «незарегистрированные муллы» [1, с.

30], [2, с. 4, 14].

Архивные документы свидетельствуют, что в этот период незарегистрированные муллы организовали бурную деятельность в селах и малых городах Западных областей Казахстана, где не имелось официального мусульманского духовенства. Таким образом, в неохваченной легальной религиозной деятельностью Мангышлаке вся духовная жизнь мусульман области реализовывалась усилиями безмечетных мулл [7, с. 7].

По «Положению о религиозных объединениях в Казахской ССР» незарегистрированная религиозная деятельность была запрещена [8, с. 9]. Местные власти имели широкий набор инструментов общественного, финансового, административного и иных форм воздействия, чтобы перевести нелегальную религиозную деятельность в русло законодательства, либо добиться его полного прекращения. Однако на местах, вопрос реализации религиозной жизни в рамках существовавшего законодательства оказался непростым. Изучая обстоятельства деятельности безмечетных мулл, председатель исполкома Актюбинской области – О.Козыбаев, пришел к некоторым выводам, о чем сообщил в письме от 4 января 1981 г., отрывок которого приводится ниже.

- «Уже как последствия совершающихся фактов, как вещественные доказательства их противозаконной деятельности становимся свидетелями появления т. н. мусульманских кладбищ, увеличивающегося числа больших мавзолеев с исламской атрибутикой, не в малых случаях и над могилами руководящих работников и других негативных явлениях, наносящих немалый ущерб атеистическому воспитанию населения, молодежи.

Каждого незарегистрированного муллу надо знать и взять на учет и потому, что среди них немало людей, недовольных советским законодательством, политикой партии в отношении религии и церкви, фанатиков, лиц с темным прошлым, пройдох, шарлатанов, с экстремистскими действиями некоторых из них нам уже приходится сталкиваться, как это случилось в Алгинском районе.

Большинство райисполкомов по-существу не выполнили и последнее указание облисполкома, данное в его письме от 10 марта 1980 г., где предлагалось в двухмесячный срок изучить религиозную обстановку во всех населенных пунктах, взять на учет всех незарегистрированных мулл, в каждом сельском Совете, принять меры по пресечению их противозаконной деятельности.

Из 147 Советов это указание облисполкома выполнили только 32, совершенно не проведена эта работа в городах Эмба, Октябрьск, райцентрах Уил, Мартук, Батамшинск.

Обращает на себя внимание факт, когда ни один райисполком в своих информациях, представленных в облисполком за 1980 год, не смог сообщить ни одного случая разоблачения противозаконной деятельности мулл и принятых мерах, принятых по их пресечению» [5, с. 2].

Далее в письме, председатель облисполкома потребовал в месячный срок повторно изучить религиозную обстановку в каждом населенном пункте, выслать списки всех незарегистрированных мулл и провести воспитательную работу среди них в духе уважения к советским законам. Также, были даны разъяснение закона о религиозных культурах, в рамках которого, районные и городские власти для удовлетворения духовных потребностей местного населения в праве выдвигать из числа выявленных незарегистрированных служителей культа кандидатов на официальное трудоустройство при Актюбинской мечети [там же, с. 3].

Вскоре, изучение деятельности незарегистрированных мулл и примененные меры по их легализации стали положительно отражаться на доходах зарегистрированных объединений мусульман. На «Ураза – байрам» 1981 г. в кассу Актюбинской мечети поступило – 8 024 рубля, что в два раза больше, чем было внесено годом ранее. Вместе с Шалкарской мечетью, сумма пожертвований, поступивших в кассы обеих мечетей в дни «Ураза – байрам» 1981 г. превысило – 14 тысяч рублей [там же, с. 59].

О факте улучшения материального положения Актюбинской мечети, уполномоченный Совета по делам религий по Актюбинской области – Ж. Амиров, в



отчете «О прохождении Ураза – байрам» от 12 сентября 1981 г. написал следующее:

- «В Актюбинскую мечеть в этом году на праздник "Ураза" приехали незарегистрированные муллы из Алгинского, Карабутаковского, Исатайского, Хобдинского, Мугоджарского, Уилского, Актюбинского, Ленинского, Мартукского районов. Они, как и в прошлые годы привезли в мечеть деньги от сбора фитр.

В этом году несколько увеличилась сумма денег, поступивших в кассы мечетей в дни «Ураза-Байрам». Это по-моему связано с тем, что за последние два года на местах проводится немалая работа по выявлению подпольно действующих мулл, которые теперь видимо считают неудобным присваивать всю сумму собираемых денег и решаются какую-то часть вносить в мечеть» [там же, с. 56-58].

Вскоре был выработан механизм легализации деятельности незарегистрированных мулл. Официально действующие мечети Уральска, Актюбинска и Гурьева (г. Атырау) стали заключать трудовые соглашения с некоторыми из них. В связи с тем, что в Мангышлакской области (Мангыстау) не было зарегистрированного объединения мусульман, муллы из этой области заключали договор с Гурьевской мечетью (г. Атырау) [7, с. 8].

По трудовому договору, муллы были обязаны исполнять следующие требования: 1) проводить религиозные обряды по просьбам граждан согласовывая с сельскими советами, 2) два раза в году отчитываться о своей деятельности исполнительному органу религиозного объединения мусульман, 3) перечислять 70% от суммы всех пожертвований и сборов с проведения обрядов на счет мечети, оставляя 30% себе в качестве заработной платы. В свою очередь, исполнительный орган мечети обеспечивал районных мулл; 1) религиозной литературой, 2) календарями мусульманских праздников, 3) квитанциями [9, с. 13]. Последние, служили инструментом финансового контроля лиц, осуществлявших религиозную деятельность.

Таким образом, в лице тех, кто выразил согласие соблюдать вышеупомянутые требования договора, зарегистрированные объединения мусульман получили возможность создать сеть своих представителей в местах, где по причинам отдаленности официальное духовенство мечетей не всегда могло обеспечивать свое присутствие. Однако попытки замещения безмечетных мулл лояльными служителями встречали сопротивление со стороны тех, кто предпочитал вести религиозную деятельность в тени, вне рамок закона.

Так, весной 1982 г. группа жителей Алгинского района Актюбинской области обвинила зарегистрированного служителя Актюбинской мечети А.Танабергенова в избиении верующих и других проступках, факты которого не подтвердились. Кроме того, с целью дискредитации в глазах верующих, зарегистрированного муллу обвиняли в том, что по его попустительству некоторых умерших казахов похоронили без отправления джаназа намаза [8, с. 24 – 31], [10, с 62 – 69].

Летом 1984 г. В поселке Жетыбай Ералиевского района Мангышлакской области при исполнении джаназа намаза над умершим, незарегистрированные муллы публично оскорбляли зарегистрированного служителя Гурьевской мечети С. Кашымова за отказ проводить обряд выкупа грехов умершего «даур» [7, с. 9-10].

Практика «даур» или «давра» была запрещена в сообществе зарегистрированных служителей ислама, о чем в декабре 1980 г. Духовное управление мусульман Средней Азии и Казахстана (САДУМ) выпустило соответствующую фетву, где этот обряд был назван – вредным суеверием. Суть обряда состоял в том, что грехи умершего выкупали другие люди, за что выкупавшим полагалась плата, которая не имела точного размера [11, с. 2-4]. Так, из информационного отчета о религиозной обстановке от 6 июля 1983 г. следует, что один такой незарегистрированный служитель в Темирском районе Актюбинской области получил от родных умершего 70 рублей, из которых 20 ему заплатили за исполнение запрещенного обряда «даур» [12, с. 11]. Однако, фетва свидетельствует, что в некоторых случаях за «даур» незарегистрированные служители

просили несколько тонн зерна или жилой дом [11, с. 3].

Подсчет и последующая легализация незарегистрированных служителей религии была непростой задачей. В 1983 г. по Актюбинской области на учете состояло более 100 безмечетных мулл. По мере изучения этого вопроса их число постоянно увеличивалось. Например, выездная комиссия содействия соблюдения закона о религиозных культах выявила в Темирском районе 18 подпольно действующих мулл, когда как местный райисполком отчитывался лишь о 6 из них [12, с. 7-10].

Среди архивных документов, имеются сведения и о деятельности незарегистрированных служителей религии, прибывавших из соседних республик. Так, в 1981 г. власти Каратобинского района Уральской области (ЗКО) обращались к уполномоченному Совета по делам религий А.Шукову за разъяснением положения закона о религиозных культах в свете появления в районе безмечетного муллы А.Нагимуллина, прибывшего из Ульяновской области РСФСР (РФ) для ведения религиозной деятельности [11, с. 272].

В июне 1984 г. во время прохождения поста Ураза в Гурьевской области (Атырау) была выявлена незаконная деятельность трех семейных групп сборщиков фитр-садака из Узбекской ССР. Две группы действовали у рынка сельхоз продукции г. Гурьева (Атырау). Третья – разъезжала по населенным пунктам Балыкшынского района. В результате, они были выдворены за пределы области [13, с. 6].

Выявленные служители мусульманской религии в Мангышлакской области (Мангыстау) на две трети состояли из лиц, прибывших в область из Каракалпакской АССР и Туркменской Республики. Например, в г. Жана-Озен из трех зарегистрированных мулл, двое были приезжими. По наблюдению уполномоченного по делам религий Ж.Курмашева такая картина сложилась в связи с тем, что за предыдущие два десятилетия на Мангышлак прибыло на заработки немало семей из соседних республик [14, с. 180].

Всего по области на учете у уполномоченного по делам религий было 47 служителей мусульманской религии, из которых 20 изъявили желание пройти процедуру регистрации. В марте 1984 г. для проведения собеседования на знания религии и шариата на Мангышлак из Алматы прибыл казий по Казахстану Р.Нысанбаев, в результате которого 17 получили одобрение на официальное трудоустройство при Гурьевской мечети (Атырау). За год официальной деятельности, ими было собрано с обрядов и пожертвований более 8 000 рублей, которые были перечислены на счет религиозного объединения. Однако, делу по легализации деятельности служителей религии был нанесен существенный урон. Руководствуясь положением Министерства Финансов СССР от 23 декабря 1983 г. о порядке начисления пенсий работающим пенсионерам, органы социального и финансового обеспечения проводили практику сокращения пенсионных выплат, в ходе которой, муллы, зарабатывавшие с проведения обрядов менее 100 рублей в месяц стали получать пенсию в размере 15 рублей, а тем, чей доход превышал указанную сумму – отменяли выплаты пенсий совсем. Так как в основном, служителями мусульманской религии были люди пенсионного возраста, официальная религиозная деятельность превращалась в причину потери государственного социального страхования. В свете сложившихся обстоятельств, зарегистрированный мулла г. Шевченко (Актау) заявил о прекращении своей деятельности, о чем уполномоченный Совета по делам религий Ж.Азимбаев в июне 1985 г. сообщал своему руководству в Москве, с тревогой прогнозируя прекращения деятельности и других зарегистрированных служителей мусульманской религии, с последующим возвращением всей религиозной жизни жителей области вновь безмечетным муллам [7, с. 9-11].

Точно неизвестно, имела ли практика сокращения пенсионных выплат и в других областях Западного Казахстана, однако по имеющимся архивным документам можно заметить снижение сборов фитр-садака и других сборов в Ураза-байрам. Особо ощутимые показатели снижения демонстрируют данные Актюбинской и Шалкарской мечетей. Если в 1983 г. (до принятия положения министерства финансов) оба зарегистрированных

объединения мусульман Актюбинской области вместе собирали в день «Ураза – байрам» 15 050 рублей, то в следующем 1984 г. в кассы зарегистрированных объединений поступило всего лишь 12 560 рублей [15, с. 9].

Совет по делам религий при Совете Министров СССР уделял особое внимание финансовым поступлениям в кассы зарегистрированных религиозных объединений, так как они выступали донорами различных международных фондов и организаций формировавшие образ Советского Союза в мире. Из этого следует, что от их материального положения зависели международные инициативы СССР.

Все зарегистрированные религиозные объединения мусульман Казахстана переводили часть своих средств на счет Духовного управления мусульман Средней Азии (САДУМ) в г. Ташкент, где выпускался журнал «Мусульмане Советского Востока». Издание было многоязычным и предназначался для иностранного читателя [16]. Также, мечети проводили отчисления в различные фонды. Например, исполнительный орган Уральской мечети в 1986 г. перечислил в отдел международных связей мусульманских организаций СССР – 4,5 тысяч рублей для поддержания инициатив советского государства в рамках международной исламской конференции [17, с. 6]. Для этого религиозного объединения такая сумма была весомым вкладом, так как собираемых средств хватало лишь на поддержание текущих нужд мечети.

Статистические данные Совета по делам религий при Совете Министров СССР за 1981 г. показывают, что по суммам пожертвований в фонд «Мира» среди мусульманских объединений Западного Казахстана лидировала Гурьевская мечеть (Атырау). В указанном году исполнительным органом этого религиозного объединения было перечислено в фонд – 3 тысяч рублей. При этом, общий годовой доход Гурьевской мечети составил 21,02 тысяч рублей. Два объединения мусульман Актюбинской области совместными усилиями в упомянутый год собрали с пожертвования и проведения обрядов 47,5 тысяч рублей из которых 2673 рубля были переведены на счет фонда «Мира». А от Уральской мечети, в пользу упомянутого фонда сумма пожертвований не превысили 500 рублей, так как общий годовой доход религиозного объединения составил 8,5 тысяч рублей [4, с. 15, 28, 127].

В 1990 г. число зарегистрированных объединений мусульман в областях Западного Казахстана достигло – пяти. По одному в Уральске и Гурьеве (Атырау). В Актюбинской области – три. Число практикующих служителей достигло 161, из которых 78 были зарегистрированные, 83 незарегистрированные. Наиболее лучшее значения зарегистрированных служителей религий по соотношению к безмечетным муллам в упомянутом выше году сложилось в Уральской области (ЗКО). На 32 зарегистрированных мулл приходилось 8 незарегистрированных, что позволило выправить экономическое состояние религиозного объединения и начать в 1990 г. капитальный ремонт здания мечети. В Гурьевской области (Атырау) при 19 зарегистрированных служителей религии на учете находилось 15 безмечетных мулл. Показатели по Актюбинской области были слабее, чем в двух упомянутых выше областях. При трех зарегистрированных религиозных объединениях мусульман число зарегистрированных служителей в области достигло 25, когда как незарегистрированных на учете состояло 60 человек [18 с. 5, 21].

#### *Заключение*

Приведенные в рамках исследовательской работы документальные сведения показывают, что коренное население областей Западного Казахстана обращалась к исповедованию ислама как к элементу национальной идентичности. При этом, в Советском Союзе главенствовала идея научного атеизма, пропаганда которой рассматривалась как инструмент борьбы с религиями. Борьба не сделала людей менее верующими, а скорее поспособствовала уходу религиозной жизни граждан в тень.

По нашему мнению, на деятельность зарегистрированных объединений мусульман в упомянутый период времени оказывали влияние множество факторов. Малочисленность действующих мечетей, большие расстояния между населенными

пунктами, недостаточное число зарегистрированных мулл, пожилой возраст актива мечетей, противодействия со стороны безмечетных мулл, игнорирование фактов деятельности незарегистрированных служителей религии со стороны районных и сельских властей, а также противоречивая политика советского государства в адрес религиозных служителей, которая могла выражаться в несогласованной работе ведомств в смежных вопросах так, что делало ведение легальной религиозной деятельности крайне непростой миссией.

#### Список использованной литературы:

1. ГА РФ Ф.Р6991 Оп.6 Д.1914
2. ГА РФ Ф.Р6991 Оп.6 Д.1928
3. ГА РФ Ф.Р6991 Оп.6 Д.2161
4. ГА РФ Ф.Р6991 Оп.6 Д.2216
5. ГА РФ Ф.Р6991 Оп.6 Д.2157
6. ГА РФ Ф.Р6991 Оп.6 Д.2174
7. ГА РФ Ф.Р6991 Оп.6 Д.3039
8. ГА РФ Ф.Р6991 Оп.6 Д.2413
9. ГА ЗКО Ф.526 Оп.1-доп Д.29
10. ЦГА РК Ф.2079 Оп.1 Д.241
11. ЦГА РК Ф.2079 Оп.1 Д.221
12. ГА РФ Ф.Р6991 Оп.6 Д.2643
13. ГА РФ Ф.Р6991 Оп.6 Д.2866
14. ЦГА РК Ф.2079 Оп.1 Д.284
15. ГА РФ Ф.Р6991 Оп.6 Д.2862
16. Ахмадуллин В.А. Деятельность партийно-государственного аппарата СССР и Духовного управления мусульман Средней Азии и Казахстана по изданию и распространению мусульманских журналов в 1945 – 1991 гг. – 4 выпуск. – Вестник Дагестанского государственного университета, 2014. – С. 97 – 105.
17. ГА РФ Ф.Р6991 Оп.6 д.3283
18. ГА ЗКО Ф.289 Оп.1-доп Д.25

ӘОЖ 94(574.1)(043.3)

#### ШЫҢҒЫРЛАУ АУДАНЫНЫҢ КИЕЛІ ОРЫНДАРЫ

*Каленова Ж.М.* – М.Өтемісов атындағы БҚУ,  
«Тарих» БББ 1-курс магистранты, Орал,  
Қазақстан

Қазір Қазақстанның барлық өңірлерінде макро және микросакралдық объектілердің тізімі жасалды. Бұл табиғи ландшафт пен мәдени мұраның, зайырлы және мәдени архитектураның ерекше құрметті ескерткіштері, кесенелер, сондай-ақ Қазақстан халқының жадында мәңгілік құндылығы бар тарихи және саяси оқиғалармен байланысты орындар болып табылады.

Ескерткіштердің материалдық, материалдық жағын ғана емес, ең алдымен қасиетті орындардың, қажылық пен ғибадат орындарының қасиетті мәнімен байланысты рухани тәжірибелерді түсіну өте маңызды.

Зерттеудің тұжырымдамалық аппаратының мазмұнын талдау барысында И.В. Стасевичтің «Қазақтар мен қырғыздардың дәстүрлі және заманауи мәдениетіндегі киелі нысандар мен заттарға табыну практикасы» атты зерттеуінде қазақтың халықтық

діндарлығы көзқарастарының күрделілігі мен пысықталуын атап өткен жұмыстары пайдаланылып жүр [1, 272 б.].

Мұндағы қасиетті нысандар деп халықтық дәстүрде «киелі, қасиетті орын» ретінде құрметтелетін діни құрылымдар мен табиғи ландшафттың белгілі бір бөліктері түсіндіріледі. Бұл «киелі» сөзінің мағынасы (латын тілінен аударғанда – «қасиетті, табынушылық, салттық»).

Киелі нысандар «киелі география» деп аталатын ғылым саласын зерттеу саласына кіреді. Д. В. Громовтың анықтамасы бойынша «қасиетті география-бұл жер бетіндегі белгілі бір объектілердің қасиетті санаттармен байланысы туралы білім жүйесі». Мұндай нысандарға табиғи ландшафт тобы жатады. Олардың шығу тегі, халық жады ерекше құбылыстармен, қасиетті адамдармен байланысты [2, 5 б.].

Орталық Атқару Комитеті Төралқасының Қазақ КСР-нің аудандық бөлінуі туралы шешімінен кейін Шыңғырлау ауданы 1928 жылы құрылған [3].

2009 жылғы мәліметтер бойынша тұрғындарының саны 13 916 адамды құрады.

Ауданға 9 кенттік және ауылдық округ кіреді: Шыңғырлау ауданында Алмаз Аққұдық, Амангелді, Ащысай, Белогор, Сегізсай, Лубен, Қарағаш, Полтавка, Ұрысай, Тасмола, Шыңғырлау елді мекендері бар [3].

Жергілікті тұрғындар табиғи көрікті жерлердің атауларының пайда болуымен байланысты аңыздарды мұқият сақтайды. Кейбір көрнекті орындар туралы XV–XVII ғасырлардағы белгілі жыраулардың аңыздарында айтылған [4, 30 б.].

Мысалы, Шыңғырлау өзенін, Торыатбас және Қыземшек тауларын өте әдемі аңыз байланыстырады.

Ежелгі уақытта екі бай өмір сүрген – Еділ және Жайық. Олар балаларын үйлендіруге шешім қабылдады. Белгіленген уақытта Еділдің ұлы келді. Жүздеген шақырымды жүріп өтіп, ол бірден қалыңдығының ауылына кірмеді, оған және оның атына екі киіз үй салуды өтінді. Жылқыға арналған киіз үйге ол екі ыдыс қоюды ұсынды, біреуі сумен, екіншісі сүтпен және күзетпен қамтамасыз етуді сұрады.

Бірақ адамдардың қызығушылығынан жасыра алмайсыз. Түнде әйел қорғалатын мүсінді жылқыны көру үшін кошмардағы тесікті кесіп тастады. Қанатты жылқыны көрген әйел қатты таңырқады. Ол бір қанатын сүтке, екіншісін суға батырып тұрды. Әйелдің шошынған дауысынан жылқы қорқып, сол жерде жан ұшыра шыңғырып, жүрегі үзіліп жан тапсырды. Жігіт қанатты жылқыны жерледі. Ол көп ұзамай жігіт жылқысына деген сағынышы басылмай үйіне кетті. Мұны білгеннен кейін оның қалыңдығы күн сайын жылайтын. Ол жігіттің жоқтығына мойынұсына алмады.

Халық ауыздан-ауызға қанатты жылқының қабірінде Торыатбас тауы-ауданның ең биік нүктесі пайда болғанын айтады. Тау қазіргі Ақтау ауылдық округінің жанында орналасқан. Оның етегінде сирек кездесетін өсімдіктер өседі, олардың көпшілігі емдік қасиеттерге ие және аймақтың сұлулығы таң қалдырады.

Аңыз бойынша: байдың қызы жерленген жерде Қыземшек тауы пайда болды, ал қыздың көз жасы Чингирлау өзенінің пайда болуына себеп болды (қазақ тілінде – Шыңғырлау).

Тағы бір аңыз бойынша, бұл жерлерде ұзақ уақыт бойы балалары жоқ қатал хан өмір сүрген. Бірақ Құдай оның дұғаларын естіп, қызды болды. Қыз өмірінің алғашқы күндерінен бастап күлімсіреп, мейірімді болды, сондықтан ата-анасы оны Сыңғырла деп атады, бұл сөздің мағынасы «қоңырау» дегенді білдіреді.

Бойжеткен Сыңғырла, туған ауылының маңында жүріп, қарапайым отбасынан шыққан жас жігітпен кездесті. Әкесінің нөкерлері бұл туралы білгенде, олар ханға қарапайым шопан жігіттің хан қызына қарауға қалай батылы жеткендігін айтты. Хан бірден жас жігітті өлтіруді бұйырды. Сыңғырла ұзақ уақыт бойы жылап, жартаста отырды. Қыздың көз жасынан өзен пайда болды. Қыз болған оқиғаны қабылдай алмады және сүйіктісі қайтыс болғаннан кейін өлу туралы шешім қабылдады.

Аудан орталығына жақын орналасқан Қонақай көлінің пайда болуы туралы

шыңғырлаулықтардың да қызықты тарихы бар. Бір отбасында ұзақ уақыт бойы балалар болған жоқ. Ата-аналар бұл мәселеге қайғырды және күн сайын Құдайдан оларға бала жіберуін өтінді. Ұйқысыз түндерді өткізе отырып, олар жұлдызды аспанға қарап, егер бала туылса, оны Жұлдыз (звезда) деп атайтынын армандады. Өйткені, бұл есім ұлға да, қызға да сәйкес келеді. 5 жылдан кейін, ай толған түнде олардың қызы дүниеге келді.

Ата-аналар бүкіл ауыл тұрғындарын жинап қуанышқа орай той жасады. Ал қызы сол түні жерді жарықтандырған айдың атымен Айгүл (айдың гүлі) деп аталды. Барлығы отбасыны қуанышты оқиғамен құттықтап, ана мен балаға денсаулық, бақыт пен амандық тіледі.

Күтпеген жерден халық тынышталып қалды. Кенеттен пайда болған кемпірді ешкім байқамады. Ол туралы ауылдарда нашар әңгіме жүрді. Барлығы одан қорықты. Анасы баланы кеудесіне қысып, киіз үйге жасырынғысы келді. Бірақ кемпір анасының көзіне қарап: «сіз баланы ұзақ күттіңіз, оны сізге Құдай жібереді. Бірақ бұл қыздың екі есімі сияқты екі өмірлік тағдыры бар. Сіз балаңызды құдайдан сұраған кезде, арманыңызда оны Жұлдыз деп атадыңыз, енді оны Айгүл деп атауға шешім қабылдадыңыз. Жұлдыз деп атасаң сенің қызың ұзақ және бақытты өмір сүреді, ал Айгүл деп атасаң, апат болады, қыз өледі».

Жылдар өтті. 17 жасында қыз нағыз сұлулыққа айналды. Бірақ ол барған сайын уайымшыл бола бастады, оған бір нәрсе ауыртпалық түсірді. Айгүл түнде киіз үйден шығып кетіп, ата-анасы оны таба алмады. Таң атқанда ол кенеттен киіз үйде қайта пайда болды. Кемпірдің болжамдары орындалды. Айгүл қос өмір сүрді. Түнде-күс, күндіз-адам.

Таңғы уақытта көлдің үстімен ұшып, үйге қайтар жолда жүрегінде қатты ауырсыну пайда болды. Басын еңкейтіп, аңшының кеудесіне атқан жебесін көрді. Қанаттары әлсіреп ол жерге құлады. Осы сәтте алғашқы күн сәулесімен Айгүл қайтадан қызға айналды. Жараның қаны қатты ағынмен көлге ағып кетті, көл көз алдында терең және арнасына толып кетті. Ал қансыз Айгүл тас гүлге айналды.

Ата-аналар Қайғырып, ауыл тұрғындары күтпеген ғажайыпқа таң қалды. Көп ұзамай көңілсіз ана бәріне қызының жоғалып кету құпиясын айтты. Пайда болған көлдің жағасында адамдар қыздың аруағына құран бағыштап, су қоймасына Конақай (Айгүл) атауын берді.

Шыңғырлау ауданының ғажайыптарының бірі-Аққұм (ақ құмдар). Олардың ұзындығы – 18 км. Аққұм Алмаз ауылдық округіне жақын жерде орналасқан. Аққұмның әр жерлерінде мөлдір суы бар бұлақтар пайда болып отырған. Осы күнге дейін кейбіреулер бұлақтан су ішкеніне сендіреді, ал біреу бұл сөздерді жоққа шығарып, жұмбақ су қоймасы тек жергілікті тұрғындардың өнертабысы деп айтады.

Жергілікті тұрғындар бұлақтың жанында Қыз әулие ағашы өсетін жерді қасиетті деп санайды. Ол Қарағаш ауылдық округінде орналасқан. Бұлақ диаметрі шамамен 1000 шаршы метр болатын сарқыраманың дөңгелек су қоймасын тудырды. Оның оңтүстік-батыс бөлігінде биіктігі бір метрден сәл асатын сарқырама пайда болды. Ондағы су әрқашан ерекше мөлдір және тұщы. Аңыз оның тазалығын Салиха есімді қызбен байланыстырады. Ақ сақалды ақсақал оған түсінде келіп, түнде Бұлақты тазалауды сұрады-ешкім көрмеуі үшін. Олар қыздың рухы әлі күнге дейін су қоймасының жағасында пайда болып, өзіне хош иісті сабын алады дейді. Сарқырамаға барған адамдар бұл жерге келіп, ағашқа ақ лента байлап, тиын лақтырып, өз тілектерін айтуды өздерінің міндеті деп санайды.

Тағы бір әдемі аңыз Шоқтыбай ауылының маңында өсетін үлкен ағашпен байланысты. Тіпті алты адам оны ұстай алмайды. Шоқайтерек өсіп келеді. Жергілікті тұрғындар оны айналадағы барлық ағаштардың атасы деп атайды және осы ағаштың пайда болуымен байланысты аңызды айтады. Жараланған Шоқай жас ағаштың

көлеңкесінде жатуға шешім қабылдады. Қожайынының ауырсынуын көріп, бие өзеннен су алып, оны Шоқай сезуі үшін бетіне себеледі. Шоқай жылқының санасына қатты таң қалды. Бірақ бірте-бірте күш батырдан кетіп, ол қайтыс болды. Содан кейін адал жануар қожайынынан кетпеді: бие тұяқпен ағаштың астынан қабір қазып, батырды жерледі. Күн сайын ол Шоқай батырдың жерленген жеріне ағашты суарып, оның батылдығы мен батырлығын еске алып, құрметтейтін. Шоқайтерек осылай пайда болды [4, 30 б.].

Осылайша, Шыңғырлау ауданының қасиетті табиғи орындары қазақтардың этникалық мәдениетінің маңызды бөлігін білдіреді. Мұндай орындар табиғатты, табиғи элементтерді құдайландыратын қазақтардың дәстүрлі дүниетанымымен байланысты. Олар жергілікті халық әлемінің дәстүрлі бейнесінде қасиетті мәртебеге ие. Бұл аңыздармен көмкерілген және нақты оқиғалармен байланысты қасиетті орындар.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Стасевич И.В. Практика поклонения сакральным объектам и предметам в традиционной и современной культуре казахов и киргизов (в контексте изучения культа святых) // Центральная Азия: традиция в условиях перемен. – СПб. 2012. – Вып. 3. – С. 270-301

2. Громов Д.В. Сакральная география. Основные положения // Энциклопедия сакральной географии. Екатеринбург: Ультра. Культура, 2005. С. 5–56.

3. Официальный сайт Акимата Чингирлауского района/  
<https://www.gov.kz/memleket/entities/bko-shyngyrlau?lang=ru> Дата обращения: 21.12.2023

4. Дивный край природной красоты – Шыңғырлау. 31.01.2022. / <https://merem.kz/ru/2022/01/31/divnyj-kraj-prirodnoj-krasoty-shyngyrlau/>

УДК 94(574.1) “19”

## **XIX ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ МЕН XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ МЕРЗІМДІ БАСЫЛЫМДАРЫНА ТАРИХИ ШОЛУ**

*Косаманова Н.М.* – М.Өтемісов атындағы БҚУ,  
«Тарих» БББ 1-курс магистранты, Орал,  
Қазақстан

Тарихи деректердің бір түрі ол мезгіл-мезгіл шығып тұратын ұзақ мерзімді басылымдар болып табылады. Оның атқаратын қызметтері — қоғамдық ой-пікірді ұйымдастыру, мемлекетке идеологиялық тұрғыдан ықпал ету, экономикалық, саяси және мәдени ахуал бойынша ақпарат беру, басқару жүйесінде кері байланыс орнату.

Б.А. Смағұлов өзінің «Қазақ мерзімді баспасөзінің қалыптасуы мен дамуының кейбір мәселелері» атты мақаласында Мерзімді басылымдар үш түрге бөлінеді: газеттер, журналдар және ғылыми қауымдастықтың мерзімді басылымдары деп. Түрлерін белгілеуге байланысты қолданатын терминдер қазіргі кездегі өз атауларына сәйкес келеді. Мерзімді басылымдарды олардың атқаратын қызметтеріне қарай жіктеуге болады. Мерзімді басылымдардың негізгі мақсаты — қоғамдық пікірді қалыптастыру болып табылады.

Мерзімді басылымдар тарихын, оның ішінде ұлттық баспасөз тарихын, бүгінгі күн талабына сай, ұлттық мүдде тұрғысынан қайта қарап зерттеу төл тарихымызды толықтыра түсері сөзсіз. Мерзімді басылымдарды тарихи дерек көзі ретінде пайдалану өткен ғасырлардағы қазақ тарихын тереңірек зерттеуге мүмкіндік беретіні анық. Өйткені бүгінгі отандық тарихтың жазба деректерінің бір тобын мерзімді басылымдар құрап отыр.

Белгілі деректанушы-ғалым Қ.Атабаев мерзімді басылымдарды дереккөз ретінде зерттей отырып, қазақ баспасөз тарихын мынадай кезеңдерге бөліп қарастыруды ұсынады:

1. 1870–1917 ж. наурызы, «Түркістан уалаяты газетінің» шыққан күнінен патша өкіметінің құлатылған күніне дейінгі қазақ баспасөзінің тарихы.

2. 1917 ж. наурызы — 1918 ж. ортасы. Уақытша үкімет тұсындағы демократиялық бастамалар кезіндегі ұлттық баспасөз.

3. 1918 ж. ортасы — 1920 ж. аяғы. Демократиялық күштердің большевиктік авантюраға қарсы жанталасқан күресі кезіндегі баспасөз.

4. 1921 ж. — 1991 ж. аяғы. Кеңес өкіметі немесе большевиктік диктатураның толық орнауы, тоталитарлық жүйенің қалыптасуы және коммунистік партияның шексіз үстемдік етуі жылдарындағы мерзімді басылым.

5. 1991 жылдың соңынан бүгінгі күнге дейінгі, тәуелсіз Қазақстан тұсындағы ұлттық баспасөз» [1, 58-59 б.]. Ғалым бұдан басқа кеңестік дәуірдегі баспасөз тарихының өзін шартты түрде кезеңдерге бөліп көрсете отырып [2; 59, 60], «ұлттық баспасөздің пайда болу, қалыптасу және даму тарихын еліміздің тәуелсіздік алуына байланысты қайта зерттеу, оның жүріп өткен жолын, қилы кезеңдерін айқын бейнелеу мерзімді басылымды халқымыздың ХХ ғ. тарихының дерегі ретінде пайдаланудың басты алғышарттарының бірі болып табылады» [1, 61 б.], — деп жазғаны орынды.

Осыдан да белгілі Қазақстан тарихына байланысты мол әрі тың деректер жинақталған газет –журналдар дерлік ХІХ ғасырдың ортасынан бастап пайда болды дей аламыз.

Қазақ баспасөзінің тарихы 1870 ж. шыққан «Түркістан уалаяты газетінен» басталады. Газет сол кездегі Түркістан генерал-губернаторлығының орталығы болған Ташкент қаласында 1870 жылдың 28 сәуірінен бастап, орыс тілінде шығатын «Туркестанские ведомости» газетіне қосымша ретінде айына төрт рет (екі саны өзбекше, екі саны қазақша) шығып отырған болатын.

Ал, патшалық Ресей тұсында ең алғашқы мерзімді басылым Орал қаласында 1866 жылдың 1 қаңтарында «Уральские войсковые ведомости» атты апталық газет жарық көріп тұрған еді. Бұл газеттің ең алғашқы редакторы П.Назаров болған. Газеттің алғашқы нөмірінен Ресей патшасына қызмет еткен Орал казактарының әскери құрамаларын реформалау, олардың үлесіндегі жер-су көлемін өзара реттеу, әскери қамалдардың орталықпен почта байланысын күшейту және Жайықтан балық аулау кәсібін жетілдіру және т.б. жазып, отарлау саясатына байланысты ақпараттар жарық көріп отырды. Сонымен қоса, Батыс өңірде 1892 жылы «Уральский листок» газеті шығарғаны оның редакторы М.А. Жаворонков болып табылды. Газет аптасына екі рет шығып отырды. Сол жылдары жарық көрген екінші басылым ол 1897 жылы жарық көрген «Уралец» газеті болды. Газет Орал қаласында аптасына 3 рет (алғашқыда 2 рет) шығатын қоғамдық-саяси және әдеби газет еді. «Уралец» газетінің жауапты редакторлар: М.С. Сладков, Б.А. Турыбрин, Н.М. Лагашкин болды. Газет шыққан бірінші жылы халыққа тегін таратылып отырды.

ХХ ғасырдың басында Жайық бойындағы қазақ баспасөздің тұсауы 1911 жылдың 16 наурызында «Қазақстан» газетінің жарық көруімен кесілді. Бұл газет «Дала уалаяты» газетінен (1888) басталған жалпықазақ баспасөзінің алғашқы бөлігі бірі еді. Бұл газеттің шығуына Жайық бойындағы тарихи, мәдени орталықтардың бірі, кезінде Бөкей хандығының орталығы үлкен үлес қосты. Газеттің жарық көруіне Ғұмар Қараш, Елеусін Бұйрин, Бақытжан Қаратаев, Шәңгерей Бөкеев сынды тұлғалар атсалысты. Елеусін Бұйрин сол жылдарда «Қазақстан» газетінің бас редакторлық қызметінде атқарды.

«Газет — біздің бастаушымыз, газет — біздің күрес қаруымыз» деген ұранмен алғаш рет қос тілде шыққан бұл басылым өзінің алғашқы данасынан бастап-ақ Бұқара халықтың әлеуметтік жағдайын өзгертуге, ұлт және бас бостандығын беруге, дін және өнер тазалығына, қазақты құнарлы алқаптарға қоныстандыруға, егін егуге үйретуге, ауыл тұрғындары арасында медицинаның қарапайым әдістерін енгізуге, әйел тендігін орнатуға



т.б. сол заманның көкейтесті мәселелеріне баса назар аударды. Сол кезде қазақ арасына жаппай танымал бола қоймаған Абайдың өлеңдері («Қазақстан» газетінің (3-нөмірінде) жарияланды. Сол кезеңднгі саяси-қаржылық қыспаққа шыдай алмаған газет 1913 жылы 18 нөмірі шыққаннан кейін жабылды.

1917 жылы 17 қарашада «*Ішкі Ордалықты басқарушы облыстық кіндік комитетінің хабары*» (қысқаша «Хабар») деген атпен Ордада екі тілде тұңғыш кеңестік газеттің бірінші саны жарық көрген болатын. Бұл басылымның атауы бірнеше рет өзгеріске ұшырады.

XX ғасырдың басында Большевиктік партия комитеті мерзімді баспасөздің ақпарат құралы ретінде аса таптырмайтын қару екендігін, кеңестік баспасөз ісін қолға алу мәселесін өркендету қажеттігін жете түсінді. 1919 ж. 18-23 наурыз аралығында Мәскеуде өткен РК(б)П-ның VIII съезінде қабылданған «*Партия, совет баспасөзі туралы*» қаулыда баспасөздің ең ірі қателіктері жергілікті өмір шындығын жазып көрсетпей, мәні-мағынасы жоқ құжаттар мен құнсыз мақалаларды жариялауға орын берген» деп көрсетіліп, айқын түрде өмір-тіршілігіміздегі аса маңызды мәселелерді жазу қажеттігін атап өткен болатын [2, 54-55 б.].

1919 ж. 21 мамырында БОАК-нің бекітуімен Мемлекеттік Баспа құрылды. Оның қарамағына кеңестік, партиялық және кооперативтік баспалар біріктірілді. Барлық ведомстволық және басқа баспалар Мемлекеттік Баспаның бақылауына алынды [2, 12 б.]. Ал алғашқы республикалық газет шығару ісіне 1919 ж. 2 тамызында Бөкей ордасында болған коммунист қазақтар мен татарлардың мәжілісінен кейін қадам жасалды. Орда қаласында болған бұл мәжілісте құрылған Қырғыз облыстық Орталық комитеті (ҚООК) өзінің органы ретінде қазақ тілінде «*Қызыл дала*» газетін шығаруды ұсынды. Алайда ҚООК-ті РК(б)П ОК-ті бекітпегендіктен бұл ұсыныс жүзеге аспай қалды [3, 57 б.].

1919-1920 жж. қазақ баспасөзінің қатары бірнеше газеттермен толықты. Оралда «*Қызыл ту*» газеті басылып шықты. 1920 ж. 29 наурыз бен 5 сәуір аралығында өткен РК(б)П-ның IX съезінде қабылданған қаулыға сәйкес газеттер ұйымдастырушы-шаруашылық мәселелерге аса көңіл бөліп, үздіксіз, әрі нақты түрде өндіріс орындарының жетістіктері мен кемшіліктері, өндірістік еңбектің өсуі мен төмендеуі, бұған партияның жеке мүшелері мен топтардың тигізген ықпалы туралы жазылуға тиісті болды. Ол үшін барлық газеттерге тиісті жағдайлар жасау қажеттігі де баса көрсетілді [3, 57 б.].

Қазақстандағы баспасөз ісінің өркендеуіне қамқорлық жасау керектігі турасында В.И. Ленин 1920 ж. 4 маусымында В.В. Воровскийге «Қырғыз (қазақ-С.С.) жолдастар әріп, баспахана жабдықтарын, қағаз тауып беру жөнінде көмек сұрайды. Бұларды қабылдап, барлық жағынан оларға көмек етуіңізді өте өтінемін» деген мазмұнда хат жолдаған [3, 46 б.].

1920 ж. 15 шілдесінде Орынборда өткен губерниялық комитеттің мәжілісінде П. Зыякин «Баспасөз мәселесі» турасында баяндама жасап, Орынборда бар мерзімді басылымдардың жағдайының өте әлсіздігін баса көрсетіп, оның негізгі себептері баспасөз жұмысының дұрыс ұйымдаспауы, қағаз тапшылығы екендігін нақтылап берген еді [4]. Осы жылдың тамыз айында РК(б)П ОК-нің үгіт-насихат бөлімі құрылып, баспасөз арқылы большевиктік идеологияны кең түрде насихаттауға жол ашылды.

1920 ж. 4 қазанда Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасы құрылғандығын жариялаған Қазақстан Кеңестерінің I Құрылтай съезінен кейін Қазревком елде кеңес үкіметінің нық орнауына ұлттық баспасөздің маңызды екенін, ол үшін материалдық-техникалық базасын құру қажеттігін түсініп, БКП(б) ОК-не көмек көрсетуін өтінген болатын. Осы жылдың 3 қарашасында Қырғыз (қазақ – С.С.) ОАК-нің төрағасы С.Меңдешевтің қол қоюымен Қазревкомның Баспа ісі редакциялық алқасының «ҚАКСР-ның Мемлекеттік Баспасөз жағдайы» деген бұйрығы қабылданып, республиканың ОАК-нің жанынан Қырғыз (Қазақ) Мемлекеттік Баспасы (Қазмембаспа) құрылды. Қазақ Мемлекеттік Баспасының құрылуы республикада қазақ тіліндегі

кітаптар мен газеттердің көптеп шығуына жол ашты.

1920 ж. Қазақ АКСР-ы құрылғаннан бастап қазақ тілінде газет, журнал шығару ісі күшейді. 1920-1925 жж. 15-тей газет-журналдар шығып тұрды. Ғалым Т. Кәкішев бұл жылдардағы қазақ баспасөзінің өркендеуін белгілі жүйелілікпен көрсетті. Оның жазуынша, 1920 ж. 4 газет шықса, 1921 ж. 6 газет пен 3 журнал, 1922 ж. 8 газет, 2 журнал, ал 1923 ж. 9 газет пен 3 журнал, 1924 ж. 10 газет пен 2 журнал, 1925 ж. 13 газет және 5 журнал шыққан.

Қорыта келе мұрағат дерегіне сүйенсек, бұл жылы Қазақстанда 24 газет шығарылып, оның 10-ы қазақ тілінде болған. Төменгі кестеде осы жылы шыққан қазақ газеттерінің тізімі, қай жерде шыққандығы және қанша данамен таралғандығы толық көрсетілген.

*Кесте 1 – 1925 ж. шыққан қазақ газеттерінің тізімі*

№ р/с	Газеттердің аты	мекені	таралымы
1.	Қызыл ту	Орал	1870
2.	Жұмыскер тілі	Гурьев	480
3.	Кедей	Ақтөбе	1000
4.	Бостандық туы	Петропавловск	2500
5.	Ауыл	Қостанай	2100
6.	Қазақ тілі	Семей	1200
7.	Ақ жол	Шымкент	3000
8.	Тілші	Алматы	1500
9.	Еңбекші қазақ	Қызылорда	7850
10.	Лениншіл жас	Қызылорда	3000

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Атабаев Қ. Мерзімді басылым XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басындағы Қазақстан тарихының дерегі ретінде: монография. — Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 1998.

2. Бекхожин Х. Қазақ баспасөзі тарихының очеркі (1860–1958). — Алматы: Мектеп, 1981.

3. Қазақ ССР баспасөздерінің библиографиялық көрсеткіштері (1917-1939). П-бөлім. – Алматы: Казахское объединенное государственное издательство, 1941.

4. Несіпбаева Қ. Қазақ баспасөзі және оның маңызы (XX ғ. 20-30 жж. газет-журналдар мысалында) // Қоғам және дәуір. – 2009. – №1.

ӘОЖ 323:342.41(574)

#### **КӨШПЕЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ШӘКІРТТЕРІНІҢ БІЛІМ АЛУЫ**

*Мукашева А.Ф.* – М.Өтемісов атындағы БҚУ,  
«Тарих» БББ 2-курс магистранты, Орал,  
Қазақстан

XIX ғасырдың екінші жартысында болыстар мен ауылдардағы қазақ балалары әдетте мұсылман мектептері мен медреселерде оқыды. Патша өкіметі Қазақ даласын да мұсылман мектептерінің ашылуына жол бермеу үшін шаралар қолданды. Ол жергілікті отарлық органдар мен оқу бастықтарына мұсылман мектептерін қатаң бақылау жөнінде

нұсқаулар мен ережелер жіберді. Осы ережелердің шек қоятын талаптарының бірінде былай делінген: «Облыстың мектептері мен медреселерінде балаларын оқытқысы келетіндердің оқу орны бастықтарынан алған рұқсат куәлігі болуға тиіс». Куәлік үшін 50 тиын мөлшерінде алым алынды. Оқу құқығына куәлік алудан жалтарған және өз балаларын мектептер мен медреселерге өз бетінше берген адамдарға бірінші жолы – 10, екінші жолы 30 сом айыппұл салынды, ал үшінші ретте 5 тәуліктен 15 тәулікке дейінгі мерзімге қамауға алынып, одан әрі олардың өз балаларын мұсылман мектептерінде оқытуына тыйым салынатын болған [1, 104-107 бб.].

Қандай да болмасын шектеулерге қарамастан жер-жерде әсіресе Қазақстанның ислам дінінің ықпалы күшті болған оңтүстік облыстарында мұсылман мектептері ашыла берді.

1896 жылы Ақмола облысында – 547 оқушысы 13, 1898 жылы – 425 оқушысы бар 11 мектеп пен медресе болды.

1884 жылы Семей облысында – 615 оқушысы бар 10, 1895 жылы 900 оқушысы бар 17 мектеп пен медресе жұмыс істеді.

1894 жылы Торғай облысында 457 оқушысы бар 59 мектеп пен медресе болды.

1896 жылы Орал облысында – 4926 оқушысы бар 206, 1897 жылы 4113 оқушысы бар 198 мектеп пен медресе жұмыс істеді.

Сырдария облысында (Ташкент қаласын, Ташкент, Шымкент, Әулиеата, Түркістан, Перовск және Қазалы уездерін, сондай-ақ Әмудария бөлімін қоса алғанда) 1892 жылы 27 082 оқушысы бар 1497 мектеп пен 35 медресе, 1895 жылы – 28 898 оқушысы бар 2409 мектеп пен 34 медресе болды.

1891 жылы Жетісу облысында – 12 510 оқушысы бар 64, 1897 жылы – 12 835 оқушысы бар 88 мектеп пен медресе жұмыс істеді [2, 32-36 бб.].

Қазақ балалары жазды күні киіз үйлерде, ал қысты күні жертөлелерде оқытылатын. Әдетте киіз үйлерді жекелеген адамдар қайырымдылық негізінде беріп отырды, жертөлелер бүкіл ауыл болып бөлген қаражатқа салынды [3, 445 б.].

Медреселерге келетін болсақ, олар әдетте тұрақты тұрғындары және мешіттері бар белгілі бір мекендерде орналасты. Медресенің үй-жайларын әдетте жекелеген «қайырымды адамдар», ал кейде барлық дін жолын ұстанушылар салып берді. Түрі жағынан олар қазақтардың әдеттегі тұрғын үйлерінен ерекшелігі шамалы еді – төбесі тегіс етіліп, қабырғалары күйдірілмеген кірпіштен немесе шымнан салынатын. Қалалық қоныстарда қалалық мектептер үлгісімен салынған медреселер болды. Мысалы, мұндай медреселер Семейде, Ақмолада, Петропавлда, Оралда, Көкшетауда бар еді. Оңтүстіктегі қалаларда олар – ортаазиялық, ал солтүстік пен батыста татар медреселеріне ұқсас болатын. Барлық медреселер «ерікті» қайырымдылық есебінен жарақтандырылды [4, 400 б.].

Бұл кезеңде оқу құралы «Шариат-ул-иман» немесе «Иман-шарт» болды. Құран оқумен бірге, татар және араб тілдеріндегі кітаптар бойынша исламның негізгі қағидалары мен басты ғұрыптық ережелер оқытылды. Олардың арасынан мыналарды тізіп келтіруге болады: «Бадауам», «Ақырзаман», «Фазаил-уш-шухур», «Истуани», «Қырық хадис», «Фихка-Каидани», «Әптиек», «Софы-Аллаяр», «Чар-Китаб»

Мектептерде көбінесе 8-ден 17 жасқа дейінгі балалар білім алды. Медреселерде мектепте білім алған және өз білімін тереңдетуге тілек білдірген адамдар оқыды. Медресеге түскендер «талиб-улам» (білімге ұмтылушылар) немесе шәкірттер деп аталды. Олар Орта Азияға және Еділ татарларына жалпы белгілі оқулықтар мен оқу құралдары бойынша араб философиясын және мұсылман діні құқығын, сондай-ақ діни философияға қатысты басқа да бірқатар пәндерді оқыды.

Медреселердің «мұғалімдеріне» келетін болсақ, олар негізінен алғанда дін жолын ұстанушылардың ұсынысы бойынша тиісті үкіметтік органдар бекітіп, тағайындаған молдалар болды. Бұл молдалар мешіттерде діни қызмет атқара жүріп, медреседегі істерді басқарды және шәкірттерді оқытумен айналысты.

Тағайындалған молдалар Қазақстанның тек қана солтүстік, солтүстік-батыс және ішінара солтүстік-шығыс облыстарында ғана болды. Ал оңтүстік оңтүстік-шығыс облыстарда жергілікті медреселерде немесе Орта Азияның медреселерінде білім алған жеке адамдар ғана мешіт молдасы және медресе мұғалімі болып қызмет істеді. Бұл молдалардың бәрі негізінен Бұхарада оқыды. Бұхарада оқу үшін оңтүстік облыстардан ғана емес, сонымен қатар солтүстік және солтүстік-шығыс облыстардан да адамдар баратын еді.

Қазақстанның батыс және солтүстік облыстарының молдалары негізінен татар медреселерінде оқығандар. Олар Стерлибашево (Уфа губерниясының бұрынғы Стерлитамак уезі) деревнясындағы медреседе және Троицк қаласындағы «Зейнулла-иман медресесі» деп аталатын медреселерде оқып, білім алған [5, 369 б.].

Шамамен XIX ғасырдың аяғынан бастап қазақтар Орал мен Еділ бойы қалаларында ашылған «жаңа әдіспен» оқытатын татар медреселеріне ден қоя бастады.

XIX ғасырдың 70-жылдарынан бастап өлкеде оқу округтері құрылды. Орынбор оқу округіне Орал және Торғай облыстары, Батыс Сібір оқу округіне Ақмола және Семей облыстары, Батыс Сібір оқу округіне Ақмола және Семей облыстары, Түркістан оқу округіне Сырдария және Жетісу облыстары қарады. Облыстық басқармаға және оқу округтеріндегі «бұратаналар» мектептерінің инспекторына бағынатын облыстық мектеп инспекторлары тағайындалды [1, 104-107 бб.].

Жергілікті халық балаларын оқыту үшін, орталық өкімет, орыс-түзем мектептерін ашуды қолға алды. Алғашқы орыс-түзем мектептері Түркістан өлкесінде 1884 жылдан бастап ашыла бастайды. Орыс-түзем мектептерінің меңгерушілеріне арналып «күпия» түрде берілген нұсқауда: «Орыстармен жергілікті халықтарды біріктіріп жіберу үшін орыс тілін түземдіктерге үйретуге үлкен көңіл бөлінсін. Бұл – мемлекеттік мәні бар шара. Түземдіктердің сеніміне кіру үшін ұстамды болу; сырттай болса да олардың діні мен салт-дәстүріне құрмат көрсету, себебі олар бізге балаларын сеніп тапсыруы керек...» [6, 304 б.], - делінген. Яғни, орыс-түзем мектептерінің ашылуы жоғарғы билік орындарының орыстандыру саясатымен үндесіп, соны жүзеге асырудың бірден-бір құралы екендігі көрінеді.

Орыс отаршылдары келгенге дейін де, жергілікті жерлерде қазақ балалары мұсылман мектептері мен медреселерінде оқыды. Мысалы, Сырдария облысында (Ташкент қаласын, Шымкент, Әулиеата, Түркістан, Перовск және Қазалы уездерін, Әмудария бөлімін қоса алғанда) 1892 жылы, 27082 оқушысы бар 1497 мектеп пен 35 медресе, 1895 жылы, 28898 оқушысы бар 88 мектеп пен 34 медресе болды. Ал Жетісу облысында 1891 жылы 12510 оқушы, 1897 жылы 12835 оқушысы бар 88 мектеп пен медресе жұмыс істеді. Мектептерде көбінесе 6 мен 15 жасқа дейінгі балалар білім алды [7, 240 б.]. Ал медреселерде мектептен алған білімін тереңдетуге тілек білдірген балалар ғана оқыды. Осыдан біз, орыстық білім беру жүйесіне дейін де, жергілікті қазақ халқы, өз балаларын мұсылманша білім алуға жағдай жасағандығын байқаймыз.

Патшалық білім беру жүйесінің ошақтары күн санап арта түсті. Олардың басты мақсаты жергілікті қазақ халқының балаларын мектептерге көптеп тарту еді. Бірақ сан жағынан артқанымен сапасы жағынан төмен дәрежеде қалып қойған орыс мектептері «түзем» халықтарының сұранысына ие болған жоқ. Мысалы, Жетісу облысы бойынша, 1902 жылы Қапал уезіндегі үш орыс-түзем мектебінде 57, Жаркент уезіндегі 4 орыс-түзем мектебінде 158, Верный уезіндегі 4 орыс-түзем мектебінде 270 оқушы ғана білім алатын. Ал жалпы Сырдария облысы бойынша 1908 жылы орыс-түзем мектептерінің саны 35, оқушылар саны 1171, орта есеппен әр мектепте 33 баладан болды [8, 104-107 бб.].

Қорыта келгенде халық ағарту ісінде мұсылман ағартушылығының ролі өте зор болды. Алайда мұсылман ағартушылығы тақырыбы осымен ғана шектеліп қалмай әлі де қанатын кеңге жаятын тақырыптың бірі болып табылады. Еліміз тәуелсіздік алғалы бері дінге де, діни білім алуға да ешқандай шектеу қойылмайтындығы әрине қуантарлық жайт, керісінше егер де біз Исламның даму жолдарымен жүріп, оның

өшпес құндылықтарын мұрат етсек қана бүгінгі таңда өріп жүрген жұқпалы діни ағымдардан, діни экспансиядан құтқарылар едік. Бұл бүгінгі заман талабы, бірден-бір адастырмай алып шығар түзу жол десек еш қателеспейміз және де мұсылман ағартушылығы негізінде жатқан Ислам дінінің ғылыми қағидалары мен негіздері өз құндылығын қай заманда да жоғалтқан емес, жоғалтпайды да.

Дінді – бір адамның, ұлттың, мемлекеттің рухани ұстыны деп есептеп, халықты діни тұрғыда ағарту – басты шарт екеніне ұйыған мұсылман ағартушылығын сараптай отырып, мынандай тоқтамға келеміз:

Бірінші, мұсылман ағартушылығы – Шығыстағы негізгі діндердің бірі – исламның құндылықтарын жаңа дәуірге сәйкес жүйелі дамытуға бағытталған ағым.

Екінші, бұл ағымды негіздеген – Мысыр, Сирия, Үнді зиялылары. Ал оны өрістетуге Ресей мен Еуропаның мұсылман оқығандары да ат салысты[9, 369 б.].

Үшінші, мұсылман ағартушыларының ізденісі, еңбегі – адамзат ақыл-ойының жемісі болып табылады.

Төртінші, Батыс ағартушылығы негізінен дінді терістесе, мұсылман ағартушылығы құрамына кіретін Шығыс ағартушылығы дінге иек артты.

Бесінші, мұсылман ағартушылығы ислам дініндегілер мекендейтін елдер мен мемлекеттерге идеяларын манифестпен немесе нұсқау-бағдарлама кітаптарымен таратқан жоқ. Керісінше, ислам дінін ұстанған халықтар бұл идеяға өздері ынтық болып, оны түрлі жолдармен қал-қадерінше меңгеріп, еліне жайды. Бұл ретте әдебиеттің орны ерекше еді. XX ғасыр басындағы әдеби-тарихи, қоғамдық-саяси процесте осы фактордың елеулі рөлі бар екені ақиқат.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ибраев У.С. XIX ғасыр аяғы мен XX ғасыр басындағы Түркістан өлкесіндегі халық ағарту ісінің жағдайы.// Отан тарихы. 4-2005. 104-107 бб.
2. *Өткелбаев Б. Дін және ғылым.//Ақиқат, 7-2006.32-36 бб.*
3. Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін: Очерктер. –Алматы, Дәуір, 1994. -445 б.
4. Қазақтың қысқаша тарихы / Нығмет Мыңжан. –Алматы: Жалын, 1994. -400 б.
5. Қозыбаев М.Қ. Өркениет және ұлт. –Алматы: Сөздік-словарь. 2001. -369 б.
6. *Мұқанов С. Қазақ қауымы: тарихтық және этнографиялық шолу. –Алматы; Ана тілі, 1995. -304 б.*
7. Мырзаханов Ж. Тарих қойнауынан: тарихи очерктер. –Алматы: жолын баспасы ЖШС. 2004. -240 б.
8. Ибраев У.С. XIX ғасыр аяғы мен XX ғасыр басындағы Түркістан өлкесіндегі халық ағарту ісінің жағдайы.// Отан тарихы. 4-2005. 104-107 бб.
9. Қозыбаев М.Қ. Өркениет және ұлт. –Алматы: Сөздік-словарь. 2001. -369 б.

УДК 37.02

### СЫНЫҚШЫЛЫҚ

*Рахмашева Л.А.* – М.Өтемісов атындағы БҚУ,  
«Тарих» БББ 2-курс магистранты, Орал,  
Қазақстан

Негізінен тұқым қуалайтын емшіліктің әрі сирек кездесетін түрінің бірі – сынықшылық. Сынықшылар арнайы білім алмай-ақ сүйегі сынған адамдарды емдеудің құпиясын меңгерген тума талант иелері. Халық медицинасында сынық салу – атадан

балаға даритын, қанмен келетін қасиеттің бірі болып саналады. Сынықшылар адамның кез келген шыққан немесе сынып қалған сүйектерін сипап орнына салған. Сондай қасиет иесінің бірі – менің анам Мәккә Сулейменқызы. Ол қазіргі Ақжайық ауданына қарасты Көнеккеткен аулының тұрғыны болған, көпшіліктің алғысына бөленіп, елдің анасы атанған асыл жан.

Мәккә Сулейменқызы 1940 жылы 16 сәуірде Дуана аулында дүниеге келген. Шықан тегі – Қынық тайпасының Итес руынан. Әкесі - Шұғайұлы Сулеймен, анасы Қуанышқалиқызы Сыпайы.



*1-сурет. Мәккә Сулейменқызы*



*2-сурет. Әкесі Шұғайұлы Сулеймен*



*3-сурет. анасы Қуанышқалиқызы*

*Сыпайы*

Бұл әулетке сынықшылық қасиет арғы аталарынан дарыған. Сулейменнің әкесі – Шұғай өз заманындағы атақты сынықшы болған. Шұғай сынықшының қасиеті туралы ел аузында әңгімелер сақталған. Соның бірі Шұғай сынықшы сапарда жүріп, өзінің көмегіне мұқтаж адамға бара алмай, науқасқа өз қамшысын беріп жіберіпті. Сонда Шұғайдың қамшысының өзі сынықты өз орнынаа түсіріп, науқасты орнынан тұрғызыпты. Шұғайдан Мутиғолла, Рахметолла, Ақлима, Қабдолла, Муслима, Сулеймен, Сапарғали және Ермек тараған. Сулейменнің ұл-қыздары Шайхы, Мадина, Сағидолла, Мәккә.



*4-сурет. Шұғайұлы Сулеймен інісі Мутиғолламен*



*5-сурет. Суретте сол жақта: Сулейменнің кіші ұлы - Сағидолла нағашысы Халық Қуанышқалиұлымен.*

Мәккә Сулейменқызы 1959 жылы Көнекеткен аулының азаматы Айдынғали Қуаншалыұлымен отау құрады. Мәккә Сулейменқызының немере сіңлісі Мария Шайқықызының естелігінде: «Айдынғали жездем мен Мәккә апамның сәбилері шетінеп, балалары тұрмады. Көнекеткен ауылында Шомаш руынан арқалы, Қаймуш ата деген атпен танылған қасиетті адам болған. Сол Қаймуш ата апамызға: «Қызым, сен бабаңнан келе жатқан қасиетінді жалғастыруың керек. Аруақ - киелі нәрсе, егер оны ұстамаса, орнымен қолданылмаса, ол адамның бір мүшесін алады. Балаларыңның шетінеуі - бұл да бір ескерту шығар. Сондықтан, өз әулетіңнің үлкендерінен бата алып, арқанды ұстағаның дұрыс болады», - деп кеңес беріпті [1].

«Мәккә апамның ата-енелері, жарықтықтар өте керемет жандар еді, жалғыз келіндеріне қолдау көрсетіп, Мәккә апамды Чапай аулында тұратын атамыздың ағасы Рахметолла тәтеме апарып, әулетіміздің үлкендерінен «Ақ батасын» алып, апам мен жездемнің шаңырағында бала тұрсын деген ырыммен орманнан үйге үкі әкеліп, оны асырап бағады. Осы ырымнан кейін апамыздың тұңғышы дүниеге келіп, енді шетінемесін деген ырыммен есімін Тұрсынғали деп қояды. Біз көптен күткен қуаныштың біз куәсі болып, балаша баптаған үкіні орманға апарып, ұшырып жібердік. Апам қасиетін ұстанып, дертіне дауа іздеп келген жанның алғысына бөленіп, Аллаға шүкір Тұрсынғалидың да артынан бауырлары ілесті», - деп еске алады Сулейменова Мария Шайқықызы [1].

Бабаларынан келген қасиетті ұстанып, халықтың алғысына бөленген сынықшының алдына дертіне шипа іздеген талай жандар келіп, Мәккә сынықшының қасиеті туралы көрші ауыл, аудан, облыс тіпті көрші Ресейге де жетті. Мәккә Сүлейменқызының қасиеті туралы көптеп айтылып, сынықшымен сұхбат әңгімелер баспасөз беттерінде де жарияланады. Мәккә Сүлейменқызы: «Үлкендерден мирас болған кәдеміз халқыма пайдаға асса, алдыма келген адам сауығып, алғысын айтып кетсе - мен үшін үлкен қуаныш. Алдыма келген жанның барлығы өз бауырым немесе өз балаларымдай болып кетеді. Қате айтып келмейді, өмірде әр-түрлі жағдайлар болады. Бірде қыстыгүні Тайпақ аулының Базартөбе совхозынан 38 жасар жігітті әкелді. «Кировец» тракторы кері шегінген сәтте абайсызда аяғы дөңгелек астында қалған. Тоқпан жілігі ұясынан үзілген екен. Көп ұзамай екі аяғын тең басып, жүгіріп кетті. Есенсай аулының жылқышы жігітін бетінен ат теуіп, жағы шығып кетіп, сипатып кетті. Ауылдада кейде ойын балалары жүгіріп жүріп құлап, сүйектерін шығарып тіпті сындырып алған жағдайларда көп кездеседі. Сол балалардың көз алдымда еш жерлері кеміс болмай қол аяқтарын қозғап, шауып жүгіріп кеткені, әке-шешелерінің қуанышты жүзі мен маған жаудырған алғысының өзі маған үлкен қуаныш» - деп айтып отыратын [2, 5 б.].

Ел арасында сынықшы бір көлденеңнен қатеге тап болып, өзіне келе жатқан адамды сезеді деп айтылады, осы рас па деп қойылған журналист сауалына Мәккә Сүлейменқызы: «Ия ол рас. Маған арнап келе жатқан адам болса, жүрегім соғып, өз

өзімді билей алмай, дел-сал күй кешемін. Алдыма адам келіп, кеткеннен кейін ғана жаным жай табады»-деп жауап беріпті [2, 5 б].

Анамыздың шипалы қолының қасиетін бала кезімізден көріп өстік, кейде қолы-аяғы сынған адамдарға анам өз орамалын байлап жіберіп: «...Үш күннен кейін өзі шешіледі, егер тағы мазасызданып жатсаң, осы орамалыммен қайтадан байлап қой», - деп ескертіп жатқанын бірнеше рет естігенбіз. Кейін сауыққаннан кейін анама рахметін жаудыртып келіп-кеткен талай жанның ризашылығының куәсі болдық. Көрші ауылдардан, өзге облыстардан да адамдар анамды іздеп келіп жатады. Оқыс жағдайларға душар болған жандар танымайтын жандар келіп, күн демей, түн демей көмек сұрайды. Анамыз күндіз колхоз жұмысында жүреді, түнделетіп болса да, мұқтаж болып келген жанның бетін қайтармай, оны емдеу үшін жолға шығатын. Сондай сапарға кеткен кездерінде жарықтық, әжем (әкеміздің анасы) машинаның нөмірін бізге жаздыртып алып, анамыз келгенше көз ілмей бізге жолды қарауылдатып қойып, өзі бірге ояу күтіп жүретін. Келінінің аман-есен келгеніне дұға етіп, бес уақыт намазын қаза жібермейтін әжем сексеннен асып о дүниеге аттанды. Анам айтып отырушы еді: «Әкең әулеттен жалғыз ұл. Келін болып босаға аттағаннан кейін, сол үйдің ата-анасының қабағына, сол үйдің шаңырағына қарайсың. Алайда менің атам мен енем алтын жандар болды... Алыстан дертіне шипа іздеп келіп, апталап жатқан жанның баршасына мамам (енесі) қабақ шытпай дастарханы мен төсегін жайып, қызмет қылып, құрмет көрсететін еді. Мұқтаж болып келген жандарға бар, балам, көмегіңді бер деп, менің балаларымды қарап, жолға шығарып салып, мен үйге сапардан келгенше тілеуімді тілеп отыратын жарықтықтықтар тамаша жандарға алғысым шексіз. Егер маған әкелерің немесе атам мен енем қарсы болып, рұқсат бермей, келген жандарды қабылдай алмасам, халқыма көмегіңді тигізіп, халықтың алғысына бөлінбес едік. Аллаға сол үшін мың шүкірлік етемін». Анамыз Мәккә өзінің шипалы қолымен, көп тындап, аз сөйлейтін өзіне тән ерекше байсалды мінезімен халықтың ықыласына бөленген, біздің ғана анамыз емес елдің анасы болды десем, артық айтқаным емес [3, 3 б.]. Анамыз туралы Теректі ауданы Шағатай аулының тұрғыны Жаманкулова Уазира Ғарафовна естелігінің өзі сөзімді дәлелдей түседі. Уазира апай: «80 жылдың күзі, қараша айының 1-күні болатын. Алғашқы қар жауып, ол еріп, ауа-райының қолайсыз уақыты еді. Жолдасым үлкен жүк көлігін айдайтын, жұмыстан келіп, аулаға машинасын қойған сәтте ауланың балшығына тайған машина сарай жанында тұрған әкемді сарай қабырғасына жаншыпты, әкем екі қолымен машинаның артынан ұстап үлгеріпті. Содан азан-қазан болып, әкемді үйге алып кіргіздік. Ол кезде Шағатай аулынан он екі шақырым жерде Плантация деген елді мекенде тұратынбыз. Орталықтан дәрігер шақырсақ, ол дәрігерімізде де келе алмады. Әкем хал үстінде, өзімнің арнаулы дәрігерлік білімім болса да, қолымнан келер еш көмек көрсете алмай не істерімізді білмей, қатты қиналдым. Жолдасым орталыққа жаяу барып, сол кезде совхоздың диспетчері болып жасайтын Халық ағайдан әкемді дәрігерге жеткізетін көлік сұрады. Сонда жарықтық Халық ағай: «XXII партсъезде (қазіргі Көнекеткен аулы ол кезде осылай аталатын) атақты сынықшы Мәккә деген менің жиен қарындасым тұрады, соған апарыңдар» деп кеңес берді. Әкемнің жағдайы нашар, жолдың түрі қолайсыз, ол апайға қалай жетеміз, ол қалай болады екен, апайды алып келсек, ол кісі келе ме деп сергелдең болдық. Содан жеті түнде Халық ағай трактормен өзі барып, ауылдан Мәккә апайды алып келді. Түннің бір уағына дейін апайды ай қарағандай күттік. Әдемі, ақ сары толықша келген жүзі жылы, жарқын адам екен. Бірінші көруіміз, асықпай сабырлы амандасып: «Аға, ауырып қалдыңыз ба?» деп әкемнің қасына отырды. Әкем: «Иә, айналайын. Осылай болып жатыр. Ешкімге айтпай-ақ қойыңдар, балама кесірім тиіп жүрер, өзіме де обал жоқ, сол жерде маған не бар екен», - деп бәрімізді бір күлдірді. Мәккә апам байсалды қалыппен іске кірісті. Сынық салып отырған адамдай емес, жаймен сөйлесіп, әкемнің кеуде тұсын сипап отырғандай, тек сүйектің тырс еткен дыбыстары естіледі. Сынықты Мәккә апай әкемнің сынған



жерлерін шамамен бір сағаттай жинады, жасы келген адам, қалай болады екен дегенде ой болды. Бәріміз үнсіз, қарап отырмыз, көріп отырып іштерімізден бізде қиналып тұрсақта білдірмеуге тырыстық. Мәккә апамыз жылы жүзімен жымыып қана: «Қате аяқ астында, аға, бәрі түзеледі, ертең-ақ шауып кетесіз, уайымдамаңыз» - деді.

Емі аяқталғаннан кейін әкем сынықшы апамызға батасын беріп, рахметін жаудыртып жатыр. Оңаша шығып Мәккә апайдан: «Апа, қолы сынған ба, не болған?» - сұрадық. Сөйтсем, сол қолының жілігі сынған, екі қолдың барлық саусақтары, білегі, шынтақтары шыққан екен. Оң жақ қабырғалары көбесінен сөгіліп шығып кеткен деді. Сынықшы апамыз кетерінде: «...Әзірге көп күш түсірмесін, бірақ жайлап, саусақтарын қозғай берсін» - деп ескертіп кетті. Бір жұмадан кейін әкем ұйқысырап, түнде қолын қозғап алды. Апайды қайта мазалауға ыңғайсызданып, орамалмен байлап, өз білгенімізше жасап отыр едік, арқалы адам ғой сезді ме екен есікті ашып: «Ағамның жағдайын біліп кетейін деп келдім»-деп Мәккә апамыз келіп тұр. Апамды көргендегі қуанышымызда шек жоқ, апам қайта тағы бір сипап, сүйегін орнына қайта қойды. Арада 3-4 апта өткеннен кейін әкеміз ауруынан айығып, өздігінен шауып кетті. Сынық бойынша еш шағым айтпастан құлан таза жазылып, әкеміз 9 жылдан кейін 80 жасынан асқанда дүние салды.

Мәккә апамыздың емшілік, сынықшылық қасиеті ерекше жан болатын. Мінезге бай, өте сабырлы, байсалды, ол кісіге қарап отырып, үлгі алатындай жан еді. Ауырып барған адам апайдың алдына барғанда жаны жай табатын. Әкеммен болған жағдайдан кейін апам маған туыс адамдай болып кетті. Совет үкіметі кезінде сынықшы сипап сынықты салады, рентгенге түсірмей қолмен сынған сүйекті ажыратып, орнына апарып қояды дегенге сенбейтін де заман болды ғой. Алайда, апамыздың алтын қолымен ешбір медициналық гипссіз, хирургиялық көмексіз талай сынық орнына түсіп, еш жеріміз кеміс болып біткен жоқ. Менің бір түйір балам бар. Ер бала болғасын көшеде неше түрлі оқиғаларға тап болады, бізге не болғанын бірін айтса, бірін айтпайды. Қолы да шықты, аяғы да, жағы да сынды. Мәккә апамыздың қасиетіне Құдайдай сенетін мен, дәрігерге апармастан бірден апама алып барамын. Сынықшы Мәккә апамыз ізін білдерместен, сынығын жинап, шыққан жерін салып, сынығын түзеп беретін. Сол тентек баламызды әскерге кетерде ауылдан шығарып салып, қоштасып жіберсек, ол бізге айтпастан, көрші ауылға соғып арнайы Мәккә апамның батасын алуға барыпты. Қазір сол тентек бір түйірім 50-ге келді Аллаға шүкір.

Тағы бірде адам сенгісіз жағдай болды. Мәккә апамыз жаз мезгілінде біздің Плантация ауылына жиі келетін. Ол ауылға келсе, барша Плантация тұрғындары қуанамыз. Бірде Мәккә апам ауылға келді дегенді естіп, «Апа, біздің үйден дәм татып кетіңіз», - деп үйге шақырдым. Үйде алты айлық қызым қол арбада отыр еді, аяқ астынан қолды-аяққа тұрмай, шарылдап жылап, бәріміз жабылып жұбата алмай азан-қазан болдық. Баланың өңі көгеріп, жылап-жылап, әлсіреп қалды, сап-сау отырған бала не болып қалды деп менің зәрем кетті. Сол кезде апам: «Баланы маған берші, менің назарым ауған жоқ па екен» - деп қызымды алып, сипай бастады. Сөйтсе, қызымның жамбасы шығып кетіпті. Мен сәбиімнің жамбасына не болады, ол жүрмейді ғой деп сенбей аң-таңмын, сол кезде апам қызымның екі аяғын көрсетті. Қызымның бір аяғы екіншісінен қысқа екенін көріп, таң қалдым. Мәккә апамыз сипағаннан кейін аяқта орнына келіп, шар-шар еткен қызымда дым болмағандай, пысылдап ұйықтап қалды.

Сынықшы Мәккә апамыздың халыққа жасаған жақсылығы ұшан теңіз. Ол кісі еш уақытта шарт қойған емес, «еңбегім мынадай баға тұрады» деп, немесе «түн ортасы мен қабылдамаймын», «мен қонақтамын, мазаламаңыз» деген сөздерді ешқашан айтпайтын. Кейін Мәккә апаймен жақсы танысқаннан кейін білгенім - апайға алыс жерлерден (алыс аудан, қалалардан т.б) мұқтаж адамдар келіп, алыс жолдан келгесін апайдың үйіне бірнеше күнге жатып емделгенін, келе алмай төсек тартып жатқан адамдардың туыстары апайға келіп, өтініш жасағанда, апай олардың бірінінде көңілін қайтармай, қыс-күз жол нашар, көлігің жайсыз демей, мұқтаж жандарға қолынан

келгенше шипа берген дархан жан еді. Өртүрлі жол апаттары болып, адамдарға алғашқы медициналық көмек көрсетіліп, ауруханаға салады. Туыстары апамды жасырып ауруханаға алып кіргізеді. Мәккә апамыз жарықтық, көмегіне мұқтаж болып келген жанның бірінің көңілін қайтармайтын адамгершігі мол ерекше жаралған жан еді. Мәккә апам есіме түссе көзіме еріксіз жас келеді. Танымайтын, өмірі көрмеген әкеме, жол нашар уақытта жеті түнде алыс шақырымнан трактормен келіп, үміт сыйлаған жан-тек шаңырағындағы ұл-қызының анасы емес - Елдің анасы болған жан еді. Мәккә апамыздың шипалы қолы, алтын мінезі, байсалды қалпы, әр жанға шуағын төгіп тұратын мейірімді жүзі менің мәңгі жүрегімде. Артында қалған ұрпақтары аман - есен өсіп, өніп, жапырақтары жайылсын! Асылдың сынықтары аман болсын!»-деп Шағатай ауылының тұрғыны Жаманкулова Уазира Ғарафовна тебіре естелігімен бөлісті [4].

Емші, сынықшы Мәккә Сүлейменқызы 2009 жылы 2 қыркүйекте 69 жасында дүниеден озып, Ақжайық ауданы Көнекеткен аулына жерленді. Қазір анамыздың өмірден өткеніне 14 жылдай уақыт өтседе, көзі көрген, анамыздың алдынан өткен ауылымыздың үлкен-кішісінің барлығының айтатын естелігі: «Апай жұмсақ алақанымен талай қирап, шыққан сүйектерімізді, еш отасыз орнына түсіретін. Ол кісінің алдына келіп, ауырған жерін сипатып ем алатын. Сынықшы Мәккә Сүлейменқызының ауру адамды сипап салған сүйегі қисық бітіп немесе кеміс болып қалған дегенді ешқашан естімеппіз»-дейді. Атадан дарыған қасиетпен ол ақырғы күніне дейін халыққа қалтқысыз қызметін атқарған қадірлі жан. Қазіргі уақытта да ауылда сынығы тұрмай, сүйегі ойнамалы болып жүрген ауыл адамдары Мәккә анамызға орамал арнап, оны шыққан жерлеріне байлап, бейітіне құран оқытып, ақтық байлайды. Осылайша аурына шипа іздеп, медет тұтатындар көп.

*Фотосуреттер Сулейменова Махуза Шайқызының отбасылық альбомынан алынды.*

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Сулейменова Мария Шайқықызының естеліктері. Теректі ауданы Жаңаөмір аулының тұрғыны. Естелікті жазып алған Бану Айдынғалиқызы.2019ж.
2. Есқалиев Б. «Сынықшы» «Ақжайық» газеті. 1988,16 наурыз , 5б.
3. Айдынғалиқызы Бану «Қайран, әке-шешенің қадірі» «Жайық таңы» газеті, 2010 ж., сәуір. 3 б.
4. Жаманкулова Уазира Ғарафовнаның естеліктері. Теректі ауданы, Шағатай аулының тұрғыны. Естелікті жазып алған Бану Айдынғалиқызы.2018ж.

МРНТИ: 03.20

#### **ЛИШЕНИЕ ИЗБИРАТЕЛЬНЫХ ПРАВ КАК ФОРМА СОЦИАЛЬНО-ПОЛИТИЧЕСКОЙ ДИСКРИМИНАЦИИ В 1920-1930 ГГ. (ПО АРХИВНЫМ МАТЕРИАЛАМ ЗКО)**

*Сапашиева Э.И* – ЗКУ им. М.Утемисова,  
магистрант 2 курса ОП «История»,  
Уральск, Казахстан

В статье на конкретно-историческом материале опубликованных и архивных источников рассматриваются социальные характеристики данной группы, нормативные акты, пересматривающие признаки, по которым человек попадал или выходил из этой категории, а также раскрываются социально-экономические последствия ограничения в

правах. Начиная с первой советской Конституции 1918 года и вплоть до середины 30-х годов XX века в стране существовала категория «лишенцев», то есть лиц, лишенных избирательных прав.

Стратегии советской социальной политики в течение многих лет в значительной степени вытекали из поставленных задач государства это формирования желательной классовой структуры. Этот процесс осуществлялся, с одной стороны, при помощи создания преимуществ для тех социальных групп, которые являлись «прогрессивными» с точки зрения доминирующей идеологии (индустриальных рабочих, в меньшей степени крестьянства), с другой стороны, ограничений, а подчас и физического уничтожения тех групп, которые воспринимались как «неблагонадежные» и отсталые (представители дворянства, купечества, духовенства, подозрительной интеллигенции, «неправильного» крестьянства). Эти преимущества и ограничения имели не только символический, политический и культурный характер; существовали различия в доступе к материальным и социальным благам и ресурсам, а политические различия усиливались путем регулирования положения в обществе.

В годы гражданской войны, на освобожденной прифронтовой территории невозможно было организовать выборы и нормальную работу Советов, сама жизнь требовала создания чрезвычайных органов власти - ревкомов, являющихся гибкими и оперативными в решении неотложных задач.

Из областных и уездных центров на места были направлены специально подготовленные инструктора, ответственные партийные советские работники для организации ревкомов и проведения выборов аульных, сельских и волостных Советов. 15 февраля 1919 г. отдел по национальным делам Уральского облревкома направил в казахские аулы 30 таких инструкторов. 3-4 февраля 1919 г. исполком Актюбинского уездного Совета утвердил списки ответственных работников, направляемых в аулы и села для проведения выборов [1, с. 171-172].

Комиссии было поручено составление инструкций по созыву съезда, причем для казахского населения составление инструкций поручалось А.Байтурсынову, Б.Карандину и В.Мукашеву, а для русского - В.Лукашеву, Петрову и С.Мендешеву. Комиссия в первую очередь занялась разработкой инструкции о порядке избрания депутатов на Учредительный съезд Советов. Обсуждение вопросов, в первую очередь о том, какие категории населения лишаются избирательного права, обнаружило определенные разногласия у членов Комиссии [2, с. 179].

*Протоколы Революционного комитета по управлению Казахским краем. Сборник документов, с.23; Зиманов С., Даулетова С., Исмагулов М., Казахский революционный Комитет, А., 1981., с.179*

23 августа 1920 г. Казревком окончательно утвердил инструкцию по выборам во Всказахский съезд Советов, по которой права представительства на съезд предоставлялось всему трудовому населению Уральской, Тургайской, Семипалатинской, Акмолинской областей, казахской части Астраханской губернии (Букеевская Орда) и тех районов, которые к моменту выборов будут включены в состав Краевого управления. Казахское население областей и уездов, не входящее в состав Краевого управления (жители Семиреченской и Сырдарьинской областей, а также некоторых других областей ТуркАССР), избирает своих представителей, которые будут присутствовать на съезде с правом совещательного голоса [2, с. 179].

*Зиманов С., и др. Указ. работа, с.183*

Инструкция устанавливала, что избирать и быть избранными могут граждане обоего пола, независимо от вероисповедования, национальности и оседлости, достигшие ко дню выборов 18-летнего возраста и принадлежащие к классу трудящихся. Не имели права избирать и быть избранными лица, живущие на нетрудовые доходы, торговцы, спекулянты, духовные служители, бывшие агенты

полицей и жандармерии, все участники Алашского и белого движений, не заявившие о признании Советской власти, душевнобольные [2 с. 179 ].

*Зиманов С., и др. Указ. работа, с.183*

На законодательном уровне данный подход был закреплен еще в первой советской Конституции, принятой V Всероссийским съездом Советов летом 1918 года. В основном законе страны определяется круг лиц, которые «не избирают и не могут быть избранными» (раздел IV, глава 13, статья 65), лишаются так называемого активного и пассивного избирательного права. По Конституции сюда относились лица: использующие наемный труд с целью извлечения прибыли; живущие на нетрудовые доходы (проценты с капитала, доходы с предприятий, с имущества или чего-либо еще), частные торговцы, торговые и коммерческие посредники; монахи и служители культов; бывшие служащие и агенты полиции, жандармерии, охранных отделений, а также члены царствовавшего дома; признанные в установленном порядке душевнобольными или умалишенными, находящиеся под опекой; «осужденные за корыстные и порочащие преступления на срок, установленный законом или судебным приговором» [3 с. 561].

*[Декреты... 1959. С. 561—562].*

Надо учесть, что выборы всех уровней власти происходили путем открытого голосования, простым поднятием руки на собраниях.

На избирательном собрании могли присутствовать лишь лица, пользующиеся соответствующим правом. О времени и месте проведения такого собрания избирателям сообщалось не позднее суток до созыва, а согласно инструкции 1924 года этот срок был сокращен до 13 часов.

Начиная избирательное собрание, председатель должен был огласить список лиц, не имеющих права участвовать в выборах. При этом избирателям фактически отводилась роль статистов, так как на их рассмотрение представлялся заранее подготовленный безальтернативный кандидат или список, утвержденный партийными органами. Кворум не имел значения; избирательное собрание в случае недостаточного присутствия избирателей откладывалось на два часа, после чего считалось правомочным принимать любые решения, независимо от количественного состава [4].

*[см. подробнее: Тимофеева, Федорова, 2002. С. 43—53; Тимофеева, Федорова, 2000. С. 43-53].*

На основании исследования материалов выявлено, что на протяжении 1920-х годов инструкции по проведению выборов неоднократно пересматривались. Оставалась только неизменной практика составления перед каждым выборами «Списка лишенных избирательных прав» и его обнародование, чаще всего проходил путем публикации. Списки должны были быть обнародованы за неделю до выборов.

В избирательной комиссии, составившей данный список и фактически включившей жалобщика в число «лишенцев», были обязаны рассмотреть жалобу «лишенца» в суточный срок и с собственным заключением отправить в вышестоящую инстанцию.

Документы Западно-Казахстанского Областного архива позволяют проследить механизм практического применения данных постановлений и инструкций. Рассмотрим конкретный пример выборов в Илекском уезде. Выборы проходили с 10 декабря 1925 года по 28 января 1926 года.

Участвовали в выборах избирательной кампании достигшие 18-летнего возраста. Подсчет показывает, что от выборов было отстранено 288 человека от общего количества населения 604 человек, как не имеющие права- 3 человек. Фонд №24, Опись №4, Дело №592. Уральский губернский отдел управления Исполнительного комитета. Протоколы заседаний членов аульного совета, списки граждан аула №3 имеющих

право избирать и лиц, не имеющих права избирать по Чингирлауской волости, Илекского уезда Уральской губернии за 1922 год. [5].

Среди них 50% предпринимателей, человек, живущих на нетрудовые доходы, торговцев и их посредников, 40% служителей культа, 8% бывших служащих полиции и жандармерии, осужденных, 2% умалишенных и «прочих». Как видно из приведенных данных основную долю «лишенцев» составляли лица, занимавшиеся торговлей - и это в условиях, когда в стране проводилась новая экономическая политика, разрешившая частное предпринимательство и легализовавшая рынок.

В политико-правовом контексте отстранение от участия в выборах за занятие торговлей выглядит как мера защиты интересов военно-коммунистического режима с его командно-административной системой.

Не менее серьезную опасность для власти представляли и священнослужители - «лишенцев». Они представляли большевикам конкуренцию в идеологической работе. В результате исследования выявлено что категория лиц религиозного культа, духовенство опережало по численности торговцев в отстранении от выборов .

Что касается «лиц, живущих на нетрудовые доходы», то сюда относились лица имеющие доход от сдачи имущества в аренду, в найм, живущие на доходы от ценных бумаг или иждивенцы, члены семей «лишенцев», не имевшие собственного, приносящего доход .

Под угрозой уголовной ответственности «лишенцы» при смене места жительства должны были регистрироваться в административных отделах местного управления для включения их в списки лишенных избирательных прав к очередным выборам [6].

*[Социальный. 1996. С. 80].*

Анализ архивных материалов по Западно-Казахстанской области, в частности, таких как «Материалы по пересмотру списков лишенных права голоса по Илекскому Уезду»

( июнь 1925 г. – ноябрь 1925 г) Фонд 24, опись 2, дело 450, позволил выявить, что вышеуказанные категории лиц не допускались к восстановлению прав.

Избирательная комиссия при применении статьи 69 Конституции РСФСР лишала избирательных прав следующих лиц:

1. Лиц, применяющих наемный труд, пользующихся кроме своего надела и еще арендой землей;

2. Крупных скотоводов, пользующихся наемным трудом, занимающиеся скупкой и перепродажей скота в торгово-промышленных целях и ведущих свое хозяйство на основе ростовщического осуждения скота беднякам;

3. Лиц, занимающихся перепродажей чужого труда, в качестве маклеров, скупщиков, как торговцы;

4. Все представителей духовного религиозного культа;

5. Контор, занимающихся проведением религиозных обрядов;

6. Баксы;

7. Агентов бывшей полиции, жандармерии, карательных отрядов

8. Бывших волостные управителей, назначенных по Степному Положению, «Положению о Туркестанском крае», волостных управителей, биев, казахских народных судей, всех, кто получил от царского правительства знаки отличия и награды;

9. Имеющих звание «личные почетные граждане», всех уездных начальников, прокуроров, следователей;

10. Психически больных, умалишенных, осужденных.

На основании протокола от 26.08.25 г. по Илекскому уезду только по Чиликской волости по 14 аулам за 1 день лишены избирательных прав 35 мулл.

На основании протокола от 27.08.25 г. по Бурлинской волости только по 13

аулам за 1 день лишены избирательных прав 14 мулл.

По аулу №3: По списку по аулу №3 всех мулл лишить права голоса

Протокол №6 от 28 августа 1925 г. заседания уездной комиссии по рассмотрению списка лишенных прав голосов по Ташлинской волости, имел заключение: не восстанавливать как священников 8 граждан, как кулаков, открыто агитирующих против распоряжений Советской власти 2 граждан, как бывшего служащего полиции, осужденного 1 гражданина [7].

Избирательная комиссия собирала данные по каждому гражданину, достигшему 18 лет, по критериям: ФИО, пол, возраст, национальность, член какого профсоюза, чем занимался до февральской революции, чем занимается в настоящее время, причина отстранения от выборов и право быть избранными.

Таким образом, можно сделать следующие выводы: комиссия, которая работала по составлению списков в участии на выборах проводила и выполняла четкую инструкцию по сбору категорий лиц, на которые было разделено советское общество. Четкое разграничение между теми, кто был против советской власти, давало им возможность разделить всех на категории для последующего гонения и отстранения от возможности быть полноправными членами общества. Так, например, если член семьи являлся хазретом, торговцем, то и все члены семьи автоматически переходили в категорию «лишенцев». В силу своей слабости и защиты членов семьи многие отрекались от санов и даже родственных отношений. В каждом ауле работала своя комиссия, не упускался из виду не один житель аула, если даже был простым хлебопашцем в советское время, рассматривались его данные до Февральской революции, рассматривались родственные связи в прошлом с «баями», «кулаками». Четкий механизм отбора и чистка общества на «своих» и «чужих» готовился по инструкции «сверху», по плану, у которого готовился для дальнейшего командного управления и гонения.

Проведение выборов. Здесь надо учесть, что для недопущения организации антисоветских организаций, ограничения в избирательных правах граждан, представляющих политическую или социальную угрозу власти, выборы всех уровней власти происходили путем открытого голосования, простым поднятием руки на собраниях.

С октября 1929 года постановлениями ЦИК и СНК СССР для категорий «лишенцев» расширен перечень списка поражения в правах:

- не допускать к получению почетных званий;
- в случае неисправности лишать родительские права;
- отобрана возможность получения пенсии и пособия по безработице;
- не имели постоянного места работы, даже при наличии соответствующего образования;
- не имели жилья зачастую;
- выселяли лишенцев из коммунальных квартир, лишая постоянного места жительства;
- запретили доступ к получению начального, среднего, высшего образования, т.е. вплоть до исключения детей лишенцев из школ;
- семьи лишенцев лишались социального обеспечения;
- не имели права проживать в городах Москва и Ленинград;
- после отбывания срока уголовные элементы не имели права вернуться на прежнее место жительства;
- отстранялись от принятия в члены колхозов;

Все члены семей лишенцев также лишались прав, например, таких как:

- не допускались к ответственным должностям по службе;
- лишались пенсий и пособий по безработице;
- получали самую низкую заработную плату;
- не имели права вступать в профсоюзы и быть членами профсоюза;

- не допускались быть руководителями предприятий и организаций;
- не получали продуктовые карточки, введённые в 1928 году;
- не имели льгот по оплате налогов и прочих платежей.

Такие ограничения создавали тяжелые условия жизни для семей «лишенцев», проживающих в сельской местности. Эти семьи были, в основном, многодетными, и вышеуказанные ограничения часто приводили к детской смертности и болезням.

### Заключение

Несмотря на показательное в этом плане постановление Президиума ВЦИК «О запрещении государственным учреждениям и организациям требовать от граждан представления справок о наличии избирательных прав», датированный 30 октября 1931 года, при рассмотрении преамбулы там перечисляются случаи, «не предусмотренные законом», требования с граждан справок о наличии у них избирательных прав — при прописке, взятии на учет органами труда, поступлении в вузы.

По закону постановление было направлено на восстановление социальной справедливости и должно запретить эту практику, но в действительности выясняется, что запрет касается только оформления официальных бумаг, так как «создает излишнюю работу для органов власти по выдаче указанных справок» и не распространяется на требование собственно сведений об избирательных правах.

Отныне сам гражданин сообщал о себе необходимые данные и за ложные сведения о наличии или отсутствии избирательных прав, а также за неправомерное пользование этими правами нес уголовную ответственность [8, с. 221].

[Социальный. 1996. С. 95—96].

Перед тем как начался процесс раскулачивания, списки лиц относящихся к категориям «кулак», «бай», «зажиточный середняк» был заранее подготовлен по регионам, волостям, аулам. Компания направленная против самых влиятельных «врагов» и «вредителей» в степи. Велась работа с председателями аулов, волостей по составлению списков лиц относящихся к этим категориям.

На основании статей конституции были выделены категории которые назвались «эксплуататоры, применяющий наемный труд», эти категории лишались избирательных прав, т.е. еще с периода начало 1920 годов шла фабрикация списков, где отдельными таблицами прописывались все граждане с 18 летнего возраста подлежащие к категории.

Конституция РСФСР 1918 года устанавливала в разделе IV, главе 13, статье 65, что:

Специально указывалось, что не лишаются избирательных прав: - «кулаки», то есть «лица, применяющие наёмный труд в сельском хозяйстве, если это не влечёт за собой расширения хозяйства за рамки трудового». «Основным признаком трудового хозяйства в данном случае является подсобный характер наёмного труда и обязательное участие в повседневной работе в хозяйстве наличных трудоспособных его членов» [9].

Материалы по пересмотру списков лишенных права голоса по Илекскому Уезду (июнь 1925 г. – ноябрь 1925 г.) Фонд 24, опись 2, дело 450, свитки 40. По сдаточной описи 7, организационный отдел №14, по описи 47.

Но в действительности вот эти экономические признаки подготовили почву и легли в основу Постановления СНК СССР от 21 мая 1929 года «О признаках кулацких хозяйств»

На основании Постановления, для того чтобы быть причисленным к кулацким хозяйствам, достаточно было обладать хотя бы одним из перечисленных показателей:

а) систематическое применение наемного труда. Не должны были лишаться избирательных прав крестьяне, имеющие одного наемного работника в силу особых обстоятельств. На время уборки урожая допускался найм двух, но не более,

работников.

б) наличие в хозяйстве мельницы, маслобойки и т.д., если в хозяйстве имеется водяная или ветряная мельница с двумя или более поставами;

Ст. 69 Конституции РСФСР руководствуется правилами

Лишаются избирательных прав:

1. Лица применяющий наемный труд, пользующие кроме своего надела и еще арендой землей

2. Крупные скотоводы, пользующие наемным трудом, занимающиеся скупкой и перепродажей скота в торгово-промышленных целях и ведут свое хозяйство на основе ростовщического осуждения скота беднякам [10]. Фонд 25, Опись 5, Дело 181 (586)

Механизм депортации раскулаченных, поражение в правах имело четкую бюрократическую градацию. «В зависимости от тяжести обвинений оно варьировалось по месту высылки или внутри родного района (третья категория, кулаки «лояльные к режиму»), или в районы, отдаленные от их родных мест (вторая категория, «крупные собственники, по своей природе поддерживающие контрреволюцию»), или, наконец, за пределы республики (первая категория, крупные собственники, «контрреволюционеры»). Процесс политики высылки и гонения стали основой для репрессий. Идеологическая же составляющая была связана с социальной чисткой села, начатой в декабре 1929 г., которая одновременно открывала путь произволу властей.

С политикой массовой коллективизации и раскулачивания, ставшей первой волной массовых репрессий в нашей стране, маргинализация примет экстремальный, концентрированный характер, запланируется в реализации особый аппарат контроля и репрессий, появится огромный аппарат ГУЛАГа, спецпоселения и многое другое, что ассоциируется с советской машиной социального регулирования.

#### ЛИТЕРАТУРА:

1. История Казахстана (с древнейших времен до наших дней): в пяти томах. Т. 4. /под общ. ред. Ж.Б.Абылхожин, К.С. Алдажуманов, К.Н. Бурханов – Алматы: Атамура, 2009. – 171-172с.

2. Протоколы Революционного комитета по управлению Казахским краем: Сборник документов: С.23/ Зиманов С., Даулетова С., Исмагулов М.//Казахский революционный Комитет. А.: – 1981. — С.179.

3. Декреты Советской власти. М.: Политиздат, 1959. Т. 2. С. 561—562.

4. Тимофеева, Федорова, 2002. С. 43—53; Тимофеева, Федорова, 2000. С. 43-53

5. Архив Западно-Казахстанской области. Фонд №24, Опись №4, Дело №592.

6. Социальный портрет лишенца (на материалах Урала). Екатеринбург: УрГУ, 1996. Тимофеева Л. С., С. 95—96.

7. Архив Западно-Казахстанской области. Фонд 24, опись 2, дело 450

8. Документы свидетельствуют: из истории деревни накануне и в ходе коллективизации 1927-1932 гг. М.: Политиздат, 1989. С. 221—222.

9. Архив Западно-Казахстанской области. Материалы по пересмотру списков лишенных права голоса по Илекскому Уезду (июнь 1925 г. – ноябрь 1925 г.) Фонд 24, опись 2, дело 450, свитки 40.

10. Архив Западно-Казахстанской области. Фонд 25, Опись 5, Дело 181 (586)



## ОРАЛ ҚАЛАСЫНЫҢ МӘДЕНИ ӨМІРІ (1960 – 1980 ЖЖ.)

*Сұлтан А.Б.* – тарих магистрі, №1 ЖОББМ  
тарих пәні мұғалімі, Орал, Қазақстан

Кеңестік кезеңдегі мәдениет тарихының айрықша ерекшелігі оның дамуында партия мен мемлекет рөлінің аса басымдығы болды. Коммунистік партия мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар арқылы халыққа білім беруді, мәдени – ағарту жұмыстарын, әдебиетпен өнерді бағыттап және бақылап отырды, еңбекшілерді маркстік-лениндік идеология рухында, идеялық-саяси тұрғыда тәрбиелеу жұмысын жүргізді [1, 547 б.].

Мәдениет қызметкерлерінің Бүкілодақтық кеңесінде «Мәдени-ағарту қызметкерлері – ең алдымен идеология қызметкері. Ал бұл рөлді ойдағыдай атқару үшін оған жақсы маркстік-лениндік дайындық, кең саяси эрудиция, педагогиканы, психологияны және әрине негізгі мамандығы ретінде көркем мәдениеттің белгілі бір саласын білу қажет. Жоғары коммунистік мәдениетті ол бұқара халық арасына сөзбен, көркемдік бейне арқылы ғана емес, сонымен қатар жеке үлгісімен де таратуға тиіс» [2, 3 б.].

1945 жылы Қазақ КСР Халық комиссариаты жанында мәдени-ағарту мекемелерінің істері жөніндегі комитет құрылады, ол кейін киноматография, өнер істері жөніндегі комитетпен бірге республикалық Мәдениет Министрлігінің құрамына енеді. Соғыстан кейінгі жылдарда осы мекемелер негізгі мәдени-ағарту жұмыстарын бақылап, жүзеге асырды. Жалпы соғыстан кейінгі уақытта енді ғана бас көтерген елде материалдық жағдай ақсап, қаржы тапшылығы кең орын алып отырды. Осындай қиындықтарға қарамастан елдің бейбіт жағдайға көшуіне орай халықтың жаңа өмірге ынтасын арттырып, жағдайын көтеру мақсатында үкімет бірқатар шараларды қолға алады. Соның бірі қаладағы мәдени-ағарту органдарының жұмысын жолға қою, оларға соғыстан кейінгі ел алдындағы бесжылдық жоспарды орындау міндеттерін жүзеге асыруды жүктеу болды [3, 96 б.]. Осындай жүйелі жұмыстар арқасында қаламызда мәдени – ағарту мекемелерінің жағдайы айтарлықтай түзелгенімен, бірақ мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысындағы кемшілік олардың маусымды жұмыс жасауы, мереке-мейрамдарға ғана қатысты қызмет көрсетуі, көпшілігінің арнаулы жетекшілерінің болмауында болды.

1965 жылы қаламызда 7 кинотеатр, 16 клуб, 30-ға жуық қызыл бұрыш, 3 жазғы би алаңы, А.И Островский атындағы орыс драма театры, 49 кітапхана, 38 киноқұрылғы жұмыс жасап, халыққа мәдени қызмет көрсетті. 1960–жылдарда қаладағы кинотеатрлар қатары 260 орындықты Ленин комсомолы атындағы, 312 орындықты «Аврора», 500 орындықты «Мир» кинотеатрларының салынуымен толықты. 1967 жылы қалада 9 кинотеатр, 100 әртүрлі кітапхана, 16 клуб еңбекшілерге қызмет көрсетті. Әсіресе өнеркәсіп орындарының көпшілігінде кітапханалар ұйымдастыру кең етек алады. Бұл кітапханалар жұмысы оқырмандарды тартумен қатар түрлі көрмелер ұйымдастыру, әдеби кештер, кездесулер өткізу бағытында жүрді [4, 216 б.].

Мәдени-ағарту мекемелерінің бірі ретіндегі кітапханалар ісіне келсек, 1965 жылы қаламыздағы кітапханалардағы кітап қоры 99 546 болды. Ал 1970 жылы 288672 данаға жетті. 1968 жылы 1 қаңтарда қалалық кітапханалардағы оқырман саны 85 мың адамды құрады. Жалпы 1970- жылдардан бастап қала еңбекшілері ағарту, саяси, білім беру бағытында 18 қызмет ету аймағына бөлініп, әрбір кітапханаға белгілі бір қызмет ету аймағы бекітілді. Мұның өзі кітапханалар жұмысын жолға қойып, халықты оқырман болуға тартуға ықпал етті. Нәтижесінде оқырмандар саны 4492 адамға, кітап беру ісі 115027 данаға өсті. 1970 жылы 1 қаңтарда кітапханалар жүйесіндегі кітап қоры 1651922 данаға өсті. Әрбір қала оқырманына орташа есеппен 17 кітаптан, әрбір тұрғынға 12 кітаптан келді. Кітапханалардың кітап қорын толықтыру үшін 1972 жылы кітап алуға 33 мың сом, соның ішінде қалалық бюджеттен 30 мың сом, орталық қордан

3 мың сом, қалалық кеңес жанынан қосымша 2,2 мың сом ақша бөлінді. Мұның өзі кітап қорларының өсуіне ықпал етті. Оны мына цифрлар дәлелдейді. 1972 жылы 1634581 дананы құраса, 1973 жылы 1899582 дана кітап қоры болды. Ал 1975 жылы бұл көрсеткіш 2010204-ке жетті. Әрбір кітапхана кеңестік құрылыстың ісіне, мемлекеттің жоспарлары мен нұсқауларының іске асуына көмектесуші идеологиялық орталық болғандықтан кітапханалардың ең маңызды міндеті – қызмет көрсетуді жақсарту және оқырманға рухани жағынан өсуге көмектесу болды. осыған орай кітапханада үгіт-насихат жұмыстары, саяси оқуларды, кітап көрмелерін ұйымдастыру, қызықты адамдармен кездесулер жүргізіліп отырды [5, 123 б.].

Қаланың мәдени-ағарту жұмыстарының қол жеткен табыстарына клуб мекемелерінің қосқан үлесі зор болды. Бұл кезеңде кітапханалармен қатар клубтар да 998 әртүрлі мәдени шаралар өткізіп, 184 спектакль мен концерт қойды. Клубтар концерттер, лекциялар, кездесулер, әр түрлі тақырыптық кештер өткізе отырып, халық таланттарын табуда да көп жұмыстар атқарды. Бұл кезеңдегі клуб жұмысының негізгі бағыттары үйірмелік жұмыстар мен көркемөнерпаздар жұмысын ұйымдастыру болса, 1960-жылдардан бастап клубтар үйірмелік жұмыстан бірте-бірте мәдениет үйлерін, студиялар, халық театрларын, филормонияларды ұйымдастыруға көше бастайды [3, 101 б.].

Осы уақыттарда қаламызда жұмыс жасап тұрған театрлардың бірі де бірігейі А. Островский атындағы драма театры болатын. Бұл театр сахнасында әр уақыттарда И. Ильинский, Р. Зелёная, В. Качалов, О. Андровская, Б. Төлегенова, Р. Бағланова, Е. Серкебаев, Р. Рымбаева сияқты театр, кино және эстраданың үздік майталмандары өнер көрсеткен. Сонымен қатар театр Ғ. Мүсіреповтың «Қозы Көрпеш пен Баян Сұлу», С. Мұқановтың «Шоқан Уәлиханов», «Ботагөз» тәрізді қазақ драматургиясының аударма туындыларын да қойып отырған. Алайда театрда кемшіліктері де болып отырды. Оған мысалы ретінде, 1969 жылы 20 ақпанда Қазақ КСР Мәдениет министрлігі алқасының «Республика театрлары мен концерттік ұйымдарының қызметіндегі елеулі кемшіліктер туралы» қаулысы шықты. Қазақ КСР-нің Министрлер Кеңесі 1969 жылғы 31 қаңтардағы «Республика театрлары мен концерттік ұйымдарының қызметіндегі елеулі кемшіліктер туралы» №57 қаулысында былай деп өтті: Қазақ КСР Мәдениет министрлігі және оның жергілікті органдары Қазақ КСР-і Министрлер Кеңесінің 1966 жылғы 4 маусымдағы «Қазақ ССР Мәдениет министрлігінің «Театр – ойын – сауық қызметіне басшылықты жақсарту, қырсыздықты, театрлар мен концерттік ұйымдарды ұстауға бөлінетін қаражаттарды заңсыз жұмсауды жою және өндірістік-қаржы қызметін жақсарту жөніндегі жұмысы туралы» қаулысын ойдағыдай орындамай отыр. Қаулыда республика театрларының 1967 және 1968 жылдарда спектакльдердің қойылымы мен көрермендерді қамтудың саны жағынан жоспарды орындамағаны айтылады: сметалық бөлінген мемлекеттік қаражатты 431 мың сомасында артық жұмсау шығынына жол берілген, 23 театрдың 1967 жылы 14-і, ал 1968 жылы 15-і жоспардан тыс жұмыс жасаған. Театрлардың қаражат жетіспеушілігі 1968 жылы 1 қаңтарда 150 мың сомды, ал 1968 жылдың соңына қарай 120 мың сом құраған. Көрермен залдарын тұрақты толтыру жоспарын көпшілік театрлар жыл сайын орындамайды. Ары қарай қаулыда былай делінеді, театрлардың басшылары өнер қызметкерлерін жұмыспен жүйелі қамтамасыз етпейді, соның салдарынан көптеген артистер мен көркемдік-басшылық құрамындағы қызметкерлер спектакльдерде, концерттер мен жаңа қойылымдар шығаруда белгіленген нормаларды әрдайым орындамайды. Ал белгіленген нормалардан артық жұмыс жасағандары үшін артистерге, режиссерлерге және суретшілерге үлкен сомадағы ақша төленеді. Солардың бірі Орал облыстық Островский атындағы драма театрында штаттағы режиссерлер мен суретшілер жұмыспен жеткілікті қамтылмастан, спектакльдерді қою мен сахналарды безендіру үшін сырттан мамандар шақырылып, оларға көтеріңкі мөлшерлерде сыйақылар төленген» [1, 627 б.].

Негізінен 1960-жылдарда халыққа мәдени қызмет көрсетудің ең көп тараған, әрі көпшілікті қамтитын түрі – кино көрсету болды. 1967 жылы орал қаласында 9

кинотеатр болды. Кинотеатрлар кинофильмдерді сапалы көрсетумен қатар өте ауқымды тәрбие жұмыстарын да жүргізіп отырды. Кинотеатрларда киноклубтар, кинолекториялар жұмыс жасап, тақырыптық фильмдер, кештер, көрермендер конференциясы жиі өткізіліп тұрды. Бірақ барлық жұмыс орыс тілінде жүргізілді. Кинотеатрлардың көрермендермен ұйымдастыру-бұқаралық жұмыстарын өте жақсы жүргізгендері үшін, киноаппараттарын үлгілі дәрежеде ұстап, кинодан түсетін жоспарын асыра орындау жұмысының қорытындысы бойынша 1967 жылдың I кварталында «Мир» кинотеатры III сыйлыққа ие болған (директор Баймуханов), ал III кварталда Гагарин атындағы кинотеатр алды (директор Портянов). Бұл кинотеатрлар № 6,40 мектептер мен Землячка атындағы зауытпен, К. Цеткин атындағы фабрикамен үнемі байланыс жасап отырды. Бұл бір жағынан кинотеатрларға өз көрермендерінің қатарын толықтыруға мүмкіндік берсе, екінші жағынан, еңбекшілердің, оқушылардың өз демалысын ұйымдастыруға мүмкіндік берді. Әрбір кинотеатрдың көрерменмен жұмысының негізгі формасы ретінде - кинофестивальдар, кездесу, кино-премьералар, фотокөрмелер, кинолекторийлер өткізді. Балаларға арналған Гагарин атындағы кинотеатрда «Буратино», «Малыш» киноклубтары жұмыс жасады [3, 101 б.].

Мәдени-ағарту мекемелерінің қызметшілерін дайындайтын Орал мәдени-ағарту училищесін айтпай кеткеніміз жөн болмас. Бұл училищеде 10 жыл ішінде 377 кітапханашы мен 398 клуб қызметкері бітіріп шыққан. Олардың 22-сі үздік дипломға ие болып, Шымкент, Ленинград, Куйбышев, Челябині қалаларындағы жоғары оқу орындарына түскен. Училище түлектерінің көпшілігі ауыл-селоларда клуб жұмыстарында, көркемөнерпаздар үйірмелері мен кітапханаларда ел игілігі үшін қызмет етті [6, 4 б.].

Негізі 1968 жылдан бастап мәдени-ағарту мекемелерінің жұмыстары XXIII съездің шешімдерін насихаттауға бағытталды. Осы жылдан бастап бескүндік жұмыс аптасына көшуге орай қалалық мәдениет мекемелері еңбекшілердің демалысын ұйымдастырудың нақты шараларын жасады. Қалалық демалыс паркінде 16 мереке өткізіліп, 327 концерт қойылды. 1960-жылдарда әлеуметтік-мәдени шараларға Қаз КСР Мемлекеттік бюджетінің жұмсаған шығыны 743,4 млн сом болды. Осындай қаржыдан Орал қаласы да өз үлесін алып, мәдени-ағарту шараларын жүзеге асырды.

Қазақ ССР өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, құрылыс, транспорт, байланыс, сауда, тұрмыс, ғылым мен мәдениет мекемелері қызметкерлерінің 1974 жылға арналған жоспарды мерзімнен бұрын орындау жөніндегі социалистік міндеттемелерінде мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысын жақсартып отырып, алдағы уақытта мекемелер санын көбейтуді көздейді. Сонымен қатар басты міндеттерінің бірі, театр және кітапханаға келушілердің санын арттыру [7, 4 б.].

Осындай жоспарлы міндеттердің нәтижелерінде, 1981-1984 жылдар арасында қалада кітапханалар саны 102-ден 109-ға, клубтар мен мәдениет үйлері 19-дан 21-ге дейін өскен болатын. Алайда осы уақыттағы қаладағы жұмыс жасаған 29 клуб, 3 мәдениет үйі, 110 кітапхана, 2 өнер мекемесі, 3 музей мен 6 кинотеатрдағы жүргізілген жұмыстардың басым бөлігі орыс тілінде болды. Мұның бәрі қалалық партия комитетінің бақылауымен және тікелей нұсқауымен жүзеге асырылды.

Қалалық мәдениет бөлімі партияның XXVIII съезінің шешімдерін жүзеге асыру мақсатында мәдени шаралар қызметін жақсартудың жаңа әдіс-тәсілдерін іздестіруге, барлық мәдени мекемелердің комплесті қалалық мәдени-бұқаралық шараларды өткізу жұмыстарын реттеуді жақсартуға ерекше көңіл бөле бастады. Бұл кезеңде мәдени жұмыстардың жаңа формалары енгізіліп, дәстүрлі түрлері қайта жан-дандырылды. Мысалы, әзіл-сықақ кештері, ақындық кештер, халық шығармашылығының фестивальдары өткізіліп, КВН командаларының кездесулері жаңартылып, қалалық 14 үгіт бригадасы 14 ауданды аралады. Осы кезде қалада 78 жаңа коллектив пайда болды. Олардың қатарында орыс халық аспаптар оркестрі, фольклорлық-этнографиялық топтар тағы басқалары құрылды. Қалада қолданбалы көркемөнер көрмелері, еңбек

коллективтерінің рапорттары, көркемөнерпаздар коллективтерінің есептері, жанұялық ансамбльдердің байқау жарысы, облыс аудандарының күндері өткізілді [3, 105-106 бб.].

Қорыта айтатын болсақ, қаланың мәдени-саяси даму жағдайынан кеңестік кезеңде ұлттық мәдениет пен дәстүрлердің дамуы шектеліп, ұлттық сана имперлік саясат шеңберінде тұншықтырылып келгенінің көрінісі айқын байқалды. Клубтар, мәдениет кешендері мен кітапхана қорларының басым бөлігінің орыс тілді болуы қалада ұлттық мәдениетті дамытудың басты кедергісі болды. Бұлардың өзі де облыстық деңгейдегі мектептер болды, қалалық бірде-бір қазақ тіліндегі мектеп пен балабақша болмады. Сондай-ақ 1980-жылдардың ортасына қарай қалада жұмыс жасаған 29 клуб, 3 мәдениет үйі, 110 кітапхана, 2 өнер мекемесі, 3 музей мен 6 кинотеатрдағы жүргізілген жұмыстардың да басым бөлігі орыс тілінде болды. Мұның бәрі қалалық партия комитетінің бақылауымен және тікелей нұсқауымен жүзеге асырылып отырды.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан тарихы бес томдық – 4 том.- Алматы: «Атамұра» -2010. – 751 б.
2. Партия саясатының белсенді жаршылары.// Орал өңірі. -1979.- 17 қаңтар
3. Журсова А.Ш. Орал қаласының тарихы: әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму аспектілері (1946-2011 жж.): //Монография.– Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ Редакциялық баспа орталығы, 2012. - 172 бет.
4. Народное хозяйство Казахстана в 1981 г.: Статистический ежегодник. – Алма-Ата: Казахстан. 1982. – 263 с.
5. Кітапхана және Уақыт/Библиотека и Время:// БҚО Ж.Молдағалиев атындағы ОҒӘК-ның құрылғанына 140 жыл толуына арналған жинақ. – Орал:-2011.- 268 б.
6. Мәдени-ағарту ордасына он жыл.// Орал өңірі.-1990,- 27 қараша
7. Қазақ ССР өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, құрылыс, транспорт, байланыс, сауда, тұрмыс, ғылым мен мәдениет мекемелері қызметкерлерінің 1974 жылға арналған жоспарды мерзімнен бұрын орындау жөніндегі социалистік міндеттемелері.// Орал өңірі.-1974.- 16 ақпан

УДК 347.167 «18-19» (574)

### **ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МИССИОНЕРЛЕР ҚЫЗМЕТІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХНАМАСЫ (XIX Ғ.АЯҒЫ – XX Ғ.БАСЫ)**

*Утеулиева В.С.* – М.Өтемісов атындағы БҚУ,  
«Тарих» БББ 1-курс магистранты, Орал,  
Қазақстан

Кез келген этностың тарихы оның прогрессивті даму процесімен ғана емес, басқа халықтармен әлеуметтік-экономикалық және мәдени қарым-қатынас тәжірибесімен де бейнеленеді. Бүкіл әлемде қуатты жаһандану процесі жүріп жатқан қазіргі кезеңде олардың одан әрі ынтымақтастығының ықтимал нұсқаларын болжау мақсатында жекелеген этностардың қатар өмір сүруінің тенденциялары мен ерекшеліктерін анықтау қазіргі кезеңде маңызды болып табылады.

Қазақ жүздері территориясының трансшекаралық орналасуының, сондай-ақ XVIII-XIX ғасырлардағы Орталық Азияда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық және саяси процестердің арқасында бұл аймақ Ресей империясының мүддесі тоғысқан ұлттық аймақтарының біріне айналды. Нәтижесінде осы кезеңде Қазақстанда Ресей империясының осы аймақтағы ұлттық саясатының бірегейлігін, ерекшеліктерін анықтаған шығыс славян (отырықшы егіншілік) және түркі (көшпелі) этникалық

топтары арасында қуатты мәдени өзара әрекеттестік орнады.

Ресей империясының саясаты нақты стратегия арқылы экономикалық, саяси және әлеуметтік-мәдени жаңартуға, Қазақстанның ортақ империялық кеңістікте интеграциялануына байланысты реформаларға сәйкес жүзеге асырылды. Іс жүзінде бұл стратегия өлкенің казак және шаруа отарлауын жүзеге асыруда, оның аумақтарын жалпыресейлік нарыққа қосуда, жеке өндірістерді құруда және қазақ қоғамының дәстүрлі құрылымын және оның әлеуметтік байланыстарын өзгертуде көрініс тапты. Бұл стратегияны жүзеге асыруда орыс миссионерлігінің рөлі зор болды. Оның қызметі Қазақстан халқының Ресейдің империялық кеңістігіне әлеуметтік-мәдени интеграциялануына бағытталды. Осыған байланысты оның осы үрдістертегі тарихи тәжірибесін, қызмет ету қағидалары мен қызметінің әдістерін, конфессияаралық диалогты дамыту жолдарын, түркі және славян мәдениеттерінің өзара жақындасуын түсіну қазіргі таңда өзекті болып отыр. Бұл процестерді зерделеу, әрине, өткен қателіктерді қайта қарауға, Ресей мен Қазақстан арасындағы достық қарым-қатынастарды нығайтуға және болашақта екі ел арасындағы қарым-қатынасты тепе-теңдік, өзара тиімді серіктестік пен ынтымақтастық негізінде құруға мүмкіндік береді.

Революцияға дейінгі кезеңде зерттеушілер Ресейдің көпұлтты мемлекет ретіндегі конфессиялық саясатына, орыс православие шіркеуінің империялық саяси жүйедегі орны мен рөлін, оның миссионерлік қызметін анықтауға үлкен қызығушылық танытты. Бұл мәселелердің тарихнамасы олардың әдістемелік және мазмұндық бағытын анықтаған шіркеу қызметкерлерінің еңбектері мен кәсіби тарихшылардың зерттеулерінде ұсынылды.

Осылайша, діни қызметкерлер Орыс православие шіркеуінің тарихын зерттеуге назар аударды. XIX ғасырдың басындағы осы зерттеулердің арқасында бұл тақырып ғылыми білімнің дербес саласы ретінде пайда болды. Одан кейінгі онжылдықтарда Ресейде теологиялық және шіркеулік-тарихи ғылымның ірі орталықтары құрылды, олардың ішінде жетекші орындар Мәскеу, Киев, Санкт-Петербург, Қазан және Томск теологиялық академияларына тиесілі болды [1, 4 б.]. Орыс православие шіркеуі тарихының аймақтық аспектілерін, оның ішінде оның миссионерлік қызметін Сібірдің епархиялық орталықтарында православие дінінің өкілдері белсенді дамытты. Олардың шығармаларының мазмұны тек тарихнамалық сипатта ғана емес, сонымен қатар деректанулық сипатта болды. Осындай еңбектер қатарына Н.М. Чернавский зерттеулерін атап өтуге болады. Н.М. Чернавский зерттеулерінде территориялық жағынан Орынбор епархиясының құрамына кіретін Орал және Торғай облыстары қазақтарының арасындағы православиелік миссионерлік қызметтің тарихына қатысты оқиғалар бейнеленген. Дегенмен, зерттеуші зерттеу шеңберінің хронологиясын 1904 жылмен аяқтап, Қырғыз миссиясының қызмет етуінің бастапқы кезеңін ғана талдаған [1, 4 б.]. Жалпы, қазақ халқының арасындағы православиелік миссионерлік қызметтің себептерін анықтауда Н.М. Чернавский XIX-XX ғасырлар тоғысындағы ең ірі шіркеу тарихшысы А.В. Карташевтың пікірімен келісіп, миссионерлік христиан мемлекетінің азиялық аудандарда өз бағыты мен ұстанымын бекітудің әдістерінің бірі деп есептеді.

Революцияға дейінгі тарихнамада Қазақстан аумағындағы орыс православие шіркеуінің миссионерлік қызметіне қатысты зерттеулер өте аз және тарихи зерттеудің ерекше саласына айнала қоймады. Төңкеріске дейінгі кезеңдегі зерттеушілердің зерттеулеріндегі басты мәселе империяның сыртқы ықпалы нәтижесінде қазақтардың пұтқа табынушылық санасының өзгеру дәрежесін, оның салдарының ауқымы мен сипатын анықтау болды.

Кеңестік тарих ғылымының қалыптасуы негізінен зерттеудің бағыты мен сипатын алдын ала анықтаған «ғылыми атеизмнің» идеологиялық үстемдігінің орнығуымен қатар жүрді.

XX ғасырдың 20-30 жылдары зерттеулерде «ұлттық саясат» емес, «отаршылдық», «отарлау саясаты» сияқты терминдер пайда бола бастады. Орталық пен

ұлттық аймақтардың өзара әрекеттесу мазмұны самодержавиенің экономикалық мүдделерін көздеген «орыстандыру саясатын» қамтамасыз ету еді. Ол орыс тілі мен православиелік мәдениеттің таралуы негізінде империя халықтарының мәдени-тілдік бірігуіне бағытталған шаралар кешені ретінде түсіндіріліп, христиандандырудың зорлық-зомбылық әдістері басым болды. Осылайша, орыс православие шіркеуінің миссионерлік қызметі реакциялық-саяси құбылыс ретінде ұсынылды.

XX ғасырдың кейінгі онжылдықтарында Кеңестік тарих ғылымында Ресейдің отаршылдық ұмтылысын ақтайтын жаңа әдіснамалық тұжырымдама қалыптасты. Бұл Ресей империясының этноконфессиялық саясаты мәселелерін, орыс православие шіркеуінің тарихын және оның миссионерлік қызметін зерттеуге либералдық түзетулер енгізуге мүмкіндік берді. Мемлекеттік биліктің интеграциялық ұмтылыстарына байланысты Ресейдің «шетжерліктерге» қатысты ұлттық саясатын талдау біршама қайта бағалаудан өтті. Осыған байланысты қоғамдық-саяси және діни оқиғалардың нақты мазмұны қайта ойластырылып, христиандандырудың әдістері мен нәтижелері зерттелді.

Кеңестік қазақ зерттеушілері де «формациялық көзқарас» пен «таптық күрес теориясының» қатаң әдіснамалық шеңберінен шыға алмай, қазақ қоғамының этно-элеуметтік және экономикалық қатынастарын зерттеуге ерекше мән берді. Дінтану саласында исламтану және қазақ көшпелі қоғамындағы ислам тарихының кең ауқымды мәселелері, қазақ қоғамының исламға дейінгі наным-сенімдеріне қатысты тақырыптар басым болды. Зерттеушілер Ресей империясының діни саясаты мен қазақ халқы арасындағы православиелік миссионерлік қызмет тақырыбын қарастырмаған [1, 10 б.]. Осылайша, кеңестік тарихнамада орыс православие шіркеуінің тарихы мен оның миссионерлік қызметі Ресейдің ұлттық саясатының шеңберінде зерттелді.

1950-1970 жылдары кеңестік тарихнамада ұлттық-діни тақырыптарды зерттеуде ұстамдылық тән болды, бұл бағыттағы зерттеулердің іргесі қаланбаған және жүйелілігінің жоқтығымен сипатталды. Қазақстандағы орыс православие шіркеуінің тарихы, оның қазақ даласындағы миссионерлік қызметі арнайы зерттеу нысанына айналған жоқ.

XX ғасырдың соңындағы аса маңызды саяси оқиға – кеңестік жүйенің ыдырауы және ұлттық аймақтардың тәуелсіздік алуы тарих ғылымының дамуындағы жаңа кезең болып табылады. Бұл кезеңде алдыңғы зерттеулерден айтарлықтай ерекшеленетін зерттеу еңбектері пайда болды. Коммунистік идеология мен отарлық жүйенің бұғауынан босатылған тарихшылар зерттеулерінің салдарынан қорықпай, тарихты боямасыз сипаттауға мүмкіндік алды. Оның нәтижесі ретінде бұрын зерттелмеген діни тақырыптардың көтерілуін айтуға болады.

Кеңес Одағы құлдырап, ыдыраған кезеңде, Ресей және ТМД елдерінің зерттеушілері орыс үкіметінің ұлттық аймақтардағы діни ұстанымына, отарлау саясатының әдістеріне және оның отарланушы халықтар өміріне әсері туралы кеңестік кезеңге қарағанда қарама-қайшы баға берген кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғалды. Көптеген еңбектер ресейлік самодержавиенің Ресейдің әртүрлі аумақтарында жүргізген діни экспансиясын көрсететін тақырыптарға арналды. Бұл еңбектерде Ресейдің отарлауы, оның барысы, сипаты мен нәтижелері, Ресейдің отарлауының маңызды сипаты, оның тарихи ерекшелігін талданып, еуропалық алпауыт мемлекеттердің жаңа әлемді отарлаудағы ұқсастықтары көрсетілген [2, 44 б.]. Сонымен қатар, зерттеушілердің басты назары Ресей мемлекетінің өзге ұлттарға қатысты діни, саяси ұстанымдары мен христиандандыру саясатына аударылды. Осы орайда, А.М. Нурғалиеваның «Очерки по истории ислама в Казахстане» атты еңбегін атап өтуге болады. Еңбектен XIX ғасырдың I жартысындағы патшалық биліктің діни саясатының ерекшеліктері, қазақтарды православиеге тартудағы әдіс-тәсілдер, ғасырлар тоғысындағы үкіметтің діни саясаты туралы мәліметтер алуға болады [3, 38-39 бб.]. А.С. Тасмағамбетовтың «Советская власть и ислам в Казахстане в 1917-1940 жж.:

история взаимоотношений» атты монографиясы тақырыпты зерттеуде құнды еңбек болып саналады [4]. Сонымен қатар, автор қазақстандық және шетелдік басылымдарда Қазақстандағы миссионерліктің Батыс, Орталық, Солтүстік-шығыс өңірлердегі ерекшеліктеріне тоқталып, Ресей империясындағы православиелік миссионерлік қоғамының пайда болу тарихына, дін саласындағы мәселелерге қалам тартады.

Қазақстандағы XIX ғ.аяғы – XX ғ.басындағы миссионерлер қызметінің тарихы – отандық ғылымда зерттелген тақырыптардың бірі. Мәселе бойынша ішінара диссертациялар дайындалған. Осы орайда А.С. Тасмағамбетовтың, Ю.А. Лысенконың докторлық диссертацияларын айтуға болады [5, 91 б.]. Ю.А.Лысенко XIX ғасырдың II жартысы – XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы орыс православие шіркеуінің миссионерлік қызметін жан-жақты талдай отырып, Ресей мен Қазақстанның аймақтық мұрағаттарының бұрын соңды қолданылмаған деректерін ғылыми айналымға енгізеді [1]. Бұлардан өзге патша үкіметінің миссионерлік қызметін әр қырынан зерделеген біраз мақалалар жарық көрді. Атап айтсақ, З.Т. Садвокасованың «XIX–XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы православиелік миссионерлік мекемелер» мақаласында XIX–XX ғасыр басында қазақ жерінде пайда болған діни және миссионерлік мекемелердің қызметі, олардың жергілікті тұрғындардың санасына ықпалы, шетжерліктерді православиеге тарту мәселелері қарастырылған [6]. З.Т. Садвокасованың «XIX ғасырдың II жартысы – XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы жікшілдер арасындағы миссионерлік қызмет» мақаласы XIX–XX ғасыр басындағы деректі материалдар мен баспа басылымдарына негізделеді. Онда жікшілдерге қысқаша анықтама беріліп, олардың қазақ даласындағы орны, жергілікті тұрғындармен қарым-қатынасына мысалдар келтіріледі. Жікшілдер арасындағы миссионерлік қызметтің бағыттарына тоқталады [7].

Орыс миссионерлігінің тарихы негізінен зерттелгенімен архив құжаттары толығымен ғылыми айналымға түсіріле бермеді. Осы орайда, XIX ғасырдың II жартысында қазақ жерлеріне қоныс аударылған қытай эмигранттарын шоқындыру мәселесін зерттеу нысанына айналдырып, Қазақстандағы XIX ғасырдың II жартысындағы орыс православие шіркеуінің қазақ даласындағы қызметін ҚР Орталық мемлекеттік мұрағатындағы 44 және 64-қор құжаттары негізінде талдаған О. Мұхатованың мақаласын атап өтуге болады [5]. Сонымен қатар, Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Ғылыми кеңесі баспаға ұсынған, авторлық ұжыммен жазылған «Қазақстандағы мұсылман және православиелік миссионерлері: қызметі мен нәтижелері XIX–XX ғғ.басы» атты монографиялық еңбекте тың мәліметтер кездеседі [2]. Монографияда жаңа анықталған мәліметтер негізінде XIX–XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы мұсылман және православиелік уағыздаушыларының байырғы тұрғындар мен қоныс аударушылар арасындағы қызметі қарастырылған.

XIX–XX ғасырдың басындағы Ресей мен Қазақстанның арақатынасы шетелдік зерттеушілердің де назарында болды. Оған дәлел американдық зерттеуші Ян Кэмпбеллдің «Знание и окраины империи: казахские посредники и российское управление в степи, 1731-1917» еңбегі. Кэмпбелл Ресей империясы мен қазақ даласының байланысын зерттей отырып, қазақ даласының патша шенеуніктеріне соншалықты түсініксіз, ал аймақ туралы ақпараттың құнды болғаны соншалықты, жергілікті делдалдардың қызметіне жүгінуге тура келгендігін баяндайды. Тарихшы Ресей империясының аймақтармен қарым-қатынасын қарастыра отырып, жергілікті халық үшін жақсы салдарларымен қатар, халықты қырғынға әкелген апаттық салдарларының болғандығын баяндайды [8]. Тарихшы зерттеуінің тарихи шеңбері кіші жүздің Ресей бодандығына қабылданған кезінен 1917 жылға дейінгі кезеңді қамтығандықтан тақырыпқа қатысты құнды еңбек болып саналады.

XIX–XX ғасырдың басындағы Ресейдің Қазақстандағы миссионерлік қызметін зерттеу тарихшылардың назарын қазіргі таңға дейін аударып келеді және өзектілігін

жоғалтпайды. Осы күнге дейінгі жазылған ғылыми еңбектердің басым бөлігінде қазақтар арасында православиені насихаттауға баса назар аударылды. Дегенмен, бұл зерттеулерде христиан дінін насихаттаудағы миссионерлердің саяси ұстанымдағы әрекеттері жеткілікті түрде қамтылмаған. Бүгінде Отандық тарихнамада миссионерлердің қызметін жан-жақты талдау арқылы, жаңа ғылыми тұжырым жасау өзекті болып табылады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Лысенко Ю.А. Миссионерская деятельность русской православной церкви в Казахстане (вторая половина XIX-начало XX в.): автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора исторических наук. - Барнаул, 2011.
2. Қазақстандағы мұсылман және православие миссионерлері: қызметі мен нәтижелері (XIX-XX ғғ.басы): монография. - Алматы, 2022.
3. Нурғалиева А.М. Очерки по истории ислама в Казахстане. - Алматы, 2005.
4. Тасмағамбетов А.С. Советская власть и ислам в Казахстане в 1917-1940 жж.: история взаимоотношений: монография. -Уральск, 2017.
5. О.Мұхатова XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы православиелік миссионерлердің қызметі// Отан тарихы (ғылыми журнал), 2022, №1.
6. Садвокасова З.Т. Православные миссионерские учреждения в Казахстане (XIX–начало XX века)// Вестник Ивановского государственного университета. Серия: Гуманитарные науки, 2021. Вып.3. -71-79 бб.
7. Садвокасова З.Т. Миссионерская деятельность среди раскольников в Казахстане (вторая половина XIX–начало XX века)// Вестник Ивановского государственного университета. Серия: Гуманитарные науки, 2022. Вып.1. -113-122.
8. Кэмпбелл Я. Знание и окраины империи: казахские посредники и российское управление в степи, 1731-1917. - Санкт-Петербург, 2022.

ӘОЖ 378.09

### **ОРАЛ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ ӨРКЕНДЕУ ЖЫЛДЫРЫНДА (1945-1960 ЖЖ.)**

*Шагиева Б.С.* – М.Өтемісов атындағы БҚУ,  
«Тарих» БББ 2-курс магистранты, Орал,  
Қазақстан

Педагогикалық институттың оқу-өндірістік базасы Ұлы Отан соғысы аяқталған соң едәуір күшейіп, кеңейді. 1945 жылдың күзінде әскери ведомствосы оқу ғимаратын және екі студенттік жатақханасын қайтарып берді. Сонымен қатар, 1945-1946 оқу жылы ішінде институт әскери училищелерге соғыс кезінде уақытша қолдануға берген біраз мүлкін қайтарып алған болатын. Бірақ, айта кету керек, әскерилер қайтарған институт мүлігі қанағаттанарлықсыз жағдайда болатын. Оқу ғимараты толық жөндеуді қажет етсе, орталық жылыту жүйесі мүлдем іске жарамсыз күйде, шатырдан су кеткен, терезелердің көбінде әйнегі шағылып, тақтаймен бітелген, оқу корпусында қалдырылған жиһаздың көбі жарамсыз немесе толық жөндеуді қажет етеді.

1945-1946 оқу жылы ішінде институт оқу ғимаратына толық жөндеу жүргізе алмады, бұл жағдай институт жұмысы мен өміріне кері әсерін тигізбей қоймады. Оқу корпусы мен жатақхана оқу жылы бойына жылытылмады және электр жарығымен жабдықталмады, ғимараттағы ауа температурасы -10°, -12° градусқа дейін түсті.



Студенттерді жеке пәтерлерге орналастыруға тура келді. Осылайша, 1945-1946 оқу жылы өте қиын жағдайда өтті, оқу процесіне кері әсерін тигізбей қоймады. Тек көктемнің түсуімен жағдай түзеле бастады. Қыс мезгілінде кейінге қалдырылған оқыту және мәдени-көпшілік шаралары іске аса бастады.

Институт кафедралары жанында 11 оқу кабинеті, бір химиялық лаборатория, физикалық музей, спортзалы болатын. Осы аталған оқу-тәрбие орындарындағы жабдықтар толық жарамсыз күйге түскен, іске жарамдылары жөндеуді және толықтыруды талап етеді [1, 5-п.]. Кейбір құрылғылар оқытушылардың және қызметкерлердің өз күшімен жөндеуге келсе, басқалары арнайы шеберханаларда жөндеуді қажет етеді. Эксперименталдық пәндер бойынша практикалық және зертханалық сабақтар өткізу үшін кабинеттер мен зертханалар материалдар мен реактивтерді керек етеді. Гуманитарлық пәндер кабинеттерінің де жағдайы көз қуантарлық емес еді. Оқу әдебиеттері мен көрнекілік құралдары жетіспеді.

Соғыстан кейінгі оқу жылдарында ғылыми-педагогикалық кадрлар тапшылығы сезілді. Институт директоры бұл жағдайды өз қызметкерлерін қайта даярдау арқылы түзетуге тырысты (аға лаборанттарды оқытушы ассистенті қызметіне ауыстырды, қабілеті жоғары деген институт түлектерін институт қабырғасында қызметке қабылдады), сонымен қатар қала мектептеріндегі үлгілі ұстаздарды институтқа жұмысқа шақырды. Осылайша, 1945-1946 оқу жылында профессорлық-оқытушылық құрам 31 оқытушыға толықты, оның ішінде әскерден оралған 5 ғылым қызметкері бар еді. Профессорлық-оқытушылық құрамда: 1-кафедра профессоры, 5-доцент, ғылым кандидаты, 33-аға оқытушы, 41-оқытушы болатын. Оқытушылардың көп бөлігінде, әсіресе аға оқытушыларда жақсы теориялық білімі мен ЖОО-да үлкен тәжірибесі бар болатын. Штаттық бірліктің жетіспеуінен оқытушылар жүктемесі шамадан көп еді [1, 7-п.].

1946 жылы студенттерді қабылдау жоспары үлкен қиындықпен орындалды. Оқуға көптеген майдангерлер келді, олар соғыс жылдарында мектептегі оқудың қыр сырын ұмытқан еді. Дегенмен, дәл осы жиынтық "жұлдызды" болды. Физматқа Павел Суетин (кейіннен физика-математика ғылымдарының докторы, профессор) түсті, институттың болашақ оқытушылары П.Р. Букаткин, А.Ф. Абоян, К.Ф. Ермаков, Ю.Ф. Тумпуров, Г.Ж. Сәрсенғалиев, А.Р. Пигарев, И.А. Подкуйко (кейіннен мектеп директоры, Қазақ КСР-нің еңбегі сіңген мұғалімі атағын алды), Н.Г. Чесноков (өлкетанушы, журналист, Орал тарихы бойынша бірнеше кітаптардың авторы) студент атанған болатын.

Соғыстан кейінгі алғашқы жылдардағы студенттердің құрамы өте алуан түрлі болды. Майдангерлерден басқа, кешегі мектеп оқушылары да оқуға түсті, олардың көпшілігі жасөспірім шағынан бастап станоктың жанында тұрып, майданға кеткен әкелерін алмастырған еді. Сонымен қатар қыздар, шопандардың балалары және номенклатура қызметкерлерінің балалары болатын. Олардың барлығын оқу атты бір тілек біріктірді. Мақсаттары көп білім алып, маман атанып елінің қайта өркендеуіне үлес қосу еді [2, 81 б].

Соғыстан кейінгі жылдардағы оқыту үдерісін ұйымдастыру, оқыту жоспарын орындау институттың барлық оқытушылары мен қызметкерлері ұжымының қажырлы еңбегінің арқасында, студенттердің жоғары саналылығы мен тәртіптілігі негізінде жүзеге асты. Оқытушылардың оқыту үдерісін ұйымдастыруына кітапхана қызметкерлері үлкен көмек көрсетті. Ұлы Отан соғысының мүгедегі Н.А. Мамонов жетекшілік еткен кітапхананың шағын ұжымы 50 мың томға дейін жететін орасан зор кітапхананы өз күшімен ретке келтіріп, жүйелей бастады. Қызметкерлер мен студенттердің дәл осындай жұмысы 13 кабинет пен зертханаларда да жүргізілді. Алғашқы жылдан бастап-ақ барлық кафедраларда студенттік ғылыми үйірмелер ұйымдастырылып, алғашқы жылы 30-дай студенттік баяндама тыңдалды. Жылу мен жарықтың жоқтығы үйірмелер қызметіне бөгет болып, олар екінші семестрде өз жұмысын тоқтатуға мәжбүр болды [3, 24 б].

Төртінші бесжылдық жоспарының қабылдануы (1946-1950), елді қалыпқа келтіру мен одан әрі дамыту міндеттері ғалымдардан одақтық республикалардың табиғи-шаруашылық ресурстарын терең, жан-жақты зерттеуді талап етті. Сондықтан да Орал ғалымдарының бір тобының (көбі институт ғалымдары) ұсынысы жергілікті партиялық және кеңестік органдар мен КазССР-нің Ғылым Академиясы тарапынан кең қолдау тапты. Бөлім құрамында алғашында 49 адам болды. Облыстың табиғи-шаруашылық ресурстарын зерттеудің бірінші кезектегі мәселелер ауқымы айқындалып, ол бірнеше жылдар бойы жаратылыстану-жағрафия факультеті кафедраларының ғылыми-зерттеу жұмыстарының басты нысанасына айналды. Бұл - бағбаншылық, жел қуаты ресурстарын пайдалану, балық шаруашылығы, Жайық-Көшім каналын қайта құру, метеорологиялық, фенологиялық бақылаулар және т.б. мәселелер еді. Қоғам өзінің алдына жағрафиялық білімді насихаттауды да мақсат етіп қойды. Осы мақсатта институт оқытушыларының басшылығымен 5 комиссия құрылды [4, 3-4-п].

1946-1947 оқу жылы студенттер мен оқытушылар санының көбею мен институттың материалдық-тұрмыстық жағдайының бірқатар ілгерілеуімен ерекшеленді. Оқу корпусы мен 1 жатақханада (екіншісі жабылып қалды) жөндеу жұмысы жүріп, жылу жүйесі қалпына келтірілді. Оқытушылар саны 20-ға өсіп, оның ішінде 2 биология ғылымдарының кандидаты жұмысқа қабылданды. Кафедралар қайта құрылып, олардың саны 11-ден 16-ға өсті [4, 5-п].

Бұл қайта құрудың мақсаты - мамандануды тереңдету еді. Осылайша, мысалы, бір жаратылыстану кафедрасының орнына, өз алдына үш дербес химия, ботаника, зоология кафедралары құрылды. Физика мен математика, жалпы және Отан тарихы, қазақ тілі мен әдебиеті секілді біріккен кафедралар өз алдына бөлінді. Бұл қайта құру, әрине, оқыту үдерісі мен ғылыми жұмысты ұйымдастыру ісіне өзінің игі ықпалын тигізді. Марксизм-ленинизм кафедрасы күшейтіліп, оның жетекшілігі КП (б)К облыстық комитетінің үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі А.М. Первомайскийге жүктелді. 1946 жылдан бастап кафедра жанында марксизм-ленинизм негіздері кабинеті құрылып, оны көптеген жылдар бойы 1919 жылдан бері СОКП мүшесі, облысымыздағы Кеңес үкіметі үшін күреске қатысқан, терең тәжірибелі де білімді Г.М. Тухватуллин басқарды. Оның жетекшілігімен кабинет үлкен оқыту мен насихат жұмысы орталығына айналды. Мұнда такырыптық көрмелер, теориялық конференциялар өткізіліп, үзіліссіз жаңа әдебиеттер стендісі жұмыс жасады. Кабинеттер үздіксіз жұмыс жасай бастап, студенттер үйірмелерінің жұмысы жанданды. Үйірмелер мәжілістерінде 81 мәлімет тындалды. Саяси тәрбие мен бұқаралық спорт жұмысы жандандырылып, ол түрлі спорттық секциялары бар "Большевик" БСК-ның Кеңесінің құрылуына ықпал етті [5, 10-12-п].

БКП (б) ОК-ның «Партиялық ұйымдардың үгіт-насихат жұмысы туралы және 1946-50 жылдарға арналған бес жылдық жоспары туралы Заңын қабылдау жөнінде» қаулысына сәйкес институттың партиялық мәжілісі белсенді түрде институттағы оқу-әдістемелік, ғылыми және саяси тәрбие жұмысын жетілдіруге бағытталған іс-шаралар жоспарын жүзеге асыруға кірісіп кетті. Институт комунистері СОКП ОК идеологиялық мәселелер бойынша белгілі қаулыларына сәйкес, студенттерге патриоттық тәрбие беру ісін күшейту бағытында қарымы қызмет істеді. Партбюро күшімен оқытушылар мен студенттерден тұратын үгіт-насихат ұжымы құрылып, ол 1946 жылдың желтоқсаны мен 1947 жылдың мамыры аралығында ғана 1000-нан астам әнгіме-сұхбат жүргізіп, республиканың Жоғарғы Кеңесіне сайлаушылардың 100% қатысуына қол жеткізді. 1947 жылы ақпанда факультеттердегі партиялық топтардың құрылуы институттың партиялық ұйымының ықпалын күшейтіп, коммунистердің жетекші рөлін арттырды. Бұл топтар 1948 жылдың қарашасында алғашқы партиялық ұйымдарға айналды. Бұл жылдары партияның мәжілістерінде институттың материалдық базасын күшейту мәселесі сан рет көтеріліп, оқу корпусы мен жатақханаларды жөндеу, қосалқы шаруашылық пен студенттер асханасының жұмысы туралы мәселе бірнеше рет

талқыланды. Институттың партиялық мәжілісінің тапсырмасымен институттың директорының орынбасары КазССР Жоғарғы Кеңесінің депутаты К.А. Утехина республиканың мемлекеттік бюджеті туралы баяндамасы талқыланған кезекті сессияда сөз сөйлеп, институттың өз күшімен оқу корпусының бір бөлігі мен екі жатақхананың бірін ғана жөндеуден өткізіп алғандығын баяндады. «Екінші жатақхана мүлдем пайдаланылмайды, себебі ол ғимарат құлаудың аз-ақ алдында тұр», - деп атап көрсетті ол [3, 26 б.]. Депутаттың жөндеу жұмысына 334 мың рубль беру туралы өтінішін КазССР үкіметі қабылдап, жаңа 1948 жылы оқу жылын институт екі жатақхана ғимаратымен бастады. Институттың партиялық ұйымының оң қолы - күннен-күнге өсіп-өрбіп келе жатқан комсомол ұйымы еді. Бесжылықтың аяғына таман оның сапында 691 адам болды. Коммунистер комсомолдарды басқаруды партбюро арқылы да, комсомолдық ұйымдарда тікелей жұмыс жасап жүрген коммунистер арқылы да іске асырды. Институтқа майдангер студенттер келгеннен соң, комсомол комитетінің хатшылары боп 1948-49 жылдары бұрынғы танкист, ҰОС-на қатысушы, коммунист, тарих факультетінің I курс студенті Н.А. Подкуйко, запастағы офицер, ҰОС-на қатысушы, коммунист, тарих факультетінің III курс студенті П.Р. Букаткиндер жасады. Комсомол ұйымы институттың партбюросымен тығыз жұмыс істеп, саяси іс-шаралардың бәріне белсене араласты. Сонымен қатар оқытушылар мен студенттер кәсіподағының қызметі де қарқынды [6, 20-25-п].

1950 жылы еліміз бесжылдық жоспарды 4 жыл 3 айда орындап шықты. Өте қысқа мерзім ішінде ол соғысқа дейінгі деңгейге жетіп, оны артқа тастады. Орал педагогикалық және Мұғалімдер институтының ұжымдары мұғалімдерді даярлау, оқыту үрдісі мен тәрбиелік жұмыс сапасын арттыруда айтарлықтай жетістіктерге жетті. Осы уақыт аралығында ұжым құрамы екі есеге өсіп, кадр жетіспеушілігі мәселесі шешілді. Институттың 102 оқытушысының ішінде бір оқытушының профессорлық, 10 оқытушының ғылым кандидаты деген дәрежесі болды. Марксизм-ленинизм, КСРО тарихы, орыс тілі мен әдебиеті, қазақ тілі кафедраларынан 4 оқытушы кандидаттық диссертация қорғады. Олардың ішінде институттың алғашқы түлектерінің бірі - Габдрахим Абуханұлы Абуханов бар еді. Ол кейін республикаға танымал қазақ тілі оқулығының авторы болды. «Жоғары мектептің құрметті қызметкері» атағын алды. Қалған 3 оқытушы диссертациялық жұмыспен жылдық іссапарда болып, 27 оқытушы еліміздің түрлі оқу орындарына ізденуші боп бекітіліп, өз біліктілігін арттыру бағытында жұмыстанды. Бірқатар оқытушылардың еңбектері орталық ғылыми басылымдарда жарияланды. Жыл сайын ғылыми конференциялар өткізіліп тұрды. 1958 жылы институттың «Ғылыми жазбаларының» бірінші томы жарық көріп, екінші томы басылымға даярланып жатты. Студенттердің де ғылыми жұмысы жанданды. 1950 жылға қарай институтта 14 үйірме жұмыс жасап, оларға 600 студент қатысты. Бесжылдықта жалпы алғанда 300-ден астам студенттік баяндама әзірленді. 1950 жылы Студенттердің Ғылыми Бірлестігі 30 баяндама ұсынылған X студенттік ғылыми конференция өткізді. Бесжылдық кезінде институттың материалдық базасы да жақсарды. Кітапхана мен кабинеттердің кітап қоры ұлғайып, зертханалар жабдықтары толықты. Осылайша кітапханалардың кітап қоры 1945-46 жылғы 50 мыңнан 1950-51 оқу жылы 70 мыңға өсті. Кабинеттердің кітап қоры 1000-нан астамға толықты [4, 6-п].

Институттың мұғалімдер даярлау жоспарын орындаудағы жетістіктері де орасан болды. Бесжылдық жоспары бойынша бесжылдық аяғына қарай 1250 мұғалім даярлау қажет болды. Соғыстан кейінгі 5 жыл ішінде институт оған дейінгі 10 жылдағы көрсеткіштен асырып маман даярлаған болатын (1080). Екі институттың күндізгі және сырттай бөлімдерінің студенттер саны да өсіп, 1950-1951 оқу жылының басында 2002-ге студентке жеткен [7, 3-4-п].

Институт соғыстан кейінгі қиындықтарды табысты еңсеріп, жаңа онжылдыққа толыққан материалдық базамен, жоғары ғылыми көрсеткіштерімен және оқытушылардың жоғары кәсіби шеберлігі деңгейімен, партиялық ұйымның саяси

саналылығымен аяқ басты.

5-ші, 6-шы бесжылдықтар кезінде жыл санап саны өсіп келе жатқан студенттерді орналастыру мәселесі де күрделенді. 50-ші жылдар басында Орал пединституты шағын оқу орындарының қатарында болатын.

Оның күндізгі және сырттай бөлімін қосқанда 1500 студенттен сәл-ақ асатын. 1958-59 жылдары күндізгі бөлім 2284-ке, сырттай бөлім 2776 адамға өсті. Сол себепті институт екі ауысымда оқытуға көшуге мәжбүр болды. Педсараман өткізуде де қиындықтар туындады, себебі Оралдағы мектеп саны енді аздық ете бастады. Оны да екі ауысыммен жүргізіп, Ақтөбе қаласы мен ауылдық жерлердегі кейбір мектептерді де қамтуға тура келді. Педсараман нәтижелері болашақ ұстаздардың кәсіби біліктілігінің артқанын көрсетті. 1954-55 оқу жылындағы машықкер студенттердің 74 пайызы «өте жақсы» мен «жақсы» деген бағалар алса, 2,8 пайызы «қанағаттанарлық» деген баға алды. 1958-59 оқу жылында машықкер студенттер саны екі есеге өсіп, 877 адамға жетті, «өте жақсы» мен «жақсы» саны 96,1% құрады, ал «қанағаттанарлықсыз» баға болған жоқ [8, б-п.].

Оқу кабинеттері жетіспеушілігі жағынан үлкен қиындықтар көріп жүрсе де, институт оқытушылық шеберлік биігіне ұмтылып, ғылыми ізденістерін тоқтатпады. 50-ші жылдарда кабинеттер саны толығып, зертханалар оқу құралдарымен жабдықталды. 1956-57 оқу жылында ғана оқу жабдықтары 581 мың рубльге сатып алынды. 50-ші жылдар аяғында институттың екі оқу залы, 20 оқу кабинеті болды. Олардың ішінде: машинатану, сызу, оқыту әдістемесі кабинеттері де бар еді. Марксизм-ленинизм кафедрасынан бөлініп шыққан саяси экономика кафедрасы да өз кабинетін жасақтады. Институттың жақсы жабдықталған слесарлық, токарлық, механикалық цехтары бар өзінің оқу шеберханасы болды [9, 12-п.].

Жоғарыда айтылғандарды таразылай келе, мынадай қорытынды шығаруға болады:

Біріншіден, партия мен үкімет шешімдерін жүзеге асыру жолында Орал пединституты орта мектеп педагогтарын даярлау ісіне белсене араласып, сол арқылы елдің болашақтағы жалпы міндетті орта политехникалық білімге көшуіне негіз қалыптастыру ісіне өз үлесін қосты, екіншіден, соғыстан кейінгі бесжылдықтар уақыты елдің қалыпқа келіп, одан әрі даму жылдары боп қана қойған жоқ, сонымен қатар ол терең сапалық өзгерістердің кезеңі болды, институттың мамандықтар ауқымының кеңейіп, оның заманауи оқу құралдарымен жабдықталған уақыты болды. Бұл жылдар - оқытушылар ұжымының өскен, жаңарған жылдары болды, ғылыми ізденіс бағытының айқындалған, ұстаздық шеберліктің шындалған дәуірі болды.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Батыс Қазақстан облысы мемлекеттік архиві (бұдан кейін БҚО МА), 580-қор, 1-тізім, 223-іс.
2. Гурьева Г. От института к университету: К девяностолетию ЗКУ им. М. Утемисова. – Уральск: РИЦ ЗКУ им.М.Утемисова, 2022, -220 с.
3. Рысбеков Т., Букаткин П., Абоян А. [және басқалары]. М.Өтемисов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті: тарих және жаңашылдық. БҚМУ – 75 жыл. – Орал: БАҚ және баспа орталығы, 2007, – 224 б., суреттер 12б.
4. БҚО МА, 580-қор, 1-тізім, 230-іс.
5. БҚО МА, 580-қор, 1-тізім, 237-іс.
6. БҚО МА, 580-қор, 1-тізім, 255-іс.
7. БҚО МА, 580-қор, 1-тізім, 297-іс.
8. БҚО МА, 580-қор, 1-тізім, 423-іс.
9. БҚО МА, 580-қор, 1-тізім, 411-іс.

## ҚАЗАҚСТАНДА АРХИВ ІСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ТАРИХИ ДЕРЕКТЕРДЕ

*Мизамов Д.А.* – М.Өтемісов атындағы БҚУ,  
«Тарих» БББ 2-курс магистранты,  
Орал, Қазақстан

Ұлттық архив қоры Қазақстан халқының тарихи-мәдени мұрасының ажырамас бөлігі болып табылады және оны Қазақстан Республикасының ұлттық игілігі ретінде мемлекет қорғайды. Ұлттық архив қорына Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде сақтаулы және халықаралық келісімдерге сәйкес Қазақстанға қайтарылуға тиісті архив құжаттары да жатады. Ұлттық архив қоры қоғам мен мемлекеттің қажеттіліктерін қанағаттандыруға, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға қызмет етеді. Архивтер ісін дамыту мен жетілдіруге қамқорлық жасауды мемлекет өз мойнына алады. Ұлттық архив қорының құжаттарын сақтау барлық жеке және заңды тұлғалардың міндеті болып табылады [1].

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігін алған тұста Отан тарихының ақтаңдақ тұстарын зерттеуге қатысты ауқымды жұмыстар жүзеге асырылды. Осыған байланысты архивтердің қоғамға аса қажет деректі ақпарат көзі ретіндегі рөлі өсті. 1998 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» Заңын қабылдау, 1999 жылдың мамыр айында Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі жанынан «Мұрағаттар мен құжаттамаларды басқару комитетінің құрылуы елімізде архив ісінің қалыптасып, дамуына мүмкіндік берді [2].

Архив құжаттарының басты мақсаты – қоғам мен мемлекет мүддесіне сай қызмет ету. Осы орайда, мемлекет тарапынан құжаттарды сақтау мен жаңғырту, жазба деректерді жинау және жариялау мәселелеріне көп көңіл бөлінеді. Атап өтсек, 2004 жылы жүзеге асырыла бастаған «Мәдени мұра» бағдарламасы [3], ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» [4] мақаласындағы «Архив-2025» жобасының жүзеге асырылуы, бүгінгі таңда архив ісінің мемлекеттің басым бағыттарының бірі екені еш күмән тудырмайды. Осы орайда, диссертациялық жұмысымызға арқау болып отырған Батыс Қазақстан облысының мемлекеттік архивінің құрылу тарихы, архивте сақталған қорларды зерделеу мен қазіргі кезеңдегі даму тенденцияларын анықтап ғылыми айналымға енгізу өзекті мәселе болып отыр.

Еліміздегі мемлекеттік құжаттама істерін сақтау мен пайдаланудың алғашқы қадамдары Ішкі Бөкей Ордасы хандарының негізінде пайда болды. Еліміздің патшалық Ресейдің отарында болуы, кейін жетпіс жылдан астам уақыт кеңестік қызыл империяның темір құрсауында қалып, халқымыздың төл тарихын шынайы зерттеуге деген мүмкіндіктің шектелгені тарих ғылымында көптеген «ақтаңдақтардың» орын алуына себеп болды [5]. Қарастырылып отырған мәселе алғаш рет жүйелі зерттеуге алынып отырған соң, арнайы жарық көрген басылымдар жоқтың қасы. Дегенмен, Қазақстанда архив ісінің даму мәселелері кеңестік заманда да, тәуелсіздік алған тұста да жекелеген авторлардың еңбектерінде көрініс тапты.

Мұрағат ісінің дамуының РКФСР-КСРО аумағындағы тарихнамасының негізін салушылар қатарына М.Н. Покровский мен В.В. Максаков жатады. Олар өз еңбектерінде мұрағаттардың қоғам өміріндегі саяси мәніне ерекше тоқталды. Бұл ғалымдардың еңбектеріндегі мұрағат ісіне қатысты таптық жіктелу туралы көзқарастары ондаған жылдар бойында кеңестік тарихнаманың басты бағыты ретінде қарастырылды [5, 20 б.].

Қазақстан Орталық мұрағаты қорлары бойынша алғашқы жөнсілтер қатарына

Н.В. Горбань құрастырған еңбекті атауға болады. Н.В. Горбань құрастырған жөнсілтерде мұрағат тарихынан қысқаша очерк беріліп, тарихи бөлімде революцияға дейінгі жұмысшы табы мен жұмысшы қозғалыстары, революциялық қозғалыстар, өнеркәсіп пен халыққа білім беру тарихына қатысты қорлар, Қазан революциясы бөлімінде Қазақстандағы азамат соғысы, Кеңес өкіметі тарихы туралы қысқаша мәлімет берілді.

Қазақ КСР Бас мұрағат басқармасы меңгерушісінің орынбасары В.А. Введенский 1938 жылы «Архивное строительство в Казахстане к 20 летию подписания декрета Лениным о реорганизации и централизации архивного дела» атты очеркінде Қазақстанда мұрағат ісінің ұйымдастырылуының үлкен қиыншылықтарға ұшырасқандығы туралы жаза отырып, көптеген құнды құжаттардың жойылғанын, тек Жетісу облысы басқармасы қорынан 114 011 іс пен 727 кітап сатылып кеткендігі туралы мәліметтерді келтіреді [5, 20 б.].

Кеңестік кезеңде А.В. Чернов мұрағат тарихына қатысты алғашқы оқу құралын жазды. 1940 жылы жарық көрген осы қысқаша очеркте КСРО мұрағаттарының құрылу тарихына шолу жасалып, 1917-1921 жылдар аралығында азамат соғысы мен шетел интервенциясы кезеңіндегі мұрағаттардағы құнды құжаттарды сақтап қалу және республикалардағы мұрағат құрылысының алғашқы қадамдары, 1921 жылдар аралығында азамат соғысы мен шетел интервенциясы кезеңіндегі мұрағаттардағы құнды құжаттарды сақтап қалу және республикалардағы мұрағат құрылысының алғашқы қадамдары, 1921-1935 жылдардағы ауылшаруашылығын ұйымдастыру, индустриализация кезеңіндегі халық шаруашылығына аса қажетті құжаттарды анықтау жұмыстарының жолға қойылғандығы, кадр мәселесіне және алғашқы мұрағат жоғары оқу орнының құрылуы, сонымен қатар мұрағат ісіне кедергі келтірген «жау» элементтерінің іс-әрекеттері секілді мәселелер қарастырылады [5, 20 б.]. 1950-1960 жлдары КСРО-дағы мұрағат ісі тарихының тарихнамасы қалыптасып, елдегі мұрағат жүйесі дамуының жалпы ерекшеліктері жөнінде бірқатар монографиялар мен мақалалар жарық көрді.

1960 жылдары аталған мәселеге байланысты профессор В.В. Максаков КСРО-дағы мұрағат ісіне қатысты іргелі еңбекті шығаруда редакциялық ұжымға басшылық жасап, Г.А. Белов бастаған ғалымдар тобы КСРО-дағы мұрағат ісінің теориясы мен практикасын зерттеді. В.В. Максаков Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарындағы мұрағаттардың қызметіне арналған еңбегінде КСРО аумағындағы мемлекеттік мұрағаттар тарихына шолу жасай отырып, Қазан төңкерісінен кейінгі мерзімде КСРО-да мұрағат ісі қайта құрылды деген қорытындыға келді. Ғалым мұрағаттың тәжірибелік рөлін жоғары бағалады. Мұрағат құжаттарын социалистік құрылыстың барлық саласына пайдалану қажеттілігін атап өтті [5, 20 б.].

Көптеген мұрағат тарихына арналған еңбектерінің ішінен кеңес мұрағаты құрылысының бастауында қызмет еткен В.В. Максаковтың монографиясы ерекше орын алады. Ғалым РКФСР – КСРО-дағы мемлекеттік мұрағаттар құрылысының дамуы, мемлекеттік мұрағат қорлары туралы көртеген өзекті мәселелерді көтергенімен, бұл еңбек марксистік-лениндік идеологиялық ұстанымдарға негізделді. Жалпы алғанда автор мұрағат ісіне қатысты көптеген мәселелерді қамти отырып, 1940 жылға дейінгі уақытта мемлекеттік мұрағаттарды жасақтаудың «революциялық мақсатқа», яғни бүкіл мұрағат қорындағы құжаттардың мемлекеттің сұранысын қанағаттандыру мақсатында бір орталыққа шоғырландырудың жүзеге асқандығын зерттеп шықты [5, 24 б.].

КСРО Мұрағат бас басқармасының бастығы Г.А. Беловтың еңбегінде КСРО-дағы мұрағат ісінің негізгі проблемалары қозғалып, соның ішінде шетел мұрағаттарымен саяси, мәдени, ғылыми тұрғыда байланыс орнату туралы және көптеген мемлекеттердің мұрағаттарымен байланыстың жанданып келе жатқандығы қарастырылады.

Қазақстандық мұрағатшылардың тарапынан республикадағы мұрағат

құрылысына қатысты М.А. Абдукадирова, М.Х. Әбілованың мақалалары жарияланды [5, 24 б.].

1970-1980 жылдары мұрағат тарихына қатысты еңбектер мен мақалалардың жарыққа шығуы қарқын алды.

КСРО-дағы мұрағат тарихының соғыстан кейінгі жылдардағы жай-жапсарына тоқталған В.И. Вяликовтың еңбегінде 1946-1947 жылдар аралығындағы мемлекеттік мұрағаттардағы ұйымдастыру шаралары, яғни мұрағат органдары ғылыми-зерттеу мекемелерінің қатарына жатқызылуы, КСРО мұрағаттары қорын толықтыру және құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету, есепке алу, тәртіпке келтіру, құжаттық материалдарды пайдалану, ғылыми-әдістемелік жұмыстар, кадрлар дайындау туралы мағлұматтар кеңінен берілді.

Жоғарыда аталған еңбектер қатарындағы зерттеу тақырыбына қатысты мәліметтерді Г.А. Дреминаның еңбегінен кездестіруімізге болатындығын атап өтеміз. Ғалым өз еңбегінде одақтас республикалардағы орталық мемлекеттік мұрағаттар тарихына қысқаша жеке-жеке тоқталды. Соның ішінде республикадағы мұрағат құрылысының тарихына да қысқа шолу жасайды. Қазақстан тарихына қатысты көптеген құжаттардың Орынбор, Омбы, Уфа, Астрахан, Ташкент т.б. қалалардан жинақталғаны жөнінде мәлімет келтіреді. Сонымен қатар революцияға дейінгі қорлардың облыстық мұрағаттар қорынан Орталық мемлекеттік мұрағат қорларына жалпы шолу жасайды [5, 25 б.].

В.И. Вяликовтың қаламынан туған мұрағат құрылысының 1917-1945 жылдар аралығындағы тарихына өте қысқа шолу жасай отырып, социалистік құрылыстың жетістіктерінің нәтижесінде мұрағаттардың қалыптасуы мен дамуы тез қарқынмен дамыды және мұрағат мекемелері социалистік құрылысты нығайтуға елеулі үлес қосты деп бағалайды [5, 25 б.].

1963-1985 жылдар аралығындағы республикадағы ведомстволық мұрағаттардағы ұйымдастыру-әдістемелік және ғылыми жұмыстар Е.М. Грибанованың диссертациясында көрініс табады. Онда алғашқы мұрағатшы қазақтар атап өтіледі.

Тоталитарлық жүйе тұсында зерттеу тақырыбының тарихнамасы, одақтық тарихнаманың концепциясы негізінде өрбіді. Сондықтан да аталған еңбектердің арасындағы сабақтастықты, өзара жалғастықты жоққа шығаруға болмайды.

Еліміздің тәуелсіздік алып, дербес сыртқы саясат жүргізуі мен нарықтық экономикаға көшуі, мемлекеттің осы бағыттардағы қызметінің нәтижесі тарих ғылымына да жаңадан тың серпіліс туғызуда. Қазақстанның қоғамдық өмірін демократияландыру мұрағат саласын да қамтуда [5, 30 б.].

Мұрағат жөніндегі, оның халық өміріндегі мәні мен мазмұны, өткен тарихы мен қазіргі жайы жөнінде салиқалы ойлар айтатын сүбелі еңбектің бірі С.Байжановтың «Архив-айғақ» кітабы болып табылады. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде мұрағат тарихына қатысты еңбектер жарық көре бастады.

2006 жылы архив саласының маманы Р.Х. Сариева мен А.Абдулинаның «Очерки по истории организации архивного дела в Казахстане (1918-1945)» [6] бірлескен еңбегі жарық көрді. Еңбекте Қазақстанның қалыптасуы мен қайта құрылуының ең күрделі кезеңіндегі (1918-1945 жж.) мұрағат ісінің қалыптасу тарихы баяндалған. Дереккөздер негізінде бірыңғай мемлекеттік мұрағат қорының құрылуын регламенттеген Кеңес өкіметінің алғашқы Жарлықтарын шығарудан бастап Қазақ АССР Халық комиссариаты жанынан Бас мұрағат басқармасын құруға дейінгі Қазақстанда мемлекеттік мұрағаттардың жаңа және ұйымдастырушылық негіздерінің пайда болу процесі талданады. Орынбор-Торғай губерниялық мұрағаты базасында орталық өлкелік мұрағатты құру және өңірлерде мемлекеттік мұрағаттар желісін құру мәселелері айқын көрсетілді.

Саланың нормативтік құқықтық базасын одан әрі дамыту мәселелері баяндалып, мұрағат қорларын ретке келтіру, қабылдау және есепке алу, мекемелер мен ұйымдарда

іс жүргізуді ұйымдастыру бойынша мұрағат мекемелерінің практикалық қызметіне тарихи баға берілген. Сонымен қатар, Қазақстанда мұрағат кадрларын қалыптастыру, оларды даярлау және қайта даярлау жүйесін жетілдіру жолдарына талдау жасалады. Мұрағат саласының ардагерлері, оның дамуына елеулі үлес қосқан басшылар, мамандар туралы нақты мәліметтер келтіріледі.

2010 жылы тарих ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін «Қазақстандағы мұрағат құрылысының тарихы (1918-1991)» [7] тақырыбында диссертациялық жұмысын қорғап, 2013 жылы диссертация негізінде монография жарық көрді. Еңбекте Кеңестік кезеңде мұрағат ісінің қалыптасу тарихы кеңінен қарастырылады. Мұрағат ісінің басқару органдарының құрылуы мен мекемелер жүйесі, мұрағат қорларының жинақталу жолдарына тарихи баға берілді.

2019 жылы Р.Х. Сариеваның «Очерки по истории организации архивного дела в Казахстане (1991-1997)» [8] еңбегі жарық көріп, монографияда мемлекеттік билік пен басқару жүйесін өзгертудің ең күрделі кезеңіндегі (1991-1997 жж.) республиканың мұрағат ісінің тарихына арналған. Еңбекте посткеңестік кезеңдегі Республиканың мемлекеттік және ведомстволық мұрағаттарының құқықтық және ұйымдастырушылық негіздерінің мәселелері баяндалған.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Ажиханова А. Архив ісі мен құжаттама// Іле таңы, Алматы. 2023 ж.
2. Шалгинбаева Ж.Б. Вопросы архивного дела на современном этапе// «Қазіргі кезеңдегі архив ісі: өзекті мәселелер, тәжірибе, инновациялар»: Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. Алматы, 2017. – 115 б.
3. Ұлттық архив қоры және архивтер туралы Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 желтоқсандағы N 326-І Заңы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z980000326>
4. Назарбаев Н.Ә. «Ұлы даланың жеті қыры» 2018 жылғы 21 қараша [https://www.akorda.kz/kz/events/akorda\\_news/press\\_conferences/memleket-basshysynyn-uly-dalanyn-zheti-kyry-atty-makalasy](https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-uly-dalanyn-zheti-kyry-atty-makalasy)
5. «Архив – 2025» жобасын іске асыру жөніндегі 2020 - 2025 жылдарға арналған кешенді іс-шаралар жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 20 желтоқсандағы № 953 қаулысы
6. Ахмет А. Қазақстандағы мұрағат ісінің тарихы (1918-1991 жж.). – Алматы: Елтаным баспасы, 2013. – 384 бет.
7. Байжанов С. Архив – айғақ. Алматы: Қазақстан, 1988. – 240 бет.
8. Сариева Р., Мустафина А. Очерки по истории организации архивного дела в Казахстане (1991-1997). Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 377 с.

ӨОЖ 94 (574)

## **ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР**

*Губашева А.З.* – М.Өтемісов атындағы БҚУ,  
«Тарих» БББ 1-курс магистранты, Орал,  
Қазақстан

Білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуында маңызды рөл атқарады, білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі – мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше әрі оқушыға алған білімін өмірде пайдалана алатындай болуы қажет. Орыс педагогі К.Д.Ушинский айтқандай, қазіргі заман талабына сай әр мұғалім өз білімін



жетілдіріп, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды меңгеріп бәсекеге қабілетті болуы қажет. Өзгермелі қоғамда жаңа формация мұғалімі– педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған шығармашыл тұлға күзіреті [1].

Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігін талап етеді. Бұл туралы Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттірінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық, ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсетілген [2].

Тәуелсіздік жылдарында білім берудің жаңа формациясы құрылды. 1992 жылғы «Білім туралы» Заң білім берудің жалпы мақсатын былай анықтады: «Білім беру жүйесінің негізгі мақсаты – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, сондай-ақ ғылыми әрі практикалық жетістіктер негізінде жеке тұлғаны қалыптастыру мен дамыту үшін қажетті жағдай жасау» [3].

1993 жылы «Білім беру туралы», 1999 жылы «Ғылым туралы» жаңа заңдар мен сол заңдарға байланысты үкіметтің қаулылары және еліміздегі білім саласын дамытуға бағытталған 6 мемлекеттік бағдарлама қабылданды. 1993 жылы еліміздің танымал ғалым ұстаздарының дайындап ұсынуымен «Білім беруді мемлекеттік қолдаудың ұлттық бағдарламасы» дүниеге келді. 1996 жылы білім беру жүйесін реформалаудың мемлекеттік бағдарламасының жобасы дайындалды. 2000 жылы 26 тамызда «Мемлекеттік міндетті білім стандарты» қабылданып, содан көп кешіктірілмей, 2000 жылы 30 қыркүйекте Қазақстан Республикасының «Білім беру бағдарламасы» бекітілді [1].

Тәуелсіздік жылдарында облысымыздағы білім беру жүйесінде көптеген өзгерістер болды. Батыс Қазақстан облысының Статистика департаменті мәліметі бойынша тәуелсіздіктің алғашқы жылдары, яғни 1991-1992 оқу жылымен 1999-2000 жылдар аралығында жалпы облыс бойынша орта білім беретін мектептердің, әсіресе ауыл мектептерінің санының азайғанымен оқушылар саны өсуін байқаймыз. 1991-1992 оқу жылында 530 мектеп болған, 2009-2010 оқу жылында жалпы білім беретін мектептердің 65,19 пайызы мемлекеттік тілде білім берсе, 2014-2015 оқу жылында бұл көрсеткіш 67,76 пайызға артқаны байқалады.

Орта білім беру жүйесін ақпараттандыру Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылы қыркүйекте қабылдаған Қазақстан Республикасының орта білім беру жүйесін ақпараттандырудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес іске асырылды. Ол «Орта білім беру жүйесін дамытудың Мемлекеттік Тұжырымдамасы» негізінде дайындалған және 5 жыл жалпы білім беру мектептерін ақпараттандыруды ұсынды [4, 28 б].

2000 жылдың 9 ақпанында өткен Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген мәжілісінде Н.Ә.Назарбаев Үкіметтің алдына нақтылы міндет - «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 10 жылдығына республиканың барлық мектептерін компьютерлермен қамтамасыз етуді аяқтау керек» - деп атап өткен болатын [5,19 б.].

Орта білім беру жүйесін компьютерлендіру жұмысы 2001-2002 оқу жылының басындағы Батыс Қазақстан облысының білім беру жүйесінің орта білім беру ұйымдарын компьютерлендіру Мемлекет басшысының 22.09.1997 ж. № 3645 өкімімен, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 10.02.2000 ж. №200 «Компьютерлік техниканы мектептерге өтеусіз беру туралы» қаулысына және Облыс әкімінің 16.01.2001 жылғы Кеңесінің хаттамасына, Қазақстан Республикасы Президентінің Республика Тәуелсіздігінің 10 жылдығына және Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай республиканың барлық мектептерін компьютерлендіруді аяқтау туралы тапсырмасына сәйкес жүзеге асырылды [4].

Қазақстанда білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік

бағдарламасы жобасында сапалы біліммен қамтамасыз етудің халықаралық рейтингілердегі білім көрсеткішінің жасқаруы мен Қазақстандық білім беру жүйесінің сапасын арттыру үшін, ең алдымен педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, олардың бүкіл қызметі кәсіби біліктілікті арттыру болып табылады. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар мен сындарлы саясаттар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагог қауымының ойлауына, өткені мен бүгіні, келешегі мен болашағы жайлы толғауына, жаңа идеялар мен жаңа жүйелер мен жұмыс жасауына негіз болары анық. Олай болса, білімнің сапалы да саналы түрде берілуі білім беру жүйесіндегі педагогтердің үнемі өзін жетілдіріп, дамытуын талап етеді [1].

Бірінші кезеңде (1997-1998 оқу жылы) аудан орталықтары мен Орал қаласының базалық орта мектептері жабдықталды, ал кейінгі екі жылда облыстың орта мектептері компьютерлендірілді. Ағымдағы оқу жылында орта білім беру ұйымдарының барлық типтерін компьютерлендіру толығымен аяқталды. Қазіргі уақытта жаңа буын компьютерлік техника облыстың барлық жалпы орта білім және кәсіптік мектептерде, колледждерде орнатылды. Оның ішінде жергілікті бюджет қаржаты есебінен 170,0 млн теңге сомасына 180 компьютерлік сынып сатып алынды. Ақпараттандыру мемлекеттік бағдарламасын орындау барысында облыс мектебінде республикалық бюджеттен – 269, жергілікті бюджет қаражатынан – 203, Азия Даму Банкінің қарызы бойынша – 146 және демеушілік көмек бойынша – 32 компьютерлік сынып жабдықталды. Қазіргі уақытта облыста бір компьютер 39 оқушыға тиесілі [4].

2006-2007 оқу жылынан бастап еліміздің жалпы білім беретін мектептерінің, гимназияда лицейлерінің жоғары сатысына бағдарлы оқыту енгізілді. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 қарашадағы №628 бұйрығымен «Мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие және оқыту стандарты» енгізілді. Облыстың жалпы білім беретін мектептерінде Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің «Терроризм мен экстремизм көріністерінің алдын алу және тыйю жөніндегі шаралар туралы» 2000 жылғы 10 ақпандағы № 332 Жарлығын іске асыру және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2009 жылдың 22 қыркүйектегі №353 бұйрығына сәйкес оқушылардың дін туралы саяси мәдени білімдерін қалыптастыру мақсатында 9-сыныптарына базистік оқу жоспарының вариативтік бөлігі есебінен аптасына 1 сағат «Дінтану негіздері» факультатив сабағы енгізілді.

Мемлекеттік бағдарламаға сәйкес 2015 жылға қарай 12 жылдық білім беру моделіне өту басталды. Облыс көлемінде 12 жылдық эксперименттік алаңына 4 білім беру ұйымдары тартылды: Олар Орал қалалық №9 мектеп - кешені, №44 жалпы орта білім беретін мектеп, Зеленов ауданының Дарьян жалпы орта білім беретін мектебі және Сырым ауданында Қ. Мырзалиев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі.

Қазақстан Республикасындағы Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын және Білім мен ғылымды дамытудың 2014-2016 жылдарға арналған басым бағыттарын іске асыру аясында Ү.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ бірлесе отырып, орта білім мазмұнын жаңартуда алдымен «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ тәжірибесін республиканың жалпы білім беретін мектептеріне жүйелі бейімдеумен тарату бойынша жұмыстар жүргізілуде. Орал қаласында №44, №11, №6, №26, №30, №12 мектептерде кураторлық қызмет енгізілді. Орал қаласының М. Ихсанов №36 ЖОББМ және Теректі ауданының Шаған мектебі жаңартылған білім беру мазмұнын енгізу бойынша пилоттық мектеп болып енгізілді [6].

Ұлт жоспарының «100 нақты қадам: баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет» 76, 79, 89 тармақтарын және Қазақстан Республикасының білім және ғылымды дамыту 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының жүзеге асыру аясында жаңартылған білім беру жүйесіне кезең –кезеңмен еліміздің барлық мектебінде Назарбаев Зияткерлік мектебінің тәжірибесі негізінде білім берудің жаңа

бағдарламасы енгізді. Функционалдық сауаттылыққа бағытталған аталған бағдарлама 30 пилоттық мектептерде апробациядан сәтті өтті. Жаңартылған білім беру бағдарламасы кестеге сәйкес кезең-кезеңмен енгізіледі:

- 1 қыркүйек 2016 ж. - 1 сыныптар;
- 1 қыркүйек 2017 ж. - 2, 5,7 сыныптар;
- 1 қыркүйек 2018 ж. -3,6,8,10 сыныптар;
- 1 қыркүйек 2019 ж. - 4, 9, 11,12 сыныптар.

Аталған жоспар Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі тарапынан жасақталған 2015-2020 жылдарға арналған үштілді білім беруді дамытудың жол картасы негізінде құрылды [5, 58 б].

Тәуелсіздік жылдарының тағы бір ерекшелігі 2018 жылдағы өңірдің PISA рейтингісі бойынша жаңа бағалау жүйесі енді.

«PISA-2018» Халықаралық зерттеуіне облыс бойынша 42 білім беру ұйымы қатысты. Соның ішінде 34 мектеп, 7 колледж және «Назарбаев интеллектуалды мектебі». Бұл зерттеу 3 жылда бір рет өткізіледі және 15 жасқа толған білім алушылардың функционалдық сауаттылықтарын айқындайды.

PISA-2018 нәтижелері бойынша Батыс Қазақстан облысы республикада 11-орынды (жалпы орташа балл -396), оқырман сауаттылығы бойынша 9 орынды – 378 (ҚР - 387), математикалық сауаттылық бойынша 10 орынды – 418 (ҚР – 423), ғылым бойынша 10 орынды-391 (ҚР-397) иеленді.

2021 жылдағы өңірдің PISA рейтингі – дайындық COVID әсерін зерттеу мақсатында ЭБДҰ мүше елдері мен серіктес елдері PISA 2021-ді 2022-ге, ал PISA 2024-ті 2025-ке ауыстыру туралы шешім қабылдады. PISA-2022 жүйесінің приоритетті бағыты – математикалық сауаттылық.

4, 9 сыныптарда білім беру мониторингі қорытындылары бойынша бастауыш және негізгі орта білім беру ұйымдары оқушыларының оқу жетістіктерінің нәтижелері және PISA, PIRLS, TIMSS, ICILS халықаралық зерттеулерге дайындық жұмыстарының іс-шаралар жоспары бекітілді.

«Батыс Қазақстан облысының үздік педагогтері» қауымдастығының жұмыс жоспары бойынша «PISA халықаралық зерттеуі аясында білім алушылардың математикалық сауаттылығын дамыту», «PISA, PIRLS, TIMSS халықаралық зерттеулерін қашықтықтан оқыту кезінде білім алушыларды дайындауда қолданылатын құралдар» тақырыптарында вебинарлар, семинарлар, тренингтер, тәжірибе алмасу алаңдары өткізіліп келеді. 2022 жылы математика бойынша – 489 балл, оқу бойынша - 445 балл, жаратылыстану бойынша - 485 балл жоспарланған мәндер айқындалды.

Облыс бойынша бүгінгі таңда 379 мектептің орта білім беретін мектеп болса, оның 248 қазақ 29 орыс, 102 аралас мектептер [4].

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңында: «білім беру жүйесі міндеттерінің бірі: ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау және белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық – саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру» – деп көрсетіледі. Ал бұл міндеттерді орындаудың шарттары ретінде: оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу сияқты ауқымды мәселелер алынған [3].

Елімізде білім саласында 2007 жылы қабылданған бағдарламалардың бірі «100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасы жүзеге асқан ол жобаның аясында елімізде бірталай мектеп бой көтерген еді. Қазіргі уақытта демографиялық ахуалдың нәтижесінде ауылдан қалаға қоныс аударған қала халқының көбеюінің нәтижесінде үш ауысымдық мектептер мәселесі күн тәртібінде тұрған мәселенің бірі. «Жайлы

мектеп» жобасы шеңберінде бірқатар өзгерістер енгізу жоспарланып отыр. Батыс Қазақстан облысы бойынша 2022-2023 жылдар аралығында «Жайлы мектеп» бағдарламасы бойынша 40 мектеп салынады деп жоспарланған болса соның біразы бой көтеріп пайдалануға берілді, бұл білім саласындағы сапалы білім беруде қабылданып жатырған маңызды шаралардың бірі [6].

Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылға дейінгі «Білім беруді дамыту бағдарламасында»: «Бүгінгі білім беруде басты мақсат – тек білім, біліктілік, дағдылар жүйесі ғана емес, осы білімді өмірде қолдана алу, өз бетімен білім алу, өзгерістер заманында тиімді өмір сүріп, жұмыс істеу дағдыларын дамыту» - делініп, осы мақсат негізінде сапалы білім беру міндеті айтылады. Осы ретте білім беру мекемелері жаңа білім сапасына сай мемлекеттік сұраныс пен тапсырысты орындауы талапқа сай жүргізілуі тиіс деп есептейміз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Шимашева Р. Ел білімді болса, Тәуелсіздік тұғырлы болады // Егемен Қазақстан // 12.12.2021 ж. №201, 6-б.
2. «Білім туралы» ҚР Заңы, 1999 ж, 7 маусым, 749 б.
3. Сүлейменова А. Білім беру жүйесін жаңғыртудың басым бағыттары // Ел және Мұғалім // 22.12. 2021, 3-б.
4. ҚР Статистика Агенттігі, БҚО статистика департаменті. «Білім беру». - Орал, 2010. -60 б.
5. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 10 жыл: даму тенденциялары және статистикалық қорытындылары. - Астана, 2001. -108 б.
6. Білім берудің жағдайы мен дамуы туралы облыстық білім басқармасының баяндамасы, – Орал, БҚО білім басқармасы баспасы, 2017. -74 б.

ӘОЖ 94 (574.1)

### **КІШІ ЖҮЗ ШЕЖІРЕСІ ОРЫС ЗЕРТТЕУШІЛЕРІНІҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕ**

**Ұзақов А.А.** – М.Өтемісов атындағы БҚУ,  
«Тарих» БББ 2-курс магистранты, Орал,  
Қазақстан

Кіші жүздің тарихында көне дәуірден басталатыны тарихи шындық. Қазіргі таңдағы тың ізденістер бұл өңірді сонау Дон, Еділ, Жайық бойын мекендеген ежелгі далалықтар – сақ тайпаларының мекені екенін дәлелдейді. Тарихи дамудың тоқтаусыз екіні Кіші жүзде біздің дәуірімізде Оғыз мемлекетінің (IX-XI ғғ.), Дешті –Қыпшақ, Алтын Орда, Ноғай ордалары мемлекеттерінің құрылып, нығаюына себепкер болды. Ал ХУ-ХҮІ ғасырларда бұл мемлекеттер негізін құраған ру-тайпалар енді Батыс Қазақстан аймағында қазақ болып бірігіп, қазақтың Кіші жүзін құрап, олар өздеріне ортақ Алтын атауымен Алаш ұранының астына жиналды немесе қазақтың тұңғыш ғалымы Шоқан Уәлиханов жазғандай, «Қазақ болып еркіндікке жеткен тайпалар одағы өмірінде өзіндік әр берген бастапқы батырлардың ұрпағы Кіші жүзді қастер тұтады...»[1, 53 б].

Халық аңыздарына сәйкес Кіші жүздің ертедегі аты Алшын болған. Сірә, жүз ұйтқысы осы аттас тайпалар бірлестігі болса керек. Кейіннен Кіші жүз екі ұрпаққа - Өлімұлы мен Байұлына бөліне бастады және кейінірек үшінші буын–Жетіру ұрпағы шыға бастаса керек. Байұлына–Адай, Алаша, Байбақты, Беріш, Алшын, Шеркеш, Жаппас, Масқар, Таз, Есентемір, Тана, Қызылқұрт рулары кіріп, олар он екі ата Байұлы

деп аталған.

Әлімұлына–Қарасақал, Қаракесек, Кете, Шөмекей, Шекті мен Төртқара рулары жатқызылады. Оларды ортақ Алты ата Әлімұлы деп атаған.

Ал, Жетіруды–Кердері, Жағалбайлы, Табын, Тама, Рамадан (Рамазан), Керейт, Төлеу рулары құраған. Бұдан әрі рулар шежіре бойынша жалғасып кете береді. Бұлардан басқа тарихтың әр кезінде қазақ халқының құрамына енген үш жүзге қосылмайтын араб тектес Қожа мен Сунақ, монғол тектес Төре және жоңғар тектес Төлеңгіт рулары кездеседі.

Кіші жүздің бұлайша бөлінетіндігі туралы шежіреден басқа да көптеген деректер, зерттеулер сақталған. Бұл мәліметтер негізінен ХҮІІІ-ХІХ ғасырларға жатады. Яғни, Қазақстанды отарлау барысында ұлттық-экономикалық құрамын зерттеуге арналған материалдар. Онда осы ұлан-байтақ Батыс Қазақстан, яғни, Кіші жүз территориясын мекендеген рулар мен тайпалар жөнінде деректер келтірілген. Мысалы айтатын болсақ: «Орыс энциклопедияларындағы қазақ шежіресі» бойынша «Орта жүзден Орал тауларына дейінгі аралықтағы Кіші жүзде Әлімұлы, Байұлы, Жетіру атты тайпалар мекен етеді,»-деп жазады. Мұнымен қатар ру-тайпалар жөнінде неғұрлым толық дерек «Үлкен энциклопедияда» берілген. Онда «Кіші орда (Кіші жүз) Орал мен оңтүстік Орал тауларына қарай Торғай және Орал облысының жерін мекендейді. Төрт бөлікке бөлінеді: 1) Әлімұлы 44 000 отбасына дейін, 2) Байұлы 71 800; 3) Жетіру 34 200 және Уақ 2500 отбасы. Бұған Кіші жүзден Орта жүзге ауысқан 6000 отбасын қосқанда, бәрі 387 600 отбасы немесе 1. 938.000 адам бар; бұл цифрлар Спасскийдің деректерінен алынды және өткен ғасырдың алғашқы жартысына қатысты», - делінген [2, 11-12 бб].

Кіші жүздің шежіресін халық ауыз әдебиеті арқылы зерттеген С.Асфендияров өз еңбегінде: «Еділ бойында Алтын орданың орнына татардың Қазан және Астрахан хандықтары орнаған. Бұл хандықтар өзара соғысып отырған. Бұл соғыстарда Қырым хандығыда қатысқан. Кейін бұл мемлекеттер бірте-бірте адырап құлай бастайды. Олар айналысындағы көшпелілермен соғысқан. Батыстағы көшпелілердің көбі түркілердің қауымдар мен рулары» - еді деп жазады [3, 86 б.]. Бұған қосымша тарихнамаға ХҮ ғасыр басында жарық көрген орыс ғалымдары еңбектерінде қоса аламыз. Орыс ғалымы П.П.Румянцев Қазақстанның батыс өңірінің әлеуметтік құрамы туралы зерттеп, Кіші орданың 3 атаға бөлінетіндігін және Кіші жүзде барлығы 25 ру бар екендігі туралы айтады. Сонымен қатар «Рулар өз ішінде бірнеше бөліктерге жіктеледі», - деп жазады [4, 69 б].

Кіші жүздің этникалық, ру-тайпалық құрамы жөнінде жазған алғашқы адамдардың бірі орыс елшісі М.Тевкелев болды. Бұл орыс дипломаты жүздегі ру басшыларынан, ру ақсақалдарынан, билер мен сұлтандарынан жазып алған деректер бойынша өз зерттеулерін жүргізіп, жазбаша жазып қалдырған. М.Тевкелев Кіші жүз рулары жөнінде 1748 жылы мынадай мәліметтер жазып қалдырған: «Кіші жүздегі басты беделді күшті ру Алшын деп аталады. Алшын екіге бөлінеді: Қаракесек және Байұлы.

Ең күштірегі Қаракесек, ол алты рудан тұрады: олар шекті, қаракесек, шөмей, төртқара, қаракете, қарасақал. Бұл алты ру Әбілқайыр ханға бағынышты болған» [5, 42 б].

Жалпы қазақ ауыз әдебиетінде, немесе бірқатар буржуазиялық тарихшылар еңбектерінде қазақ халқының шығу тегін алшын руымен байланыстырады. 1748 жылғы Тевкелевтің мәліметтеріне Байұлы мен қаракесек ұқсас немесе туыстас. Ол Адай, Жаппас, Алаша, Байбақты, Беріш, Масқар, Таздар, Есентемір, Айып, Шихляр, Шеркеш, Тана атты он екі рудан тұрады. Ал Жетіру Кіші жүзде әлсіз рулар: Табын, Тама, Кердері, Керейт, Жағалбайлы, Рамадан руларынан тұрады, - деп жазады. Сонымен бірге Тевкелев «бұрын Жетіруға кірген тайпалар ірі рулардан көп қысымшылық көріп, қақтығысушылыққа ұшыраған [5, 43 б]. Сондықтан бұл рулар өз қауіпсіздіктерін қамтамасыз ету үшін Тәуке ханның кеңесімен қандас емес рулар бірігіп, Жетіруды құраған». Сол сияқты, Жетірудағы Табын руы жөнінде орыс тарихшысы, географ

В.И.Татищев «Жазбалар. Хаттар//Записки. Письма» еңбегінде [6] бір қатар мәліметтер қалдырған.

Келесі Кіші жүздің рулық құрамы жөнінде жазған автор П.И.Рычков болды. Ол Кіші жүз екіге бөлінеді: Алшын және Жетіру. Рулар, немесе аймақтар өз ішінде ордалардан (ұсақ иеліктерден) тұрады. Мысалы: Алшын жері, Адай жері, Кетелі жері, Қара-кетелі жері, Шөмекей жері, Шекті жері және Жағалбайлы жері, немесе иеліктері, ұлыстар...» -деп есептеді [7, 103 б.].

Кіші жүздің рулық құрамы жөнінде нақты материалдар А.И.Левшинде беріледі. Ол «Кіші орда өте күшті, беделді Алшын тайпасымен шағындау Жеті рудан тұрады, Тәуке хан оларды біріктіріп «Жетіру» деген ат берген. Алшындар Әлімұлы мен Байұлынан тұрады. Бұдан әрі «Әлімұлы алты рудан, Байұлы он екі рудан тұрады, Жетіру шағын жеті рудан құралады»- деп жазады [8,49 б.]. А.Левшинге сүйене отырып, дәл осындай мәліметті Н.А.Аристов та [9] береді. Алайда Кіші жүздің ру-тайпалық құрамы жөніндегі барлық деректерді жинақтап салыстыра келе, біз Байұлын он екі рудан емес, он үш рудан тұратындығын көреміз. Айталық Тевкелев, Левшин, Аристов және т.б. зерттеушілердің еңбектерін салыстырып қарағанда Тевкелев Байұлындағы Алтын руы туралы жазса, А.Левшин мен Н.А.Аристовта бұл ру берілмейді. Керісінше Н.А.Аристов монах Иакинфтің жазбаларына сипаттама береді [10]. Бұл Кіші жүздің шежірелерін дерек ретінде пайдаланғанын көрсетеді. Бірақ оның орнына Тевкелевте жазылмаған Қызылқұрт руы жазылады. Бұдан Тевкелевтің еңбектерінде Қызылқұрт руы, ал Левшин мен Аристовта 13-ші Алтын руы жетіспейтіндігін көреміз. Осы ғалымдардың еңбектерін салыстырып, зерттей келе ғалымдар В.В.Востров пен М.Мұқанов Кіші жүздің Байұлы 12 рудан тұратындығын айтады [11]. Ғалым М.Тынышпаев мәліметі бойынша [12] қазақтың Алаш туы астына біріккен кезде, Алаша хан атқа қонып қазақты танытып, қазаққа «Алаш» ұранын таңған кезде оған ақ бата берген оның ағасы Әлім болыпты. Сондықтан Әлім Кіші жүзде аға ру болып саналады. Қазақ шежіресі бойынша Әлімнің Ұланақ, Жаманақ, Қарамашақ, Құлтелі, Айнық, Темірболат деген алты баласынан тараған ұрпақты Алты ата Әлім дейді. Бұлардан басқа да кеңестік және қазіргі кезеңдегі зерттеушілер еңбектерінде көрініс тапқан.

Дегенмен, орыс және еуропалық тарихшылардың жазбалары, қазақ аңыздары, эпикалық шығармалар мен тарихшы-зерттеуші ғалымдар еңбектерін талдау арқылы Кіші жүз шежіресін тарихи – этнографиялық жағынан зерттеу әлі де болса күн тәртібінде тұрған өзекті мәселе болып отыр.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Уәлиханов Ш.Ш. Қазақтың түп тегі.//Ақиқат журналы, №2, 1995 ж. 53-56 бб.
2. Құл-Мұхамед М. Орыс энциклопедияларындағы қазақ шежіресі. – Алматы: Атамұра, 1994. -135 б.
3. Асфендияров С. История Казахстана: исследование, документы. – А.,Санат, 1998.
4. Румянцев П.П. Киргизский народ в прошлом и настоящем. - СПб, 1910. -65 с. <https://z-library.se/book/3297807/6b6b7d/Киргизский-народ-в-прошлом-и-настоящем.html>
5. Тевкелев М. Разные бумаги генерал-майора Тевкелеева об Оренбургском крае и о киргиз-кайсацких ордах//Временник императорского Общества Истории и Древностей Российских. Кн.13, 1852 г. // <https://z-library.se/book/3083564/1262ea/Разные-бумаги-генералмайора-Тевкелеева-об-Оренбургском-крае-и-о-киргизкайсацких-ордах-1762-год.html>
6. Татищев В.Н. Записки. Письма. – Москва, издательство: «Наука», 1990. 443 с. // <https://www.klex.ru/1tah>

7. Рычков П.И. Кіші және Орта жүз қазақтарының қоныстары туралы. Қазақстан тарихының хрестоматиясы. – Алматы: «Рауан», 1992. -287 б.
8. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз- кайсацких орд и степей.(под. общ. Редакц. М.К.Козыбаева) – Алматы: «Санат», 1996. -656 с.
9. Аристов Н.А Труды по истории и этническому составу тюркских племен. Отв.ред. акад. В.М.Плоских. – Бишкек:Илим, 2003. -460 с. // <https://bilim.akipress.org/lib/book:304/n-a-aristov-trudy-po-istorii-i-etnicheskomu-sostavu-tyurskih-plemen-bishkek-2003/>
10. Собрание сведения о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена монаха Иакинфа. – СПб, 1851. Часть 1. 460 с.
11. Муканов М., Востров В.В. Родоплеменный состав и расселение казахов. – Алматы: «Наука», 1968. -256 с.
12. Тынышпаев М. Материалы по истории киргиз-казахского народа. – Ташкент. 1925. -75 с.

## ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫ ТҮЛҒАЛАРЫ ВЕЛИКИЕ ЛИЧНОСТИ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ

ӘОЖ 94(574)(043.3)

### С.М. МӘШІМБАЕВТЫҢ ТАРИХШЫ ҒАЛЫМ РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫ

*Мұқтар Ә.Қ.* – т.ғ.д., профессор,  
Орал, Қазақстан  
*Сеғұатов Д.* - М.Өтемісов атындағы БҚУ,  
«Тарих» БББ 2-курс магистранты, Орал,  
Қазақстан

Белгілі қазақ ғалымы, тарих ғылымдарының докторы, профессор Серік Мектепұлы Мәшімбаев 1939 жылы 22 қарашада қазіргі Батыс Қазақстан облысы, Қазталов ауданы, Қарасу ауылында өмірге келді. Богатырев (Болашақ) ауылындағы орта мектебін бітірді. Заңгер жазушы М.О. Әуезовтің «Халықты халықпен адамды адаммен тенестіретін – білім» - деп атап көрсеткендей жас ұрпақты тәрбиелеп білім беруде облыс орталығында шалғай жатқан Қазталов ауданы Болашақ елді мекенінде орналасқан Богатырев орта жалпы білім беретін мектебінің өзіндік үлкен тарихы бар. 1952 жылы 30 тамызда Шильная Балкадан жеті жылдық мектеп болып көшіп келген. Ал 1953 жылдың 13 тамызынан орта мектеп болып белгіленіп, өз жұмысын 17 мұғаліммен бастады. Мектеп директоры тарих ғылымының кандидаты, БҚМУ-нің құрметті профессоры Кенжалиев Исатай болып бастады. Шалғай ауылда жатқанымен, жарты ғасырлық тарихы бар бұл мектептен еліне елеулі, халқына қалаулы көптеген азаматтар түлеп ұшты. Атап айтар болсақ мектептің алғашқы түлектерінің бірі, мектепті күміс медальмен бітірген В.Сәрсекенов, экономика ғылымының кандидаты. Кейінгі түлектері Мәшімбаев Серік - тарих ғылымының докторы, профессор, Патрис Лумумба атындағы университетін бітірген мектеп түлегі Ө.Қайыров, математика ғылымының кандидаты. Серік Мектепұлы Мәшімбаев 1957 жылы Богатырев (Болашақ) ауылындағы мектепті бітіргесін, 1957-1960 жж. Орал ауыл шаруашылық техникумында зоотехник мамандығында оқыды. Оны бітірген соң Қазталов ауданының Карл Маркс колхозында зоотехник болып жұмыс атқарды. 1960-1963 жылдары Кеңес армиясында әскери борышын атқарды. Әскер қатарынан босаған соң С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетінің студенті атанды.

1960-1970 жылдары тарих факультетінің Жалпы тарих кафедрасында профессор Я.Д. Серовайский, Ж.О. Ибрашев, Г.Ш. Жамбатырова, С.А. Касаболатова, К.Қ. Қожахметов, доценттер К.П. Коржева, Л.С. Фришман, В.А. Набатова, А.Н. Зайкин, Л.Азаренколар қызмет жасап, студенттерге дәріс берген еді. Университет қабырғасында С.М. Мәшімбаев «Қазақстан тарихынан» ҚҒА-ның кор.-мүшесі, белгілі тарихшы Е.Бекмахановтың, «Қазақтың шығу тегі» арнаулы курсынан М.Ақынжановтың, «Орта ғасырлар тарихынан» және «Италиядағы өркендеу дәуірі» атты арнаулы курсынан аға оқытушы Б.Мекішевтің және профессорлар С.Кенжебаев, Б.Дәрішев, Ғ.Нұртазина, Н.Дауылбаев, Ә.Шүпекөвтердің дәрістерін тындайды. Сонымен қатар Қазақ КСР ҒА Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнология институтының белді ғалымдары К.Нұрпейіс, Х.Асылбеков және өзге тарихшылардан ғылыми тәлім-тәрбие алады.

1964 жылы 2-курс студенті Серік Мектепұлы мамандық саласы бойынша «Жалпы тарих» кафедрасына бөлініп, «Әлем тарихынан» арнаулы курстардан дәріс тындап, білімін шыңдайды. Сол кездері факультетте шет елдердің тарихын зерттейтін студенттердің ғылыми үйірмелері жұмыс істеп, соның бірі «Орта ғасырлар тарихы» үйірмесін Б.Мекішев жетекшілік еткен болатын. Осы үйірмеге мүшесі болған студент



С.М. Мәшімбаев белсенділік танытып, ғылыми баяндамалар жасап, Б.Мекішевтің жетекшілігімен «Византияның егіншілік заңы» тақырыбында курстық жұмыс жазды. Ұстазы Бақтажар Мекішев ол кезеңде өнертанушы, тарихшы ретінде көпке танымал болатын. Б.Мекішев «Абай атындағы Қазақ академиялық опера және балет театры», «Әлемнің жеті кереметі», «Өнер әлеміне саяхат», «Достық мектебі» кітаптарының авторы [1, 138 б.]. Келесі 3 курста ол Б.Дәрішевтің жетекшілігімен құрылған «Жаңа тарих» үйірмесіне қатысып, «Франция революциясы және радикалдық көзқарастағы Жан Мараттың қызметі туралы» атты курстық жұмысты ойдағыдай орындайды. Байтұрсын Дәрішев С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетінің, жалпы тарих кафедрасының доценті еді. Университеттің мұрағатында Б.Дәрішевтің Коминтерннің тарихы, Париж коммунасы, XX ғасырдағы Венгрия тарихы, ұлт мәселесі тарихыны туралы еңбектер мен, «Еуропа және Америка елдерінің жаңа тарихы» II бөлім (1870-1917 жж.) атты оқу құралы сақтаулы. Сол уақыттағы университет ректоры Өмірбек Жолдасбеков оны баласындай жақсы көріп көп қамқорлық жасады [2, 28 б.]. Жоғарғы курста оқып жүрген кезінде тарих ғылымдарының докторы, профессор Ж.О. Ибрашевтің жетекшілігімен құрылған «Халықаралық қатынастар» үйірмесіне де қатысып, ғылыми баяндамалар жасаған. Осы университет қабырғасында алған тәлім-тәрбиесі С.М. Мәшімбаевтың жас ғалым болып қалыптасуына жол ашты. Оған сөзсіз ұстазы Жарас Ибрашев (1928 – 2016 жж.) ықпал жасады. Ж.Ибрашев халықаралық деңгейдегі француз тарихын зерттеуші. Ол университеттегі Халықаралық қатынастар факультетінің негізін қалаушы. Ж.Ибрашев Шарль де Голльдің саяси тұжырымдамасы», «Қазақстанның сыртқы саясатындағы Еуропалық Одақ», «Интеграция доктринасы бойынша лекциялар сериясы», «Еуропалық конституциялық идея бойынша он сегіз дәріс» еңбектері авторы. Қазақстандағы жаңа ғылыми бағыттың, яғни халықаралық қатынастар тарихы мен теориясының негізін салушы. Оның ғылыми қызығушылықтары демократия және интеграция мәселелерін, демократия принциптерін енгізу идеясын дамытуды қамтыды [3, 31 б.]. Осындай ғалымдардан білім, тәрбие ала жүре, жоғары курста Серік Мектепұлы ғалым А.Шупековтың жетекшілігімен «Моңғол Халық Республикасының құрылуы» тақырыбында диплом жұмысын сәтті қорғап, 1967 жылы ҚазМУ-дің тарих факультетін үздік бітіріп шығады.

Оқуын бітіргеннен кейін еңбек жолын Орал облысы, Казталов ауданы, Бостандық орта мектебінен бастайды. Бастапқыда ұстаздық қызметтен бастаған ол тәжірибе жинақтауының нәтижесінде мектептің тәрбие жөніндегі директордың орынбасарлығына дейін көтеріліп, осы қызметті абыроймен атқарады. 1969 жылы білімін жетілдіру мақсатында Серік Мектепұлы отбасымен Алматыға көшіп келіп, Алматы ет комбинаты жанындағы № 90 қалалық кәсіптік училищеде директордың оқу-тәрбие жұмысының орынбасары болады. Ол қандай қызметте жүрсе де ғылымнан қол үзбей, өзі оқыған университеттің тарихшы ғалымдарынан кеңес алып отырды [4, 32 б.].

1971 жылы тарих факультетінің деканы А.Шупеков пен жалпы тарих кафедрасының меңгерушісі А.Н. Зайкиннің және ҚазМУ-дің сол кездегі ректоры, академик Ө.А. Жолдасбековтің шақыруымен факультетке аға оқытушылық қызметіне қабылданып, үздіксіз 48 жыл ұстаздық етеді. 1971-1983 жылдары тарих факультетінің жалпы тарих кафедрасының аға оқытушысы, 1983-1989 жылдары Археология және этнология кафедрасының аға оқытушысы, ал 1989-1995 жылдары Халықаралық қатынастар және жаңа тарихы кафедрасының доценті, 1995-2005 жылдары шетелдердің жаңа және қазіргі заман тарихы кафедрасының меңгерушісі болады. Кафедраның аға оқытушы болған кезден бастап, ол күндізгі және сыртқы бөлімдерге «Жалпы тарихтың өзекті мәселелеріне» арнап курстық сабақтар жүргізді. Ол Оңтүстік және Батыс славян тарихы», «Еуропа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы», «Чехословакиядағы кемелденген социализм», «Чехословакияның сыртқы саясаты», «Польша тарихындағы поляк-қазақ қарым-қатынастары» арнаулы курстар оқыса, ал тарих факультетінде

«Еуропа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы», «Соғыстан кейінгі Герман мәселесі», «Шығыс Еуропа елдеріндегі Сталиндік диктатура кезеңінің тарихы» бойынша дәрістер оқиды.

С.М. Мәшімбаевтің Қазақстан тарихына, шетел тарихына арналған еңбектері отандық ғана емес, шет мемлекеттерде де жарияланды. Кеңестер Одағында өткен ғылыми іс-шараларға ғана емес, Польша, Чехословакия, Болгария, Югославия сияқты елдерде өткен халықаралық симпозиум, конгресс, конференцияларға қатысып, ғылыми баяндамалар жасайды. 1992 жылдың қыркүйек-желтоқсан аралығында университетпен Польша арасындағы өзара келісім-шартына орай, С.М. Мәшімбаев Адам Мицкевич атындағы Познань университетіне жіберіліп, қазақ-поляк қарым-қатынасына қатысты поляк студенттерімен оқытушыларына дәріс оқып, өзі де білімін жетілдіреді. Бұдан кейін де Познань университетінің профессорлары Марек Гавенцкий, Артур Клястармен тығыз ғылыми байланыс орнатып, 1945-1947 жылдары Қазақстанға жер аударылған поляктардың тарихына, тағыдырына қатысты ғылыми еңбектер жазады. Польша тарихын зерттеуші жас ғалымдарға жетекшілік етіп, Қазақстанда Польша тарихын зерттеу мектебін қалыптастырады. Ұстаз, ғалымның бастамасымен орнаған байланыстар әлі күнге дейін жалғасын тауып, екі мемлекет арасында білім мен ғылым жолында түрлі іс-шаралар жүргізіліп отыр [5, 75 б.].

1983 жылы С.М. Мәшімбаев факультеттің «Археология және этнология» кафедрасына ауысып, У.Х. Шәлеkenовтің жетекшілігімен «Қазақстан тарихының өзекті мәселелері», «Орыс-қазақ қарым қатынастары», «Ресейдің Қазақстандағы мемлекеттік мекемелер тарихы» мәселелерін қолға алып, зерттеулер жүргізіп, соның нәтижесінде 1985 жылы тарих факультетінің жанынан ашылған диссертациялық кеңесте «XIX ғасырдың бірінші жартысындағы орыс-қазақ байланыстарының тарихы (Кіші жүз қазақтары мысалында 1731-1827 жылдар)» тақырыбында кандидаттық диссертацияны, ал 2001 жылы «Патшалық Ресейдің Қазақстандағы мемлекеттік басқару мекемелерінің тарихы» тақырыбында докторлық диссертация қорғайды. С.М. Мәшімбаев ғылыми ізденістерінің нәтижесінде Ресей империясының Қазақ даласында жүргізген отарлық саясаты, қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысына, оның ішінде Кіші жүз хандығындағы қазақ жері үшін болған саяси күрестерге, Сырым Датұлына, Әбілқайыр ханның саяси-қоғамдық портретіне қатысты монографиялық еңбектері жарық көрді. 1995 жылдың қарашасынан С.М. Мәшімбаев «Шет елдердің жаңа және қазіргі заман тарихы» кафедрасына меңгеруші болып тағайындалып, осы қызметті 2005 жылға дейін атқарды [6, 43 б.].

Өзіндік бастамаларын алға ұстап елеулі ұмтылыстар жасаған азаматтар тарихымыздың ауыртпалығын арқалап, ынта-жігермен белсенді зерттеулерді бастады. Солардың бірі – Серік Мектепұлы Мәшімбаев. Көрнекті ғалымның жүріп өткен ғылыми қызметінің тарихи маңызы зор. Оның ғылыми шығармашылығы тарихшы ғалымдардың бір емес бірнеше буынын тәрбиеледі. Талантты ғалымның бай ғылыми мұрасы әлі де тиянақты зерттелуі керек. Ғалымның ғылыми тұжырымдарының өзектілігі өз құндылығын жойған жоқ. Халық даналығындағы «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» дегеннің мәні осы болса керек...

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Шығыс жұлдыздары: энциклопедиялық анықтамалық. Т. 1. Сөз зергерлері. Мәдениет майталмандары. — Астана : Фолиант, 2011. - 243 б.
2. Мәшімбаев С.М.: биобиблиогр. көрсеткіш / Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ; [құраст. Г. К. Көкебаева; жауапты ред. А.Ш. Алтаев, Қ.Т. Жұмағұлов]. - Алматы: Қазақ университеті, 2009. - 41 б.
3. Мәшімбаев С.М.: Қазақстан ғалымдарының биобиблиографиялық көрсеткіштері / жауапты ред. Ж.Қ. Таймағамбетов; құраст.: Г.К. Көкебаева, Л.Т. Исова; Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. – Алматы: 2004. - 50 б.

4. Мәшімбаев С.М.: биобиблиографиялық көрсеткіш / құраст.: Г.С. Сұлтанғалиева, П.Н. Нұсқабай, Т.Н. Мұқажанова, Ф.С. Аубакирова, А.Ж. Скатова; жауапты ред.: М.М. Бүркітбаев, М.С. Ногайбаева, К.Т. Туенбаева; ред. Ф.С. Аубакирова, А.Ж. Скатова. - Алматы: Қазақ университеті, 2019. - 104 б.

5. Мәшімбаев С.М. // Қазақстан ғалымдары: энциклопедиялық анықтамалық / бас ред. Б.Ө. Жақып. - Алматы, 2013. - 137 б.

6. Көкебаева Г.К., Профессор С.М. Мәшімбаевтың ғылыми педагогикалық, қоғамдық қызметінің қысқаша тарихы / Г.К. Көкебаева // Дүниежүзі және Қазақстан тарихының кейбір өзекті мәселелері (зерттеулер мен мақалалар) / С.М. Мәшімбаев; Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. - Алматы, 2010. - 80 б.

УДК 94(574)

## ҚАЗАҚТАН ШЫҚҚАН ДЕМОКРАТ, ҚАЙРАТКЕР Б.Б. ҚАРАТАЕВ

*Байбулсинова А.С.* – т.ғ.к.,

М.Өтемісов атындағы

БҚУ, Орал, Қазақстан

*Құспанова А.* – М.Өтемісов атындағы БҚУ,

«Тарих» БББ 1-курс магистранты, Орал,

Қазақстан

Бақытжан Қаратаевтың табиғатынан ұшқыр ойы, отты жүрек дара тұлғасы, асқан білімділігі, халықтың жарқын болашағы үшін әр салада атқарған қызметі мен заңдылықтарды басқару процесін ауадай қажетті талап ретінде енгізу мәселесін көтеруі-оны даланың дарынды перзенттеріне жатқызады. Энциклопедиялық білім иесі, ірі гуманист, реформатор, публицист, ағартушы демократ, қазақ қоғамының демократиялық жолмен дамуын көксеген қайраткер сонымен қатар, қарама-қайшылықтар мен аумалы-төкпелі өзгерістерге толы өз заманының да ұлы еді

Бақытжан Бисәліұлы Қаратаев - қазақ тарихындағы ірі тұлғалардың бірі. Туған халқын құлдық бұғаудан құтқару мақсатында патша үкіметімен ымырасыз күрес жүргізген көрнекті қоғам қайраткері, алғашқы қазақ заңгері болған Бақытжан Қаратаевтың есімі 20 жылдай бойы Ресей мен қазақ баспасөзі беттерінен түспей, қаламы «Айқап», «Қазақстан», «Орал» сияқты т.б. көптеген басылымдардың бағыт-бағдарына үлкен әсерін тигізген еді. Терең публицистикалық мақалалары болса қазақ қоғамының көкейкесті мәселелеріне арналып, Ресей мұсылмандарының назарын аударды. Өткір сынды, ашық жазылған мақалалары халықты азаттық пен бостандық идеяларына баулумен қатар, қазақ халқының рухани өсіп, шындалуына да өлшеусіз үлес қосты [1, 143 б.].

Бақытжан Бейсәліұлы Қаратаев Орал облысы, Жымпиты уезі, Жақсыбай болысына қарасты 9-шы ауылда 1860 жылы дүниеге келген. Ол Кіші жүздің ханы Әбілқайырдан тараған ұрпақ, яғни Әбілқайыр ханнан – Нұралы хан, одан Қаратай сұлтан, Қаратайдан - Бисәлі, одан Дәулетжан тарайды. Ал Дәулетжаннан – Бақытжан, Мағзом, Батыр есімді ұлдар туған. Шежіреден көріп отырғанымыздай, Б.Б.Қаратаевтың ата-бабалары қазақ тарихында елінің еркіндігі мен тәуелсіздігі жолында жанқиярлықпен күрескен тарихи тұлғалар, ата – бабасының өткен жолы Б.Б.Қаратаевтың қоғамдық - саяси көзқарасына бірден-бір септігін тигізгені даусыз [2, 11 б.]. Жалпы Қаратаевтың жастық шағында болып өткен тарихи оқиғалар мен процестер, оның қоғамдық-саяси көзқарасының қалыптасуына зор әсерін тигізді.

1878 жылы алғаш татар мектебінен сауат ашқан Б.Б. Қаратаев Орынбор гимназиясына оқуға келеді. Б.Б.Қаратаев оқуға түскен гимназия ірі көпестердің,

өнеркәсіп иелерінің, орыс армиясы офицерлерінің балалары оқитын элитарлық білім ордасы болған. Бірақ осы кезеңдегі барлық оқу орындары патша үкіметінің орыстандыру саясатына қызмет еткен болатын. Өйткені, патша үкіметінің отарлау саясаты оқу-ағарту саласында да қарқынды жүргізілді. Б.Қаратаев гимназияға өзіндік ой-пікірі, көзқарасы қалыптасқан, оны – солын ажырата білетін азамат шағында келді. Жастайынан білімге құмар қабілетті, ынталы Б.Қаратаев өз тілінде оқыған орыс балаларынан қалыспай, бар күш жігерін терең білім алуға жұмсады. 1886 жылы аталған гимназияны бітіріп шыққан жас сұлтан империя заңдарын терең меңгеріп, оны орталықтың азабын тартқан туған халқының мүддесіне пайдалану үшін Ресей орталығындағы беделді оқу орны Императорлық Санкт-Петербург университетінің заң факультетіне оқуға аттанады [3, 142-143 бб.].

Алғыр Б.Қаратаев 1878-1886 жылдары Орынбор гимназиясында, 1886-1890 жылдары Санкт-Петербург Императорлық университетінің заң факультетінде дәріс алады. Ақтөбе облыстық өлкетану мұражайында Б.Қаратаевтың Орынбор гимназиясын бітіріп, университетке түсу үшін жазған өтініші сақталған [4, 249 б.].

Б.Қаратаев 1890 жылы Санкт-Петербургтегі императорлық университетті алтын медальмен бітірген санаулы студенттердің бірі болатын. Сондықтан да болашағынан үлкен үміт күттіретін жас маман, Ресей мемлекетінің патшасына аянбай қызмет ететін заңгер санатында еді. Солай танылғандықтан да ИСПУ түлегі астанада жұмысқа қалдырылады. Бұл туралы 1891 жылы «Дала уәлаяты» газеті өзінің №10 санында қазақ жұртшылығын былай хабарландырды: «Император хазіретінің есіміне ашылған Петербург қаласындағы университет курсы екінші дәрежелі дипломмен үздік аяқтаған Торғай облысы, Іле оязы, Бөрте елінің сұлтаны Бақытжан Қаратайұлы юстиция министрлігінің қарауына кіргізіліп, департаменттік басқару санатындағы екінші мекемесіне қызметке қалдырылды» [5, 29 б.].

Жас маман билік жасаушы сенатта қалдырылады. Сонда бір жылдай жұмыс істейді. Одан Кутаисиге тергеушілік қызметке жіберіледі. Ол қоғамдық-саяси тыныс-тіршіліктің астанадағы буырқанысын студенттік шақтан білетін, біліп қана қоймай, араласып та жүрген, сонысы үшін полиция тарапынан бақылауда болып, ескерту алып та үлгерген. Ал Кавказда грузиндердің саяси қозғалысын өз ынтасымен қатар, қызмет бабына орай да жан-жақты таныды. Көптеген қоғам қайраткерлерімен тікелей таныс болды, империядағы ұлт мәселесін терең тани түсті. Алты жылдан кейін туған өлкесіне, Қазақ елінің батысына оралғанында, отарлық озбырлықтың мұнда бұрынғыдан да өрши түскенін көрді. Ішкі губерниялардан шаруаларды қазақ жеріне әкеліп қоныстандыру үшін қазақты үйреншікті жер-суынан түрлі әдіспен ығыстыру әрекеттері көз алдында жүзеге асырыла бастады.

1896 жылғы 18 қыркүйекте «Торғай газеті» Б.Қаратаевтың Грузиядан елге оралғандығын хабарлады. Бақытжан Бисәліұлының қазақ халқын, оның жері мен суын, азаматтарының құқығын қорғауға бағытталған іс-әрекеті, қызметі Бірінші Орыс революциясы жылдарында ерекше байқалады. Содан 1904 жылға дейін Торғай облысы, Ақтөбе уезіне қарасты Бұрты болысында тұрып, сол жылы Орал облысына қоныс аударуға мәжбүр болады. Бұл жөнінде Б.Қаратаев былайша баяндайды: «Торғай әскери губернаторы, генерал Ломачевскийдің, патша үкіметінің жергілікті тірегіне айналдыру үшін, қазақтардан казак сословиесін құру жоспарына тойтарыс бердім. Соның салдарынан әкімшілік қудалауға ұшырап, Орал облысына көшуге тура келді». Империядағы революциялық қозғалыстың дүмпуі оны нақты саяси жұмысқа араластырды. Үкіметтің шегіністерге баруы нәтижесінде туған 1905 жылғы құжаттар, халықтан мұқтаждықтары көрсетілген петициялар қабылдау (18 ақпандағы), елде ождан бостандығын қамтамасыз ету (17 сәуірдегі) туралы патша рескриптері мен заң шығаруға кеңесшілік жасайтын жоғарғы мекеме құру жөніндегі ішкі істер министрі ұсынған жоба ұлт қайраткерлерінің, соның ішінде Бақытжан Бисәліұлының да қоғамдық белсенділігін арттырды. Ол Орал облысы қазақтары тарапынан министрлер

кабинетіне петиция берілуін ұйымдастырды. Халық бастан кешіп жатқан рухани қыспақ пен жер таршылығы баян етілген, болашақ Мемлекеттік думада қазақ өкілдеріне орын берілуі жайында ел өтініші тұжырымдалған талап-тілектерін зиялылар делегациясымен бірге 1905 жылғы жазда императордың қабылдауына кіріп те білдірді [6, 313-314 бб.].

XX ғасыр басындағы қазақ қоғамындағы саяси ағымдарды Ә.Бөкейханов: «қырғыздар арасында қалыптасып келе жатқан екі саяси бағытқа сай екі саяси партия құрылуы мүмкін. Оның алғашқысы ұлттық-діни бағыттағы деп атауға болады, ал оның мақсаты қырғыздарды басқа мұсылмандармен біріктіру болмақ. Екіншісі-қырғыз даласының келешегі кең мағынадағы батыс мәдениетін енгізуге байланысты деп есептейтін бағыт. Бірінші бағыт мұсылман- татар партияларын үлгі тұтар, екіншісі- оппозициядағы орыс партияларын, атап айтқанда халық бостандығы партиясын үлгі етпек»-деп сипаттайды [7, 45 б.]. Ә. Бөкейханов көрсеткен осы екі бағыттағы алғашқы болып қазақ даласында жүзеге асырған Б.Б.Қаратаев болатын [4, 14 б.]. Өткен тарихи оқиғаны анығынан ашатын болсақ:

Отарлық тәуелділіктегі қазақ елінің мұқтажын білдірген арыз-тілектер батыста Оралда, орталықта Қарқаралыда, оңтүстік-шығыста Жетісуда, басқаша айтқанда, кең қазақ даласының барлық аймақтарында жазылды. Жетісу облысы Лепсі уезінің қазақтары дайындаған петицияға 1000 адам, арнайы делегация арқылы Петербургтегі үкімет орындарына тапсырылған Орал және Торғай облыстары қазақтары жазған петицияға 44 адам, ал белгілі Қоянды жәрменкесінде өмірге келген Қарқаралы петициясына 14,5 мың адам қол қойған еді [8, 96 б.].

Қазақ халқының атынан жазылған петицияларында жерді тартып алуға, салықтың ауырлығына, төменгі басқару органдары мен патша чиновниктерінің тарапынан озбырлық, қиянат, қоқан-лоққы жасалуына наразылық білдірді. Сонымен бірге өздерінің діни істерін Орынбор муфтилігіне қарату, қазақ арасында оқу-ағарту ісін ретке келтіру және өлкеге земство енгізу сұралды [9, 89 б.].

Бұл петициялардың мазмұны жөнінде нақты түсінікті Орал және Торғай облыстары жолдаған петициямен танысу арқылы алуға болады. Ол қазақ тілінде жазылып, 1905 жылы Орал қаласындағы К.М. Тухватуллин баспасында жарық көреді. Екі бөлімнен тұратын бұл құжатта қазақ елінің дін және жер мәселелеріне байланысты талаптары жан-жақты және дәл баяндалған. Қазақ жерін талан-таражға салуды тоқтату мәселесін назарынан ешқашан тыс қалдырмаған Бақытжан Бисәліұлы бұл петицияны дайындауға да ат салысты және онда жер мәселесіне байланысты мынандай талаптар қойылды:

1)Қазақ жерінде бұл күнге дейін қала салып алып, бейбіт өмір сүріп отырған орыстар отыра берсін және олар алған жерге талабымыз жоқ. Бірақ қалған жеріміз қырғыз-қазақ халқының өз пайдасына мәңгі ұрпақ мұрасы ретінде ешкімнің ортағынсыз берілсін, сондай-ақ, бұл жерді қырғыз-қазақ халқы императрица Анна Иоановнаның грамотасына сәйкес ықтиярлы, тығыздық көрмей пайдалансын;

2)Мұнан былай орыс шаруаларына қазақ жерінен жер берілмесін және қазақ жерінен қоныс аудару учаскелері ашылмасын ;

3)Далалық Ереженің 119-136, яғни барлық он жеті баптары негізсіз деп танылып, жойылсын;

4)Қырғыз-қазақ халқының қолына жер мәңгілік өзіндікі деген құжат берілсін [10, 50 б.].

1905 жылы Орал қаласында Қазақстанның бес облысының өкілдері қатысқан съезі болып өтті. Оның делегаттарының қатарында Ә.Бөкейханов, Ж.Сейдалин, М.Дулатов, Б.Қаратаев, Б.Сыртанов болды. Бұл съезде «Қазақ конституциялық-демократиялық партиясын» құру мәселесі қаралған. Жыл соңына қарай Оралдағы құрылтайда қабылданған партияның бағдарламасын беделді қазақ заңгері Б.Қаратаев әзірлеген еді.

Жер мәселесі жөнінде: «Қазақ халқының жері мен суы мәңгілік өздерінікі және оған ешкімнің ортақтығы жоқ деп негізгі заңға жазылсын; қазақтардың жері қазына дері және ол жерге орыс мұжықтары орналассын деген заңдар бұзылып, жоқ қылынсын; қазақтардың жерін өздерінің рұқсатынсыз орыстар ешқашан ала алмайтындай болсын. Орыс мұжықтарының жері өздерінің отырған жерлерінде көбейтілсін», - деген тұжырымдамалар партияның бағдарламасында орыс кадеттерінің ұстанымынан өзгеше қалыпта көрініс тапты.

Орал қаласында кадеттерді жақтаушылар өмір тәжірибесі мол Бақытжан Қаратаевтың төңірегінде топтасты. Осы тарихи кезеңде қазақ саяси элитасының арасында кадеттер партиясына қарай ойысушылықтың ашық байқалуы аныққа шыққан еді. Бұл қадам патша өкіметіне қарсы қуатты оппозициялық күшке айналған өз партиясының қолдауына сүйеніп, қазақ халқының мүддесін қорғау ниетінен туындаған болатын.

Қазақ кадеттерінің бағдарламасында қазақ жерін бүтіндей сол елдің меншігі етіп жариялайтын заң қабылдауға қол жеткізу ғана көзделіп қоймай, ішкі Ресейден көшіп келіп, тартып алынған қазақтың шұрайлы жер-суына қоныстану толқынын тежейтін, қазақ жұмысшыларына еркіндік, теңдік беретін, олардың мүддесін қорғайтын заңдар шығару қажеттігі, қазақ балалары үшін мектеп, медресе, университеттер ашу, тағы басқа сол сияқты талап – тілектер айтылған [5, 36-37 бб.].

1905 жылы 29 желтоқсандағы «Улфат» газеті партиясының құрылғандығын және оның бағдарламасын жасауға Б.Қаратаевтың қатысқандығын хабарлады. Міне, осы партия жалпы ұлттық деңгейге көтерілмесе де өз заманында қазақтың алдында тұрған мақсат-міндеттерін анықтауға өз септігін тигізді [4, 251 б.].

Думаға дайындық барысында қазақ интеллигенциясының кадеттер партиясы тұғырнамасына жақын болуының бір себебі - 1905 жылы Ресейдің мұсылман дініндегі халықтар арасында отарлық езгіге қарсы саяси одақ қалыптасып және ол діни сипат ала бастайды. 1905-1906 жылдары мұсылмандардың бүкіл ресейлік үш съезі өтеді. Үкімет орындарының келісім бермеуіне қарамастан, Петербургте 15-23 қаңтар аралығында өткен екінші бүкіл ресейлік мұсылмандар съезі «Ресей империясының мұсылмандарын жалпы мемлекеттік мүддеге сай, сондай-ақ Ресей өмірі мен жағдайында бүгін және болашақта бірігіп қимыл жасау үшін бір саяси партияға бірігуге үндейтін» жарғы қабылдап, қаулысында «Мемлекеттік Думаға депутат сайлау мерзіміне дейін тым аз уақыт қалуына байланысты ішкі губерния мұсылмандарының осы сайлау науқанында Конституциялық-демократиялық партиямен ынтымақтаса әрекет жасауға шақырған» ұсынысын қуаттайды. Енді ғана күрес жолына түсе бастаған қазақ ұлт-азаттық қозғалысының басқа халықтармен ынтымақтастықтан бас тартуы, әрине мүмкін емес еді. Сол кезеңдегі Кадет партиясының мүшесі болған Бақытжан Қаратаев, Әлихан Бөкейханов сияқты қазақ интеллигенттері саяси күресте діни фактордың маңызын жақсы түсінді. Отаршыл күресте өз мүмкіншілігін терең ұғынған қазақ зиялылары орыс және басқа халықтардың демократиялық күштермен бір болу қажеттілігін жақсы түсіне отырып, бұл шараларға белсенді түрде араласты, сол арқылы қазақ қоғамының негізгі мәселелерін шешуді мақсат етті. Алайда, қазақ интеллигенттерінің 1905-1906 жылдары саяси партия құру әрекеті сәтсіз аяқталады. Тарихшы М.Қойгелдиев оның екі себебін көрсетеді: Біріншіден, қазақ қоғамында жалпы ұлттық негізде саяси партияның құрылуына қажет алғышарттар әлі пісіп жетіле қойған жоқтын. Екіншіден, ұлыдержавалық, шовинисттік бағыт ұстанған кадеттер партиясының басшылығы үшін Қазақстан сияқты аймақта ұлттық еркіндік пен теңдікті мұрат тұтқан саяси ұйымның пайда болуы соншалықты тиімді емес-тін. Сондықтан да олар қазақ кадеттеріне қолдау жасап, ыңғай таныта қоймады.- деп көрсетеді [8, 109 б.].

Рас, Санкт-Петербургтегі кадеттер партиясының көсемдері қазақ кадеттерінің жер-су хақында мұндай еркінсуін көтермеді, ащы сынға алды. Бәлкім, сондықтан да болар, Қаратаев Екінші Думаға депутат болып сайланып келгенінде, парламенттің кадеттер фракциясына емес, мұсылмандар фракциясына тіркелді. Бірақ бұл өздерін «Халық бостандығы» партиясы деп атаған кадеттермен оның мүлдем ат құйрығын үзіскені деген

сөз емес еді, ол алға қойған мақсатын орындау үшін олармен де, октябристермен де социал-демократтармен де қызметтес болып жүрді. Ал Қаратаевтың ІІ Мемлекеттік дума құрамында жұмыс істеген кезінде күйтеген басты шаруасы қазақ халқының пешенесіне жазылған өткір де өзекті мәселені, бабалар аманат еткен атамекеніндегі шұрайлы жер-суын озбырлықпен орынсыз отарлаудан қорғауға тырысуы еді. ІІ Дума мүшесі Бақытжан Қаратаевтың бұл ретте атқарған ісі оныс сол тұстағы ұлт қайраткерлерінің ең озық ойлысы, ең шоқтығы биігі етіп көрсетеді. Парламенттік күрес жолында мүмкін болғанның бәрін жасаған белсенді де беделді қайраткер екенін танытады [6, 316 б.].

Халқының тек азаттығы үшін ғана емес, сонымен қатар мемлекеттегі қоғамдық қажеттіліктегі маңызды мәселелерді әшкерелеп, деңгейді көтеру үшін орасан зор қызмет атқарған қазақ заңгері Бақытжан Қаратаев сынды тұлғалар адамзат тарихында некен саяқ кездеседі. Сондықтан оның мерейін үстемдету әрқайсысымыздың парызымыз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Рысбеков Т.З., Бірімжаров Б.Қ., Құрманалин С.Б., Жақсығалиев Ж.Ж., Рысбекова С.Т. Батыс Қазақстан облысы тарихы. – Орал, 2015. – 292 б., 16. Фотосуреттер
2. Идресова Ү.Х. Бақытжан Қаратаевтың қоғамдық-саяси қызметі (1860-1934 жж) // Тарих ғылымдарының кандидаты...авторефераты.- Орал, 2007. – 33 б.
3. Қойшыбаев Б. Тәуелсіздік тамырлары: зерттеулер, мақалалар, сұхбаттар. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2022. – 612 б.
4. Мұқтар Ә.Қ. Тарих айдынындағы тұлғалар. Ғылыми мақалалар жинағы. 2-ші кітап. Алматы: «Арыс» баспасы, 2013. – 288 б.
5. Озғанбай Ө., Құрманбеков Б. Қайраткер Қаратаев. – Алматы: «Астана Медиа Пресс» баспасы, 2014. – 256 бет + 8 бет суретті жапсырма
6. Рысбеков Т. Тарихи тұлғалар: уақыт және өмір жолдары. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2014. – 528 бет.
7. Бөкейхан Ә. Таңдамалы (избранное)/ гл. редактор Р.Нұрғалиев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 478 с.
8. Қойгелдиев М.Қ. Алаш қозғалысы. – Алматы «САНАТ», 1995. – 368 б.
9. Қазақстанның жаңа және қазіргі заман тарихы. Ред.басқ. Қ.С.Қаражан. А.,2005
10. Хамиқызы Ү.Б. Бақытжан Қаратаев және патша үкіметінің жер саясаты./ Қазақ тарихы. 2006, №5

ӘОЖ 94 (574.12)

### **АТЫРАУ Өңірінен шыққан алғашқы қазақ дәрігерлері**

*Байбулсинова А.С.* – т.ғ.к.,

М.Өтемісов атындағы

БҚУ, Орал, Қазақстан

*Қамиева Н.Е.* – М.Өтемісов атындағы БҚУ,

«Тарих» БББ 1-курс магистранты,

Орал, Қазақстан

XX ғасырдың басында Ресейдің жоғары оқу орындарында білім алған алғашқы санаулы қазақ жастарының азаматтық ұстанымы тұрғысынан халқына жақын болды. Олардың әр-қайсысы елінің болашағына өз өмірлерін арнауға даяр тұрды, ұлтын сүйді, халқына адал қызмет етуді мақсат етті. Олардың басым көпшілігі, өкінішке қарай, заман қасіретіне ұшырап, жалған жаламен қуғын-сүргінге түсіп, жөнсіз сотталып, жер

аударылып, лагерлерде отырып, жазықсыз оққа ұшты.

Кеңес өкіметі орнағанға дейінгі қазақ халқының өмірінде мал шаруашылығы негізгі роль атқарды, халықтың тұрмыс жағдайлары мен еңбегі сол малды үнемі бағып-қағу, аман сақтап өсірумен тығыз байланысты болды. Мұның өзі қазақтарды малға жайлы жер іздеп, үнемі көшіп-қонып жүруге, сөйтіп көшпелі өмірдің ауыр азабын шегуге мәжбүр етті. Ал қысы-жазы тыным таппай, аш-жалаңаш бай малының соңында жүрген кедейлердің өмірі бәрінен де ауыр, әрі аянышты болды. Сол себепті көптеген жұқпалы аурулар, соның ішінде малдан жұғатын аурулар қазақ халқын үнемі бақытсыздық жағдайларға душар етіп отырды. Мысалы, бурцуеллез, туберкулез, түйнеме, құтыру, туляремия т.б. аурулар қазақтар арасында кең етек алды. Мұндай аурулардың шығу себебін сол кезеңде өлкеде жұмыс істеген орыс дәрігерлері аурудың шығу себебін санитарлық-гигиеналық жағдайлардың сақталмауынан көрді. Оның үстіне бұл аурулардың кең етек алуына қарамастан оған тиісті дәрежеде медициналық көмектер де көрсетілмеді. Өйткені патша өкіметі өзінің отар аймағы ретіндегі қазақ даласында медицинаның дамуына мүлде көңіл бөлмеген еді. Медициналық көмек көрсетудің аралас жүйесі халықтың қажетін, әсіресе көшпелі мал шаруашылығымен айналысушылардың қажетін өтей алмады. Мысалы, 1898 жылы 585894 шаршы шақырым жер көлемі бар Батыс Қазақстанның территориясындағы 587446 адамға 11 дәрігер, 28 фельдшер, 7 акушер болды.

Ал кең байтақ қазақ даласында 1913 жылы небары 1800 төсегі бар 98 аурухана, 96 емхана болды, яғни 14 мың шаршы километр жерге бір медициналық орыннан келді. Қазақстандағы барлық дәрігерлердің саны 200-ге жетпейтін, ал олардың басым көпшілігі тек қалаларда ғана жұмыс істейтін.

Ал, 1915 жылы Батыс Қазақстанда тек қазақ ұлтынан барлығы 6 дәрігер, 26 фельдшер, оның ішінде 2 дәрігер мен 13 фельдшер Ішкі (Бөкей) ордасында болды. Тек XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап 1867-1868 жылдардағы реформалардан кейін алғаш рет халыққа қызмет көрсету мақсатында уездік дәрігер, уездік фельдшер және акушер лауазымы белгіленді [1].

1901 жылы Гурьев қаласында Орал казак әскері қаржысына екі аурухана үйі тұрғызылды. Оның біріне хирургиялық бөлімше орналастырылды. 1913 жылдарда 53 төсегі бар 4 аурухана және 6 амбулатория жұмыс істеді. Халықты небәрі 9 дәрігер қарады, олардың өзі де Гурьевте болып, жекеменшік емдеу қызметімен айналысты. Дәрігерлік көмекке жұрттың бәрінің қолы жеткен жоқ. Себебі Қазақстан Қазан төңкерісіне дейін экономикалық және мәдени жағынан мешеулеп, артта қалған Ресей патшалығының шеткі аймақтарының бірі еді. Тұрмыстың ауыр жағдайы, қиыншылық өмір, медициналық көмектің жоқтығы - міне осының барлығы еңбекші бұқараның арасында алуан түрлі аурулардың көп таралуына себепші болды.



Мұндай көрсеткіштер сол кезеңде дәрігерлік көмектің тиісті дәрежеде көрсетілмеуін дәлелдейді. Осыған орай елді көптеген жұқпалы аурулар шарлады, әсіресе балалар өлімі өте көп болды. Себебі бұл кезеңде қазақ халқы арасында дәрігер мүлде жоқтың қасы еді, бар орыс дәрігерлер қазақтардың жағдайын ұға алмады, әрі олар халық арасына далаға барып жұмыс істеуге мүдделі болмады.

Атырау өңірінде дүниеге келіп, өлкеміздің денсаулық ісіне зор үлес қосқан, өлкемізден шыққан дәрігердің бірі- Халел Шигаев. Ол 1880 жылы 5 наурызда Бөкей Ордасында дүниеге келген. Жастайынан ата-анасынан ерте айырылып, нағашы әжесінің қолында тәлім-тәрбие алады. 1897 жылы Астрахан губерниясы Владимировка селосындағы бір жылдық орыс-қазақ ауыл мектебін бітіреді. 1905-1906



жылдары хан ставкасындағы екі сыныптық педагогикалық курсқа түсіп, төрт сыныптық училищесін бітіреді. 1906 жылы Астархандық дәрігер Н.Шмидттың ашық арнаулы курсына білім алып, обаға қарсы жұмысына атсалысады. 1909 жылы сол заманның, сол қоғамның ең таңдаулы дәрігерлері білім алған Астархандық дәрігерлік инспекторының фельдшер-акушер мектебін бітіреді. Осы мектепті 1918 жылы Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген дәрігері, Атырау өңірінде денсаулық сақтау ісін алғашқы ұйымдастырушылардың бірі. А.Сүндетовте білім алады. 1923 жылы Мәскеу қаласында өткен Бүкілодақтық шығыс көрмесіне қатысып еңбектегі жұмысы шындала түседі. Х.Шигаевтың қызметі басталған кезеңдегі Гурьев облысының денсаулық ісінің жағдайы өте төмен еді. Оны осы жолдамамен Гурьев облысы, Теңіз ауданына (қазіргі Атырау облысы, Құрманғазы ауданы) қарасты Азғыр ауылына



фельдшер қызметіне жіберіледі [2].

Немістің бас фашисі Гитлер Батыс Еуропа елдерінің көбін жаулап алғаннан кейін, 1941 жылы КСРО-ны (Кеңес Социалистік Республикалар Одағы) жаулап алуға соғыс ашты. Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Мыңдаған Қазақстандықтар да кеңес жауынгерлері Ұлы Отан соғысының алғашқы күндерінен бастап барлық майдандарда фашистік басқыншыларға қарсы қиян-кескі шайқастарға аттанды. Соның ішінде Х.Шигаевтың да ұлдары отанын қорғауға аттанды.

Лениннен кейін Сталиннің билікке келуі КСРО-да түбегейлі өзгерістерге алып келді. Қоғамда әміршілдік-әкімшілдік жүйе идеологиясы өз жемісін бере бастаған 1929 жылды И.Сталин “Ұлы бетбұрыс” жылы деп атады. Сталин үкіметі жүргізген зұлмат 1937 жылы шарықтаған шегіне жеткен еді. Ол өз пікіріне, әрекетіне қарсының көзін құртып, партияны өзінің бағытында жұмыс істеуге жұмылдырды. Елдегі «жауларына», оппозициялық күштерге қарсы жазалаушы орган Ішкі Істер Халық Комиссариатын (НКВД) құрды. Орган Сталиннің жеке өзінің қол шокпарына айналып, «мәртебесін» шарықтатып жіберді. Халықта қатты үрей мен қорқыныш қалыптасты.

Әр Кеңес республикасында жүздеген мың адам атылды. НКВД қызметкерлері барлық күшін «контрреволюциялық ұйымдарды», «зиянкестерді», «шпиондарды» ұстауға жұмылдырылып, олар өз жоспарын асыра орындау үшін барлық жауыздыққа барды. Сотсыз үкім шығарушы органдар «екілік» және «үштіктер» күшейе түсті. 1950 жылдардың ортасында кеңестік идеология “күнәсіз, кемшіліксіз, кіршіксіз таза көсем” мен “халық жауы деп лагерьлерге немесе атылып кете барды. Сталиншілдіктің ауыр қылмыстарының бірі - Қазақстан аумағында түзеу мекемелерінің тұтас жүйесін - Степлаг, Карлаг (Қарағанды лагері), АЛЖИР лагерьлерін салуы болды. Бұл лагерьлерде жазықсыз айыпталған мыңдаған адамдар өз мерзімін өтеді. Олардың қатарында 13 жыл лагерьде қаражұмысқа салынған Х.Шигаевта болды. Х.Шигаевты 1950 жылдың 25 сәуірінде жалған айыппен РСФСР Қылмыстық Кодексінің 58-бабының 10-тармағымен 10 жылға соттады. Тек, КСРО Жоғары Соты Әскери коллегиясының шешімімен 1955 жылдың 9 маусымда ақталды [3].

Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми қор бөлімінде Х.Шигаевтың Хан ставкасының төрт сыныптық училищесін бітіргені жөніндегі аттестаты, педагогикалық училищені бітіргені жөнінде берілген куәлігі, фотосуреттері сақталған.

Бөкей ордасындағы медицинаның дамуы, бүкіл қазақ жеріндегі денсаулық сақтау ісі өркениетінің бастамасы болып табылады. Жәңгір ханның таққа келуімен

халықтық медицинаның орнына жүйелі ұйымдастырылған емдеу ісі қалыптасты. Жәңгір өз қоластындағы халқының денсаулығына да үлкен көңіл бөліп отырған. Жәңгірдің білімділігімен мәдениеттілігі нәтижесінде хандықта алғаш рет медицина қызметкерлері, дәріхана, дәрігерлік пункт және Қазақстанда тұңғыш орда қоғамдық ауруханасы ашылды.

Алғашқы жылдары Бөкей ордасының халқына медициналық көмекті хан ставкасына бөлінген қазақ отрядының құрамындағы әскери дәрігерлер көрсеткен. Қатты науқастарды емделуге Астрахан қазақ әскерінің лазареттеріне жіберіліп отырған. Бұдан басқа ауырған адамға медициналық жәрдемді орал қазақ әскерлері мен дала форпостарының дәрігерлері мен фельдшерлері көрсеткен.

1825 жылы Жәңгір шешекке қарсы егу жұмыстарын егу мақсатында Орынбор әскери госпиталі жанындағы фельдшерлік мектепке ордалық жас жігіт Сырлыбай Жәнібековты оқуға жібереді. Оқуын сәтті аяқтап, шешек ауруына қарсы маманданған тұңғыш қазақ дәрігері С.Жәнібеков өз жеріне келіп, қазақ балаларына егу жұмыстарын бастайды. Бірақ егудің қарапайымдылығы мен қауіптілігінен сенімсіз адамдар балаларын ектіруден бас тартады. Сонда Жәңгір егу жұмыстарын өз баласынан бастауына тапсырма беріп, медицинаның маңыздылығы мен қажеттілігін дәлелдейді [4].



Нарын топырағында туып өсіп, өлкеміздің денсаулық ісіне зор үлес қосқан, өлкемізден шыққан дәрігердің бірі-Қажығали Мәмеков. Ол 1883 жылы Атырау облысында дүниеге келген. Қажығалидың әкесі Мәмек Адайдың Тәзікесіндегі белгілі де беделді адамдардың бірі болыпты. Ол 1907 жылы Меккеден қайтып келе жатқан жолында ауырып дүние салады. Топырақ Қырымдағы Бақшасарайдан бұйырады.

Қажығали кішкентайынан еті тірі, ширақ және айналасын қоршаған түсініксіз құбылыстарды білуге құмар бола біліп өседі. Молдадан үш жыл сауатын ашқан Қажығали онан әрі оқығысы келсе де, құмда оқитын мектеп болмайды. Сонымен ол он жасқа келіп, бірер жыл үйінде отырады. Содан 1893 жылы Ганюшкино (қазіргі Құрманғазы ауданы) селосында 2

кластық орыс-қазақ училищесі ашылады да, 40 оқушының бірі болып оқуға түседі. Осында 13 жылдай білім алып, 1898 жылы негізінен мұғалімдер даярлайтын 6 жылдық Орда (Хан ставкасы) мектебіне түсіп, оны 1901 жылы үздік бағамен бітіреді. Алайда, оның бұдан соңғы ұзақ ғұмыры мұғалімдікке емес, дәрігерлікке айналды.

1900 жылдың қысында Текебай Түбек деген ордадан оба ауруы шығып, соған орталық Ресейден азаматтық және әскери медициналық мамандар жіберіледі. Обаның патша үкіметін қорқытқандығы сонша, оның ұшқынын басу жұмысын басқару үшін патша өзінің туысқаны А.П.Ольденбургскийді жібереді. Осында келген дәрігерді тікелей басқару-орыстың әскери-теңіз дәрігері, микробиолог, ғылым докторы В.И.Исаевқа тапсырылады. Міне, осы Исаевтың келуі және оның обамен күресу мақсатында Ордада үш айлық медицина-санитарлық курс ашуы Қажығали үшін бірден-бір маңызды оқиға болды. Бұл курсқа жергілікті адамдардан 26 оқушы жиналды, оның 20-сы мұғалімде, 6-уы сол Қ.Мәмеков оқып жатқан 6 жылдық мектепті бітірушілері еді. Осы барлық курсанттардың ішінен жалғыз Қажығали барлық сабақтарды үздік беспен тапсырды. Ол Ішкі Қырғыз (Бөкей) ордасының оба, тырысқақ, сүзек, шешек тәрізді қатерлі де, жұқпалы аурулар пайда болған аймақтарында еңбек етіп, өз басында талай қатерге тігеді, талай жандарды ажалдан арашалайды. Солардың ішінде Атырау аймағына әйгілі болған дәрігер Ахмет Сүндетовтың туған ағасы Рахмет Сүндетовтың де үй-іші бар. 1906 жылдың қарашасында бұл үйден обаның белгілері білінеді де,

шұғыл шара алу үшін Қ.Мәмеков келеді. Сөйтіп, Р.Сүндетовтың үй-іші обадан аман қалады.

1901 жылдың шілдесінде Ішкі орданы басқару жөніндегі уақытша Кеңестің председателі А.А.Вербов генерал В.И.Исаевтан Қажығалиды Кронштадқа оқуға жіберу туралы хабарлайды. Бұл шаһарға қалай жету жолшыбай кездесу керектігін жөнінде оған ақыл-кеңес беруші жоғары білімді тұңғыш қазақ дәрігері, Петербор университетінің түлегі, Жәңгірдің он екі биінің бірі болған Шомбалдың немересі Мәжит Мұқанбетжанұлы Шомбалов болды. Қажығалидың тарықпай және алаңсыз оқуына Жәңгір ханның сол кезде Петерборда тұратын ұлы орыс армиясы атты әскерінің генералы Ғұбайдолла да көп жағдай жасайды [5].

Сөйтіп, Қ.Мәмеков 1902 жылы қыркүйегінде Кронштад жанындағы Николаев теңіз госпиталының фельдшерлер даярлайтын мектебіне оқуға түседі. 1905 жылы 12 сәуірде осы мектепті үздік бітіреді. Ресей бойынша Кронштад мектебін бітірген 135 адамның бірі болды.

1905 жылы мамырда Астраханьдағы губерниялық басқарма жолдамасымен Орда жеріндегі жұқпалы ауруларды қараушы болып орналасады. Сол жылы 27 қазанда Нарынның Бекетай деген жерінде обаның ұшқыны көрініп, оған алдымен әйгілі дәрігер М.Шомбалов пен фельдшер Ш.Өтебаев аттанады да, Қ.Мәмеков Астраханнан келген Констанцев деген дәрігер екеуі лабораторияны түйеге артып, күні-түні жүріп, арада 5 күн өткенде бұларға жетеді. Осылардың үстіне Царицыннан доктор Бобелянц бастаған топ келеді. Сол жылдың желтоқсанында оба ауруы індеті жойылады, бірақ сол жерге бақылау пункті ұйымдастырылып, оны Мәжит Шомбаловтың өзі қолдана алады да, ал Жаңақаладан ашылған пунктке жауапты Қажығали Мәмеков болады. 1906 жылдың жазында осы оба ауруымен күресу үшін Бөкей ордасының территориясында 6 дәрігерлік және 18 фельдшер пункті ашылады, олардың барлығын Орда қаласында ұйымдастырылған дәрігерлік-санитарлық бас дәрігері басқаратын болады [6].

Қ.Мәмеков Кронштад мектебін бітіріп, елге оралғаннан бастап, 1917 жылға шейін осы кесәпат ауруды жою жолында қызмет етті. 1918 жылы Сарытөбе деген жердегі медпункті басқарады. Сол жылы Ордада Бөкей губерниясы медиктерінің съезіне және Кеңес губерниялық I съезіне делегат болып қатысады. 1920 жылы құмда болған аштыққа қарсы күресу комиссиясының құрамына енеді. Сөйтіп халықты аштықтан алып қалуға септігін тигізеді.

Қ.Мәмеков өзінің өмірбаянында Петерборда оқып жатқан эзирбайжан студенттері кеш ұйымдастырды. Оған сонда тұратын мұсылман зиялыларын шақырды. Сол кезде Таврия сарайында ұлттық киімдердің дүниежүзілік көрмесі болып жатқан еді. Көрмеге Бөкей ордасынан өкіл болып Әзірбаев Жарас деген қарт келді. Сол екеуіде әлгі кешке шақырылып, кешке Ш.Уәлихановтың інісі оставкадағы генерал Уәлиханов (атын жазбапты-автор) Жәңгір ханның немересі Гүлсімді алғашқы башқұрт генералы Шейх-Али басқа да беделді мұсылмандар келеді. Сол кеште мен Петерборда оқып жатқан қазақ студенттер Мұхамбетжан Тынышбаевпен, Жанша Сейдалинмен және Х.Досмұхамедовпен таныстым депті. Осы жылдары Қ.Мәмеков Ордадағы қызмет бабымен келгендердің ішінен әйгілі қайраткерлерді есінде сақтап қалғанын оның естелігінен көреміз. Мысалы: ол төтенше әскери комиссары М.Тұнғашинді және Астраханьнан келген С.П.Милютинді жақсы білетінін жазған. 1921 жылы Қажығали Сарытөбе болысын басқарып, бір мезгілде медпункт меңгерушісі, Астрахань балық өндірісіне бір айға I Теңіз округінен 5000 адам ұйымдастырудың төтенші өкілі болды. 1929 жылдың басында ол Саратовтағы микробиология және эмидемиология институтының нұсқауымен Жаңақала аудандық оба пунктерін меңгерді. Ал 1930 жылы Астрахань облысының Краснояр ауданына қызметке ауысады. Осы кезде ол С.Меңдешевтың шақыруымен Москва мен Алматы да болып, Түрксіб темір жолының салынып болуы құрметіндегі салтанатта сөйлеген Тұрар Рысқұлов пен жапон және халықаралық жұмысшы қозғалысының қайраткері Сен-Катаяманың сөздерін

тындағанын өзінің естеліктеріне келтіреді. 1930 жылдан құрмет демалысқа шыққанға дейін ол Астрахань облысының малый Арал, Ахтубинск және т.б. елді мекендеріне аурухана және медпункт меңгерушісі болып қызмет атқарады. 1960 жылдары Гурьевке келіп, 90 жасында 1973 жылы дүние салады [7].

Осылайша саналы ғұмырларын өз халқына қызмет етуге арнаған ұлт зиялылары өзінің дәрігерлік мамандығымен өмірінің соңына дейін халыққа, туған еліне қызмет етіп, дәрігерлік істің дамуына, халықтың жағдайының сауығуына көптеген еңбек сіңірді. Осы еңбегін жас келешек ұрпақ біліп жүрсе нұр үстіне нұр болар еді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Атырау облысы тарихи өлкетану музейі, ғылыми қор бөлімі (қор НҚ-572,573-1 п).
2. Атырау облысы тарихи өлкетану музейі, ғылыми қор бөлімі (қор НҚ-574).
3. Атырау облысы тарихи өлкетану музейі, ғылыми қор бөлімі (қор НҚ-582-1 п).
4. Атырау облысы тарихи өлкетану музейі, ғылыми қор бөлімі (қор НҚ-583).
5. Камиева Н. «Бөкей ордасынан шыққан тұңғыш эпидемиолог»// «Сахара» газеті. №14. 24 шілде, 2014 ж.
6. Жолжанов М. «Первый фельдшер»//«Прикаспийская коммуна» газеті . 18.02.1992 ж.
7. Дауенов Ш. «Знатные люди моего аула»// «Прикаспийская коммуна» газеті. 26.01.1999 г.

**ӘОЖ 94(574)**

### **МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ Д.А. ҚОНАЕВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ**

*Хамзин Ж.К.* – тарих магистрі,  
Д.Қонаев атындағы  
№44 мектеп-гимназиясының тарих  
пәні мұғалімі, Орал, Қазақстан

Ұлт тарихын зерделеуде кейінгі өскелең ұрпаққа ата тарихымыз бен оны жасаушы тұлғалар туралы, олардың артында қалған мұрасы мен келелі ой-тұжырымдарын зерттеп-жеткізу, ұлт перзенттерін ұлықтау- абыройлы парыз. Қазақ зиялы қауымының өкілдері біздің қоғамымызда шоқ жұлдыздай жарық шоғырын құрайды. Үнемі үрдістік дамуға ұмтылып отыратын қоғамның тынысына өздерінің ой-интеллектісімен, нақтылы тұжырымдарымен ықпал ететін, сондай-ақ оның алар бағытына да әсер ете алатын негізгі күш – зиялылар қауымы. Сондықтан да зиялы қауым өкілінің тарихын зерттеу, олардың ғылым мен қоғамдағы алар орны мен қосқан үлесін саралай отырып зерделеу, тағылымдық жақтарын ашып көрсету, бағалау маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Ұлы тұлғаларын білмейінше, бірде-бір дәуірді дұрыстап тану мүмкін емес. Адам тағдырының айнасынан бір тарих көшінің жүрісін ғана аңдап қоймаймыз, оның рухын, тынысын сезінеміз.

Сондықтан да халқы мен елінің алдындағы өздерінің перзенттік парызын айқын да анық түсінген, қандай қиын-қыстау жағдайда да оны адал орындаудан жалтармаған адамдар қай дәуірде өмір сүрсе де, дәйім өз жұртының нағыз азаматы болып қала берген. Тарихтың қай кезеңінде болсын, олар өз ұлтының бетке ұстар мақтанышы болып келген. Ол, ол ма, белгілі бір мағынасында олардың өздері де халық тарихының тұтас бір дәуіріне татыған, халқының бағытынан жаңылмай тәуелсіздікке бастайтын

жолын нұрландырған ел тарихының шамшырақтары болған»,- деп тұлғалардың тарихтан алар орнын көрсетеді [1].

Бүгінгі күн – кешегінің жалғасы. Қазақ қашан да өткенге салауат айтып, болашаққа аманат жүгін қалдырған. «Ел ағасыз, тон жағасыз болмас» дегендей, қай кезде де басшының рөлін ешкім жоққа шығара алмайды. Сондықтан ел тарихында асылдарын ардақтап, ұлыларын ұлықтай білген. Өткенін бағалай білу- өнегелі ұрпақтың ісі, елдіктің белгісі. Заман өзгерген сайын өткен қоғам да, сол қоғамда өмір сүрген адамдардың да бейнесі өзгеруі мүмкін.

Бүгінде тәуелсіз елдің алға қарыштап дамуы тарихи шындықты мейлінше тереңдетіп зерттеуді, халқымыздың өзіндік жолы бар тарихын жаңа табылған деректерге сүйеніп зерттеуді талап етеді. Тарихтағы жеке адамның рөлін зерттеу дәстүрі соңғы жылдары қайтадан жанданып келеді. Қазақстанның XX ғасырдағы айтулы ірі тұлғаларының бірі, мемлекет және қоғам қайраткері – Д.А.Қонаев.

Мәселеге осы қырынан келгенде, Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың саяси қоғам қайраткері ретінде қазақ тарихына қатысты тағылымды істерін зерттеудің берері мол. Тәуелсіздік алғаннан кейін, Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың өмірдерегін жан-жақты зерттеу қолға алынғаны белгілі, мұрағаттық құжаттардан тың деректер жарияланып, еліміздің ардақты ұлы туралы кеңінен мағлұматтар алуға мүмкіндік берді. Жалпы алғанда, қазақ қоғамына елеулі із қалдырған Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың өмірдерек еңбектері зор екенін айқын аңғаруға болады. Д.А.Қонаев кезінде Егемен Қазақстанның іргелі ел, қуатты мемлекет болуына зор үлес қосқан тұғырлы тұлға. Ол туралы Қазақстанның халық жазушысы Олжас Сүлейменов былай дейді: «Ол кісі өте зерек, көреген саясаткер болды, республика тағдырына байланысты Мәскеудің әрбір қадамын алдын ала сезіп, біліп отырды. Хрущевтің жақын төңірегіндегі «орысшыл патриоттарды» одақтық бюджеттен орталық Ресей аймағының ауыл шаруашылығын көтеруге тиісті айтарлықтай қаражаттың тың жерлерді игеруге жұмсалып жатқаны қатты мазасыздандыратын. Солардың ұсынысы бойынша Қазақ КСР-да тың өлкесі құрылып, Ақмола Целиноград атанды. Ендігі кезек, Қазақстанның «орыс тұрғындары басым» облыстарын Ресейдің қарамағына беріп, тың өлкесін жасау болатын. Осындай алыстан орағытқан құйтырқы ниеттерін ұққан Д.А.Қонаев тың өлкесі ерекшеленіп тұрмауы үшін республиканың оңтүстігінен және батысынан өлкелер құруға күш салды. Осылайша тепе-теңдік жасап, тың өлкесін Қазақ КСР-ның құрамында сақтап қалды. Хрущевтің жоспары бойынша әр республиканың негізгі өндірісі болуы тиіс еді, мәселен Ресей астық өндіруі керек, Қазақстан қой шаруашылығын өркендетіп, Өзбекстан мақта өсірумен айналысуы қажет. Осыған орай географиялық карта қайта қаралып, Оңтүстік Қазақстанның мақта өсіретін бірнеше аудандары Өзбекстанға берілді. Мұндай шешімге қарсы шыққан Қонаев бірінші хатшылық қызметінен босатылды. Бұл 1962 жылдың 16 желтоқсаны еді. Желтоқсанның осы бір күні кейін Қонаев тағдырындағы қатерлі күнге айналып, 1986 жылдың 16 желтоқсанында екінші рет қызметінен босатылды.

Ал бұған дейін көп дүние бастан өтеді, екі жылдан кейін өз орнына оралып, үш ауданда қайтарып алды. Ширек ғасырдан астам үздіксіз ел басқарған жылдарында республиканы Кеңес Одағы көлеміндегі 14-орыннан алдыңғы үштіктің қатарына шығарды. Одақ бойынша екінші астықты алқапқа және көпсалалы өнеркәсіп аймағына айналды. Осы мерзім ішінде республиканың өндірістік ауқымы 10 есеге дерлік өсті[2].

Елу жыл ел ағасы болған Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев тәрізді ірі тұлға жөнінде айтылар сөз де, естелік те әрқашан жетіп-артылады. Ұлы тұлға болмысының қалтарыс-бұлтарысын тереңдей зерттеп, әрдайым жаңа қырын ашып жаңа дүниелер жазуға мүмкіндік мол. Дінмұхамед Ахметұлының кеңестік, онда да Коммунистік партия кезеңімен байланысты өткен өміріне кім қалай қараса да, ол – шын мәнісінде еліміздің іргесін нықтап, еңсесін тіктеп, бүгінгідей қуатты мемлекетке айналдырып кеткен жан. Яғни, Дінмұхамед Ахметұлының Қазақстанның өнеркәсіптік және шикізаттық базасын,

құрылыс инфрақұрылымын, білімі мен ғылымын, мәдениетін өркендетуге сіңірген еңбегі ұланғайыр. Сонымен қатар оның баға жетпес кісілік келбеті мен адами зор қасиеттері де уақыт өткен сайын мейлінше тұлғалана түсуде. Ол туралы том-том кітап жазып, бүкіл ел-жұрт жабылып, күні-түні шежіре шертсе де сағынышты сырдың түгесілмейтіні анық. Сондықтан баяндаманың негізгі арқауы Димаш Ахметұлы бейнесінің жекелеген сипаты, әлдебір қырлары жөнінде ғана болмақ.

Қазақ халқының маңдайындағы мақтанышының бірі, елі үшін аянбай еңбек еткен көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев 1912 жылы 12 қаңтарда Верный (қазіргі Алматы) қаласында қызметкердің отбасында дүниеге келген. Әкесі Меңліахмет Жұмабайұлы 1886 жылы туған. Алматы облысында ауылшаруашылық, сауда мекемелерінде жұмыскер болып істеген. Қазақ, орыс тілдерінде жаза, оқи білетін сауатты кісі болған. Анасы, Зәуре Байырқызы 1888 жылы Шелек (бұрынғы атауы Чилик) ауданында дүниеге келген. Үй шаруасында бала тәрбиесімен айналысқан. «Димашты да, басқаларын да өте қатал тәрбиеледім. Одан жаман болған жоқ. Өте жақсы оқыды. Мәскеуде оқу бітіріп, Балқаш, Қоңыратта, Риддерде қызмет істеді. Соғыс жылдарының басында, Қазақстан үкіметінің орынбасары, Ғылым Академиясының президенті, ширек ғасыр Қазақстан Республикасының бірінші хатшысы болды, - деп Меңліахмет ақсақал әдеміше келген мұртын сипап қойып, әңгімесін жалғастыра: - Избасар саған айтайын, Құдай тағала біздің ата-бабаларымыздың ішінде Қонай ағамызға ерекше ықылас түсіп, ол кісіге аян берген. Олай дейтінім, ол кісінің аты үрім-бұтақтары арқылы тек Қазақстан ғана емес, әлемнің әр елдеріне белгілі. Сол кісінің аты фамилиялас болып жүргендердің бәрі де, шүкір, жаман емес. Димашты айтпағанда да, Асқар да Қазақстанның және КСРО Ғылым Академиясының академигі. Ал, немерелерім Элдар мен Диар да ғылым кандидаттары. Олардың балалары Мұхтар мен кішкентай Дінмұхамедтен де үмітім зор, — деп, Меңліахмет ақсақал ақ ниетімен ақтарыла сөйлеп еді, – деп еске алады Избасар Балтағұлов аға». Дінмұхамед Ахметұлының әкесі Меңліахмет 1976 жылы тоқсан жасқа толарына үш-ақ ай қалғанда дүниеден озған. Дінмұхамед Қонаевтің әке-шешесі жетпіс жылдан астам уақыт бірге ғұмыр кешкен. Ұлы адамды дүниеге келтірген Зәуре апамыз 1973 жылы сексен алты жасында дүниеден өткен. [3].

Д.А.Қонаев 1930 жылы – Алматыдағы № 14 орта мектепті бітіргеннен кейін, 1931-1936 жылдары Қазақстан өлкелік комсомол комитеті Дінмұхамед Қонаевты Мәскеудегі Түсті металл институтына жібереді. 1936 жылы институтты ойдағыдай бітіріп, тау-кен инженері руднигіне жұмысқа орналасып, онда бұрғылау станогінің машинисі, цех бастығы, рудниктің бас инженері және оның директоры болды. 1939 жылы Екінші дүниежүзілік соғыстың қиын күндерінде тылдағы жұмысты ұйымдастыруда іскерлігімен көзге түсіп, «Алтайполиметалл» комбинаты бас инженерінің орынбасары, Риддер руднигінің және КСРО қорғасын-мырыш өнеркәсібінің ең ірі кәсіпорындарының бірі – Лениногор кен басқармасының директоры қызметін атқарды. 1939 жылы КОКП мүшелігіне қабылданды. 1942-1952 жылдары Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасының орынбасары болып қызмет етті. Осында жүргенде Қазақстан ғалымдары оған зор сенім көрсетіп, оны Қазақ КСР Ғылым Академиясының академигі және оның президенті етіп сайлады. Тау-кен саласының ірі ғалымы Қонаев республика ғылымының дамуы жолында зор еңбек сіңірді. Ғылыми-ұйымдық жұмыстарды жақсарту, ғылыми зерттеулердің негізгі салаларын білікті кадрлармен нығайту шаралары оның басшылығымен жүзеге асырылды. 1955-1960 жылдары Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің төрағасы болды. 1960-1986 жылдары Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарды. Қонаев өмірінің 45 жылға жуығын ел басқару ісіне арнады, ширек ғасырға жуық Қазақстанның бірінші басшысы қызметін атқарды. Ол жауапты басшылық қызмет атқара жүріп, республикадағы тау-кен ісін дамытуға қомақты үлес қосты. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев ел басқарған жылдары кең байтақ қазақ жерінде 68 жұмысшылар кентімен 43 қала пайда болды. Оның ішінде өнеркәсіп орталығы болып саналатын Рудный, Екібастұз, Шевченко (қазіргі Ақтау), Никольский, Степногорск,

Теміртау, Жаңатас, Кентау, Арқалық қалалары салынды. Ауыл шаруашылығы қарқынды дамып, тың және тыңайған жерлер игерілді. Кеңшарлар мен ұжымшарлар салынды. Мал саны көбейіп, ауыл шаруашылығының өнімдері жыл сайын артып отырды. Дінмұхамед Қонаевтің арқасында Қазақстанның өнеркәсіп, оның ішінде түрлі-түсті металлургия саласы жоғарғы деңгейде дамыды. Бүкілодақтық көлем бойынша мыстың үштен бір бөлігі, қорғасынның 70%-ынан астамы, мырыштың 40%-ынан астамы қазақ жерінде өндірілді. Өскемен қорғасын-мырыш және титан-магний комбинаттары, Соколов-Сарыбай мен Лисаков кен-байыту комбинаттары, Жезқазған мен Балқаш таукен-металлургия комбинаттары Ермаков пен Ақтөбе ферроқорытпа зауыттары іске қосылып, Ақтөбе қаласында шығарылған хром кенінің көлемі артты. Д.Қонаев металл өңдеу және көлік жасау салаларында өндіріс тиімділігін арттырып, Өскемен, Орал, Қарағанды, Петропавл, Шымкент, Алматы қалаларында көлік жасау зауыттары құрылды. Алматы ауыр машина жасау зауытында шығарылған өнім әлемнің 40-тан астам мемлекетіне таралды. Қазақ жерінің аумағында көмір мен мұнай кен орындары ашылып, Қазақстан отын-энергетика өнеркәсібінің ірі орталығына айналды. Тараз және Шымкент қалаларында орналасқан комбинаттар сары фосфор өндіру бойынша әлемде бірінші орында болды. Павлодар-Екібастұз отын-қуат кешені, Қарағанды ГРЭС-2, Шығыс Қазақстандағы Бұқтырма су электр стансасы, Павлодар трактор зауыты т.б. кәсіпорындар осы кезеңде іске қосылды. Жезқазған, Маңғыстау және Торғай облыстары шаңырақ көтерді. Қонаев Алматы облысының Кербұлақ алқабын игеруге, Қапшағай су қоймасын, Үлкен Алматы каналын салуға ерекше көңіл бөлді. Алайда қазақстан экономикасы, жалпы алғанда Одақ үшін шикізат базасы бағытында дамыды, мұнда көп жағдайда өнім шығаруға қол жетпеді. Бүкіл Кеңес Одағына тән экономиканың милитарлануы Қазақстанда да орын алды. Алматы, Өскемен, Петропавл, Орал, Степногорск т.б. қалаларда үлкен зауыттар әскери өнім шығарумен айналысты. Қазақстанда кең алқаптарды алып жатқан полигондар мен әскери өнім шығаратын кәсіпорындар экологияға зор нұқсан келтірді [4].

Қонаев әдебиет пен өнердегі, мәдениет пен ғылымдағы ахуалды әрдайым бақылап отырды. Республикаға Қонаев басшылық жасаған тұста Қазақстанның 5 томдық академиялық тарихы қазақ және орыс тілдерінде жарық көрді.

Қонаев Республика аумағының тұтастығын сақтап қалуда табандылық көрсетті. Ол кезінде Өзбекстанға берілген Оңтүстік Қазақстанның мақта өсіруші аудандарын қайтарып алды, Қазақстанда неміс автономиясын құру, Маңғыстауды Түркіменстанға беру жөніндегі орталықтың ұсыныс-жоспарларына қарсы шықты. Ол Алматыны қазіргі заманғы көрікті қалаға айналдыруға көп күш жұмсады. Мұнда Республика сарайы, ҚазМУ қалашығы, «Арасан» сауықтыру орталығы, Медеу спорт кешені т.б. ірі ғимараттар бой көтерді. Алматыны тасқыннан қорғау үшін Медеу сайында үлкен бөгет жасалды. Қонаев дипломатиялық сапармен Қытай, АҚШ, Алжир, Уругвай, Иран, Италия, Үндістан, Корея, Египет, Болгария, Жапония т.б. мемлекеттерде болды.

1985 жылы М.С.Горбачев КОКП ОК-нің Бас хатшысы болып сайланғаннан кейін елде басталған қайта құру саясаты КСРО-ның басқа аймақтары сияқты Қазақстанда да қиындықтар мен кедергілер туғызды. Қонаев қызметінен кетуге байлам жасады. 1986 жылы 16 желтоқсанда өткен Қазақстан Орталық Комитетінің пленумы КОКП ОК-нің өкілі Г.Разумовскийдің ұсынысымен Қонаевтың орнына ҚКП ОК-нің бірінші хатшысы етіп Колбинді сайлады. Қонаевтың орнына өзге ұлт өкілінің тағайындалуын қазақ халқы ұлттық кемсітушілік ретінде қабылдады. Мұның соңы КСРО-дағы ұлт саясатына қатысты халық көңілінде қордаланған наразылықтардың сыртқа шығуына алып келіп, Желтоқсан көтерілісіне ұласты. КОКП ОК-і Қонаевты көтерілісті ұйымдастырушылардың бірі деп санады. Сөйтіп, 1987 жылы 26 маусымдағы пленумда Д.А.Қонаев «Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің Бірінші хатшысы болғанда республика партия ұйымын басқарудағы жіберген қателіктері үшін» деген сылтаумен КОКП мүшелігінен босатылды. Көп кешікпей ҚКП ОК-нің мүшелігінен де шығарылды [4].

Қонаев бірнеше мәрте КСРО Жоғары Кеңесінің депутаты болып сайланды. КОКП-ның XIX съезінен бастап, кейінгі съездердің бәріне делегат болды. Парламент және партия делегациясын басқарып, әлденеше рет шетелде болып қайтты. Партияның XXIII съезінде ол КОКП-ның Орталық Комитетінің Саяси Бюросының мүшелігіне кандидат, ал XXIV съезде мүше болып сайланды. КСКРО Жоғары Кеңесі Төралқасының және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының мүшесі болды. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев Республика партия ұйымын басқарған ширек уақыттың ішінде өзінің үлкен мәдениеттілігімен, иманжүзді ізеттілігімен танылып, халық дәстүрін жасқы білетін, тағылымы терең, ой-өрісі биік жан екенін көрсетті. Кейін мемлекет ісінен қол үзген кезде де ол білімдар білікті жан ретінде елде жүріп жатқан реформа бағыттарын, қоғамды демократияландыру қажет екенін терең түсініп, қолдай білді. Д.Қонаев өз заманының ұлы саясаткері бола білді. Д.Қонаев билік құрған жылдары Кеңестік Қазақстан тарихында елеулі өзгерістер болды. Ол билік басында болған уақыт күрделі қарама-қайшылықты болғанымен, елдің экономикасын, әлеуметтік саласын, ғылымын, ұлттық мәдениетін дамыту ісіне айтулы еңбек сіңірді.

Сонымен, ойымызды қорытындылай келе, әрбір қоғам қайраткері өзі өмір сүрген қоғам дамуына өз үлесін қосады. Оны ғылыми тұрғыдан бағалап жетілдіру, тиісті деңгейде дамыту, байыту- кейінгі ұрпақтың ұлы ісі. Ендеше, қазақ ұлтының тарихында зор еңбек қалдырған мемлекет және қоғам қайраткері – Д.А. Қонаевтың өмірі мен қызметі әрбір ұлтжанды жастың тағдырына үлгі боларлығы сөзсіз. Кеңестік кезеңдегі республика да жүргізілген әкімшілік, мәдени құрылыстың тарихы мен тәжірибесін саралап, талдауға арналған еңбектердегі Дінмұхамед Қонаев туралы естеліктер, пікірлер мен ізденістер отандық тарих ғылымы мен тұлғатанудағы ғылыми ақтаңдақтар қатарын толықтырады анық.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Назарбаев Н.Ә. Жасай бер, тәуелсіз Қазақстан! Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты мәжілісте сөйлеген сөзі // Егемен Қазақстан. – 1998. – 16 желтоқсан. – Б. 1-2.
2. «Елу жыл ел ағасы»// Алматы, «Санат» 2002.
3. «Ақиқаттан аттауға болмайды» Д. Қонаев. // (Естелік-эссе), аударған Ғұмыр-дария. Ж.Аупбаев. Алматы.
4. Қазақ ұлттық энциклопедиясы // Кеңес Нұрпейіс, академик.

ӘОЖ 94 (574.1)

### **«ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ БАТЫСҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ЕРЛІГІ»**

*Ихсанова А.Б.* – тарих магистрі,  
М.Өтемісов атындағы БҚУ оқытушысы,  
Орал, Қазақстан

1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Кеңес халқының жеңісі күрделі де, қарама-қайшылыққа толы тарихи процесс. Ұлы Отан соғысы кезіндегі қазақ халқының қаһармандық ерлігі жан-жақты және сан-салалы. Бұл соғыс халықтан үлкен күш-жігер мен табандылықты талап етті. Сондықтан қаһарлы соғыс өрті басталған сәттен Батыс Қазақстан облысы да өзінің бейбіт бейнесін өзгертіп, соғыс жағдайына бейімделді.

1941 жылы 22 маусымда Ұлы Отан соғысы басталған мезетте-ақ одақтың басқа аймақтары тәріздес Батыс Қазақстан (Ақтөбе, Гурьев, Батыс Қазақстан облыстары) өңірінде де соғыстың алғашқы күні-ақ халық жиындары мен ереуілдер өтіп, оған батысқазақстандықтар белсене қатысты. Отанды қорғауға дайын екенін



білдіріп, еріктілер тізіміне жазыла бастады.

Мәселен, соғыс басталған, яғни 22 маусым күні Ақтөбе қаласында өткен жалпы қалалық жиынға 20 мыңнан астам халық жиналса, Гурьев облысының Мақат кәсіпшілігінде - 1500 адам, Форт-Шевченкодa - 3000 адам қатысқан жиындар өтілсе, Батыс Қазақстан облысындағы іргелі білім ордаларының бірі - Орал пединститутында жиын өтіп, Отан қорғауға қасық қаны қалғанша шайқасуға ант қабылдап, студент жастар тізімге бірінші болып жазылды.

Кейін мұндай жиындар өңірдің барлық өндірістік мекемелерінде, колхоздарда, оқу орындарында өтті. Жиынға қатысушылар үлкен жігерлілікпен, патриоттық сезіммен Отанын қорғау басты борышы екенін сезіне отырып, тез арада майданға жіберуді талап етіп, әскери комиссариаттарға өз өтініштерін білдіре бастады [1, 81 б.]

Соғыстың алғашқы айларында Қазақ КСР-і әскери жасақтар мен бөлімдерді даярлау бойынша ұстаханаға айналды. Қазақстан, оның ішінде батыс өлкесі майданның ең жақын тылдарының бірі бола отырып, үкімет шешіміне сәйкес соғыстың алғашқы күндерінен бастап-ақ өз экономикасын майдан қажеттілігін қамтамасыз етуге бағыттауы тиіс болды: қорғаныс өнімдерінің және стратегиялық шикізат өндірісін игеру және кеңейту, өнеркәсіп құрылысын кеңінен қайта дамыту, майдан шебінен жаппай көшірілген өнеркәсіп орындарын қабылдау және олардың жаңа жерлерде іске кірісуін тездету.

Орал қаласы мен облыс көлемінде халық жасақтарының батальоны мен жауынгерлік жасақтар ұйымдастырыла бастады. Қаламызда құрылған жеке 152-ші атқыштар бригадасы Сталинград майданына аттандырылып одан әрі Дондағы Ростов, Мелитополь қалаларын азат етуге қатысып, Чехиядағы Вятоваға дейін даңқты әскери жорықты басынан өткізген. Смоленск мен Белоруссия жерінде ерлікпен шайқасқан 101 арнаулы ұлттық атқыштар бригадасы да біздің облысымызда құрылды [2, 199 б.]

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы кеңес органдары қызметінде Қызыл армияға бүкілхалықтық көмек ұйымдастыру, майдан мен тыл арасындағы байланысты күшейте түсу жұмыстары басты бағыттың бірі болды. Соғыс басталысымен-ақ тиісті мекемелер мен ұйымдарға еңбек ұжымдары мен жекелеген азаматтардан хат, өтініштер, жиналыс пен митингі қаулы-қарарлары келіп түсе бастады, бұл құжаттарда олар майданға жеке қорларымен көмек беру ниеттерін білдіріп жатты. Кеңес органдары баспасөз бен радио арқылы, белсенділер мен үгітшілер күшімен облыс жұртшылығы Қызыл Армияға жылы киім жинау мен елде қорғаныс қорын құрудың саяси және экономикалық маңызы туралы үгіт-насихат жұмыстарын ұйымдастырды.

Соғыстың алғашқы күндерінен бастап 1942 жылдың аяғына дейін елдің қорғаныс қорына Батыс Қазақстан облысы еңбекшілерінен келіп түскен қаржылай және басқаша көмек түрі: 1 миллион 545 мың сом қаржылай көмек, 486 алтын, 20 кг, 972 гр күміс, 541 гр платина, 1900,5 тонна астық, 22,3 ц май, 19 т пішен т.б. бұдан басқа облыс еңбекшілері майдан жауынгерлеріне Жаңажылдық, май мерекесіне және революцияның 24 жылдығына сыйлықтар жинауды ұйымдастырып, майданға 30 вагоннан астам сый-сәлемдемелер жіберді.

Облыс еңбекшілері барлығы бір кісідей жұмылып, майданға нақты көмек көрсету жолында ерлікпен еңбек етті. Олар ауыл шаруашылық жұмыстары бойынша жоспарды орындап қана қоймай, Тамбов колхозшыларының патриоттық бастамасы бойынша республикада бастаған патриоттық қозғалысқа да үлестерін қоса білді. «Қазақстан колхозшылары» деген атпен жасақталып жатқан танк колоннасы мен әскери ұшақ эскадриласы құрылысына облыстан 52928 мың сом аударылды. Бұл істе Зеленов, Тайпақ, Орда және Шыңғырлау ауданы еңбекшілері белсенділік танытып, басқа аудандармен салыстырғанда қаржыны көбірек жинады [1, 85 б.]

1942 жылы астық өнімдерін жинауға майдангерлердің әйелдері, үй шаруасындағы әйелдер, колхозшы-әйелдер де белсене қатысты. Олар өздерінің ерлері мен балалары майданда жаумен қалай шайқасса, еңбекте өздерінің солай күш

жұмсайтынын мәлімдеді. Олар өз сөздерінде тұрды, еңбекте ерліктің үлгісін, норманы орташа алғанда 120-130%-ке асыра колхозы да Социалистік жарыспен қамтылған болатын.

Осылайша соғыстың алғашқы күндерінен бастап Батыс Қазақстан облысы жергілікті кеңестері майдан мен тылдың бірлігі мен біртұтастығы үшін қозғалысты кеңінен ұйымдастыра бастады. Оның формасы әртүрлі болды: бүкілхалықтық қорғаныс қорын құру, қаржылай-заттай лотерея мен мемлекеттік заемға белсене жазылу, майдангерлер үшін жылы киім мен қару-жараққа қаржы жинау, сенбіліктер мен жексенбіліктер ұйымдастыру, жауынгерлер отбасына, Отан соғысының мүгедектері мен жаралыларына үнемі көмек көрсету, қамқоршы болу.

Қазақстандықтардың ерлігі Сталинградты неміс басқыншыларынан қорғау кезінде ерекше көзге түсті. Себебі Қазақстан территориясы Сталинград облысымен шектесіп жатты. Қазақстанның Батыс Қазақстан, Атырау (Гурьев) және Ақтөбе облыстарының Сталинградқа жақындығын ескеріп майданға байланысты осы майданның жақын тылына айналды. Ал Батыс Қазақстанның Орда, Жәнібек, Казталовка және Жадпақтал аудандары тікелей Сталинград әскери округына қараса, Сайхын, Шоңғай, Тасқала, Переметное, Қазақстан, Шыңғырлау темір жол станциялары да Сталинград майданының қарамағына енгізілді. Сталинградты Қазақстанның орталық, шет аймақтарымен және Орта Азиямен байланыстыратын ірі темір жол станциясы әрі облыс орталығы – Орал соғыс аймағы деп табылды. Майданда оқ-дәрі, қару-жарақпен қамтамасыз етуге Астрахань арқылы сауда, Батыс Қазақстан облысының территориясы арқылы құрғақта байланыс жасайтын [3, 15 б.]

Ұлы Отан соғысы жылдарында Батыс Қазақстан жұмысшылары тек 1942 жылы бір тоқсанында ғана 300 әскери техникамен 500 моторға жан бітіріп, қайтадан қатарға қосты, облыс колхоздары осы жылы ауыл шаруашылық өнімдерінің барлық түрін өндіруді 102,2-114,9 пайызға дейін орындады.

Неміс-фашист армиясының жеңілмейтіні туралы ертегі қиялдың күлі көкке ұшқан аса ірі шайқастар қатарында тұрған Москва үшін шайқас. Москваны қорғаушылардың қатарында Ақжайық өңірі жауынгерлерінің ерлігі ұрпақтар жадында мәңгілік есте қалады. Біздің 2080 жерлесіміз осы қаланың түбінде опат болған.

Батыс Қазақстандықтардың ерлігі Сталинградты неміс басқыншыларынан қорғау кезінде ерекше көзге түсті. Облысымыздың Орда, Жәнібек, Казталовка және Жалпақтал аудандары тікелей Сталинград әскери округына қараса Сайхын, Шоңғай, Тасқала, Переметный, Қазақстан, Шыңғырлау темір жол станциялары да Сталинград майданының қарамағына кіргізілді.

1943 жылы облыс жұмысшыларының алдында 13 аэродром жолдарын салу және 4 729848 сом көлемінде қорғаныс басқармасының басқа да сұраныстарын орындау міндеті тұрды.

Соғыс алдында республикада 6,2 млн халық болған. Соның соғысқа 1 млн 200 мыңы қатысқан. 1939 жылғы санақ бойынша облыста 395 мың 631 адам тұрған. 1941 жылдың 22 шілде мен 31-желтоқсан аралығында бірінші лекте 22943; 1941 жылы екінші лекте 28338; үшінші лекте 8084 және 1945 жылы 1135 адам әскерге алынған. Жалпы Ұлы Отан соғысы жылдарында 80 мың адам соғысқа алынса, оның 36548-і қан мамыданнан елге оралмаған.

Майданда Батыс Қазақстандықтар айтарлықтай ерліктің үлгісін көрсетті. Азамат соғысы кезінен есімі бүкіл елімізге белгілі болған Шәкір Жексенбаев соғыс қарсаңында да Қиыр Шығыста әскери қызметте болып, орталық Жоғары әскери оқу орындарының біріне басшы етіп Москваны ерлікпен қорғауға қатысты. 1943 жылы оған инженерлік-техникалық қызметтің генерал-майоры атағы берілді.

Шығыс жұлдыздарының бірі М.Мәметованың Невель қаласы үшін шайқастағы ерлігі жоғары бағаланып Совет Одағының Батыры атағына ие болды. Сталинград шайқасында ерлікпен шайқасқан Жимпитылық мерген қыз Мәлика Тоқтамысованы

айтуға болады. Әскери ұшқыш қыз Хиуаз Доспанованың ерлігінің өзі жеңіске үлкен үлес қосты. Авиация штурманы Х.Доспанова Кавказ бен Қырым шайқастарында 300 рет әскери тапсырмамен әуеге көтерілді. Осындай ерліктің өшпес үлгісін көрсеткен жерлестерімізге Батыс Қазақстан облысы бойынша 44 адамға соғыс жылдарындағы қаһарман ерліктері үшін Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Қазіргі таңда, Қазақстанның Ұлы Отан соғысындағы алған орнын дүние жүзі мойындады. Тіпті ағылшын журналисі, әрі зерттеуші Александр Верт былай деп жазды: «Ерлікпен күресіп, аса табандылық танытқан Қызыл Армияның жауынгерлерінің бірі қазақтар болды; тұтас алғанда бүкіл соғыс бойына қазақтар өздерін ең жақсы жақтарынан көрсетті, ал Сталинградтың өзіндегі ержүрек жауынгері – қырғыздар, қазақтар мен башқұрттар еді» - деп жазған [4, 4 б.]. Осылайша, Батыс Қазақстандықтардың майдан мен тылдағы қажырлы ерлігі жауды талқандауға өзінің қомақты үлесін қосқанына еш күмән келтірмейміз. Ұлы Отан соғысы жылдары Қазақстан майдан арсеналы болып қана қоймай, Ұлы Жеңістің үлгілі ерлік ордасы болды деп санауға болады. Осындай Ұлы Жеңіске қол жеткізген бабаларымыздың алдында бас иіп, алғысымызды айтамыз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Рысбеков Т.З. Батыс Қазақстан облысы – Сталинград шайқасының жақын тылы. // Рысбеков Т.З. Таңдамалы шығармалары III том, 2017. – 250 б.
2. Мырзабаева Б.М. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Батыс Қазақстан облысы.// «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан: тарих және тағылымы» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. –Орал, 2010. – 238 б.
3. Букаткин П.Р. Западноказахстанцы в годы суровых испытаний (1941-1945). Орал, 2005.
4. Досқалиев Қ. Қаһарман қала және Қазақстан. Алматы: Қазақстан, 1973. - 112 б.

ӘОЖ 94(574)

### **ТАРИХШЫ М.П. ВЯТКИННИҢ ҚАЗАҚ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУГЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ**

*Асанова А.Б.* - М.Өтемісов атындағы БҚУ,  
«Тарих» БББ 1-курс магистранты,  
Орал, Қазақстан

Қазақ тарихының өткенін зерттеуде мол үлесін қосқан, артына ондаған іргелі ғылыми мұраларын қалдырған тарихшылар арасында Михаил Порфирьевич Вяткиннің орны ерекше. Ол ХХ ғасырдың 40-жылдарынан бастап қазақ тарихының зерттелуінде өз ізін қалдырды.

Михаил Порфирьевич Вяткин 1895 жылы 9 (21) тамызда Орынбор губерниясының Орынбор қаласында қалалық мектеп мұғалімінің отбасында дүниеге келген. Әкесі Порфирий Иванович Вяткин қалалық мектепте мұғалім болған, анасы әйелдер гимназиясында сабақ берген. Әкесі зейнеткерлікке шыққанға дейін халық мектептерінің инспекторы болып ауыстырылады. 1913 жылы Михаил Порфирьевич Шадринск мектебін бітіреді.

Мектепті бітіргеннен кейін ол Санкт-Петербургке аттанып, емтихандарды сәтті тапсырғаннан кейін Қазан төңкерісіне дейінгі Ресейдегі ең ірі университеттердің бірі Санкт Петербург университетінің тарихи-филология факультетіне түседі.

М.П. Вяткинді университетте оқытқан профессор оқытушылар оның ғылыми қызығушылықтарын анықтап, таришы болып қалыптасуына үлкен еңбек сіңірді.

Алайда, М.П. Вяткин Санкт-Петербург университетін бітіре алмады. Әлемде бірінші дүниежүзілік соғыс басталды, Ресей жастарды соғысқа шақырды. М.П. Вяткин 1916 жылы ол университеттен шығарылады, бірақ денсаулығына байланысты соғысқа шақырылмады. 1917 жылғы кейінгі елдегі өзгерістер М.П. Вяткиннің оқуын жалғастыру жоспарларын ұзақ уақытқа кейінге қалдырды [1, 18 б.].

Петроград үлкен саяси оқиғалардың орталығында болды. Университеттегі сабақтар тоқтап, соғыс пен революцияға байланысты аштық пен күйреу уақыты келді. Елде әр адамның тағдырына әсер еткен жаһандық саяси және әлеуметтік өзгерістер болды. Соғыс, содан кейін революция адамдарды әдеттегі өмір салтынан айырды, ертеңгі күнге деген сенімділікті алып тастады.

Болашақ ғалым Петроградта қала алмады. Ол күнкөрістің жоқтығынан, қымбат болғандықтан, Орынборға кетуге мәжбүр болды. 1917 жылы М.П.Вяткин қалалық Азық-түлік комитеті хатшысының көмекшісі болып жұмысқа орналасты, бірақ бұл оның жағдайын жақсартпады. 1918 жылдың басында М.П. Вяткин ата-анасы тұрған Шадринскке көшеді. Шадринск қаласында болашақ ғалым уездік Совнархозға статистика қызметіне кірді.

1917 жылдың күзінен 1919 жылға дейін Шадринск қаласында статист болып жұмыс істеп, қаладағы орта мектептерде сабақ береді. 1919 жылдың көктемінде ол Пермь университетіне ерікті студент ретінде оқуға түседі. 1920 жылы қыркүйекте Томск университетінің тарих-филология факультетінің тарих факультетінің төртінші курсына ауысып, 1921 жылы бітіреді. Студент кезінде 1921 жылдың 10 шілдесі мен 15 тамызы аралығында Бийск қаласындағы археологиялық мұражайда жұмыс істеді. Университетті бітіргеннен кейін Томск университетінің орыс тарихы кафедрасының ғылыми қызметкері болып қалды.

М.П.Вяткин 1922 жылдан Петроградтағы жұмысшы факультеттері мен еңбек училищелерінде (1924 жылдан - Ленинград, қазіргі Санкт-Петербург), 1929 жылдан - Ленинградтың жоғары оқу орындарында: алдымен өнеркәсіп академиясы мен кәсіподақ қозғалысы мектебінде, кейіннен сабақ берді. Кейін Ленинград химия-технологиялық институтында, КСРО Мемлекеттік жоспарлау комитетінің Планов институтында, Ленинград тоқыма институтында және киноинженерлер институтында еңбек етеді.

1934-1936 жылдары КСРО ҒА Тарих институтының Ленинград филиалы болып өзгертілген Ғылым академиясының Тарихи-археологиялық институтында ғылыми қызметкер болып жұмыс істеді. Біздіңше, осы кезеңде ол қазақ тарихына қатысты күнді деректерді кездестірді және оны жинақтай бастады.

Ол 1941 жылдың тамызынан бастап Алматыға эвакуациялау кезінде КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалында жұмыс істеді. 1943 жылы Тарих институтымен Мәскеуге қоныс аударып, келесі жылы Ленинградқа оралды.

М.П. Вяткин 1944 жылы атақты «Батыр Сырым» (18 ғ. соңындағы Қазақстандағы азаттық қозғалысы) деген тақырыпта докторлық диссертациясын қорғады.

М.П. Вяткин ғылыми-зерттеу жұмыстарымен қатар, оқытушылық жұмыстарын жалғастырды. 1944-1946 жжжылдары Ленинград мемлекеттік университетінің профессоры, 1945-1957 жылдары М.Н. Покровский атындағы Ленинград педагогикалық институтының КСРО тарихы кафедрасының меңгерушісі болып еңбек етті. Ал 1957-1960 жылдары А.И. Герцен атындағы Ленинград педагогикалық институтының КСРО тарихы кафедрасының профессоры болды [1, 23 б.].

М.П. Вяткин 70-тен астам еңбектің авторы. Тарих ғылымдарының докторы (1946). Қырғыз ССР Ғылым академиясының (1954) және Қазақ КСР Ғылым академиясының (1954) корреспондент-мүшесі.

Кеңес дәуірінде Қазақстан тарихын зерттеушілер қатарында М.П. Вяткин көш ілгері зерттеулер жүргізді. М.П. Вяткиннің Қазақстан тарихы бойынша алғашқы еңбектері деректанулық сипатта болды. Ғылыми айналымға жаңа мұрағат құжаттарын енгізу, ғалымның пікірінше, тарихты зерттеудегі маңызды және басымдық болды. 1936 жылы Михаил Порфирьевич «Доктор Зибберштейннің саяхат жазбаларын» жариялады. 1826 жылдан бері келе жатқан бұл дерек көзде Орталық Азияға баратын жолдар туралы егжей-тегжейлі мәліметтер бар және табиғи ландшафттың ілесіпе сипаттамасы бар болғандықтан қызықты. Қазақстан тарихы үшін Ұлы Орда билеушілерінің қарым-қатынасы маңызды болып табылады және Вяткин атап өткендей, бұл қоғамдық қатынастарды ескере отырып, ішкі көзқарас. М.П. Вяткиннің келесі басылымы «XVIII ғасыр ертегілері Қазақстан тарихының дереккөзі» болды және ғалым атап өткендей, дереккөздердің бұл түрі Ордада ресми және көбінесе жасырын тапсырмалармен адамдардың болуының нәтижесінде пайда болды. Онда қоғамдық жүйеден гөрі қазақ қоғамының саяси тарихына қатысты мәліметтер көбірек қамтылған және олардың маңыздылығы біржақты болғанымен, көзбен көргендер құрастыруында.

М.П. Вяткиннің басшылығымен және белсенді қатысуымен «Қазақ КСР тарихы бойынша материалдардың» екі томы дайындалып, жарияланады. Оның бірінде ол "XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басындағы Кіші Орданың саяси дағдарысы және экономикалық құлдырауы" бөлімін және одан әрі басқа тарихшылармен бірлесіп жазған - "археографиялық кіріспе" және "картаға түсіндірме жазба" бөлімдерін дайындады. 1941 жылы ғылыми қызметінде М.П.Вяткин сол кездегі жас қазақстандық ғылым үшін «Қазақ КСР тарихы бойынша очерктер» атты еңбегінің жарық көруімен ерекшеленді.

М.П. Вяткин очеркте ұлттық қозғалыстардың тарихына ерекше назар аударды. Оның мақсаты Сырым Датұлы, Қ.Қасымов, И.Тайманов бастаған көтерілістер мысалдарында көшпелі қоғамдағы халық соғыстарының ерекшеліктерін ашу болды.

М.П. Вяткин «Очерктерде» Сырым Датовтың көтерілісіндегі басты себеп - жер үшін күрес, демек, бұқараның кең қолдауы, қазақ даласында жүргізіліп жатқан патшалық саясатына қарсы күрес деп анықтады. Автор: "Сырым қозғалысының көтерілуіне Кіші Орданың колонияға айналу қаупі себеп болды. Қозғалыс азаттық күрес сипатында болды. Сырымның қарулы жасақтары Илецк қаласына шабуыл жасады, Красногорск бекінісіне шабуыл дайындалды" деп жазады. Ғалымның пікірінше, Сырым батырдың отаршылдыққа қарсы күресі қалың елдің қолдауына ие болды және ұзаққа созылды.

Кенесары Қасымовтың кең ауқымды қозғалысын М.П. Вяткин патшалық Ресейдің билігіне қарсы күрес тұрғысынан, яғни Қазақстандағы отаршылдыққа қарсы, халықтық - азаттық қозғалыс ретінде қарастырды [2, 206-207 бб.].

М.П. Вяткин 1944 жылы «Батыр Сырым» докторлық диссертациясын қорғады. Ол монография болып 1947 жылы жарық көрді. Бұл монографияда батыр Сырым Датовтың қозғалысы ашылды. Зерттеу Сталиндік (Мемлекеттік) сыйлыққа ие болды. Белгілі тарихшы С.В. Бахрушин былай деп жазды: "Профессор М.П. Вяткиннің зерттеуі әлдеқайда көп оның тарихнамаға қосқан үлесі өте үлкен, тек Қазақстанға ғана емес, жалпы барлық көшпелі халықтар тарихына арналған".

М.П. Вяткин Қазақстан мен Ресей тарихшыларымен бірге 1943 жылы жарық көрген «Қазақ КСР-і ежелгі заманнан бүгінге дейін» еңбегінің авторы болды. XIII ғ. – XIX ғ. бірінші жартысына арналған тараулар, және осы кітаптың редакторларының бірі.

М.П. Вяткин мен Н.Г.Аполловойдың басты назары алғышарттарды түсінуге аударылды, Қазақстанның Ресейге қосылуының барысы мен қорытындысы. Дәл сол кезде Қазақстанның Ресейге қосылу нәтижелері туралы жаңа көзқарастар айтылды. 1941 жылы шыққан М.П. Вяткиннің «Қазақ КСР тарихы туралы очерктер» атты еңбегінде алғаш рет сыни пікірлер айтылды және тарих туралы әдебиеттер мен

дереккөздерге шолу жасалып, Қазақстанның негізгі бағыттары белгіленді, жаңа зерттеулер ұсынылды. М.П. Вяткин Қазақстанның Ресейге қосылу туралы жаңа көзқарасын білдірді.

XVIII ғасырдың 30-шы және 40-шы жылдардың басындағы ішкі жағдай мен сыртқы саясатты талдау жасады. Атап айтқанда Қазақстанның Ресей мен Жоңғария арасындағы қарым- қатынасына талдау жасады.

М.П. Вяткин тұжырымдамасына тән жалпы логикалық үйлесімділік, жүйелілік нақты пайымдаулар, Қазақстанның XVII–XVIII ғасырлар кезеңіне объективті талдау жасалынды. М.П.Вяткин қабылдаған теориялық талдау проблеманы қоюдан тұрды.

Көрнекті кеңестік еңбектерде тарихшы М.П. Вяткин әртүрлі сипаттамаларды синтездеуге жемісті әрекет жасады. М.П. Вяткин тұжырымдамасының негізгі ережелері жалпылама жұмыста көрініс тапты [3].

М.П. Вяткин «Сырым батыр» еңбегінде Сырымның беделді болғаны жөнінде мынадай деректер келтіреді: «1785 жылы июль айында Игельстром II Екатеринаға, Ахун Орынбордан қайтқаннан кейін старшиналар жыйылысынан 5 депутат келді деп хабар береді. Бұлар старшиналардың қолы қойылған хат әкеледі. Старшиналардың тілегі Әбілхайыр ханның балаларын хандықтан тайдыру болады. «Осылай болса, - деп жазады старшиналар, - біз барлық старосталар және Кіші жүздің барлық халқы бағынып тұруға уәде береміз және оның императорлық мәртебесінің жоғары дәрежелі екендігін таныймыз».

Осы хатқа қойылған қолдар ханның жүз ішінде жалғыз қалғандығын және Сырым батырдың беделі сондайлық өсіп кеткендігін көрсетеді. Көзге түскен бір мәселе, Байбақты руынан шыққан старшиналар арасынан біз Сырым қолын кездестіре алмадық: ол барлық қойылған қолдарды мөр басып анықтаған. Бұған қарағанда, өтінішке қол қойған старшиналар өздерінің арасында Сырымды өзіміздің басшымыз деп таныған деп ойлауға болады» [4, 211-212 бб.].

Ал Сырым бастаған көтерілістің сипатына былайша пікір білдірген: «Көшпелі – мал өсіруші еңбекші бұқараларды «көшпелі шаруа» деген терминмен әзірше шартпен атай тұрып, біз Сырымның қозғалысы өзінің негізінде нағыз халықтық, шаруа күресі ретінде дамыған деп айта аламыз. Қозғалыстың шаруалық сыйпатының көзге түсетін жері сол, бұл қозғалыстың дамуында мал жайылысын кеңейту жөніндегі жер мәселесі де, сол сияқты қанаудың феодалдық – отаршылдық жүйесіне қарсы болған наразылықта үлкен себеп болған» [4, 222 б.].

Сонымен М.П. Вяткиннің «Сырым батыр» еңбегі бізге несімен құнды?

Алдымен, автор бүгінгі кез келген зерттеушінің қолы жете бермейтін Мәскеу, Петербор архивтеріндегі бай мұраларды ғылыми айналымға қосқан. 1940 жылы жарық көрген «Материалы по истории Казахской ССР (1785-1828 г.г.) IV томы соның жетекшілігімен жазылған. Жинақты құрастырған зерттеуші құжаттардың түріне қарай жіктеп, әрқайсысына мүмкіндігінше түсініктеме беріп, қажетті тұстарында араб мәтінінде енгізген. Мұның өзі мәтіннің орысшаға аударылу барысын тексеруге мүмкіндік береді. М.П. Вяткин хатты аударып жазған татар молдалары «патша үкіметінің тыңшысы» болғандықтан құжаттарды пайдалануда аса сақтық пен сыни әдісті қолдануды қажет етеді, қазақтардың белсенді наразылықтарын арнайы бұрмалап көрсету тек орыс шенеуніктерінің хабарламаларына ғана емес, сонымен бірге қазақтардың, әсіресе хан хаттарына да қатысты деп ескертеді.

Ол «Барыр Сырымды» жазу барысында Орынбор архивтері құжаттарын пайдаланып, оны аталған архив қорларымен салыстырады. Жалпы, қазақ ақсүйектерінің Орынбор әкімшілігіне жазған хаттарының түпнұсқасын тексеру нәтижесінде орыс аудармасында елеулі бұрмалаушылықтар жоқ деп түйіндейді [2, 200-201 бб.].

Әрі қарай М.П. Вяткин өз зерттеулерінде Кіші жүздегі Қаратай мен Арынғазы сұлтандарының қозғалысына тоқталды. XIX ғасырдың басындағы бұл қозғалыстың

негізгі буыны Нұралы ханның ұлы сұлтан Қаратайдың күресі болып табылады. М.П.Вяткин оны ұлт-азаттық күреске жатқызуға бейім емес. Ол: "біз Сырым батырдың қозғалысын сипаттайтын азаттық тенденцияларының көлеңкесін де таба алмаймыз" деп сенді. Сұлтан Қаратайдың жеке басын көрсете отырып, М.П. Вяткин ол туралы өзінің өршіл жоспарларын жүзеге асырған Ордада үлкен танымалдылыққа ие батыл, жігерлі және іскер адам ретінде айтады. Алайда, сұлтан Қаратайдың сөйлеген сөздерінде М.П. Вяткин патша өкіметінің оны хан деп тануға құлықсыздығын басуға деген ұмтылысын көруге бейім, ал мақсатына жеткенде ол енді патша үкіметімен қақтығысқа түспейді [5].

Кенесары Қасымовтың кең ауқымды қозғалысын М.П. Вяткин патшалық Ресейдің билігіне қарсы күрес тұрғысынан, яғни Қазақстандағы отаршылдыққа қарсы, халықтық - азаттық қозғалыс ретінде қарастырды.

Алайда, М.П. Вяткин Е.Б. Бекмахановтың «Қазақстан 20-40 жж. XIX ғ.» монографиясының идеялық зияндылығы және идеологиялық қысымның күшеюі үшін айыпталғаннан кейін, Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстардың сипаты туралы мәселеде өзінің кейбір ғылыми көзқарастарынан көпшілік алдында бас тартуға мәжбүр болды.

Қорыта келгенде, М.П. Вяткин XVIII-XIX ғасырлардағы Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстарды жариялауға кіріскен кеңес дәуірінің алғашқы ғалымдарының бірі болды. Ол Сырым Датұлының қозғалысына арналған іргелі зерттеу жасап, қазақ даласындағы тарихи оқиғаларға объективті шынайы баға беруге тырысты.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Вяткин М.П. Страницы жизни и работы: (К 110-летию со дня рождения) / под ред. С.И.Потолова. 2-е изд, испр. и доп. СПб.: Нестор-История, 2006. 148 с.
2. Мұқтар Ә. Тарих тұңғығындағы тұлғалар (XVIII – XIX ғғ.). Ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2008. – 240 бет.
3. Вяткин М.П. К вопросу о крестьянских войнах в Казахстане// Вопросы истории. №3- 4, 1995.
4. Вяткин М.П. Сырым батыр. Алматы: Қазақ мемлекет баспасы, 1951. - 398 б.
5. Дюсебаев Н.К. Актуальные проблемы истории Казахстана в трудах М.П.Вяткина. 2012.

ӘОЖ 94(574)

#### **АЛАШ ҚАЙРАТКЕРІ КӘРІМ ЖӘЛЕНОВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ**

*Бейбітқызы Б.-* М.Өтемісов атындағы БҚУ,  
«Тарих» БББ 1-курс магистранты,  
Орал, Қазақстан

Бүгінгі таңда отандық ғылым-білімнің қалыптасуына елеулі ықпал еткен қайраткерлердің мұрасы қоғам сұранысына ие болып отыр. Арада біраз уақыт өтседе, алаш қайраткерлерінің еңбектері бүгінде өзектілігін жоя қоймады. Себебі қазіргі тәуелсіз Қазақстанның бет алысы, даму үрдісі алаш қайраткерлерінің еңбектерімен сарындас, мақсаты үндес болып отыр.

Алашорда зиялы қауымының ішінде әлі де өз дәрежесінде зерттелмей келе жатқан тұлғалардың бірі, қазақ мектебі үшін математиканы оқытудың өзіндік әдістемелік жүйесін жасау ісіне орасан зор үлес қосқан көрнекті қоғам қайраткері, әдіскер-математик Кәрім Жәленовтің орны бөлек. Алайда, қазақ әдістемелік-математикалық ғылымының осынау бір ірі, әрі тағдыры күрделі тұлғасы

туған халқына әлі де болса толық танылмай және оның сіңірген еңбегі қазақ мәдениеті тарихында өзінің лайықты бағасын ала алмай келеді. Алаш ардагері, К.Жәленовтың өмірбаяны мен шығармашылық қызметі мүлде зерттелмеген аса күрделі мәселе болып табылады.

Жәленов Кәрім 1889 жылы Орал облысы, Жымпиты уезі, Байғұтты болысы, 4-ауылда туған. Батыс Алашорданың қайраткері, әдіскер-математик, қазақтың алғашқы ауылшаруашылық мамандарының бірі. Үш жылдық орыс-қазақ мектебін, екі сыныптық орыс-қазақ училищесін бітірген. Болыстық басқармада хатшы болып жұмыс істеді. 1905-1908 жылдары Орал шаруашылық мектебін, 1908-1914 жылдары Орал реальдық әскер училищесін бітірді. Училищеде М.Х.Мырзағалиевпен бірге жастар үйірмесіне қатысты. Жаз айларында Орал қаласы маңындағы Зеленов станицасында бай қазақ Астраханинге жалданып жұмыс істеді. 1914 жылы Воронеж ауылшаруашылық институтына түскен. 1916 жылы Б.Жанқадамов, М.Балтанов, М.Баймұхамедовтармен бірге қазақтан майданға адам алуды кейінге қалдыруды сұрап Петроградқа барған Жайық сырты қазақтары делегациясының құрамында болды. Оқуын аяқтамастан Түркістан генерал-губернаторлығы мен Бүкілресей Земство одағының және «Қазақ» газеті маңындағы ұлт зиялыларының шақыруымен тылдағы қазақ жігіттеріне жөн-жоба көрсететін мыңбасы, жүзбасы оқығандардың қатарында Батыс майданына келіп, осындағы 9 қос (жұмыс дружинасы) Кіші жүз жігіттеріне басшылық етуге қатысты. Сол жылы наурыз-сәуір айларында Жайық сырты қазақтары управасының шақыруымен I Қазақ Орал облыстық съезіне әзірлік жұмыстарына қатысты. 1917 жылы сәуірдің басында Орынборда өткен Торғай және Орал облысы қазақтары съезінің делегаты. 1917 жылы сәуірдегі I Қазақ Орал облыстық съезінде Жайық сырты қазақ комитетіне мүше болып сайланған. Осы жылы мамырда Мәскеуде өткен Бүкілресейлік Мұсылмандар съезіне қатысты. Сәл кейінірек Жымпиты уездік атқару комитетінің төрағасы болды. Осы қызметте жүріп, Уақытша үкіметтің 1917 жылы маусымдағы бұратана ұлттарға жергілікті басқару билігін земство жолымен беру жоспарында көрсетілген, қыстау бойынша уездік сайлау тізімін жасау тәртібіне орай бұрынғы әкімшілік бірліктерді қайта межеллеу, саны аз руларды өз алдына болыс, ауыл етіп қоныстандыру жұмысын жүргізді [1, 169 б.].

Жайықтың сол жағалауындағы құнарлы жерлерді қазақтардан қайтарып алу мәселесін Құрылтай жиналысы негізінде, қазақтарды жерге орналастырып барып шешу жағында болды. 1918 жылы қыста Қаратөбеде өткен III Қазақ Орал облыстық съезінде кедейлерге салынатын салық ауыртпалығын жеңілдету үшін салықты түтін басына емес, ауыл-ауыл, қауым-қауым бойынша бөліп салуды ұсынған Ғ.Әлібеков тобын қолдады. Өзге мәселелер бойынша Жанша және Халел Досмұхамедовтер жағында қалды. Осы кезеңде үйде қару сақтағаны үшін Казак Войско үкіметі тарапынан тұтқындалған Е.Қасаболатовты, Ә.Әлібековті, М.Х.Мырзағалиевті кепіл болып босатып алды. 1918 жылы бас кезінде өткен Орал большевиктері съезінен кейін большевиктер іс-әрекетінің жүгенсіз, анархияшыл сипатын әшкерелеп, оларға жақтас болғандар революциялық заң жолымен қатаң жазаланатыны жөнінде облатком бұйрығын шығарды. Оралда оқитын қазақ жастарының мәдени-ағарту, өзара көмек көрсету бағытындағы «Ақ ниет» ұйымының құрылтай жиналысына қатысып, ұйымға қолдау көрсетті. Ұйымды құрушы А.Арыстанов, Б.Бейсенов, А.Арғыншиев, Ғ.Ниязов, С.Жетімеков, Ө.Ипмағамбетов секілді жастарға қамқорлық жасады. 1918 жылы қаңтарда Орал қаласында қайыра өткен облыстық земство басқармасын сайлау кезінде облземуправа төрағасы Х.Досмұхамедовке орынбасар болып сайланды. 1918 жылы наурыз-сәуірде К.Жәленов және Х.Досмұхамедовтер басқарған делегация құрамында Мәскеуге барып, Совнарком Кіші коллегиясында екі жақты келісім-шарт әзірлеу ісіне қатысты. 1918 жылы 21 мамырда Жымпитыда өткен IV Қазақ Орал облыстық съезінде



съезд президиумына хатшы болып сайланды. Ойыл уәлаяты құрылғаннан кейін Жымпиты уездік земство басқармасының төрағасы қызметін атқарды. Облыстық және уездік деңгейдегі земство басшысы кезінде Алаш милициясын, кейін Батыс Алашорда Халық әскерін жасақтау ісін ұйымдастырушылардың бірі болды. Батыс Алаш-Орда тізе бүккеннен кейін оның ең беделді қайраткерлерінің бірі ретінде Қазақстаннан аулақтатылып, 1920 жылы басында К.Жәленов және Х.Досмұхамедовтермен бірге Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитеті қарамағына жіберілді [1, 170 б.].

Кәрі Жәленов Алашорда таратылғаннан кейін, 1920 ж. маусым – қазан айларында Орынборда Қазревкомның хатшысы қызметін атқарады және сол жылы Ташкенттегі Қазақ халық ағарту институтына және Орта Азия университетінің агрономия бөлімінде оқытушы, Түркеспубликасы Халық ағарту комиссариаты жанынан Х. Досмұхамедов, проф. А.Шмидт, Ә.Диваев, М.Жұмабаев, Н.Архангельскиймен бірге «Талап» қазақмәдениетін көркейтушілер қауымын құрысты. Осында жұмыс істей жүріп, 1922 - 1924 жылдары институт директоры қызметін атқарады. 1922 жылы халықтың мәдени деңгейін көтеру мақсатында Халел Досмұхамбетовтің бастамасымен Ташкент қаласында құрылған «Талап» қауымына мүше болып, оның қызметіне белсене араласады [2, 105 б.].

Ұстаз - математик ретінде ана тіліндегі оқу құралдарын дайындауға көп еңбек сіңірді. 1923 жылы Ташкент қаласында оның «Есеп тану жобасы» және «Есеп тану. Бөлшек сандар» атты еңбектері жарық көрді. Бұл еңбектері кейінірек қырғыз тіліне аударылып, қырғыз мектептерінде де негізгі оқу құралдары ретінде пайдаланылды. Кәрім Жәленұлы математиканы оқыту әдістемесі ғылымынан басқа салаларда да жемісті еңбек етіп, сол кезде Ташкент қаласында шығып тұрған «Сана», «Наука и просвещение» сияқты журналдарға мақалалар жазып тұрған.

1923-1924 жылы ауыл шаруашылық кооперациясында оқып, білімін жетілдіреді. 1924 – 29 жылы Орал губерниялық және Гурьев (қазіргі Атырау) округтік жоспарлау комитеттерінде экономист болып қызмет істеген. 1929 жылы 8 қаңтарда Гурьев қаласында тұтқынға алынып, 5 жылға Воронежге жер аударылды. Жазаны өтеп келгеннен кейін 1937 ж. қайта тұтқындалып, 1938 жылы 26 ақпанда атылды [3, 615 б.]. 1988 жылы қарашада ақталды. 1988 жылы зайыбы Полина Сергеевна Жәленова Атырау қаласында тұрған [2, 106 б.].

Батыс Алашорда қайраткері, қазақтың алғашқы ауыл шаруашылығының мамандарының бірі [4, 83 б.].

Кәрім Жәленов Қазақстанда математиканы оқыту жөніндегі ғылыми ой-пікірдің қалыптасуында үлкен орын алады. Оның бұл салаға зор үлес қосқанына мына бағыттағы атқарған істері толық дәлел бола алады:

Біріншіден, ел басына түскен алмағайып заманда ол қазақтың оқыған азаматтарының жанынан табылды. Қазақстанның ХХ ғасыр басындағы қоғамдық - саяси өміріне белсене араласты, Алаш партиясының және Алашорда үкіметінің атқарған ісіне зор үлес қосты. Сондықтан да біз оны ең алдымен мемлекет және қоғам қайраткері ретінде танимыз.

Екіншіден, ол қазақ арасындағы халық ағарту ісін ұйымдастыру жағына басшылық етумен бірге оқу - ағарту ісінің келелі мәселелерімен шұғылданып, оқу орындарында ұстаздық қызмет атқарған.

Үшіншіден, алғашқы мерзімді басылымдарда қазақ мектебінің тарихы және ұлттық бастауыш мектепте оқу-тәрбие жұмысын ана тілінде ұйымдастыру туралы көптеген мақалалар жазды.

Төртіншіден, қазақ мектебінде математиканы оқытудың теориясы мен тәжірибесін қалыптастыру бағытындағы шығармашылық ізденістерінің жемісі болып табылатын қазақ мектебіне арналған тұңғыш оқу бағдарламасы мен бөлшек сандар арифметикасынан алғашқы оқулықты жазды.

Бұл Кәрім Жәленұлының Қазақстанның оқу - ағарту саласындағы аса ірі тұлғалардың бірі болғандығын айқындайды.

Зерттеу жұмыстарымның барысында Кәрім Жәленұлының төмендегідей педагогикалық еңбектері мен сол кездегі мерзімді педагогикалық басылымдарда жариялаған мақалалары табылды:

- 1) «Есеп тану жобасы».-Ташкент, 1923 ж.;
- 2) «Есеп тану. Бөлшек сандар».-Ташкент, 1923 ж.;
- 3) «Қазақ – қырғыз мектептері», (мақала, «Сана» журналы, 1923, №1);
- 4) «Химиядағы өзгерістер» (мақала, «Сана» журналы, 1923, №1);
- 5) «Киргизские школы»(мақала,«Наука и просвещение»журн.,1923, №2).
- 6) «Өсімдіктердің түзілісі» (мақала, «Шолпан»журналы, 1923, №6 – 8) [2, 105 б.].

«Есептану жобасы» - қазақ бастауыш мектебі үшін математика пәні бойынша жасалған алғашқы төл оқу бағдарламасы болып табылады. Еңбектің көлемі 12 бет, «Есеп ғылымының жобасы» және «Мұғалімдерге» атты екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімінде төртжылдық мектептің математика пәнінің оқу бағдарламасы келтірілген. Оның түсінік - хат сипатында әзірленген «Мұғалімдерге» атты екінші бөлімін қазақ мұғалімдеріне арналған математиканы оқыту жөніндегі тұңғыш әдістемелік құрал деп бағалауға болады [5].

«Есептану. Бөлшек сандар» кітабы бөлшек сандар арифметикасынан қазақ тілінде жазылған алғашқы оқу құралы болып табылады. Көлемі 58 бет, 94 параграфты қамтитын мынадай 5 тарауға бөлінген: I. «Бөлушілер туралы»; II. «Жай бөлшектер»; III. «Ондық бөлшектер»; IV. «Процент туралы»; V. «Метр өлшеуіштері». Оқу құралының түпнұсқасының сыртында «Екінші бөлім» деген жазу бар [6].

Сонымен қатар оның мұқабасында: «Бастырушы: қазақ - қырғыз мәдениетін көркейтушілер қауымы «Талап» деп көрсетілген. Яғни оқулық сол кезеңдерде Х.Досмұхамбетұлының басқаруымен Ташкент қаласында жұмыс істеген «Талап» қоғамы тарапынан басылып шыққан.

«Қазақтың бүкіл тарихы бірігу тарихы, тұтастану тарихы» деп Тұңғыш президентіміз Н.Назарбаев айтқандай Алаш тарихын жете зерттеп, ондағы ашылмаған сырды анықтап жарыққа шығару – болашақ жас ұрпақтың, яғни біздің қолымызда!

Ғасырлар тоғысында дүниеге келіп, өзге түгіл өзінің келешегіне кепілдік бере алмас алмағайып заманда өмір сүрген алаш азаматтарының рухы мәңгілік биікте болсын.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Алаш. Алашорда. Энциклопедия / Құраст: Ғ.Әнес, С.Сұмағұлова. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009, 169-171 б.
2. Сүлейменова Д.Д. Батыс Алашорда тарихы – өлке тарихының құрамдас бөлігі. –Алматы: «Арыс» баспасы, 2007, 136 б.
3. «Қазақстан». Ұлттық энциклопедия/Бас ред. Ә.Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2001. – 720 бет.
4. Сүлейменова Д. Батыс Алашорда арыстары. Орал, 2017, 112 б.
5. Жаленов К. Есеп тану жобасы. – Ташкент: 1923 ж.
6. Жаленов К. Есеп тану. Бөлшек сандар. – Ташкент: 1923 ж.

## ЕРЖАН ТӨЛЕГЕНҰЛЫ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕР МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗ БЕТТЕРІНДЕ

*Ережепова Р. Ғ.*- М.Өтемісов атындағы БҚУ,  
«Тарих» БББ 2-курс магистранты,  
Орал, Қазақстан

XX ғасыр басында Қазақстанда қоғамдық, әлеуметтік өмірдің, мәдениет пен әдебиеттің қай саласы болмасын тоталитарлық жүйе кезінде өзіне жала болып, жазықсыз кеткен азаматтар аз болған жоқ. Солардың бірі - өзінің көзі тірісінде-ақ халық құрметіне бөленіп, ерекше беделге, құрметке ие болған, бар ғұмырын ұрпаққа білім беруге, оларды имандылыққа, тазалыққа, ынтымақты, түзу жолда болуға тәрбиелеуге арнаған, ислам дінінің ғұламасы - хазірет атанған, діни жоғары білімді Ержан хазірет Төлегенұлы 1932, 1937, 1942 жылдары кеңес түрмесіне қамалып, өмірінің 10 жылдан аса бөлігін айдауда азаппен өткізді. Мешіт ашып, балаларға әліпби үйреткен, Ержан хазіретті «молдасың» деп кеңестік саясат айып тағып, жазықсыз жазалады.

Ержан Төлегенұлы туралы негізгі дерек көздері және хазірет өмір сүрген заманмен байланысты кеңестік саясаттың іздері мұрағат қорлары мен қатар 1990 -шы жылдардағы баспасөз беттерінде сақтаулы.

Мақалада Ержан Төлегенұлының діни, ағартушылық және рухани қызметі туралы 1990-шы жылдары жарияланған баспасөз беттеріндегі мақалаларда жарияланған деректерге талдау жасалынады.

Қазақ жұртының діни тарихы, рухани мәдениеті Орта Азия халықтарымен ортақ байланыста болып, тығыз дамыған. Мұны тарихшы ғалым Н.Нұртазина «Народы Туркестана: проблемы Ислама, интеграции, модернизации и деколонизации на рубеже XIX-XX веков» атты монографиялық еңбегінде Түркістан жұртының (жалпы Орта Азия халықтарының) діни сенімі мен рухани байланыстары ортақ, бірлікте болғандығын ғылыми түрде дәлелдейді [1, 5-44 бб.]. Сондықтан қазақтың діни ілімі мен дін тарихы туралы сөз қозғалғанда, Орта Азияның ірі діни ошақтары болған Бұқара, Самарқан, Хиуамен байланысты қарастырылады. XIX ғасырдың ортасынан бастап, Қазақстанда ислам күшейе бастағаны белгілі. Осыған орай, қазақ даласында рухани ошақ орнына айналған мешіттер саны көбейді [2, 500 б.]. Сонымен байланысты, Қазақстанның Маңғыстау өлкесі басқа аймақтарға қарағанда, салт-дәстүрімен діни салт-жоралғысы астарласқан, ислам дінінің таралуымен қатар, жер асты мешіттерімен, осы аймақтан шыққан дін өкілдерінің қызметімен ерекшеленеді. Ең бірінші бөліп көрсететін ерекшелік – бұл өңірдің географиялық орналасуында аталған аймақ Орта Азия, Каспий маңы елдерімен көршілес болды. Аймақтағы діни сауатты тұлғалар – ахун, ишан, молдалар Бұхара, Хиуа, Самарқан қалаларындағы діни сауат ашатын білім орындарында оқып, тәмамдап, елге қайтып оралып, жергілікті халық ішінде қызмет етті. Олар халықты имандылық пен ізгілікке шақырып, мұсылмандық ілімін нығайтуға және ұлттың рухани мәдениетіне зор үлес қосты. Қазақ жерінің батыс өңірінде XIX-XX ғасырдың бас кезінде қажылар, діни ағартушылар ашқан мешіт медреселер, Кеңестік үкіметтің орнауы әсерінен діни қудалауға ұшырып, өздерінің қызметін біржола тоқтатуға мәжбүр болған. Қазіргі таңда ескі мешіт пен медреселер орны жартылай құлап, жартылай сақталып, ашық аспан асты ескерткіші ретінде өмір сүруде. Қазақстанның батыс өңірінде әр рудан шыққан діни тұлғалар өзге шет елден білім алып, елге келіп мешіт салып қызмет жасаған. Мешіт жанынан мектеп-медресе ашып бала оқытқан. Демек, Хиуа, Бұхара, Самарқанд т.б., медреселерден білім алған ахун, ишан, хазіреттер елге келіп мұсылманшылықты дамытқан [3, 162 б.]. Солардың бірі –

Ержан (Ермұхаммед) Төлегенұлы 1886-1966ж.ж. өмір сүріп, XIX ғ. аяғы – XX ғ. басында Маңғыстау түбегіндегі діни сауатты, сондай-ақ, көзі ашық, көкірегі ояу тұлғалардың бірі болған.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бірінші ширегінде зерттеу нысанына айналған Маңғыстау өңірінің діни тұлғалары бір жағынан патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына, екінші жағынан большевиктердің тоталитарлық идеологиясына қарсы күрес жүргізді. Олар халықты имандылық пен ізгілікке шақырып, мұсылмандық ілімін нығайтуға және ұлттың рухани мәдениетіне зор үлес қосты. Ержан Төлегенұлы Бұхарадағы Көкілташ медресесінде оқып, медресені 1924 жылы ұстаздық мамандығы бойынша үздік бітірген Маңғыстау түбегіндегі діни сауатты тұлғалардың бірі болды. Осы жылдан бастап, оның ағартушылық қызметі басталады. Халық арасында «Хазірет» атағын алып, діни сауаттылықтың деңгейіне жетіп, халықтың санасында қалған Ержан хазірет туралы естеліктер 1990 жылдары жарық көрген мерзімді баспасөз басылымдары мен хазірет ұрпақтарының берген мәліметтері бүгінгі таңда баға жетпес деректер болып табылады.

Тәуелсіздік тарихында 1997 жылдың алар орны ерекше. Аталған жылды Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті «Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы» деп жариялаған болатын.

1997 жылдың осы ерекше оқиғасы туралы белгілі жазушы Ш.Мұртаза «Тәуелсіздік толғауы» атты баспасөзде жарияланған естелігінде былай деп жазады: «Мен көп нәрсені ұмытармын, бірақ бұл Жарлық естен шыға қоймас. Өйткені, сол қуғын-сүргін құрбандарының бірі - менің әкем еді. Молдадан оқығаны болмаса, сауаты да кемшін, билікке араласпаған қарапайым колхозшының бар айыбы байдың баласы екен. Тұрар Рысқұловпен рулас екен. Жазықсыз жанды жаламен соттап, қылшылдаған қырық үш жасында қыршынынан қию айуанға тән зұлымдық. Мұндай озбырлықпен, зұлымдықпен құрбан болған-дар жалғыз менің әкем бе екен, мың-миллион. Бұл зобалаң атақты, ызғарлы отыз жетінші жылды ғана қамтымайды. Ең кемі XX - ғасырдың жартысын қамтиды [4].

Тәуелсіздік алған соңғы жылдары өз тарихымызды объективті жазуға мүмкіндік тууына байланысты ұлттық деректерге, оның ішіндегі қазақ тіліндегі мерзімді басылымдарға деген жаппай қызығушылық, оларды ұлттық тарихымыздың дерегі ретінде ғылыми айналымға кеңінен тарту, қазақ баспасөзінің өзіндік ерекшеліктері бар тарихи дерек көзі ретінде кешенді талдаудың қажеттілігін арттырды.

Ержан Төлегенұлының діни, ағартушылық және рухани қызметі туралы деректерді талдағанда, деректік материалдардың ішінде баспасөз беттерінде жарияланған материалдардың маңызы зор.

Қоғамда болып жатқан әр алуан, ірілі-ұсақты оқиғалар туралы дер кезінде оқырмандарына мәлімет жеткізу міндетін атқаратын мерзімді басылым уақыт өте келе баға жетпес құнды деректер көзіне айналды. Халыққа болған оқиға туралы жедел ақпарат таратқан мерзімді басылым сол оқиға туралы өз бойына қажетті мағлұматтар жинайды, сөйтіп уақыт өте келе өзі де тарихи дерек көзі ретінде ғылымға қызмет етіп, оқиғалардың кейбір қырларын ашуға көмектеседі [5].

1991-1996 шы жылдары Маңғыстау облысының ауданаралық және облыстық газет беттерінде жергілікті аға буын өкілдері мен тілшілердің, көзі көрген замандастарының жариялаған Ержан Төлегенұлы туралы алғашқы мақалалары мерзімді баспасөз беттерінде хазірет туралы деректі мақалалардың тұңғыш жарияланымдары болды [6]. Жарияланған мақала авторлары негізінен Ержан хазіреттің ел ішіндегі қоғамдық қызметі мен тұлғалық және ұстаз ретіндегі бет-бейнесін аша білген. Кеңестік саясат жылдары бұрмаланған Ержан хазірет туралы мәліметтерді халық арасында кең тараған және көзі көрген замандастары мен өзі оқытқан шәкірттері арқылы қайта жаңғыртып, шынайы деректік бағасын берген. Олардың арасында Маңғыстау өңіріне есімдері белгілі қоғамдық-саяси қызмет атқарған белгілі тұлғалар

Дүйсенбі және Бисенбі Әріповтер, өлкетанушы, тарихшы Ә.Спанның Ержан Төлегенұлы туралы алғашқы баспасөз мақалаларын шынайы деректік материалдар мен естеліктер негізінде жариялауға берген [7].

1997 жылғы Жарлықтан кейін баспасөз беттерінде саяси қуғын-сүргін құрбандары туралы мақалалар мен естеліктер жариялана бастады. Солардың ішінде 1997 жылдары жарияланған Ержан Төлегенұлы туралы Маңғыстау облысының және республикалық деңгейдегі газет-журналдарда жарық көрген естеліктер, мақалалар құрайды. Олардың ішінде Жаңаөзен қаласында тұрақты түрде шығып тұрған «Жаңа өмір», Ақтау қаласында басылып шыққан «Адай», «Маңғыстау», «Үш қиян» газеттері, республикалық деңгейдегі «Егемен Қазақстан», «Ар» газеттері бар.

Келер ұрпаққа Ержан хазіреттің тағылымын таныту, жылдар бойы бодандық бұғауында болып, рухани шөлдеген буынның бетін оң бағытқа бұру және хазіреттің ағартушылық қызметін дәріптеу мақсатында 1997 жылы «Ержан хазірет» атындағы қоғамдық қор құрылған болатын. Ержан Төлегенұлының өмірі мен ағартушылық қызметі туралы тағы бір деректер тобын жоғарыда аталған «Ержан Төлегенұлының ісі мен еңбегін есте қалдыру» Қоғамдық қорындағы материалдар құрайды. Олардың қатарына 1990-шы жылдары мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған және публицистикалық, әдеби бағытта жазылған кітаптар, хазіреттің өзінің түпнұсқалық қолжазбалары жатады. Соның ішінде 1991-1998 ж.ж. арасындағы «Егемен Қазақстан», «Жаңа өмір», «Маңғыстау», «Ар» мерзімдік басылымдарында жарияланған Ержан хазіреттің өмірі мен діни, ағартушылық қызметіне байланысты материалдар жеткілікті.

Қорыта келе, баспасөз беттеріндегі материалдар көрсеткендей ХХ ғасырдың басындағы Ержан Төлегенұлының рухани ағартушылық қызметі қазақ шәкірттерін біліммен сусындатуда және діни сауаттылықты арттыруда еңбегі зор.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Нұртазина Н.Д. Народы Туркестана: проблемы Ислама, интеграции, модернизации и деколонизации: на рубеже XIX-XX веков. Қазақ университеті, 2008. 5-44стр.

2. Қазақ даласындағы діни мектептер мен мешіттер // Ұлттық энциклопедия Бас ред.

Ә. Нысанбаев. -Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы. 2001.-720б.

3. Сабырғалиева Н.Б. Қазақстанның батыс өңірлеріндегі дәстүрлі ислам өкілдерінің рухани ағартушылық қызметі (XIX ғ. екінші жартысы-XX ғ. басы). // Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. -Алматы: 2022. 162 бет.

4. Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы // Qazaqstan tarihy порталы. <https://e-history.kz/kz/first-president/show/12306> [дата обращения 10.12.2023].

5. Атабаев Қ. Деректану. Толықтырылып II басылуы. -Алматы, 2007.-149 бет.

6. Мыскеев Ғ. Діни сауатты, рақымшыл жан еді // Жаңа өмір. 1991. 1-қараша.

Байбосынов Ә. Ержан хазіретті ел біледі // Жаңа өмір. 1991. 1-қараша. Сарқұлов

III. Ержан хазіретті ел біледі // Жаңа өмір. 1991. 1-қараша.

7. Әріпов Б. Бағзы мешіт қалпына келтіруін күтеді // Жаңа өмір. 1992. 2-тамыз.

Әріпов Б. Ержан хазірет // Адай. 1996.

## ЖАҢАҚАЛАЛЫҚ ЖАУЖҮРЕК БАТЫР – МӘЖИТ ЖҮНІСОВ

*Боранбаева Б.С.* – т.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Орал, Қазақстан  
*Күзембаев М.* - М.Өтемісов атындағы БҚУ, «Тарих» БББ 1-курс магистранты, Орал, Қазақстан

«Ер есімі - ел есінде» демекші, қазақтың әрбір батыры, әрбір ері ешқашан халықтың жадынан ұмытылған емес. Аталарымыздың қанымен келген Ұлы Отан соғысы аяқталғанына 78 жыл өтсе де, сол күндердің көлеңкесі әлі күнге дейін халықтың көңіліне қаяу салады. Фашист басқыншыларына тойтарыс беруде барша кеңес жауынгерлерімен бірге біздің қазақ ерлеріміздің де өлшеусіз ерліктері жатқанын өткен тарих пен баспасөз беттерінен оқып, біліп келеміз. Майдан даласында ерліктің өлшеусіз үлгісін көрсеткен «Кеңес Одағының батыры» атанған Мәжит Жүнісов ағамыз да сондай қаһармандарымыздың бірі. Мәжит Жүнісовтің соғысқа дейінгі өміріне тоқталар болсақ, ол 1917 жылы 19 қыркүйегінде Жаңақала ауданының Жаңақазан ауылында дүниеге келген. 1935-38 жылдары Жаңақала ауданы «Колхозшы» ұжымшарының шопаны болып, ауыл шаруашылығы өндірісінде еңбек еткен. Жасынан мал баққан ол Кеңес Армиясы қатарына 1938 жылы шақырылып, 1942 жылдан бастап Ұлы Отан соғысына араласты. Кешікпей алғашқы «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалін кеудесіне тақты. Бір ғана Жаңақала ауданынан 4596 адам сұрапыл майданға аттанса, соның 2266-сы отбасына оралған жоқ [1, 384 б.]. Мәжит Жүнісов соғыс уақытында Ұлы Отан соғысы майданында 333-атқыштар дивизиясының автоматшысы, старшина шенінде әскери қызмет атқарды. Ұрыс кезінде ерлігімен, батылдығымен көзге түсті. Днепрден өту кезінде көрсеткен ерекше ерлігі үшін Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды. Соғыс кезінде көрсеткен ерліктері үшін 2-дәрежелі Отан соғысы орденімен, «Ерлігі үшін» медальмен марапатталған: 1943 жылдың қыркүйек айындағы түндердің бірінде Мәжит Жүнісов бастаған сарбаздар жау тылына жасырын еніп, неміс полкінің штабына граната тастап, 25-тен аса фашистің көзін жойды. Азық-түлік артқан керуені мен күзетшілерін тұтқынға алды. 1944 жылы 8 желтоқсанда бөлімшелерге азық-түлік алып бара жатқанда, офицер М.Жүнісовке кенеттен жау барлаушылар тобы шабуыл жасады. Фашистермен шайқасқа кіріп, ол қысқа шайқаста 7 гитлерлік сарбазды автоматтан дәл атыспен жойып, қалғандарын қашқынға айналдырды. Тапсырманы ойдағыдай орындағаны үшін Мәжит Жүнісов II дәрежелі Отан соғысы орденімен наградталды. Топчино селосы үшін болған ұрыста Мәжит Жүнісов бөлімшесінің жауынгерлері жаудың пулемет ұясын, 30 солдатты мен офицерін жойып жіберді, әскери жүк және радиостансалар тиелген 15 шаңасын қолға түсірді. Осы операциялардан кейін оған «Ерлігі үшін» медаль тапсырылды. Мәжиттің жауынгерлік шеберлігі күн санап шыңдала түсті. 1943 жылдың қара күзінде 845-атқыштар полкі, (57 армия, Далалық майдан.) Автоматшылар ротасының старшинасы Мәжит Жүнісов бастаған топ Червонное селосының маңында (Днепропетровск облысы) Днепрден сал арқылы түн жамылып, арғы бетке өтті. Жау тылына жасырын еніп, тұтқиылдан тиіскен топ аз-кем атыстан соң жаудың екі взводының көзін құртып, ротаның арғы бетке аман-есен өтуіне жол ашты. Жауынгерлік тапсырманы орындауда көрсеткен жанқиярлық ерлігі үшін Мәжит Жүнісовке 1943 жылғы желтоқсанның 20-сында Кеңес Одағының Батыры атағы берілді [2, 384 б.].

Сонымен қатар Мәжит Жүнісов кейіннен 2-ші Украина майданында Будапешт стратегиялық шабуыл операциясына қатысты (1944ж. 29қазан – 1945ж. 13ақпан). 1944 жылдың желтоқсан айының басында Будапешттің солтүстік-шығысында жаудың

қорғанысы бұзылған кезде 845-ші атқыштар полкінің коменданттық взводының командирі старшина М. Жүнісов жауынгерлер мен командирлерді ыстық және дәмді тағаммен қамтамасыз етіп, оны тікелей жауынгерлік тәртіпке жеткізді. Өзінің ерліктері үшін батыр «Ленин орденімен» (20.12.1943), «2-дәрежелі Отан соғысы орденімен» (19.12.1944), медальдармен, оның ішінде «Жауынгерлік еңбегі үшін» медалімен (06.05.1943) және «отвігі үшін» медалімен (18.10.1943) марапатталған. Ұлы Отан соғысына бастан-аяқ қатысқан Мәжит Жүнісов жеңістің қолға тиюіне аз уақыт қалғанда, 1945 жылы 9 сәуір күні Прага қаласын немістерден азат ету кезінде небәрі 28 жасқа қараған шағында ерлікпен қаза тапты. Сол күйі батыр ағамыздың денесі жылдар бойы өзге елде, өз еліне орала алмай қалып кетті. 2005 жылдың сәуірінде «Жас Алаш» газетінде белгілі қазақ жазушысы Қалмұқан Исабайдың «Қазақ қазақты неге іздемейді?» деген мақаласы жарық көрді. Бұл мақаласында автор Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде көптеген еуропалық қалаларды азат етуге қатысып, қаза тапқан қазақ жауынгерлерін отандастары ұмытқанын жазады: «Еуропа жерінде жатқан қазақ жауынгерлерін мемлекет орындары не болмаса зиялы қауым өкілдері неге іздемейді, ер-азаматтарды еске алу, есепке алу елімізге сын емес пе?» - деп мәселе көтерді. Сонымен қатар, талай құнды деректі тізе отырып, Мәжит Жүнісовтің басында «60 жылдың ішінде бірде-бір қазақ болмапты» - деп зарлы өкінішін айтты [3, 34 б.].

Қалмұқан Исабай алдымен өзінің майдандасы Мәжит Жүнісовті тауып алғысы келген. Ақсақал жазушы мақаласында Мәжит Жүнісовтің зиратын іздестіруді ұйымдастырмақ болғанын жазады. Алайда, мемлекет тарапынан бұған қолдау көрсетілмеген түрі бар. Қалмұқан Исабайдың бұл мақаласы «Азаттық» радиосының Прага қаласындағы орталық редакциясы қызметкерлері Ержан Қарабек пен Әбдіғани Жиенбайдың елеусіз қалған қазақ батыры Мәжит Жүнісовтің сүйегін іздеулеріне түрткі болады. 2005 жылдың бірінші мамырында батырдың бейіті чех астанасының қақ ортасында орналасқан Ольшанка қорымынан табылады. «Прага орталығында орналасқан Ольшанка зиратында кеңес жауынгерлері жатқан арнайы жер бар. Мұнда 1945 жылы қаза тапқан 435 кеңес солдаты мен офицерлері жерленген. Олардың ішінде 372 жауынгердің аты-жөні анық» Жеті Кеңес одағы батырының зираты ерекше орындарда жайғасқан. Жеті батырдың алтауы офицер шеніндегілер, арасында бір генерал жатыр. Жалғыз ғана қарапайым сарбаз және жалғыз ортааазиялық жауынгер – старшина Мәжит Жүнісов. «Азаттық» радиосының бұл ісі Қазақстанға ерекше әсер етті. «Жас Алаш» газеті бұл туралы 5 мамыр күні үлкен мақала жариялады. Ал Қазақ радиосы осы оқиғаға орай тікелей эфирден жарты сағаттық арнайы хабарды таратты. 2009 жылы «Казахстанская правда» газетінде 333-атқыштар дивизиясының командирі Қадырпатша Боқажановтың естелігі жарық көрді. Бұл дивизияның құрамында Мәжит Жүнісов болған. Қ.Боқажанов аға сержант Мәжит Жүнісовті ержүрек әрі өжет жауынгер ретінде сипаттайды. Қадырпатша Боқажанов өз естелігінде былай дейді: «...1943 жылы қыркүйектің аяғында менің қарауымдағы пулемет ротасына аса жауапты әрі маңызы зор тапсырма берілді. Днепр өзенінің арғы бетіне алғашқылардың бірі болып өтіп, батыс жағалаудан плацдарм алып, біздің әскерлердің шабуылына көмектесу тапсырылды. Рота орналасқан жерге келген соң взвод пен бөлімше командирлерінің басын қосып, алда тұрған қатерлі істі қалай атқаратынымызды ақылдасып, еріктілерді іріктеп, жинамақ болдық. Сол кезде тапсырманы түсіндіріп бола бергенімде оралдық жауынгер, бөлімше командирі, аға сержант Мәжит Жүнісов бұл іске дайын екендігін бірінші болып білдірді. Сарбаздары осы операцияға тас-түйін дайын екендігін жеткізді. Осыны айтып болған соң, маған қазақшалап былай деді: - Саспаңыз, аға, тапсырманы орындаймыз!» [4, 58 б.].

Ұлы Жеңістің 65 жылдығына орай Қазақстан Республикасының Чехиядағы елшілігінің шақыруымен батырдың туған інісі Оразғалидың үлкен ұлы Тұрарбек Прагадағы Бауырластар зиратына барып, тағзым етіп келді. Мамырдың 9-ы күні Тұрарбек атасының басына барып, елден апарған бір уыс топырақ пен үш түп жусанды

қабіріне салған. Қасындағы майдангер құран бағыштапты. Бауырластар зиратында еліміздің энұраны ойналып, гүл шоғы қойылыпты [5, 125 б.]. Мәжит Жүнісов ерлікті батыр атану үшін жасаған жоқ. Тыныш жатқан елге ентелеп келіп тиісіп, жерін қорғаған халықты қанға бөктірген жауға деген ашу-ызасы, еліне деген махаббаты оны алға ұмтылдырса керек. Соғысқа дейін қарапайым қазақтың баласы болып, малдың артында жүргенімен, алғашқылардың бірі болып соғысқа аттанғаны оның қайсар мінезінің дәлелі десек болады. Мінезі сабырлы, денелі, жұлқынып тұрмвған жігіт батыр болады деп ешкім ойламаса керек. Оның бойында қайраса жанып кетер намыс барын, кектеніп ұмтылса ажалдан да қаймықпасын, жанын құрбан етер ақберен ұлан екенін кім білген. Мәжит Жүнісов - Ұлы Отан соғысы кезіндегі әскери қызметке адалдықтың символына айналған есім. Оның ерік-жігері, батылдығы және Отанға деген адалдығы тарихта өшпес із қалдырды. Соғыстың ең қиын сәттерінде Мәжит Жүнісов әр жеңістің құны Қан мен жанқиярлық болатын майдандарда соғысып, айрықша көрсетті. Оның биіктері халықтың тағдыры тепе-теңдікте ілулі тұрған дәуірдің рухының бейнесі бола алады. Мәжит Жүнісов фашистік басқыншыларға қарсы күресте көрсеткен тоталитарлық батылдығы мен батылдығы үшін Кеңес Одағының Батыры атағымен марапатталды. Оның есімі ұрпақтардың жүрегінде Отанға риясыз қызмет етудің және бостандық пен тәуелсіздік үшін өзін құрбан етуге дайын болудың символы ретінде қалады. Мәжит Жүнісов сияқты батырлар ұлт тарихын мақтанышпен толтырып, бостандық пен бейбітшілік үшін күрестерге шабыттандырады. Олардың үлгісі әділдік, батылдық және патриотизм қағидаттарының маңыздылығын еске салады. 1966 жылы туған жері Жаңақазанда батырға ескерткіш орнатыған болатын. Биіктігі – 1,3 м, гипстен жасалған, биіктігі 2,15м болатын тұғырдың үстінде тұр. Жалпы биіктігі – 3,45 м. Жалпы Мәжит Жүнісовтей батырдың есімі ел есіне жиі салынып отыруы қажет. Ұлы Отан соғысының ең өткір сәттерінде Мәжит Жүнісов бостандық жолында өзінің күші мен батылдығын бере отырып, фашизмді жеңе алды. Оның соғыс майдандарындағы ерліктері тек батылдық емес, Отанға деген адалдық пен сүйіспеншіліктің ерекше көрінісі болды [6, 154 б.].

Мәжит Жүнісов жоғары марапатқа – Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды. Оның шешімділігі мен ерік-жігерін ол шыққан даланың кеңдігімен салыстыруға болады. Мәжит Жүнісов кейінгі ұрпаққа үлгі болып, ең қиын кезеңдерде де нағыз батылдық игі істерде, жанқиярлықта және ұлттық рухты тәрбиелеуде көрінетінін еске салды. Жылдар өтер, ұрпақтар ауысады. Бірақ, еліміздің тәуелсіздігі үшін қан төгіп, зұлым жаумен күрескен, жауды өз ошағында талқандаған аяулы ерлер есімі, олардың асқақ ерліктері тарих бетінен мәңгі өшпейді. Даңқты батыр Мәжит Жүнсөв есімі де ел жүрегінде мәңгі сақталары сөзсіз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. Толықтырылған 2-ші басылым – Алматы «Арыс» баспасы, 2010. – 580 б.
2. Батыс Қазақстан облысының тарихи-мәдени және табиғат мұралары ескерткіштері – 14т- Орал, 2007ж – Т 8. Жаңақала ауданы / Жангалинский район – 276 б.
3. Жаңақала ауданының орталықтандырылған кітапхана жүйесі -Кеңес Одағының батыры Мәжит Жүнісов – 51 б.
4. «Батыс Қазақстан 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске қосқан үлесі» ғылыми-тәжірибелік материалдар жиынтығы. – 220 б.
5. Ұлы Отан соғысындағы Қазақстан. 1941 - 1945 / Г. Абишев. - Алматы, 1958 - 353 б.
6. Кеңес Одағының батырлары - қазақстандықтар. Т.2 (М-Я). - Алматы: Қазақстан, 1968. – 440 б.



## АКАДЕМИК Б.Б. КӘРІБАЕВТИҢ ТҮЛҒАТАНУ САЛАСЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

*Қалман Қ.* - М.Өтемісов атындағы БҚУ,  
«Тарих» БББ 2-курс магистранты,  
Орал, Қазақстан

XV ғасырдың ортасынан XIX ғасырдың бірінші ширегіне дейін өмір сүрген Қазақ хандығының қазақ тарихында алатын орны зор. Хандықтың әр кезеңінде Керей мен Жәнібек хандар, Бұрындық хан мен Қасым хандар, Мамаш хан, Тахир хан, Ахмет хан, Тоғым хан, Бұйдаш хан, одан кейін Хақназар хан, Шығай хан, Тәуекел хан, Есім хан, Жәңгір хан, Тәуке хандар билік құрып, қазақ халқының этникалық аумағының қалыптасуында, оны қорғауында, жалпы алғанда, тарихтың көшінде қалып қойымауы үшін жан алысып, жан береді [1, 3 б.].

Күрестерге толы болған сындарлы кезеңдерде көптеген тарихи тұлғалар көзге түсіп, есімдері сол кездегі жазба деректерде, ауыз әдебиетінде сақталынып қалды. Сондай тұлғалардың алдыңғы қатарында Керей мен Жәнібек хандардың, Қасым ханның, Хақназар ханның, Тәуекел ханның, Есім ханның, Жәңгір ханның, Тәуке ханның есімдері тұр. Өкінішке орай, әлі күнге дейін аталған хандардың өмірі мен тарихтағы рөлі отандық тарихнамада толық зерттелмей, лайықты өз бағасын ала алмай келе жатыр [1, 4 б.].

Ұлы тұлғаларды жеке-жеке зерделеп, олардың қызметін, атқарған игі істерін мұрағат құжаттары арқылы жинақтап, ірі еңбектер ретінде жарыққа шығарған зерттеушілеріміздің бірегейі – тарих ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі Берекет Бақытжанұлы Кәрібаев. Әсіресе, ғалымның қазақ хандарының ғылыми айналымға енгізілмеген биографиялық мәліметтері архив материалдары негізінде жүйеленіп, қазақстандық мерзімдік басылым беттерінде мақалалар сериясы ретінде, ғылыми басылымдарда жарияланып, кейін көп жылғы еңбектің нәтижесі ретінде қазақ хандары туралы зерттеулері монографиялар болып жарық көруде.

2019 жылдың «Түркістан» газетінің №35, 36 нөмірлерінде «Керей хан және оның өмір сүрген заманы» [2] атты мақаласы жарық көрді. Мақалада автор Қазақ хандығының негізін қалаушы, алғашқы қазақ ханы Керейдің Қазақ хандығы тарихындағы рөліне тоқталады. Атап өтсек, Керей ханның шығу тегі, өмір сүрген жылдары автор тарапынан ортағасырлық деректерді саралау барысында жасалған тұжырымдарын ұсынады. Жалпы, отандық тарихнамада қазақ хандарының шығу тегі мәселесінде екі түрлі пікірлер бар. Олардың бірі – қазақ хандарын Жошы ханның кіші ұлы Тұқай-Темірден таралған десе, екінші тобы – Керей мен Жәнібек хандардың шығу тегі Жошы ханның үлкен ұлы Орда Еженнен бастау алады деп санайды [2, 6 б.]. Берекет Бақытжанұлы да екінші пікірді қолдап, бірқатар мақалаларында осы тұжырымдарын нақтылайды. Атап айтсақ, бұл тұжырымдарды Рашид ад-диннің, Натанзидің ортағасырлық мәліметтеріне сүйене отырып, Т.И. Сұлтановтың мәліметтеріне негіздей отырып талдау жасаған. Керей ханның жасы хақында зерттеуші келесідей тұжырымдар жасайды: «Орыс ханның үлкен ұлы Тоқтақия да, кіші ұлы Қойыршақ, олардың жас арасын шамамен 15-20 жыл деуге болады. Тоқтақияның ұлы Болат болса, Қойыршақтың ұлы – Барақ. Барақтың 1428 жылы қайтыс болғаны белгілі. Барақтың үш ұлының үлкені Жәнібек хан. Ал Жәнібек хан мен Болаттың ұлы Керейдің бір тарихи кезеңде өмір сүргені және белгілі. Олардың да арасындағы жас айырмашылықтары 10-20 жыл деп санауға болады. Керейдің есімі XV ғасырдың 60-шы жылдарының соңынан, ал Жәнібектің есімі XV ғасырдың 70-ші жылдарының ортасынан бастап жазба дерек мәліметтерінде кездеспейді. Соған қарап

оларды 60-70 жыл өмір сүрген деп есептесек, онда олар XV ғасырдың басында дүниеге келген болып шығады» [2, 6 б.]. Автордың «Жәнібек хан қалай «Әз» атанды?» [3] мақаласында «Жәнібек ханның шын есімі – Әбу Сайд. Ол – Ақ Орданың соңғы ханы, атақты Барақ ханның Мір-Сайд, Мір-Қасым атты ұлдарынан кейінгі кіші ұлы. Сол себептен болуы керек, XVI-XVII ғасырлардағы қазақ тарихшысы Қадырғали Жалайыри оны «Кіші Жәнібек хан» деп айтады», - деген мәліметтерді келтіре отыра, Жәнібекті қазақ хандарының атасы деген тұжырымға келіп отыр. Ғалымның мұндай тұжырым жасауы, әрине, тарихи фактілерге негізделген. Жәнібек ханның артында тоғыз ұлы қалса, оның ішінде Жиренше, Махмұт, Қамбар, Әдік, Қасым секілді ұлдары XV ғасырдың соңы мен XVI ғасыр басындағы Қазақ хандығы тарихында үлкен рөл атқарады. XVI ғасырдың ортасы мен екінші жартысында Жәнібек ханның Жәдік атты ұлы мен оның ұрпақтары саяси билікті қолдарында ұстайды. Қазақтың ханы болған Тәуекел, Есім, Жәңгір, Тәуке хандар – Жәнібек ханның ұрпақтары болып келеді [3]. Мақалаға Жәнібек хан туралы жазылған деректерге талдау жасалып, Жәнібек ханның билік еткен кезеңі, мемлекеттің негізін қалаудағы рөлі жан-жақты баяндалады. Берекет Бақытжанұлы, қазақ халқы арасында Жәнібек ханды «әз» деп атауының сыры, Жәнібек ханның өз заманында аса көрнекті мемлекет басшысы, Қазақ хандығын нығайтқан, оның шекарасын кеңейтіп, Дешті Қыпшақтың айтарлықтай бөлігін ұлттық мемлекетіміздің аумағына кіргізген көреген саясаткер әрі ержүрек қолбасшы ретінде танылуы бірден-бір себеп болды деп тұжырымдайды.

Жәнібек ханнан кейін Қазақ хандығының билігіне Бұрындық хан отырды. Бұрындық ханның қазақ тарихында аты жарқырап көрінген тұсы – XV ғасырдың 70-90-шы жылдары болды. Бұл жылдар Қазақ хандығы үшін күшею, нығаю және қазақ халқының этникалық территориясын біріктіру жолындағы күрес кезеңі еді. Ғалымның 2015 жылы «Ақтөбе» газетінен жарық көрген «Бұрындық хан» [4] мақаласында билеуші туралы жазба деректердің тапшылығын ескере отырып, оның өмірін шартты түрде бірнеше белестерге бөліп қарастырады: «Бірінші кезеңге Қазақ хандығы құрылуының соңғы кезеңіндегі атқарған рөлі жатады, бұл шамамен 1469-1471 жылдарда болған, екінші кезеңге 1473-74 жылдардан XV ғасырдың 90 жылдарының ортасына дейінгі, яғни Қазақ хандығының батыста ноғай мырзаларымен және оңтүстікте Сыр бойы қалалары мен өңірлері үшін күресте атқарған рөлі жатады, үшінші кезеңге XV ғасырдың 90 жылдарының ортасынан XVI ғасырдың алғашқы он жылдығы ішіндегі Қасым сұлтанмен арадағы қайшылықтар, Шайбани ханмен одақтасу, қазақ қоғамындағы беделін жоғалтып, елден кетуі жатады». Осы тұста, ел билеуінің үшінші кезеңі туралы автор ханның қазақ қоғамындағы беделін жоғалтып, елден кетуіне себепті Бұрындық хан мен Жәнібек хан ұлдары арасында қайшылықтардан іздейді. Оған дәлел, Бұрындық ханның Мұхаммед Шайбанидің алғашқы үш жорығы кезінде оған қарсы ешқандай шара қолданбауы нәтижесінде, Жаныш сұлтан мен Тыныш сұлтандардың ұлыстарын ойран етеді. 1509 жылдың қысында болған үшінші жорық кезінде, жау әскерінің келе жатқанынан хабардар болғанымен, ешқандай қарсылық көрсетпей, қашуға мәжбүр болады. Осындай әрекеттерден кейін Бұрындық ханның қазақ қоғамындағы беделі түсіп, ендігі Жәнібек хан ұлдары, оның ішінде Қасым ел тізгінің қолына алады [4].

Қазақ мемлекеттігінің бір шарықтау кезеңі XVI ғасырдың басына тұс келіп, Жәнібекұлы Қасым ханның есімімен тығыз байланыста болды. Қасым ханның әкесі Жәнібек ханның XV ғасырдың ортасында Қазақ хандығының негізін қалаушыларының бірі болғанын және Керей ханнан Қазақ хандығын билегенін дерек мәліметтері дәлелдейді. Жәнібек ханның 9 ұлының екеуі: Қасым мен Қамбар сұлтан бір анадан, Жаған бикеден туады. Қасым ханның туған жылы анық белгілі емес. Бірақ оның туған жылын Берекет Бақытжанұлы Мұхаммед Хайдар Дулатидің мәліметтеріне сүйене отырып, шамамен 1445-1446 жылдары дүниеге келді деген тұжырымға келеді. Жалпы, Қасым ханның жеке өмірбаяндық мәліметтерінің жоқтың қасы, тек оның сұлтандық

және хандық кезеңдеріндегі өмірінен мәліметтер Әбілғазының, Қадырғали Жалайырдың, Бабырдың, Бинай мен Шәдидің, Махмуд бен Уәлидің, Хайдар Разидің, Гаффардың, Абдаллах Балхидың, Мұхаммед Хайдар Дулатидің еңбектерінде кездеседі. Б.Б. Кәрібаевтің Қасым ханға қатысты көлемді зерттеулерінің нәтижесі қалың бұқараға 2021 жылы Егемен Қазақстан газетінде «Қасым ханның қазақ тарихындағы рөлі» [5] атауымен мақаласы жарияланды. Мақалада автор Қасым ханның сұлтандық кезеңінен қазақ әскерлерінің қолбасшысы ретінде, Сыр бойындағы қалалар үшін күресі мен хан көтерілуіне дейінгі кезеңдерін, хандықты басқарудағы шеберлігіне тарихи баға береді. Автор мақалада: «Қасым хан жасының ұлғаюына байланысты ханды қарсы алуға шыға алмады. Қалған сұлтандарға, ішінде бірнешеуі: Жаныш хан, Таныш хан, Мамаш хан, Жан Хайдар сұлтан, Қарыш сұлтан және басқалары 50-60 жаста болды, жалпы саны Жошы ұрпағының 30-40 сұлтанына ханды қарсы алуға бұйырды», - деп «Тарих-и Рашиди» еңбегінен үзінді келтіру арқылы Қасым ханның қазақ сұлтандарының арасында беделінің зор болғандығын айқындап берді. Осыдан-ақ, Берекет Бақытжанұлы: «Қасым ханның төңірегінде осыншама сұлтанның жиналып, оның бұйрығына көнуі, біріншіден, басқа авторлардың айтқанындай, оның билігінің Дешті Қыпшаққа кең тарағанын көрсетсе, екіншіден, Қасым хан тұсында Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайы тұрақты болғандығын көрсетеді», - деп тұжырымдайды [5, 10 б.].

XVI ғасырдың екінші жартысында әлсіреген Қазақ хандығын біріктіруде Қасым ханның баласы Хақназар хан ерекше қызмет атқарды. Ғалымның 2018 жылы Егемен Қазақстан газетінде жарияланған «Хақназар хан жөнінде» [6] атты мақаласы жарық көрді. Мақалада автор Мұхаммед Хайдар Дулати, Гаффари сияқты ортағасырдық авторлардың мәліметтерін саралай келе, Хақназар ханның дүниеге келген жылдарын 1510-1520 жылдар аралығы деп пайымдап отыр. Хақназар ханның билікке келгенге дейінгі өмірі Ноғай Ордасында өткендіктен, мақалада қарастырып отырған жылдардағы ханның өмірі осы хандықтағы тарихи оқиғаларға тікелей қатысты баяндай келе, Қазақ хандығының «қайта өрлеу» кезеңіндегі жүргізген саясатына тоқталады. Зерттеушінің пікірі бойынша, Хақназар хан тұсындағы Қазақ хандығының сыртқы саясаттағы белсенділігі Қасым ханнан кейін Қазақ хандығында қалыптасқан ішкі саяси дағдарысты көршілер қалай пайдаланса, XVI ғасырдың екінші жартысының алғашқы жылдары-ақ Хақназар хан көршілердегі саяси қайшылықтарды өз пайдасына қолдана бастайды. Бұл кезеңде Қазақ хандығының батыстағы көршісі – Ноғай Ордасында, оңтүстіктегі басты қарсыласы – Мауереннахрдағы Шайбан әулетінде және Шығыс Түркістанда шағатайлық Абд ар-Рашид ханның қайтыс болғанынан кейін қалыптасқан ішкі саяси жағдайлар Қазақ хандығына бұрынғы жоғалтқан позицияларын қалпына келтіруге мүмкіндіктер береді [6, 8 б.]. Берекет Бақытжанұлы өз зерттеулерінде Хақназар ханды қазақ жерлерін біріктіруші, қазақ мемлекетінің жалауын қайта желбіреткен билеуші, көршілес мемлекеттердің билеушілері арасында зор беделге ие болған және оларды өзімен санасуға мәжбүр еткен саясаткер ретінде, қалыптасқан саяси жағдайлардан дұрыс жол таба білген шебер мәмілегер және қарсыласқан жауларына қаһарын төккен мықты қолбасшы ретінде, ішкі саяси тұтастықты қалыптастырып, қазақ қоғамын әкімшілік жағынан тиімді ұйымдастыра алған ақылды және кемеңгер басшы ретінде тарихи баға береді.

Шығай хан – Қазақ хандығының негізін қалаушыларының бірі Жәнібек ханның немересі, Жәдік сұлтанның көп ұлдарының бірі. Берекет Бақытжанұлының 2018 жылы Егемен Қазақстан газетінен жарық көрген «Шығай хан» [7] мақаласында: «Шығай хан өмірінің сұлтандық кезеңі жөнінде Қадырғали Жалайырға сүйенсек, ол былай деп баяндайды: «Шығай ханның хикаясы әр-қашан оның батырлығымен мәлім, мәшһүр болды». Осы бір сөйлемнің өзі бізді Шығай ханның жас шағындағы жеке болмысынан хабардар ете алады. Ол таққа келер кездегі жасы сексенге таяп қалса, онда оның дүниеге келген кезі шамамен XVI ғасырдың алғашқы жылдарына сәйкес келеді. Ал Қазақ хандығы үшін ең ауыр болған сол ғасырдың 20-30-шы жылдары Шығай сұлтан

орда бұзатын жаста еді. Осы жылдары батыстағы ноғай мырзаларымен, Мауренахрдағы шайбанилық сұлтандармен және Шығыс Түркістандағы шағатайлық сұлтандармен болған сансыз шайқастардың бел ортасында жүріп, жас сұлтан ретінде батырлығымен, батылдығымен көзге түскен секілді», - деп тұжырымдаған [7, 9 б.]. Жоғарыда келтірілген деректерді саралай отырып, автор Шығай ханның қазақ қоғамындағы беделінің бытыраңқылық кезеңінен бастап қалыптасу жолынан өткенін және Дешті Қыпшаққа оның атақ-даңқы осы жылдары кеңінен таралды деп есептейді. Дегенмен, Шығайдың Абдаллах ханмен жақындасуының себептері ретінде автор Хакназар ханның өлімінен кейін, Шығайдың хан болуы өте қысқа уақытта өткендігін пайымдап отыр. Бұл дегеніміз – Шығайды хан сайлауға бүкіл қазақтың саяси және билеуші тобы емес, ханға жақын аз ғана топ қатысып, өте қысқа уақыт ішінде хан көтерген. Міне, осыдан кейін Шығайдың ел арасындағы беделі төмендеді деп есептейді.

Тәуекел хан (1582-1598 жж.) билік басына келген кездегі қазақ хандығының сыртқы жағдайы өте ауыр еді. Бір жағынан, бұған дейін одақтас болып келген Бұхар ханы Абдаллах хан қазақтарға қарсы шықса, екінші жағынан, шығыста моғолдар мен жоңғарлар қазақ жеріне ұдайы қауіп төндіріп отырды. Соған қарамастан, жастайынан әскери іске жетік, көреген саясаткер Тәуекел қазақ хандығын нығайтып қана қоймай, қазақ жерлерінің аумағын кеңейте білді. Берекет Бақытжанұлының «Тәуекел хан» [8] атты мақаласы 2019 жылы Егемен Қазақстан газетінде жарық көріп, мақалада автор Тәуекел сұлтанның тарихи болмысын шартты түрде сұлтандық және хандық кезең деп екіге бөліп қарастырады. Сұлтан лауазымымен оның есімі алғаш рет жазба деректерде Хафиз Таныш еңбегінде XVI ғасырдың 80-жылдарының басындағы оқиғаларға қатысты кездесе бастаса, хандық кезең ортағасырлық тарихшы Ескендір Муншидің еңбегінде «хан атағын өзіне алып алған» [8, 7 б.] деген жазуынан бастау алады. Автор, бұл тұста, Тәуекел ханды алғашқыда оны шығайлық сұлтандар мен жақтастары ғана хан деп мойындаған деп есетейді. Мақалада автор Тәуекел ханның шебер дипломатиялық өнеріне, ішкі-сыртқы басымдықтарына жан-жақты сипаттама береді. Баба сұлтанды тізе бүктіріп, Тәуекел хан Мауереннахр билеушісімен ашық күреске барудан бас тартып, басқа көршілес елдермен қарым-қатынасын бейбіт түрде, бірақ белсенді жүргізе бастайды. Деректерде Абд ар-Рашид хан қайтыс болғаннан кейін оның ұлдары арасында билік үшін талас-тартыстар орын алады. Олар өзара күрес барысында көршілес елдердің билеушілеріне арқа сүйейді. Күресуші топтың кейбір өкілдері Тәуекел ханнан көмек сұраған жағдайда Тәуекел хан ол жақтағы ықпалын кеңейту үшін көмегін аямайды. Ойраттардың Тұрфан билеушілерімен жүргізген күресін сәтті пайдалана отырып, олардың жекелеген тайпаларына өз билігін мойындатады. Тәуекел ханның XVI ғасырдың 90-жылдарының ортасында жүргізген сыртқы саясатындағы басты бағыттың біріне – Орыс мемлекетімен елшілік байланыстарды орнатуын қосуға болады. Мауереннахрдың өте қуатты билеушісі II Абдаллах ханға қарсы күресу үшін Тәуекел ханға қуаты жағынан одан кем емес әскери одақтастың қажеттілігінен туындаған мәселе болғаны мақала авторы дәлелді тұжырымдар келтіреді [8, 7 б.].

Тәуекел ханнан кейін ел тізгінің қолында ұстаған, 1598-1628 жылдар аралығында билік еткен Есім хан Шығайұлы. 2019 жылы Егемен Қазақстан газетінде жарық көрген «Есім хан» [9] мақаласында автор Есім ханның генеалогиясын талдай келе, аталары мұсылманшылдықты берік ұстанған, атақты дін басыларының мүриді болған тұлғалар екендігіне көз жеткізеді. Автор Есім ханның билігі тұсында Қазақ хандығында орын алған бірқатар артықшылықтарды атап өтеді. Олардың қатарында, Есім ханның тұсында Мәуереннахр билеушілері Ташкент аймағының Қазақ хандығының аумағына қосылуын заңды түрде мойындауы, «Есім ханның ескі жолы» атты заңдар жинағының дайындалуы, Қазақ елінің жаңа астанасының Түркістан болып бекітілуі қаланың қазақ тарихындағы рөлі мен маңызын арттыра түседі. Есім ханның билігі тұсында елдің сыртқы саяси жағдайы неғұрлым қолайлым болса, ішкі саяси жағдай соғұрлым қолайсыз болды. Әсіресе, қазақ сұлтаны – Тұрсын Мұхаммед

сұлтанның бүлігі Есім ханға өте ауыр соққы болды. Мақалада екі ханның теке-тіресі жан-жақты сараланса, «Тұрсын ханға» [10] арналған мақаласында ханның дәуірлеу кезеңі, билікке келуі, Бұхар ханы Имамқұлимен жасасқан шарттары мен оларға қарсы күрес барысында жеткен жетістіктері мақалаға арқау болды.

Қазақ хандығы тарихында аз зерттелген тарихи тұлғалардың бірі – Жәнібек Есімұлы. Есім ханның тарихта үш ұлы белгілі. Үлкен ұлы – Жәнібек сұлтан, екіншісі – Жәңгір хан, ал үшінші ұлы – Сырдақ сұлтан. «Т.И.Сұлтановтың пікірі бойынша Есім ханның үлкен ұлы – Жәнібек XVII ғасырдың 30-жылдарының басында хан тағына отырып, ойрат тайшыларымен көп соғысқан және XVII ғасырдың 40-жылдарының басында ойраттармен болған кезекті шайқастың бірінде қаза тапқан. Ал Сырдақ сұлтаннан Хұсрау сұлтан деген ұл туады, оның ұлы тарихтан белгілі – Қайып хан» [11]. Жалпы, Жәнібек хан туралы қалың жұртшылық таныс емес, ол туралы оқу-лық-тарға материалдар енген жоқ. 2005 жылы «Мәдени мұра» бағдар-ла-масымен шыққан «История Казахстана в русских источниках» атты жинақтың I томында Жәнібек ханға қатысты бұрын еш жерде жарияланбаған бірнеше тың материалдар кездеседі [12].

Қазақ хандығы тарихындағы әйгілі билеушілердің бірі – Жәңгір хан. Жәңгір (Жаһангер) ханның есімі шығыс деректеріндегі және орыс тіліндегі материалдарда XVII ғасырдың 30-жылдарының ортасындағы оқиғаларға байланысты алғаш рет кездесе бастайды. Ондағы деректердің мәліметтерінде ол сұлтан лауазымымен айтылады [11]. Автордың «Жәңгір хан» [11] атауымен 2020 жылы «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған мақаласында Жәңгір ханға қатысты деректерді талдай келе, Жәңгірдің 1635 жылы әлі де сұлтан дәрежесінде болғаны атап көрсетілгенімен, бұл жылы кімнің хандық еткені нақты көрсетілмеген. Сонымен қатар, дерекке сүйене отырып, автор Жәңгірдің сол кездің өзінде сұлтан дәрежесінде болса да, қазақ қоғамындағы алатын орны ханнан кем болмағанын немесе ханмен бірдей болды деп пайымдайды. Мақалада Берекет Бақытжанұлы, Жәңгір ханның нақты билікке келген жылы туралы мәліметтердің жоқтығын айта келе: «Ағасы Жәнібек ханның өлімінен кейін шамамен XVII ғасырдың 40-жылдарының ортасына таман Жаһангер бүкіл қазаққа хан болады», - деген Т.И.Сұлтановтың пікірімен келісіп, Жәңгірдің ағасынан кейін Түркістандағы хан тағын иеленгендігі заңды құбылыс деп тұжырымдайды [11].

Б.Б. Кәрібаевтің өлшеусіз еңбектеріндегі тұлғалар тарихы, олардың қазақ тарихында алатын орны туралы маңызды мағлұмат беретін деректерінің құндылығы, танымдық және тарихи жаңалықтарының молдығы, тақырыптардың келелігімен ерекшеленеді деп есептейміз. Автор өзінің әрбір ғылыми туындыларының дайындалуына мұқият назар аударады. Дайындалатын еңбектерінің мазмұнын архивтік және құнды да тың тарихи мағлұматтарын іріктеуді баса назарында ұстайды. Әрбір тақырыптың методологиялық талаптар тұрғысында жазылуына, жарияланатын мақалалар мен кітаптарының ғылыми жаңалығына жүйелі негізде назар аударуы ғылыми еңбектердің құндылығын арттыратыны сөзсіз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Кәрібаев Б.Б. Қазақ хандары туралы зерттеулер (XV ғ. ортасы – XVIII басы). Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 228 б.
2. Кәрібаев Б.Б. «Керей хан және оның өмір сүрген заманы»// Түркістан газеті. №35(1309) 5 қыркүйек 2019, 6 бет.
3. Кәрібаев Б.Б. Жәнібек хан қалай «әз» атанды?//Оңтүстік Қазақстан газеті. 20.01.2015 ж.
4. Кәрібаев Б.Б. Бұрындық хан// Ақтөбе газеті, 2015. - №15, 10-б.
5. Кәрібаев Б.Б. Қасым ханның қазақ тарихындағы рөлі// Егемен Қазақстан газеті. 2021 жыл. - №193
6. Кәрібаев Б.Б. Хақназар хан жөнінде// Егемен қазақстан газеті. 2018 жыл. - №174

7. Кәрібаев Б.Б. Шығай хан// Егемен Қазақстан газеті, 2018 жыл. - №238
8. Кәрібаев Б.Б. Тәуекел хан// Егемен Қазақстан газеті. 2019 жыл. - №48
9. Кәрібаев Б.Б. Есім хан// Егемен Қазақстан газеті, 2019 жыл. - №45
10. Кәрібаев Б.Б. Тұрсын хан// Халықаралық Түркістан газеті. 2019 жыл. - № 51-52
11. Кәрібаев Б.Б. Жәңгір хан// «Егемен Қазақстан» газеті. 2020 жыл. - №48
12. Кәрібаев Б.Б. Есімнің ұлы Жәнібек хан// Түркістан газеті. 2019 жыл. - №48

ӨОЖ: 94(574)"18/19":28

## ХАЗІРЕТ ҚАЙЫРША АХМЕТЖАНҰЛЫ

*Рахмалиева Л.А.* - М.Өтемісов атындағы БҚУ,  
«Тарих» БББ 2-курс магистранты,  
Орал, Қазақстан

Тарихшы ретінде тарихымыздағы халқы үшін елеулі қызмет атқарған тұлғалардың еңбегін зерттеп, тың мәліметтермен тарихымызды толықтыру- міндетіміз. Солардың бірі де, бірегейі – Батыс Қазақстан өңірінің тумасы, 1917 жылы Орал қазақтарының съезін ұйымдастырушылардың бірі, бүкілресейлік мұсылмандар съезінің, Орынборда өткен жалпықазақ съездерінің делегаты, Күнбатыс Алашорда үкіметінің діни көсемдерінің бірі Қайырша Ахметжанов.

Танымал дін қайраткерлерінің бірі, күнбатыс Алашорда үкіметінің діни көсемдерінің бірі Қайырша хазіреттің өмір сүрген жылдары, ғұмырының соңғы кезеңі белгісіз. Қайырша хазіреттің руы – Жетірудың Кердерісі. Атажұрт қонысы – Шалқар көлінің күнбатыс бетіндегі Дуана. Қайырша хазіреттің өз әкесі Ахметжан да қатарының алды болған, күллі қазақтың асыл діні мен атажұрт топырағын қорғап, патша алдына саяси талап қойған қайраткердің бірі болған. Орал облысы Ілбішін уезі Шалқар болысы 3-ші ауылының молдасы Ахметжан Баймұхамедұлына байланысты бірнеше дерек белгілі [1, 30 б.].



*1-сурет. Қайырша Ахметжанов*

1868 ж. 21 тамызда шыққан Уақытша Ереже бойынша қазақтар діни басқарма құрамынан шығарылып, жергілікті әкімдердің - уезд бастықтарының, әскери губернаторлар мен халық соттарының қарауына беріледі. Нәтижесінде қазақтардың бұрыннан шарифат жолымен шешіліп келе жатқан істері, даулары орыс заңымен қаралатын болады. Бұл орыс билігінің «Қазақтар толық мұсылман емес, өздерінің әдеп-ғұрпымен жүретін халық, сондықтан оларды мұсылман жамағатынан бөліп тастау керек, бұл шоқындыру саясатымызға да оң ықпал етеді» деген жоспары болатын. Бұндай саясатқа қазақтың діни көзі ашық қайраткерлері - ишан-хазіреттер қарсы шықты. Ахметжан молда 1891 жылы 27 шілдеде Ресей империясының патша тағына

мұрагері Николай Александрович (кейін II Николай патша) Орал облысына келген кезінде қарсылап алушы қазақтар тобының құрамында болып, қазақ халқының атынан патшазадаға арыз ұсынған екен. Бірақ Ахметжан ишан Баймұхамедұлының «Қазақтың діні тұрғысында істерін Орынбор діни басқармасының қарамағында қосу» жөнінде берген бұл өтініші қабылданбапты [1, 31 б.].

Ахметжан ишаннан Қайыршаһ және Әсима атты ұрпақтары өрбіген. Қайырша хазіреттің туған жылы туралы мәлімет табылмай тұр. Хазірет діни білімді Қазан қаласында алған. Орысша сауаты да жоғары болған. Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты шығарған «Азалы кітап» жинағында бұл кісінің есімі жазылмаған. Туыстарының айтуынша, Қайырша хазірет те қудаланған, сотталған, жер аударылып, жат жерде қайтыс болған.

Хазіреттің тарих сахнасына жарқ етіп көрінген кезеңі-ақ патша тақтан құлап, күллі қазақ қоғамы автономияға ұмтылған кезеңі. 1917 жылы сәуірдің 19-22-сі аралығында өткен Орал (Батыс Қазақстан) облыстық қазақ съезі өтіп, 800-ден астам делегат қатынасты. Орал облысының уездерін айтпағанда, барлық болыстың өкілдері қатысты [1, 35 б.]

Орал облысы қазақтарының бірінші съезі 1917 жылдың 19 сәуір күні түскі 12-де ашылды. Съезд төрағалығына Томск округтік сотының прокуроры Жаһанша Досмұхаммедов сайланады. Төраға орынбасарына Ғұбайдолла Әлібеков пен Алпыспай Қалменов, Ғаббас Жетпісов, Қайырша Ахметжанов және Ермұхамед Арғыншиев съезд хатшылары болып сайланады [2, 66 б.]

Осы съездің екінші күні дін мәселесі талқыланды. Муфтият құрудың қажеттігі жөніндегі бірінші мәселені талқылай келіп, съезд қазақтар үшін бөлек мүфтилік құрған дұрыс болады деген ұйғарымға келеді, бірақ бұл мәселе өзге облыс қазақтарымен ақылдаса отырып шешілетін болғандықтан, съезд қаулы шығарады. Орал облысы қазақтарының діни басқармасы уақытша Орынбор мүфтилігіне қосып, жергілікті имамдарды мешіт жамағаты діни білімі, тиісті куәлігі бар адамдар арасынан сайлау керек екені белгіленеді. Әр ауылдық әкімшілік аумағында кем дегенде бір мешіт болуы және мешіт имамдары туу, өлу және неке жайлы мәліметтерді метіркелік дәптерге жазып отыруға міндеттеледі [1, 36 б.]

Съездің үшінші күні, 21 сәуірде делегаттар Мәскеуде өтетін бүкілресейлік мұсылмандар съезіне Орал облысынан баратын топ мүшелерін анықтады. Сөйтіп, Мәскеуге Жаһанша Досмұхаммедов, Халел Досмұхаммедов, Ғұбайдолла Әлібеков, мұғалім Сұхбанов, молдалар Қайырша Ахметжанов, Хасан Нұрмұхаммедов, Қажығали Мәулімбердиев, К.Андабаев, Хамидолла Тәржіманов, И.Байкүреңов баратын болды. Осы съезд шешімінде Қайырша Ахметжанов Орал облысы қазақтарының қазіи болып сайланады. Ол кезде Орал облыс аумағына Атырау, Орынбор, Ақтөбе облыстарының біраз жерлері қамтылған еді. Жалпы қазақ даласы Ақмола, Семей, Жетісу, Торғай, Орал, Бөкей облыстары, Маңғышлақ уезі болып бөлінетін еді. Әр облыстағы съездердің таңдауымен Бөкейліктен – Ғұмар Қараш, Оралдан Қайырша Ахметжанов, Торғайдан – Ғұбайдолла Ешмұхаммедов, Ақмоладан - Мәди Мақұлов қазіи болып сайланған. Съезден кейін қазақ елінің тағдыры үшін алаңдайтын азаматтардың алқалы жиындарында Қайырша хазіреттің есімі жиі кездеседі.

Тарихшы Светлана Смағұлованың деректерінде Қайырша Хазірет Орал облысының Далалық бөлігін басқарудың уақытша ережесін жасауға қатысқан. 1917 ж. мамырда Мәскеуде өткен жалпықазақ съезіне қатысып, жалпықазақ съезін құруды қолдаған. Тарихшы Кеңес Нұрпейісов жазбаларында: «Орынбор қаласында 1917 ж. 5-13 желтоқсан күндері өткен екінші жалпы қазақ-қырғыз съезіне оны ұйымдастыру комитеті жасаған тәртіп бойынша әр уезде басы ел сыйлаған екі ақсақалдың, әрбір облыстық комитеттерінен екі өкілден тыс 30-ға жуық адамға шақырту қағазы жіберілді. Олардың қатарында Омар Қарашұлы, Қайырша Ахметжанұлы, Ғабдолла Ешмұханбетұлы, Ахметжан және Қожахмет Оразайұлдары, Құрманбек Бірімжанұлы,

Шәкәрім Құдайбердіұлы, Шәңгерей Бөкейұлы, Мұхаметжан Тынышпайұлы т.б. болды» деп деректер келтіреді. Алайда, шақырулы делегат бола тұра, Қайырша Хазірет II жалпықазақ съезіне қатыса алмаған [3, 251 б.]

Бірақ, екі жылдай өмір сүрген Күнбатыс Алашорда үкіметінің жұмысына белсене араласып, діни жетекшілерінің бірі болған. Хамза Есенжановтың «Ақ Жайық» трилогиясында Хазірет «Қайырша қазы», «полк молдасы» деген атпен романда айтылады [4, 231 б.].

Кеңестерге қосылу мәселесін талқылау мақсатымен 1920 жылдың 15 қаңтарында Жаһанша Досмұхамедов Ойылда өтетін келіссөздерге өз жақтастарын шақырады. Жаһанша Досмұхамедов хатында: «Казачествоның қырғыз (қазақ) халқына қорлығы үдей түскен себепті Алашорда қырғыз (қазақ) халқының большевиктерге қосылуын тиімді деп санайды. Осындай маңызды мәселелерді шешу үшін 15 қаңтарда Ойылға келулеріңіз керек және басқа жетекші - зиялыларға осыны хабарлаңыздар» делінген. Ойылда өтетін жиынға шақырылғанадрдың тізімі белгіленеді. Қазақ тілінде жазылған түп нұсқа хат, орыс тілінде көшірме нұсқасы, Алашордаға жіберілген кеңестік өкіл Ғұбайдолла Әлібековтың түсініктемесі Орал бекініс штабына жіберіледі. Ойыл келіссөз құжаттарынан Күнбатыс Алашорданың соңғы күндерінде дейін Қайырша Хазіреттің Жаһанша Досмұхамедұлымен, Алашордамен бірге болғандығын көреміз [1, 40 б.].

1921ж. 21 қаңтарда Қырғыз (қазақ) әскери төңкеріс комитетінің Алашорданы тарату және қарусыздандыру туралы шешімі шығады. Қырғыз (қазақ) өлкесінің Төңкеріс комитетінің мүшесі Ә.И. Әйтиевтің жеделхатында: «Орал облыстық төңкеріс комитетіне, көшірмесі Әскери төңкеріс кеңесіне. Төңкеріс комитетіне сенімді күзетпен Орынборға мына адамдарды жеткізуді ұсынамын» деп жазылған. Көрсетілген 33 адамның ішінде Қайырша Ахметжановтың есімін кездеседі. Осы оқиғадан кейін, Күнбатыс Алашорда үкіметінің белсенді мүшелері қуғын-сүргінге ұшырайды. Алайда, Алашордалықтарға жарияланған амнистиядан кейін, Қайырша Хазірет бірнеше жыл Жымпиты ауданы, Шолақаңқаты ауылында өз шаруашылығына айналысып, бейтарап тұрған.

Нақты деректер сақталмаса да, 1923-1924 ж. қудалау-сайлау рұқсатынан айыру, үстеме салық салу, ол төленбеген жағдайда мал-мүлкін тәркілеп, жер аудару, секілді қуғын-сүргіннен Қайырша Хазіретте тыс қалды деп айта алмаймыз.

Қайырша Ахметжановтың 1926 ж. 25 қазан - 4 қараша аралығында Уфа қаласында өткен Ішкі Ресей және Сібір мұсылмандарының III съезіне қатысқандығы туралы дерек сақталған. Съезд президиумының ұсынысымен жергілікті башқұрт үкіметін - Башқұртстан Орталық комитетінің съезд атынан құттықтау үш адамға - Хасан - Гата Габашиге, Ғинатулла Ахмеишинге және Қайырша Ахметжановқа тапсырылыпты. Осы съезде болған Орал облысының мухтасибі Қуанай Қосдәулетовтың жауабында Қайырша Ахметжановты Куйбушев округінен келді деп көрсеткен [1, 44 б.].

Қайырша Хазіреттің туған қарындасы 1916ж. туылған Әсима Ахметжанованың естелігенде: «Көкемді 1932 ж. айдап алып кетті, біз далада қалдық. Ол кезде Куйбышев облысында тұратын едік. Кейін ағайынды сағалап, елге келдік» деп жазады.

Қайырша Хазіреттің өмірінің соңғы кезеңдері ақтаңдақ. Алайда, Хазіреттің соңғы көрген адам - Кубаш Ахметшеұлы. Баймұхаммедтен - Ахметжан мен Ахметше бірге туған. Ахметжаннан - Қайырша мен Әсима, Ахметшеден – екі ұл, бір қыз. Ахметшеевтер отбасында «молданың тұқымы, бай» деген айыппен Кубаш та сотталып, жер аударылған. Кейін амнистияға ілініп, елге оралған [5, 12 б.].

Кубаш Ахметшеұлының ұрпағы Темірболат Кубашұлының естелігінде: «Қайырша Хазіреттің бір хабар барын естіп, әкем 1930 ж соңы, 1940 жылдардың басында Ресей жеріне іздеп барыпты. Өкінішке орай, нақты қай жер екені есімде қалмапты. Әкем барса, хазірет науқас екен. Немере інісінің келгеніне қуанып, «Менің



күткен адамым келді. Енді өле берсем болады депті» хазірет. Өзінің жеке фотосуреті мен өзі ұстаған Құран кітабын әкеме табыстаған. Көп ұзамай, өмірден өтіп, немере ағасын өз қолымен жерлеп, әкем елге қайтқан» [6, 42 б.].

Өз заманында қазіргі қол жеткізіп отырған тәуелсіз ел болуды, дәстүрлі дініміз бен ділімізді, салт-дәстүрімізді сақтап қалуға ат салысқан Алаш қайраткері, Хазірет Қайырша Ахметжановтың өмірінің соңғы кезеңдері, жерленген жері әлі күнге дейін беймәлім болып қалып отыр.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қабжан Қ.Қ. «Қуғындалған хазіреттер». Орал: «DANA орталығы» баспасы, 2022, - 30 б.
2. Смағұлова С. «Алаш. Алашорда» энциклопедия, Алматы, «Арыс». - 2009, - 66 б.
3. Руханият орталығы. «Алаш қозғалысы». «Сардар баспа үйі». - 2008, – 251 б.
4. Есенжанов Х. «Ақ Жайық» трилогиясы. Алматы «Мереке», - 2012, -231 б.
5. Құттымұратұлы Қ. «Оралдың қазіы» «Егемен Қазақстан». - 2023, қаңтар, -12 б.
6. Набиболлаұлы Н. «Елбасына тартылған ең қымбат сыйлық, «Dana Qaz». - 2018, - 42б.

ӘӨЖ 37-(091) +37.01

### **ЖАЗЫҚСЫЗ ЖАЗАЛАНҒАН БИЖАН ЖАНҚАДАМОВ**

*Сисенова Ш.С.* - М.Өтемісов атындағы БҚУ,  
«Тарих» БББ 2-курс магистранты,  
Орал, Қазақстан

**Бижан (Бейжанғали) Әбілқасұлы Жанқадамов** 1889 жылы 23 желтоқсанда Ілбішін уезі Қалдығайты болысы 10 ауылда (қазіргі Қаратөбе ауданы Ханкөл ауылында) дүниеге келген. Руы – он екі ата Байұлына жататын қызылқұрт. Әкесі Әбілқас орта шаруалы адам болған. Ол балаларын оқытып, білім алдыруға қолындағы бар мүмкіндігін пайдаланған. Оның Рақымғали мен Оразғали атты ұлдары Орынбор гимназиясын алтын медальмен бітіріп, өкінішке орай, олар жастайынан қайтыс болған. Кейінгі балалары Бөкенғали мен Жұмағалиды ауылынан алысқа жібермей, ауыл молдасынан мұсылманша оқытумен шектеледі. Кенже ұлы Панғали тек қана хат тани алатын. Ал Бижанғалиды еркелетіп, Бижан деп атап кеткен. Ол Оралдың әскери-реалды училищесінің негізгі кластарын 1904-1911 жылдары аяқтап, жоғары оқу орнына түсу үшін бір жылдық әзірлік класын 1912 жылы бітіреді. 1913 жылы Қазан мал дәрігерлік институтына оқуға түскен. Оның екі курсын тамамдап оқыған, 1915 жылы қаражат жоқтығынан оқуынан қол үзіп қалған. Осы жөнінде курстасы Мұқаш Боштаев «Қазақ» газетіне мақала жазады [1, 43-53 б.].

1916 жылы К.Жәленов, М.Балтанов, М.Баймұхамедовпен бірге қазақтан майдандағы тыл жұмысына адам алуды тоқтату жөніндегі Жайық сырты қазақтары делегациясы құрамында Петроградқа барды. Сол жылғы қазан айында Қазан қаласында оқитын бір топ қазақ студенті қатарында майдандағы тыл жұмысына алынғандарға, олардың үй ішіне көмектесу жөнінде «Қазақ» газетінде хат жариялауға қатысты.

1917 жылы наурыз айында Әлихан Бөкейхановтың шақыруымен құрамында А.Кенжин, Б.Сүлеев, Е.Омаров, Ғ.Бірімжанов т.б. қазақ оқығандары тобында Батыс майданға келіп, жігіттерді елге қайтару жұмыстарын ұйымдастырды. Бижан Жанқадамов «Қазақ» газетінің 1917 жылғы 224-санындағы «Жолсыз әуре болмандар» деген мақаласында тыл жұмысындағы қазақ жігіттерінің елге уақытша демалысқа

жіберуді сұраған өтініш-тілектеріне жауап жазып, бұл мәселені өзінің шеше алмайтынын және оны шешудің тәртібін түсіндіреді.

1917 жылғы 19-23 сәуір аралығында Орал қаласында цирк үйінде күндізгі сағат 12-де қазақстардың бастыс өңіріндегі съезі ашылды. Осы съезде Орал облысы қазақ комитетінің мүшесі болып сайланады. Оған сегізжүзден астам өкіл жиналды. Паташаның тақтан құлағанына бір айдан астам уақыт өтсе де, осыншама делегет сайланып үлгеріпті. Ісер азаматтардың бел ортасында Бижан да жүрді. Ол әкесі Әбілқастай жұмыс десе ішкен асын жерге қоятын қасиетін бірінші кезекке қойды. Орал облысы Қазақ съезінің делегаты 1917 жылдың күзінде 2-інші Қазақ облыстық съезд шешімін жүзеге асыра отыра, земство сайлауында С.Омаров, К.Отаров, Ғ.Жетпісов тәрізді ел ішіндегі ықпалды адамдардың ұсынуымен Жымпиты уездік земство басқармасы төрағалығына Кәрім Жәленовпен баламалы негізде сайлауға түсіп, басым дауыспен төраға болды [2, 27 б. ].

1917 жылы күзде облыстық земство төрағасын сайлау кезінде қазақ оқығандары арасындағы топқа бөлінген күрестен өзін аулақ ұстады. Земство жүйесін бірден-бір жергілікті билік органы деп біліп, оның демократиялық негізде жұмыс істеп, халық шаруашылығы міндеттерін толықтай атқаруына күш жұмсады. Ойыл облысында үкімет пен земство билігінің қосарланбай, екі билік органының ара-жігінің дәл ажыратылуын жақтады. Осындай тура да шыншыл, принципшіл мінезімен ел ықыласына бөленіп, аз уақытта Ойыл облысы басшылары санатына енді.

1918 жылы 22-25 тамыз аралығында Комучпен Уақытша Сібір үкіметі Челябині қаласында өткізген кеңеске М.Шоқай, Жаһанша және Халел Досмұхамедовтермен бірге «Ойыл уәлаяты» земствосы атынан өкіл болып қатынасты. 26-ыншы тамызда делегацияның күш салуымен аталмыш кеңесте Комуч Алашорда үкіметін таныды. Бижан Жанқадамов Алашорда делегациясы құрамында 1918 жылы 8-11 қыркүйек аралығында өткен Уфа мемлекеттік кеңесіне қатысты. 1918 жылы желтоқсандағы Жымпиты Алаш гарнизонының бас көтеруі тұсында Бижан Жанқадамов уездік земство ауруханасы үйінде Жаһанша және Халел Досмұхамедовтердің, И.Қашқынбаевтың, М.Балтановтың т.б. қатысуымен өткен кеңесте Ойыл облысы бойынша билік тұтқасын уақытша облыстық земство басқармасына беруді қолдады [3, 43-53 б. ].

1919 жылы ақпанда большевиктік «Яицкая правда» газетінде Б.Қаратаев жариялаған Батыс Алашорда қызметкерлерінің 1-тізімінде аталды.

1919 жылы күзге қарай екінші рет өткізілген земство сайлауынан кейін қараша айында Батыс Алашорда үкіметінің Ойыл облысы земство управасы жанындағы комиссары болып тағайындалды. Сол шамада көшкен үкімет мекемелерімен бірге Ойыл бекінісіне келді. 30 қылыштан тұратын жедел отрядты басқарып, Ершовтың ақ партизандар отрядымен бірге барлау операцияларына және Қызыл армияның шолғыншы отрядтарымен болған ұсақ қақтығыстарға қатысты.

1919 жылы желтоқсанның басында Қызылқоға маңындағы Миялы жайлауында тұрған Жаһанша Досмұхамедовтің Жымпиты отрядымен қызылдардың 1-Армиясы құрамындағы 3-Татар атқыштар полкі арасында келіссөзге жүрген екі делегаттың бірі. Татар полкінің командирі Х.Мәулидов пен әскери комиссары Ғ.Қасымовқа Батыс Алашорда үкіметінің Қызылқоғада тұрған Елек казак корпусын бірлескен тұтқиыл шабуылымен алу жоспарын жеткізді. Қызылдар екінші парламенттерді кепілге ұстап қалып, Бижан Жанқадамовты «3-Татар полкінде бірқатар уақыт болған, Кеңес өкіметінің аз халықтар жөніндегі саясатымен жете танысқан, сондықтан Батыс Алашорда үкіметіне мән-жайды толық түсіндіріп бере алатын адам» ретінде қайтарды [4, 16-20 б. ].

1920 жылы 10 желтоқсанда Бижан Жанқадамов Қызылқоғадағы қалыптасқан жағдайды талқылау үшін жиналған земстволық және қалалық өзін-өзі басқару орындары, саяси және қоғамдық ұйымдары өкілдері, ақсақалдары мен дін иелері кеңесіне қатысты. Шын мәнінде, сәл кейінірек, 27-інші желтоқсан түнінде Батыс

Алашорда үкіметі Бижан Жанқадамов бұрын Ойылға жеткізген әскери қимыл жоспарын дербес жүзеге асырып, тұтас Елек корпусын өз күшімен қолға түсірді. Батыс Алашорда үкіметі таратылған соң, Бижан Жанқадамов өзге үкімет мүшелерімен бірге елден аулақ ұсталды.

1920 жылы Орынборға әкелінді. Сол жылғы 1 шілдеден Қазақ әскери-революциялық комитетінің редакциялық коллегиясында аударма комиссиясын басқарды. 1920 жылдың соңында елге оралып, 1924 жылға дейін Жымпиты уезіне қарасты Қалдығайты, Көкөзек болыстарында әртүрлі кеңес қызметінде, 1920 жылдың соңы-1930 жылдың басында Тайпақ ауданында мал дәрігері болды [5, 66 б.].

Бижан Жанқадамов Мұхит Мерәліұлының зор дауыс шеңберін тілейтін, кең тынысты «Алуаш», «Айнамкөз» әндерін келістіре шырқаған, осы өңірдегі әншілік-серілік дәстүрді ұстанған. «Халық жауларына» науқан өршіген 1936 жылдың басында қызметінен босатылды. 1936 жылы қыркүйектен бастап Казталов ауданы жер бөлімінде аға мал дәрігері болып қызмет атқарып жүргенде, 1937 жылы 10 сәуірде Орал қаласында «белсенді Алашордашы, халық жауы» ретінде тұтқындалды. Бижан Жанқадамовты тұтқындаған кезде, оның бойын тінткенде табылған заттарымен 1937 жылғы 15 сәуірде № 91, №34 квитанциялары тіркелген. Бижан Казталовқа мал дәрігері болып жасап жүргенде, тіс протезі сыныптқалып, соны Саратовқа барып жасатып, салдырмаққа кеткенде үйден 500 сом ақша, 2600 сомның II- бесжылдық заем облигациясын алып, Оралға келеді.

1937 жылы сәуір айының 15-терінде Орал темір жол вокзалында НКВД мемлекеттік қауіпсіздік комитеті басқармасының қызметкерлері Бижан Жанқадамовты «контрреволюциялық үгіт жүргіздің, бұқараны үкіметбасшыларына террор жасауға азғырдың» деген айыптармен ұстап, тұтқындап, НКВД түрмесіне қамап, № 2018 іс ашады [6, 53 б.].

Бұл істі жүргізгендер-мемлекеттік қауіпсіздік офицері – лейтенант Катков, майор Ромейко, кіші лейтенант Испанский, лейтенант Афанасьев еді.

Жалпы тұтқындалғандарға ол кезде көбіне үш айып тағылыпты. Біріншісі-Байтұрсынов, Аймауытоа сияқты басқа да бандалармен байланыста болдың; Екіншісі-Мағжан Жұмабаев сияқты жапон барлауының шпионысың; Үшіншісі-контрреволюциялық үгіт жүргіздің. Бұқараны үкімет басшыларына террор жасауға азғырдың. Бижан Жанқадамовке осы соңғы үшіншісі бойынша айып тағылып, іс жүргізілген. Б.Жанқадамовтың ұсталып, тұтқындалуы да бір әңгіме. Казталовқа мамандығы бойынша жұмыс жасап жүреді. Жаңа жерге көшіп келгеніне бес ай өтер өтпесте оған сенбестік танытқан аудандық нквдышылар «бұрынғы алашордашыл азамат» деп Бижанның артынан жасырын тыңшы қойыпты. Ол Бижанды бақылап, тиісі папкасы деректермен, мәліметтермен қалыңдай түскен. Жанқадамов Бижан оңай шағылатын шемекі емес,- деп ойлаған нквдышылар . Ол Оралда әскери реальды училищеде оқыған, Саратовтың ветеринарлық институтын бітірген, қазақ, орыс тілдерінде еркін сөйлей білетін, сауатты кісі. Бір жылдары жазықсыз жаламен жұмысына қайта алынған.Сөйтіп, НКВД Батыс Қазақстан облыстық басқармасының мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің лейтенанты, тергеуші Катков Қазақ ССР прокуратурсы мен Жер шаруашылығы Халық комиссариатына Жанқадамов Бекжанды тұтқындау үшін рұқсат сұраған. Анықтамны 1937 жылдың сәуір айының 10-күні Алматыға НКВД Батыс Қазақстан облыстық басқармасының «Спаравка» аталған қағаз түседі. Бұл қағазда Қазақстанның сонау батыс түкпіріндегі мал дәрігері мемлекеттің аса қауыпті жауы етіп көрсетіледі.

Түтін шығатын көп тұрбасына орай халық арасында «Қырық тұрба» аталған Орал түрмесі. 1937 жыл, 19 сәуір. Терезесі темір тормен қоршалған шағын бөлмеде қауіпсіздік лейтенанты Юдин сол кезде Бижанның қасында бірге отырып, сөзін тыңдағандай «Ана кісінің үйінде былай депсің», «Мына кісінің үйінде солай депсің» деп сұрақтарды қойып, берген жауаптарын хаттамаға жазып, оған ашылған [7, 82-85

бет.].

НКВД мемлекеттік қауіпсіздік комитеті басқармасының тергеушінің қойған осынау сұрақтың сыры мынада. Қазаққа тән салт бойынша ауылдан жаңадан көшіп келгендерді ерулікке шақырып, шәй беру бұрыннан бергі дәстүр. Казталовқаға мал дәрігері болып көшіп келгеніне бес ай болған Бижанды бірнеше азамат үйіне қонақтыққа шақыруы. Тыңшының хабарламасында «Бижанды қонаққа шақырғандар-Байшеркешов Мұстафа мұғалім, Қитаров Ақкерей-аудандық халық ағарту бөлімінің меңгерушісі Масақбаев Бисенғали- халық соты, Қарасаев Шөлен-аудандық жер бөлім меңгерушісі, Қайырғашев-жер бөлімінің лаборанты» деп тізімделіпті.

Күнделікті жүргізген тергеуде нәтижелі жауап ала алмаған тергеушінде Бижан Жанқадамовтың ішкі сырын білігісі кеп, ол жатқан камераға арнайы тыңшылық тапсырмамен Мордовцев, Груздев деген тұтқындарды қамаған екен.

Тыңшылардың айтуынша, камерада Бижанмен бірге отырған Бенке деген кісінің екеуара әңгімесі былай өрбіген.

-Мені Алашордадағы қызметім үшін отырғызды,-дейді Жанқадамов. Сол кезде камерада бірге отырған Бенке болса: «Сіз адал қызмет істеп, қатемді жуып-шәйіп дейсіз. Күнәм жоқ дейсіз. Онда НКВД анық-қанығын жетіп, ісіңізді қысқартар» -дейді.

-Жоқ. Бұлардың шеңгелінен мен енді құтыла алмаспын. Ойымда жоқ қылмысты жасадың деп ойындатып, қолымды қойғызып алды, - депті Бижан.

Тергеушіге берген жауабында « мен соңғы уақытқа дейін Алашордаға іш тартып келгенімді мойындаймын. Атап айтқанда, Байтұрсынов, Жұмабаевтарды қазақ әдебиетінің негізін қалаушылар деп білдім. Бұл пікірімді ең жақын, дос, жолдастарымның арасында ашық айтып жүрдім. Бүгінгі қазақ кеңес поэзиясы көркемдік жағынан Жұмабаев поэзиясынан төмен дегенім рас» депті [8, 82-85 бет. ]

Груздев деген камералас «досы», «колхозшылар ауқатты тұрмысқа қол жеткізді» дегенде, Бижан- «колхозшылардың киерге киімі, ішерге тамағы жоқ. Аш-жалаңаш. Соны көрмейтін көрсоқырмысың?» -деген.

Сөйтіп, камераға арнайы жіберілген, «тыңшы» тұтқындар қойған бірнеше сыйқырлы сұрақтарға берген жауабынан Бижан Жанқадамовтың көзі ашық, көкірегі ояу, аса сауатты азамат екендігін көреміз.

1937 жылы сәуір айының 15-і күні отбасы құрамын сұраған тергеушіге Бижан «қызым Қалы-19-да, ұлым Махсот -18-де, қыздарым Шәрипа-12-де, Бриллиант -9-да, Жаңылдық -6- да, Сара 3-ке толады. Ұлмаш деген кенже қызым-бес айлық. Балаларымның аналары -45-те, Алуаш 36-да, інім Панғали -45-те, Казталовқада тұрады», - деп жауап беріпті. Жауапттау хаттамасында осылай жазылыпты.

Үлкен қызы Айшаның күйеуі Сәлімгереев Мендіғали Тайпақ жағында совхоз директоры екен. Оларға қырсығым тимесін деген оймен тергеушіге берген жауабында Бижан Айша мен күйеу баласының атын жасырып, айтпағандықтан, жауаптау хаттамасында бұлар жайлы ештеңе жазылмаған. НКВД бұларды да біліп қойып, іздеп тауыпты. Сәлімгереев Мендіғалиды ұстап, ұзақ мерзімге соттатыпты. Бижан сияқты ол да кейін ақталыпты [9, 23-33 б.].

НКВД-ның Батыс Қазақстан облыстық басқармасы Үштігінің 1937 жылғы 25 қарашадағы Жанқадамов Бижанды ату жазасына кесу туралы қаулысына сәйкес үкім 1937 жылғы 2 желтоқсан күні 23 сағат 40 минутта орындалды.

Көшірме дұрыс: Үштік хатшысы Троицкий (қолы)

Түрмеден жанын қиып, денесін қапшыққа салып, өздері ғана білетін бір шұқырға апарып тықтығой. Жақында Жайықтың жағасынан сондай бір шұқырға апарып тықтығой. Жақында Жайықтың жағасынан сондай бір шұқырда көмілген адамдардың бастары, шұрқ тесік сүйектері табылды. Мүмкін Бижан мүрдесі солардың бірі болар. Ал бүрме тон сол түрмеде қалды дейміз. Тон киген өлік қапшыққа сыймайды ғой.Чекистің қолының тазалығы хақындағы аңызға бұл –бір мысал.

Екінші мысал-Үштік протоколындағы конфискацияланған жеке мүлкі хақында.

Бижанды ұстаған бойда тіндетеді. Сонда қалтасынан табылғаны-біраз қаражат.

Орал қалалық ономастикалық комиссиясының 2010 жылғы 17 ақпандағы отырысында Алашорда үкіметінің белсенді қайраткері, саяси қуғын-сүргін құрбаны Бижан Жанқадамовтың есімін Орал қаласындағы 2-інші жұмысшы поселкесінде орналасқан Краснодар көшесіне беру жөнінде шешім қабылданды [10, 93 б.].

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Ғалым Ахмедов. «Алаш»Алаш» болғанда.»Алматы,»Жалын» 1996 ж
2. Сайфулла Сүйінов «Бөкей ордасы». «Өлке» баспасы, 2000 жыл
3. Мақсат Тәж-Мұрат «Батыс Алаш орда» Ақтөбе, 2003 жыл
4. Алашорда «Айқап» баспасы. 1992 жыл
5. Ш.Елеукенов «Алашшыл азамат тағдыры» Жұлдыз №ХІ, 1993 жыл
6. Д.Сүлейменова «Алашорданың Батыс бөлімінің тарихи-өлке тарихының құрамдас бөлігі», Алматы, 2007 жыл
7. Ө.Озғанбай. Ресей Мемлекеттік Думасы және Қазақстан. (1905-1917жж.) – Алматы, 1997 ж.
8. А.К.Бочагов. Алаш-Орда. – Кзыл-Орда, 1927. – 45 с.
9. Қайыржан Хасанов. Жазықсыз жазаланған Жанқадамов –Орал, 2008
10. Қайржан Хасанов Бижан Жанқадамов- Орал, 2008 ж

## МАЗМҰНЫ:

### ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ

*Сабырғалиева Н.Б., Ныгметжанов Б.Т.*  
БӨКЕЙ ОРДАСЫНДА ҚЫЗМЕТ ЕТКЕН АХУН ЖАБИР ХАМАДОВ.....3

*Бердіғожин Л.Б.*  
АЗАТТЫҚ КҮРЕС САРДАРЫ, БАТЫР ИСАТАЙ ТАЙМАНҰЛЫ.....7

*Дүзбасова А.Ж.*  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖАСТАР САЯСАТЫ.....12

*Батырханов А.Қ.*  
СОҒЫС ТҮТҚЫНДАРЫ – СОҒЫС ҚҰРБАНДАРЫ.....13

### ОТАН ТАРИХЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ИСТОРИИ

*Сдыков М.Н., Калиева А.*  
ҚАЗАҚСТАНДА ТЕАТРЛАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ .....19

*Боранбаева Б.С., Жайлан Г.*  
1941 ЖЫЛЫ ОРАЛ ОБЛЫСЫНДА ҚҰРЫЛҒАН АНТИКЕҢЕСТІК «ҚАЗАҚ ХАЛҚЫН ҚОРҒАУШЫЛАР ОДАҒЫ» ҰЙЫМЫ .....23

*Боранбаева Б.С., Сағынова Ә.М.*  
XIX ҒАСЫРДА ОРАЛ ҚАЛАСЫНДА ОРЫН АЛҒАН ӨРТ ОҚИҒАЛАРЫ.....30

*Нурғалиева А.М., Еркінғалиева А.А.*  
КЕҢЕСТІК КЕЗЕҢДЕГІ ОРАЛ ҚАЛАСЫНЫҢ ВИЗУАЛДЫ КЕҢІСТІГІН ӨЗГЕРТУДІҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ .....33

*Боранбаева Б.С., Еркінұлы Ш.*  
ОРАЛ ӨҢІРІНДЕГІ ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ.....37

*Айбекова Г.Ю.*  
ҚР ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІНІҢ ҚҰРЫЛУ ТАРИХЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ.....40

*Ихсанова А.Б., Кенесов А.А., Журавлёв С.М.*  
РЕЛИГИОЗНЫЕ ПРЕДСТАВЛЕНИЯ КАЗАХОВ В 18-19 ВЕКАХ И СРАВНЕНИЕ ИХ С СОВРЕМЕННОСТЬЮ.....44

*Аманжолова Ж.*  
ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ ҚАЗЖЫ ЖӘНЕ ҚАЗЖЫЛЫҚ ПРОЦЕСІ.....46

<b>Буранбаева С.Е.</b> ОРАЛ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ МАМАН ДАЙЫНДАУ ТАРИХЫ (№11 МЕКТЕП МЫСАЛЫНДА) .....	49
<b>Жумагазиев А.М.</b> ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ОФИЦИАЛЬНЫХ СЛУЖИТЕЛЕЙ МУСУЛЬМАНСКОЙ РЕЛИГИИ И НЕЗАРЕГИСТРИРОВАННЫХ БЕЗМЕЧЕТНЫХ МУЛЛ В 1980-Е ГГ. В ЗАПАДНОМ КАЗАХСТАНЕ.....	53
<b>Каленова Ж.М.</b> ШЫҢҒЫРЛАУ АУДАНЫНЫҢ КИЕЛІ ОРЫНДАРЫ .....	59
<b>Косаманова Н.М.</b> XIX ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ МЕН XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ МЕРЗІМДІ БАСЫЛЫМДАРЫНА ТАРИХИ ШОЛУ.....	62
<b>Мукашева А.Ғ.</b> КӨШПЕЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ШӘКІРТТЕРІНІҢ БІЛІМ АЛУЫ.....	65
<b>Рахмалиева Л.А.</b> СЫНЫҚШЫЛЫҚ .....	68
<b>Сапашева Э.И.</b> ЛИШЕНИЕ ИЗБИРАТЕЛЬНЫХ ПРАВ КАК ФОРМА СОЦИАЛЬНО- ПОЛИТИЧЕСКОЙ ДИСКРИМИНАЦИИ В 1920-1930 ГГ. (ПО АРХИВНЫМ МАТЕРИАЛАМ ЗКО) .....	73
<b>Сұлтан А.Б.</b> ОРАЛ ҚАЛАСЫНЫҢ МӘДЕНИ ӨМІРІ (1960 – 1980 ЖЖ.).....	80
<b>Утеулиева В.С.</b> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МИССИОНЕРЛЕР ҚЫЗМЕТІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХНАМАСЫ (XIX Ғ.АЯҒЫ – XX Ғ.БАСЫ).....	83
<b>Шагиева Б.С.</b> ОРАЛ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ ӨРКЕНДЕУ ЖЫЛДЫРЫНДА (1945-1960 ЖЖ.) .....	87
<b>Мизамов Д.А.</b> ҚАЗАҚСТАНДА АРХИВ ІСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ТАРИХИ ДЕРЕКТЕРДЕ.....	92
<b>Губашева А.З.</b> ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР.....	95
<b>Ұзақов А.А.</b> КІШІ ЖҮЗ ШЕЖІРЕСІ ОРЫС ЗЕРТТЕУШІЛЕРІНІҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕ.....	99

## ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАРЫ ВЕЛИКИЕ ЛИЧНОСТИ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ

*Мұқтар Ә.Қ., Сеғуатов Д.*

С.М. МӘШІМБАЕВТЫҢ ТАРИХШЫ ҒАЛЫМ РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫ.....103

*Байбулсинова А.С., Құспанова А.*

ҚАЗАҚТАН ШЫҚҚАН ДЕМОКРАТ, ҚАЙРАТКЕР Б.Б. ҚАРАТАЕВ.....106

*Байбулсинова А.С., Қамиева Н.Е.*

АТЫРАУ Өңірінен шыққан алғашқы қазақ дәрігерлері.....110

*Хамзин Ж.К.*

МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ Д.А. ҚОНАЕВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ .....115

*Ихсанова А.Б.*

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ БАТЫСҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ЕРЛІГІ.....119

*Асанова А.Б.*

ТАРИХШЫ М.П. ВЯТКИННИҢ ҚАЗАҚ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУГЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ.....122

*Бейбітқызы Б.*

АЛАШ ҚАЙРАТКЕРІ КӨРІМ ЖӘЛЕНОВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ.....126

*Ережепова Р. Ғ.*

ЕРЖАН ТӨЛЕГЕНҰЛЫ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕР МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗ БЕТТЕРІНДЕ.....130

*Боранбаева Б.С., Күзембаев М.*

ЖАҢАҚАЛАЛЫҚ ЖАУЖҮРЕК БАТЫР – МӘЖИТ ЖҮНІСОВ.....133

*Қалман Қ.*

АКАДЕМИК Б.Б. КӨРІБАЕВТИҢ ТҰЛҒАТАНУ САЛАСЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ.....136

*Рахмалиева Л.А.*

ХАЗІРЕТ ҚАЙЫРША АХМЕТЖАНҰЛЫ.....141

*Сисенова Ш.С.*

ЖАЗЫҚСЫЗ ЖАЗАЛАНҒАН БИЖАН ЖАНҚАДАМОВ.....144



*Көлемі 19,0 б.т. Таралымы 500 дана. Офсет қағазы. Тапсырыс № 158*

---

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің  
редакциялық баспа орталығы.  
Орал қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 162*